В статье рассматриваются актуальные проблемы миграции в Казахстане. Учитывая последствия, которые может иметь внутренняя и внешняя миграция в отношении практически любого аспекта безопасности государства, тенденций социально-экономического и демографического развития, положения дел в межэтнической сфере, востребованность исследований по проблемам миграции представляется достаточно высокой. В этой связи в настоящей статье автором предпринята попытка дать краткий анализ текущего состояния миграционных процессов в Республике Казахстан и спрогнозировать их дальнейшее развитие.

Ключевые слова: внутренняя и внешняя миграция, миграционные процессы, процесс урбанизации, мигранты, этносы, культурно-конфессиональная ориентация, традиция, язык.

В последние десятилетия мировые миграционные процессы приобрели значительный размах. В ряду государств, затронутых этими процессами в серьезной степени, находится и Республика Казахстан. В условиях глобализации, неограниченного информационного и технологического обмена по всему миру, размытых языковых границ, миграционная политика таких стран преследует очень конкретные цели. С одной стороны, это сохранение национальной самобытности и истории, с другой, учет социальных, экономических и культурных факторов.

По официальным данным, ежегодные показатели внутренней миграции составляют около 300 тыс. человек, а внешней – до 1 млн. человек. По оценкам ООН, Казахстан занимает одно из первых мест в мире по относительным объемам миграции (в пересчете на 1000 человек местного населения). [1]

Миграции сыграли огромную роль в жизни Казахстана - страны с огромной, слабозаселенной и

малоосвоенной территорией, значительной пространственной дифференциацией уровня, темпов социально-экономического развития и соответственно уровня жизни населения.

Абсолютное большинство миграций в истории Казахстана имело вынужденный характер и направлялось государством. Устойчивые миграционные процессы, вызванные столыпинской реформой начала XX века, коллективизацией 20-х гг., этноцидом 30-х гг., депортацией и военной эвакуацией 40-х гг., освоением целинных земель 50-х гг. – оказали существенное влияние на формирование этнической и социальной структуры населения республики, на становление и развитие государства.

До 1968 года для республики было характерно положительное сальдо миграции населения. Однако с начала 70-х гг. по настоящее время Казахстан стал государством, интенсивно теряющим население в результате миграции. Только за 70-е годы из-за миграций Казахстан потерял 28% естественного прироста населения, за 80-е годы - 38%. Скачок в миграционных потоках приходится на 90-е годы, что связано с изменением этнополитической ситуации, распадом СССР, суверенизацией республики, образованием новых независимых государств, появлением между ними границ, таможенных барьеров, разрывом многовековых экономических, культурных, информационных и этнических связей народов.

За последние же десять лет отрицательное сальдо миграции не только полностью поглотило естественный прирост населения (он сократился почти в 2 раза за счет резкого снижения числа родившихся и увеличения числа умерших по отношению к 80-м годам), но и превысило его более чем в 2 раза. Общая численность казахстанцев за межпереписной период с 1989 по 1999 гг. сократилась на 7,7%, и существенное влияние на это изменение оказали миграционные процессы. [1]

Трансформационные процессы в Казахстане, сопровождающиеся глубинными потрясениями общественной жизни, драматически сказались на судьбах большинства населения, вызвали один из самых болезненных кризисов - кризис идентичности, породивший неуверенность представителей некоренных этносов в будущем своих детей, в целесообразности дальнейшего пребывания на земле этноса другой культурно-конфессиональной ориентации, традиций, языка. Разрушительные последствия ломки ценностных ориентаций не могли не вызвать соответствующих изменений в сознании и поведении людей, в том числе пробуждения миграционных настроений у нетитульного населения. Эти настроения стали естественной реакцией на некомфортную и вдруг ставшую чуждой жизненную среду. Ухудшение экономической ситуации в республике в последнее десятилетие также придает факторам миграции более выраженную этническую окраску. Специфика миграционной ситуации в Казахстане обусловлена и сложностью его этнической мозаики, углубляющимся различием в статусе и реальном положении представителей различных национальностей, проекцией прошлых несправедливостей и нынешнего социального кризиса на область межэтнических отношений.

Проблема миграции приобретает все большую социально-политическую остроту и актуальность в силу масштабов миграционных потоков и их последствий для республики. Массовые миграции сопровождаются катастрофическими потерями квалифицированных специалистов и чреваты серьезными социально-экономическими и политическими последствиями для молодого независимого государства. Ухудшается экономическое положение республики, разрушается баланс профессий, социальная структура общества, уменьшаются размеры диаспор. Миграционные потоки последнего десятилетия XX века отличаются не только своей массовостью, но и психологической напряженностью, социальной болезненностью для самих переселенцев. Это миллионы искалеченных судеб, разделенных семей, психологических травм людей, вынужденных сделать нелегкий выбор.

Несмотря на некоторое снижение величины миграционных потоков наблюдается рост миграционных настроений, и есть все основания предполагать, что миграционный потенциал в республике еще велик.

Анализ современной миграционной ситуации в Казахстане актуален и тем, что позволяет определить многие "болевые" точки общества, которое само пребывает в состоянии "миграции" к другому типу человеческой цивилизации. Этот период сопровождается возникновением целого ряда противоречий и конфликтов, непосредственно воздействующих на миграционное поведение населения. Важно выявить характер этих процессов, вскрыть их причины, определить воздействие на различные виды миграции: этническую, трудовую, внутреннюю и внешнюю, транзитную, потоки беженцев и репатриантов.

Казахстан, в числе немногих стран как Германия, Израиль ведет активную диаспоральную политику, которая нацелена на сохранение этнической идентичности, национальной самобытности казахов, проживающих за рубежом, которая имеет важное стратегическое значение. Этот фактор объясняется следующими позициями. С одной стороны, в условиях кризисной демографической ситуации внутри страны диаспора рассматривается как дополнительный человеческий ресурс Казахстана. С другой стороны, в современных условиях интеграции и глобализации казахская диаспора может стать важной

составляющей внешнеполитической и внешнеэкономической политики страны. Учитывая удельный вес проживающих за границей казахов, которые составляют почти треть населения Казахстана, диаспора является весомым социальным ресурсом независимого государства.

Подсчитано, что примерно более 5 млн этнических казахов проживает за пределами Казахстана в более чем 40 странах. Примерно 1,5 млн. из этого числа - в Узбекистане, 1,5 млн. - в Китае, 1 млн. - в России, 100000 - в Туркменистане, 80 000 - в Монголии и 45000 - в Кыргызстане. Достаточно значимая часть казахской диаспоры находится в Турции, Афганистане и Иране. Казахи также живут в Западной Европе, Азии, Северной и Южной Америке. Самый большой процент этнических казахов за рубежом - это потомки тех, кого покинул Советский Союз в 20-е - 30-е годы, уходя от политических беспорядков, репрессий, насильственной коллективизации и голода, принесших страдания большей части казахского населения. Считается, что 200 000 казахов покинули Советский Союз, переехав преимущественно в Китай, Монголию, Индию, Афганистан, Иран и Турцию [2]

Как известно, общность первоначальной территории обитания (прародины), наряду с общностью происхождения, общностью культурной истории, общностью языка является основной частью диаспорного сознания. Основным мотивом оралман является возвращение на историческую Родину и в перспективе прогнозируется увеличение притока в страну этнических казахов, тем более в ближайшее время указом Президента увеличена квота до 15 000 человек ежегодно.

Обретение Независимости стало важным шагом на пути консолидации казахов, проживающих в разных уголках земного шара, которые в силу политических и экономических процессов в разное время покинули территорию Казахстана. Надо отметить, что вопросы изучения судеб казахской диаспоры стали подниматься относительно недавно.

На уровне законодательного обеспечения проблема поддержки соотечественников имела некоторое решение. В период с 1996 года по 2000 год поддержка соотечественников, проживающих за рубежом, осуществлялась в соответствии с Государственной программой поддержки соотечественников, проживающих за рубежом, утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 31 декабря 1996 года № 3308. Программа была представлена комплексом мероприятий и состояла из шести основных разделов: научное обеспечение, нормативная правовая база, образование, культура, туризм и спорт, вопросы книгоиздания и средств массовой информации, организационные меры. Для качественного и полноценного осуществления намеченных целей в ноябре 2005 года Президент подписал Указ «О Государственной программе поддержки соотечественников, проживающих за рубежом, на 2005-2007 годы». В числе других законодательных актов: Закон Республики Казахстан «О миграции населения», Отраслевая программа миграционной политики Республики Казахстан на 2001–2010 годы, Указ Президента Республики Казахстан о квоте иммиграции оралманов на 2005 – 2007 годы от 27 декабря 2004 года, Инструкция о порядке определения статуса репатрианта (оралман), реэмигранта, переселенца, а также вынужденного переселенца.

Данная политика государства значительно влияет на миграцию в страну оралман. Так, в Казахстане по данным Комитета по миграции Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан за период с 1993 года по 1 октября 2005 года прибыло 117 698 семей оралман (464 426 чел), преимущественно из Узбекистана (61,5%), Монголии (15,4%), Туркменистана (9%), Китая (4,8%), России (4%). Устойчивое улучшение социально-экономической и политической ситуации в республике и анализ иммиграционного настроения в сопредельных странах, а также диаспоральная политика, проводимая в Казахстане позволяют прогнозировать дальнейшее увеличение количество прибывающих в Казахстан оралман. [3]

По площади Казахстан является 9-м, т.е. одним из самых больших государств мира. В то же время на столь значительной территории по официальным статистическим данным проживает, более 17-ти миллионов человек. Данное обстоятельство сдерживает экономическое развитие страны, а также является проблемой с точки зрения национальной безопасности, особенно, если учесть, что большинство сопредельных с Казахстаном государств располагают гораздо большими человеческими ресурсами.

В Стратегии развития Казахстана 2030 года вопросу о необходимости роста населения страны уделяется необходимое внимание. В частности, в данном документе определена задача - довести численность населения Казахстана к 2030 году до 20 миллионов человек. Внутренняя миграция гораздо многочисленнее внешней: в период с 1999 по 2009 годы на постоянное место жительства в Казахстан из ближнего и дальнего зарубежья прибыли 650 тысяч человек, в то время как внутри страны переселились 2 млн 381 тысяча человек, или 14,9 процента всего населения страны [4]

Миграционные процессы на постсоветском пространстве, особенно в Центральной Азии, очень

похожи и укладываются в главный тренд - урбанизация создает центры притяжения, село как социально-экономическое звено системы деградирует - люди в поисках работы и лучшей жизни «бегут» в города. При этом города сами создают определенный вакуум занятости, который, будучи не структурированным, привлекает стихийные массы мигрантов из сельской местности. Опыт показывает, что внутреннюю миграцию можно регулировать, и те страны, которые создали механизмы по социализации внутренних мигрантов в городах, получили дополнительный фактор развития. Те же страны, которые запустили решение проблем, связанных с внутренними мигрантами, получили противоречивую и дестабилизирующую развитие маргинальную среду вокруг региональных полюсов роста.

Не секрет, что одной из самых важных проблем развития в соседнем Китае является проблема внутренней миграции. Крупные города, разрастаясь, создают серьезные вызовы и угрозы сохранению стабильности и развитию. При этом в Китае, как в бывшем СССР, существует сдерживающий механизм прописки, который уже мало справляется с ситуацией, стимулирует коррупционный механизм для легализации внутренних мигрантов в городах. Если для России актуальна проблема внешней трудовой миграции, которая восполняет дефицит трудовых ресурсов, то для Казахстана более важной является внутренняя миграция, которая, нарастая как снежный ком, практически не регулируется.

Необходим переход от понимания миграции как процесса территориальных перемещений между различными населенными пунктами к анализу миграции как социального явления определяющего изменение социальной структуры и статусных характеристик разных слоев и групп населения региона, государства.

В настоящее время учет внутренних мигрантов опирается на данные по регистрации, проводимой органами МВД РК. Однако, как показал опрос мигрантов, практически половина живет без регистрации, что свидетельствует об искаженности существующих официальных статистических данных. Существующие государственные программы в основном делают акцент на внешнюю миграцию, оставляя, таким образом, проблему внутренней миграции фактически не регулируемой.

В пределах Казахстана место жительства меняли в первую очередь казахи (78,4%), русские (14,1%), украинцы (1,4%), уйгуры (1,1%), татары (0,9%), немцы (0,9%), а также представители других национальностей (3,2%) [5]. Интенсивность внутренней миграции не снижается, по данным приведенным на круглом столе, посвященном миграционным процессам в Казахстане в Астане с 2010 году, остается высоким отток населения из отдельных областей - Акмолинской, Актюбинской, Южно-Казахстанская, Жамбылской, Восточно-Казахстанской области.

С другой стороны сформировались регионы, принимающие население в результате межобластной миграции. В первую очередь это города Алматы и Астана, а также Алматинская, Атырауская, Мангистауская области.

Во внутривнутриреспубликанской миграции наиболее интенсивный обмен происходит между соседними экономическими районами и областями. Так в Западном Казахстане почти 60% внутренней миграции приходится на области, входящие в этот район, 30% - на Южный Казахстан и только 10% на Северный и Центральный, практически не отмечены внутренние миграционные потоки с Восточным Казахстаном. [6]

Такая ситуация сложилась в результате оттока населения из сельской местности в городские поселения. Продолжается процесс урбанизации, но преимущественно из-за сохраняющейся неблагоприятной ситуации в аграрном секторе, недостаточного социально-экономического развития села. Внутреннее перемещение населения в большей мере приобретает стихийный характер и нуждается в государственном регулировании. Основной причиной внутреннего перемещения населения остается неблагоприятная социально-экономическая ситуация в местах прежнего проживания - отсутствие работы, отдаленность от городов, отсутствие соответствующей инфраструктуры населенного пункта и др.

Стабилизация миграционных процессов в Казахстане должна включать комплекс социально-экономических, политических и организационно-финансовых мер в области иммиграции, эмиграции и внутренней миграции

Анализ существующей законодательной базы в Казахстане дает все основания заключить, что в республике все еще отсутствует единая, научно обоснованная, взвешенная и последовательная государственная миграционная политика, которая нужна ей сегодня.

Первоочередные цели современной миграционной политики в Казахстане – это регулирование миграционных потоков; преодоление негативных последствий стихийно развивающихся процессов миграции; создание условий для беспрепятственной реализации прав мигрантов, приема и размещения оралманов, их адаптации; обеспечение гуманного отношения к беженцам, ищущим убежище на территории республики.

Миграционная политика не должна находиться только в руках государства. Важнейшим ее элементом должна стать деятельность различных общественных структур, объединений и организаций, действующих в интересах мигрантов, переселенцев, репатриантов и представителей диаспор. Поэтому

необходимо усиление института Ассамблеи народов Казахстана и её местных структурных подразделений: расширение степени её участия в принятии государственных решений в виде наделения правом законодательных инициатив и правом наложения вето на акты руководства, затрагивающие или ущемляющие интересы граждан по национальному признаку; расширение социальной базы доверия и поддержки - самой Ассамблеи, в виде установления принципа выборности её членов путем тайного голосования (членами Ассамблеи должны быть те, кто выражает интегративные взгляды и чья деятельность внутри своей национальности отвечает интересам всего многонационального населения страны).

Миграции влекут серьезные последствия как для принимающих, так и для отдающих стран, особенно на фоне стремительно углубляющегося экономического кризиса, политических, социальных и межэтнических проблем. В принимающих странах резко возрастает нагрузка на социальные инфраструктуры и скудные местные бюджеты, обостряется конкуренция на рынках труда. Отдающие страны несут огромные потери квалифицированных кадров, что приводит к остановке целых предприятий, падению качества медицинского обслуживания и образования. Ситуация усугубляется межгосударственными разногласиями в оценке развивающихся миграционных процессов. Поскольку вынужденные переселенцы являются в настоящее время непосильным бременем не только для Казахстана, но и для всех стран СНГ, в решении миграционных проблем необходимо взаимодействие казахстанских, российских, международных и зарубежных правительственных и неправительственных организаций, ассоциаций с целью оказания практической и финансовой помощи мигрантам.

Государство обязано также регулировать процессы международной миграции. Казахстан должен оградить себя от негативных социальных последствий нелегальной миграции. Необходимо создать эффективный механизм депортации иностранцев, незаконно находящихся на территории Казахстана.

Таким образом, стабилизация миграционных процессов в целом возможна лишь в контексте глубоких политических и экономических реформ, повышения уровня и качества жизни и соблюдения прав человека и этнических меньшинств.

1 Население. Миграция населения // Агентство по статистике Республики Казахстан. – www.stat.kz.

2 Шокоманов Ю. Тенденции человеческого развития в Казахстане // Экономика и статистика. – 1999. – №1-2.

3 Козина В.В. Миграционные процессы в современном Казахстане // Вестник НАН РК. -1996. -№1.

4 Алексеенко Н.В., Алексеенко А.Н. Население Казахстана за 100 лет (1897-1997 гг.). – Усть-Каменогорск, 1999.

5 Арынов Е.М. и др. Прогноз демографического развития Республики Казахстан до 2015 г. // Саясат. – Алматы, 1997. – №3-4.

6 Татимов М.Б. Демография и суверенитет. – Алматы: Жеты Жаргы, 1999.

Түйін

Сейсен Н.Б. – с.ғ.к., Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының доценті

Көш-көн саясатының өзекті мәселелері: қазіргі жағдайды бағалау

Мақалада Қазақстандағы көші-қон үдерісінің өзекті мәселелері қарастырылады. Мемлекеттік қауіпсіздіктің кез келген аспектісіне, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуға, этникааралық қатынастар саласындағы жағдайға байланысты ішкі және сыртқы көші-қонның мүмкін болатын салдарларын ескере отырып, көші-қон мәселелерін зерттеулерге деген қажеттіліктің жоғары екенін көруге болады. Осыған орай бұл мақалада автор Қазақстан Республикасындағы көші-қон үдерістерінің қазіргі кездегі жағдайына қысқаша талдау жасап, олардың одан ары дамуын болжауға тырысады.

Түйін сөздер: ішкі және сыртқы көші-қон, көші-қон үдерістері, урбанизация үдерісі, этностар, мәдени-конфессионалды бағдар, дәстүр, тіл.

Summary

Seisen N.B. – Dr. PhD, Assistant Professor of Political Science and Social and Philosophical Disciplines Department Kazakh National Pedagogical University (KazNPU) named after Abay

Current issues in migration policy: assess the current state

In the article actual problems of migration in Kazakhstan. Given the impact that may have internal and external migration in respect of almost any aspect of state security, the trends of socio-economic and demographic development, the situation in the sphere of inter-ethnic, the demand for research on migration issues is quite high. In this regard, the author of this article attempts to give a brief analysis of the current state of the migration processes in the Republic of Kazakhstan and to predict their further development.

Keywords: internal and external migration, migration, urbanization, migrants, ethnic groups, cultural and religious orientations, traditions and language.

ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ

ӘОЖ 86.38

ИМАН МЕН АМАЛ АРАҚАТЫНАСЫНЫҢ ХАНАФИЛІК СҰХБАТТЫҚ ДИСКУРСЫ

Сатершинов Б. – ҚР БҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану институты
Дінтану бөлімінің меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, доцент
Оқан Самет – философия, саясаттану және дінтану институтының «исламтану»
мамандығы бойынша докторанты

Бұл мақалада Исламдағы иман мен амал мәселесі әһлі суннә уәл жәмаға көзқарасы негізінде талқыланады. Ақида ілімінің негізін қалаушы имам Әбу Ханифа мен имам Матуридидің иман және амал мәселесіне берген түсіндірмелері өзге радикалды ағымдардың көзқарастарымен салыстырмалы түрде баяндалып, қоғамдағы бейбітшіліктің негізі болған аталмыш екі иманның көзқарасы ашып көрсетіледі. Сонымен қатар, өздерін мұсылманбыз деп білетін карапайым халықты намаз, ораза сияқты кейбір құлшылықтарды атқармағаны үшін кәпір дейтін радикалды ағымдардың қате көзқарасына ғылыми тұрғыдан жауап беріледі. Әрі әһлі суннә уәл жәмаға ғалымдарының иман және амал туралы түсіндірмесінің толерантты қоғам қалыптастыруда рөлі ерекше екені дәлелденеді.

Түйін сөздер: Ислам, иман, амал, әһлі суннә уәл жәмаға доктринасы, мәзһаб, ағым, мұсылман, кәпір, сенім және құлшылық.

Дінсіз қоғам жоқ немесе дінсіз қоғам болмаған. Қазақ халқының діни санасының қалыптасуында ислам дінінің, соның ішінде сунниттік Ханафи мәзһабы, Ханафи мәзһабының доктриналық көзқарасын дамытқан Матуридилік ұстанымның зерттелуінің рөлі ерекше. **Бүгінгі таңда көпшілік халықтың Матуридилік сенімнің негіздерінен бейхабар болуы немесе оның тиісті деңгейде зерттелмеуі тәсірінен кейбір «діндар» білгірсымақтар анау «мұсылман», мынау «кәпір» деп, қазақты бірнеше топқа бөліп өз биліктерін жүргізуде. Олар, өздерінің сыңар жақтылы түсініктерін «ен дұрыс сенім» ретінде насихаттап, бұрыннан жалғасып келе жатқан сенімдік негіздерді мансұқтап, ел арасына бүлік салуда.** Тіпті, соңғы жылдары қоғамымызда бой көтерген террорлық актілер мен кешегі Сирияға аттанған жастардың ісі қоғам тыныштығына қатер тудырып отыр. **Әрине, жетпіс жылдық атеистік саясаттың ықпалымен белгілі деңгейде діни сауатсыздық болғаны рас.** Алайда, атадан мирас болған асыл дініміздің арқауы Ханафи мәзһабы екенін Ел басымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Біз мұсылманбыз, оның ішіндегі сунниттік бағыттағы Әбу Ханифа мәзһабын ұстанамыз...» деген. Яғни, діни бағытымыздың темір қазығы саналатын Ханафи және Матуридилік мәзһаб бойынша, иман және амал мәселесін қарастырып көрелік.

Иман сөзі тілдікте – сену, растау дегенді білдіреді. Қасиетті Құранда: «...бірақ қанша жерден шынымызды айтсақта, бізге сенбейсіз-ау» (Юсуф сүресі, 17-аят) деген. Имам Әбу Ханифа көзқарасы бойынша, иман – жүрекпен мақұлдап, растау. Ал тілмен «кәлима шәһәданы» айту иманның шарты. Немесе дүние істеріне үкім беруде «кәлима шәһәда» сөзін тілмен айту арқылы мұсылман өзге дін өкілінен ажыратылады. Сол себепті, оны тілмен айту иманның шарты саналады [1. 335 б.].

Имам Матуриди: «Әһлі тәуһид ғалымдары Құранда келетін «آمَنُوا» сөзіне бір ауыздан «олар растады» мағынасын береді. Сол себепті, иман – көңілмен тасдиқдап (растап) бекіту» [2. 248 б.] десе, басқа бір жерде: «Иман – тілмен айту, жүрекпен бекіту. Егер бір адам «кәлима шәһәданы» тілмен айтуға мүмкіндігі бола тұра еш айтпаса, ол мүмін болмайды» [3. 49 б.] деп, «кәлима шәһәда» сөзін тілмен айтуды иманның шарты ретінде қарастырады.

Имам ән-Нәсафи: «Иман – жүрекпен растау екендігін айтқандардың бірі имам Матуриди. Оның бұл көзқарасы Әбу Ханифадан риуаят етілген» [2. 244 б.] деп, ұстазының иман туралы түсінігін Әбу Ханифадан жеткен бір риуаятпен қуаттайды. Сондай-ақ, үзірі жоқ адам өмірінде бір рет болса да тілімен куәлік сөзін айту керек. Зәрулік болған жағдайда мүмін адам шынайы сенімін көңілінде жасырып, тілімен күпірлік сөзін айтудың иманына кері әсері болмайды. Бұл мәселе туралы имам Матуриди қасиетті Құранда: «Жүрегінде иманы орныққаннан кейін зорлық көрген біреудің (тілімен күпірлік сөзін айту) ісі басқа» (Нахыл сүресі, 106-аят) аятын да, мүшріктердің азабынан құтылу үшін күпірлік сөзін айтқан

Аммар ибн Ясырға Алла елшісі (с.а.с): «*Жүрегіңді қалай сезіндің*» дегенде, Аммар ибн Ясыр: «*Жүрегімнің иманға толы екенін сезіп тұрмын*» деген сөзін де дәлел қылады [4. 473 б.].

Адам баласы Жаратушы иесі Алла тағалаға деген күдіксіз сенімін көңілінде берік орнықтырмай кәміл мүмкін болмайды. Имам Матуриди: «Олардың: «*Әттең! Біз (дүниеге) қайтарылсақ, Раббымыздың аяттарын өтірікке шығармай, сенушілерден болар едік*» дейді» (Әнғам сүресі, 27-аят) деген аят туралы: «*Расында иман, ол тек тасдиқ. Өйткені, олар азапты көздерімен көріп, қорыққан сәттерінде Алла разылығы көзделмеген амалдарынан бір пайда жоғын, таза сенім ғана көмек беретінін ұғады. Яғни, иман – жүректе орнығып, жайғасқан сенім екенін біледі. Бұл, көлгірсіген жалғандықтың антонимы болған ақиқат*» дейді [5. 5/40 б.]. Ол тағы да: «*Міне солардың жүректеріне Алла иман жазды*» (Мүжәдала сүресі, 22-аят) аяты туралы: «*Олардың көңілдеріне иманды орнықтырды. Енді имандарынан қайтпайды. Міне, бұл иманның мекені – жүрек екендігін білдіреді*» [5. 15/56 б.] деген. Жүректің қалауы, ол – адамның сенімі. Ал ізгі амардар сол көңілдің қалауы негізінде жемісін береді. Немесе әркім істеген істерінде ықылас-ниетіне сай сауап алады яки сауаптан махрум қалады.

Әбу Ханифа өмір сүрген кезең харижиттік, мұғтазилиттік және мүржилік ағымдардың өз идеологияларын таратып, қоғамды бөлшектеуде едәуір ықпалы жүріп тұрған кез болды. Осындай аумалы-төкпелі заманда хақ дінді көзінің қарашығындай қорғаған, қара тобыр халықтың радикалды ағымдарға еріп кетуіне алаңдаған жанашыр жанның бірі Әбу Ханифа еді. Ол өмірінің бастапқы кезін әһлі сүнна уәл жәмағаттың доктриналық көзқарасын бір жүйеге келтіруге арнады. Нәтижеде ақидаға қатысты мәселелердің дұрыс шешімін өзге теріс пікірдегі ағымдардың көзқарастарымен салыстырмалы түрде егжей-тегжейлі баяндап, артына сенімге қатысты бірнеше еңбектер қалтыра білді.

Енді, иман туралы кейбір адасқан ағымдардың көзқарасына жеке-жеке тоқталып, әһлі сүннә уәл жәмаға ғалымдарының көзқарасымен жауап берер болсақ, карамия ағымының көзқарасы бойынша, иман – кәлима шәһәданы тілмен айту ғана. Имам Матуриди: «(Әй, Пайғамбар!) Ауыздарымен: «*Сендік*» деп, жүректері сенбегендер» (Мәйда сүресі, 41-аят), және: «*Адамдардың кейбіреулері екі жүзді (мұнафықтар): «Аллаға, ақырет күніне сендік» дейді. Бірақ олар сенбейді*» (Бақара сүресі, 8-аят) деген аяттар карамия ағымының көзқарасының дұрыс еместігіне дәлел. Өйткені, олар «*иман – кәлима шәһәданы тек тілмен айту*» деп сенімді жүрекпен бекітуді мойындамайды. Ал аталмыш аяттарда құр тілмен «*Аллаға, ақырет күніне сендік*» деу екі жүзділік екенін, олар қашан көңілдерінде шынайы сенімді орнықтырмайынша иман еткен болмайды делініп тұр. Міне, бұл иман – жүрекпен растап, бекітуді білдіретінін, тек тілұшында айту жарамсыздығын білдіреді» [5. 1/35 б.] деген.

Жәһмия ағымының құрушысы Жаһым ибн Сафуанның көзқарасы бойынша, иман – тану, білу мағынасын ғана білдіреді. Оның бұл көзқарасы да дұрыс еместігін имам Матуриди: «*Және саған бұрынғы пайғамбарларды баян қылдық, сондай-ақ пайғамбарлардан саған баян етпегеніміз де бар*» (Ниса сүресі, 164-аят) аятына берген түсіндірмесінде: «*Иман, ол – танып, білу мағынасын білдірмейді. Бәлки, растау мағынасында. Пайғамбарымыз (с.а.с) бүкіл пайғамбарды мойындап, оларға жалпылай иман етуге шақырды. Құран аяттары бүкіл пайғамбардың әрбірін егжей-тегжейлі тануды, білуді иманның шарты қылмады. Егер олардың бәрін тану иманның шарты болғанда, бәрін толықтай баяндар еді. Міне, бұл иман етуде әр нәрсені толыққанды білу шарт еместігін дәлелдейді*» [5. 4/110 б.] деген.

Алла елшісінің (с.а.с) хақ пайғамбарлығын білген кітап иелерінің арасында иман етпегендері қаншама. Сондай-ақ, танып-білу иманның өзі емес. Бірақ, ақиқатты көре-білу иман етуге жетелейтін себептердің бірі.

Ал, харижид және мұғтазила ағымдарының көзқарасы бойынша, иман – жүрекпен бекітіп, тілмен айту және парызды амалдарды орындау. Бұл үшеуінің біреуін орындамаған кісі иман еткен болып саналмайды. Немесе әділетті халифалар заманында белең алған радикалды ағымдардың ушықтырған доктриналық мәселелерінің қатарында күнә жасаған адамға қатысты шариғи тұрғыдан үкім беру ісі халықты дүрлік-тірді. Харижидтер ағымы мұсылман ауыр яки жеңіл күнә жасасын кәпір саналады, тозаққа мәңгі қалады деумен қатар оларға қарсы соғыс ашу халал деп түсінеді. Мұғтазилит ағымы болса, үлкен күнә жасаған мұсылман жәннат пен тозақтың аралығындағы жайда болады (Әл-мәнзилату бәйнәл мәнзилатайн) деп ашық кәпір қатарына кіргізбесе де, мұсылман қатарына да жатқызбайды. Мүржия ағымы қандай ауыр күнә жасаса да, таза мүмін болып қала береді деп есептеді [6. 71 б.]. Яғни, бұл ағымдар күнә жасаған кісіге үкім беруде асыра сілтеушілікке барса, енді біреулері бүкілдей үмітке салынып, халықтыпарыз құлшылықтарға селқостық танытуға себепкер болды.

Харижидтік ағымның бұл ұстанымының нақты көрінісі Сыффын оқиғасында әділ қазылардың үкім беруін құптаған хазірет Әлиді және қазылық үкім шығаруды қабыл еткен хазірет Әбу Мұса әл-Ашғариды кәпірге санағандығында байқалды. Тағы бір риуаятта: «*Хазірет Әли Мәдайн еліне жауапты еткен*

Абдулла ибн Аббасты жанындағы тобымен бірге тұтқынға түсіріп, басшы халифа (Әли) жайлы көзқарастарын сұрайды. Бәрінің халифа туралы жақсы пікірде екенін білгенде, Абдулланы, оның жүкті әйелін және бірге жүрген төрт әйелді де өлтірді» [7. 74 б.] делінген.

Демек, бүгінгі таңда да өздерін мұсылманбыз, жиһад жасап жүрміз деген ұранмен кейбір парыз құлшылықтарды орындамаған бейуаз халықтың қан қарызына қалып жүргендер де аз емес. Көбінесе олар, өздерін «Әлі суннә уәл жәмағаттың доктриналық сенімін ұстанамыз» дейді. Немесе олар, имам Мәлік, имам Шәфиғи, имам Ахмад және хадис ғалымдарының: «Иман – жүрекпен бекітіп, тілмен айту және парыз амалдарды орындау» деген иман жөніндегі анықтаманы қалқан етеді. Яғни, діндегі парыз болған құлшылықтарды орындамаған адамды кәпір санап, аталмыш имамдардың негізгі айтпақ ойының тереңіне бойламастан харижидтік ағымның көзқарасынан ажырата алмайды.

Әлі суннә уәл жәмағаттың доктриналық көзқарасының негізін қалаушы көрнекті имам Мәлік, имам Шәфиғи, имам Ахмад және хадис ғалымдарының: «Иман – жүрекпен бекітіп, тілмен айту және парыз амалдарды орындау» деп, иман туралы берген анықтамасы мұғтазила және харижидтік ағымдардың иман туралы берген түсініктемесімен ұқсас сияқты көрінгенімен айтпақ болған ойлары мүлдем басқа. Бәлкі, бұл үш иманның көздегені имам Әбу Ханифа мен имам Матуридидің көзқарасымен бір. Бұлай дейтіміз, олардың «Иман – жүрекпен бекітіп, тілмен айту және парыз амалдарды орындау» деуінің негізін төмендегі хадистерден аңғарамыз.

1. Жәбрейіл (а.с) келіп Алла елшісіне (с.а.с) келіп Ислам, иман және ихсан туралы сұрайды. Сонда Алла елшісі (с.а.с) иман, ол: «*Аллаға, Оның періштелеріне, кітаптарына, елшілеріне және ақырет күніне сенуің. Және тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына сенуің*» деп, иманды Исламның негізі болған намаз, ораза сынды парыз құлшылықтардан бөліп түсіндіреді.

2. Уәфду Абдулқайыстың хадисінде Алла елшісі (с.а.с): «*Алланың Өзіне ғана иман етудің не екенін білесіңдер ма?*», - деп сұрайды. Олар: «*Алла және Оның елшісі жақсы біледі*», - дейді. Ол (с.а.с): «*Алладан басқа таңір жоқ, Мұхаммед Оның елшісі екеніне куәлік ету, намаз оқу, зекет беру, рамазан оразасын ұстау және олжаның бестен бірін беру*» - деп, Исламның негізі саналатын парыз құлшылықтарды иманның өзі ретінде атап көрсетеді.

Сондай-ақ, бұл мәзһаб имамы әуелгі хадисті иманы бар жан түбінде бір жәннәттық болатынын, екінші хадис парыз құлшылықты орындамаған адамның тозақы болуына кіріптар екенін айтады. Сөйтіп, әуелгі хадисті: «*Алладан басқа құдай жоқ – деп айтып, сол сөзінде берік тұрып жан тапсыратын бір пенде жоқ. Егер ондай біреу болса, ол жәннәттық*» деген хадиспен бекітеді. Екінші хадистегі иманмен бірге айтылған құлшылықтарды орындамау тозақтық болуға себепкер болғанымен, онда кәпірлер сияқты мәңгі қалмайтындығын «*Көңілінде зәредей иманы бар адам тозақтан шығарылады*» деген хадиспен қуаттайды [8. 1/174-175 бб.].

Яғни, имам Мәлік, имам Шәфиғи, имам Ахмад ибн Ханбал және хадис ғалымдары «Жүрекпен растауды» иманның руқуні, «тілмен айтуды» шарғи үкімдердің іске асырылуының шарты, ал «парыз амалдарды орындамау» Алланың азабына душар ететін себеп ретінде қарастыруымен имам Әбу Ханифа және имам Матуридидің иман жөніндегі көзқарасымен үндесіп, адасқан мұғтазила және харижидтік ағымдардың көзқарасын терістейді.

Имам Әбу Ханифа: «Егер мұсылман ауыр күнәні халал деместен істесе, кәпір демейміз. Оны шынайы мүмін деп айтамыз. Ол кісі кәпір емес, пасық мүмін болып өлуі мүмкін» [9. 621 б.] дейді. Ол Алла тағаланың харам еткенін халалға, халал еткенін харамға шығармай пенделікпен ауыр күнә жасаған мүмін-мұсылманды харижидтер секілді кәпір деп айтудың дұрыс еместігін және пасық (күнәлі) мүмін дей отырып, мүржилер сияқты еш күнәсіз деп айту да дұрыс еместігін ашық білдіреді.

Әбу Ханифа өз көзқарасын нақли (аят, хадис) және ақли (логикалық қисын) дәлелмен қуаттайды. Нақли дәлелге келсек, қасиетті Құранда: «(Әй, үмбеттер!) Сендердің әрқайсыңа әр түрлі шариғат және жол-жоба белгіледік. Егер Алла қаласа, әлбетте, бәріңді бір ғана үмбет қылып жаратар еді» (Мәида сүресі, 48-аят) деп, әр пайғамбардың шариғи міндеттері әртүрлі болғаны айтылады. Бір үмбетке харам болған нәрсе, басқа бір пайғамбардың үмбетіне халал болды. Алайда иман мәселесінде бүкіл пайғамбарлар жалғыз Жаратушыға сенуге шақырғанын айтады.

Құранның басқа бір аятында: «Әй, иман еткендер! Сендерге кісі өлтіргендерден құн даулау парыз етілді» (Бақара сүресі, 178-аят) деп, жазықсыз адамды әдейі өлтіру құн дауын парыз ететіндей ауыр күнә бола тұра, имани атпен шақырылды. Бұл да амалдың иманнан бөлек екенін білдіреді дей отырып, адамдар иман еткеннен кейін намаз оқиды, ораза ұстайды, зекет береді және қажылық жасайды. Парыз амалдарды істегеннен кейін иман етпейді деп ойын айшықтайды [10. 15 б.].

Ақли дәлелі: «Амал иманнан бөлек, иман да амалдан бөлек. Көп жағдайда мүминнің мойнынан парыз амалды орындау міндеті түседі. Бірақ иманы бойынан ажырағанды білдірмейді. Мысалы: етеккірі келген әйелдің мойнынан намаздың парыздығы түседі. Бірақ, имансыз деп айтылмайды. Ол әйел шариғаттың

әмірімен ораза ұстамайды, (тазарғанда) қазасын өтейді. Бұл кезде де ол әйел имансыз болды делінбейді. Кедей кісіге зекет беру міндет деп айтылмағанымен, иман міндет емес деп айту дұрыс болмайды» [б. 74 б.] деген.

Имам Ағзам бұл мәселенің түсінікті болуы үшін тағы да: «Қарызы бар адам қарызын мойындаған соң, қарызын өтейді. Қарызын өтеген соң, қарызын мойындамайды. Сол сияқты құл қожайынының құлы болғанын білгеннен кейін оған қызмет етеді. Қызмет еткеннен кейін барып, құлы екенін білмейді. Бөгде адамдармен бірге жұмыс істеген адам оның құлымын деп жұмыс істемейді» [10. 15 б.] деп мысалдар келтіреді.

Бірде Әбу Ханифадан: «Мүмин Жаратушы иесін барлық нәрседен артық көретін болса, онда неге Жаратушы тыйым салған күнәні жасайды?» деп сұрайды. Сонда Әбу Ханифа: «Бала әке-шешесін жақсы көреді. Бірақ кейде оларды тыңдамайды. Мүмин де тура солай. Қанша күнә жасаса да, Жаратушы иесін бәрінен артық көреді. Оның күнә жасауы Алла тағаланы сүймегенінен емес, бәлкі нәпсісін тежей алмаған пендешілігінен» [10. 19 б.] деп жауап береді.

Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша, мұсылмандық парыз міндеттерін орындамаған немесе шарифатта тыйым салынған күнәлардан тыйылмаған мұсылман тек күнәкар болады. Діннен шықпайтынын айтады.

Ал, имам Матуриди да харижид, мұғтазила және мүржия ағымдарының иман мен амал туралы көзқарасының дұрыс еместігін айтып, олардың дәлел ретінде келтірген: «Шынайы мүміндер – Алланың аты аталғанда жүректері діріл қағады» (Әнфал сүресі, 2-аят) сынды аяттарға түсіндірме бере отырып: «Мүміннің бойында аятта айтылған сипаттың болуын бәріміз айтамыз. Алайда бір мұсылман парыз амалды білімінің таяздығы, нәпсісінің жетегінде кетіп қалуы немесе жалқаулық танытуы себепті орындамаса иманы бойынан ажырады, имансыз болды демейміз. Алла тағала: «Әйтсе де, Алла қабыл алуды уәде еткен тәубе – жамандықты (бір сәт нәпсіге еріп немесе) білместікпен істегеннен кейін (ол істің күнә екенін білген бойда) дереу тәубе етіп, Аллаға бет бұрғандардың тәубесі басқа. Міне, солардың тәубесін Алла міндетті түрде қабыл алады. Алла (құлдарының ниетін, қай істі не үшін істегенін жақсы білетін) шексіз ілім иесі» (Ниса сүресі, 17-аят) аятымен сөзін растайды. Сондай-ақ, мүміндер тақуалық ұстанымы мен жасаған ізгі амалдарына қарай дәрежесі әртүрлі болады. Кейбір күнәкар құлын Алла тағала кешіріп, рахым пайғамбарының (с.а.с) шапағатын нәсіп етеді. Сыртқы көрініс негізінде үкім беру дұрыс емес. Үкім беру бір Алла тағаланың іліміне тән...»[5. 6/170 б.] деп жауап береді.

Олардың тағы бір дәлелі: «Иман еткендер және игілікті істерді атқаратындар, сондай-ақ бір-біріне ақиқатты насихаттайтындар және (қиындықта) бірінбірі сабырға шақыратындар ғана зиян тартпайды» (Аср сүресі, 3-аят) аяты. Бұл аят туралы имам Матуриди: «Алла тағала бұл аятта иман етіп ізгі амал істеген жандарға жәннатты уәде етті. Басқа бір аятта тек иман еткен құлдары үшін де жәннатты уәде етті. Демек, иманы бар құлдың сыйы жәннат болмақ. Әрі аятта «Иман еткендер», «игілікті іс істегендер», «ақиқатты насихаттағандар» және «сабырға шақырғандар» деп әр топқа бөліп атады. Әрбірінің өзіне тән сыйы болса, онда бұл аят олардың «амал жасамаған иман еткен болмайды» деген сөздеріне дәлел болмайды. Бәлкі, біздің көзқарасымызды қуаттайтын дәлел» [5. 17/320] деген.

Әһлі сунна уәл жәмағаттың доктриналық көзқарасы бойынша, иман мен амал екі бөлек нәрсе. Амал иманның рукуны есептелмейді. Бәлкі, шарты. Бұл әһлі сунна уәл жәмағат ғалымдары амалды қабыл етпейді немесе тек иман жеткілікті, құлшылық жасамай-ақ қойса да болады дегендік емес. Керісінше, иман – халалды халал, харамды харам деп қабылдау. Алла тағаланың тыйымы мен әмірін міндет деп мойындау. Кімде-кім Алла тағаланың әміріне қарсы шығып, халалды харам, харамды халал десе діннен шығады. Алайда, бір мұсылман парыз болған бір амалды мойындай тұрып, оны орындауда жалқаулық танытып немесе пенделіктің құрығынан құтыла алмағаны себепті кәпір демейміз. Бірақ, күнәкар, пасық мұсылман болып саналады. Оның күнәсін Алла қаласа кешіреді немесе қаласа соған лайық жазалайды.

Ал, имам Әбу Ханифа мен имам Матуридидің иман туралы берген анықтамасы мен өзге имам Мәлік, имам Шәфиғи, имам Ахмад және хадис ғалымдарының берген анықтамасы немесе түсіндіру тәсілдері түрлі болғанымен үкім тұрғысынан қайшылықтарға апармайды. Керісінше, бәрінің айтпақ ойы бір. Өйткені, бәрі бір ауыздан «Жүректен растауды» иманның рукуні ретінде қабылдаса, «тілмен айтуды» шарғи үкімдердің іске асырылуының шарты санайды. Ал, «парыз амалдарды орындауды» Алланың азабына лайық ететін бір фактор ретінде қарастырады. Әрі иманды діннің негізі саналған амалдарының қабыл болуының шарты деп біледі. Сондай-ақ, әһлі сунна уәл жәмағат ғалымдары бір ауыздан иман шарттарын күдіксіз қабылдап, сенген адамды мұсылман есептейді. Ал, кәлима шәһәданы тілімен айтпаған, парыз амалдарды орындамаған адамды кәпір демейді.

Мұхаммед пайғамбар да (с.а.с), оның ізбасарлары Әбу Бәкір, Омар, Осман және Әлилер де (р.а) Ислам дінін қабыл етіп, иманға келгендерден сенімдерін айғақтайтын нақли яки ақли дәлелдер келтіруін талап етпейтін. Өйткені, Ислам территориясы Византия императорына қарасты Шам, Парсы императорына

қарасты Басра, Куфа және т.б. қалаларын, Хорасан жерлерін, Әзірбайжан мен Арменияға дейін кеңейген уақытта көпшілік халықмал және егін шаруашылығымен айналысқандықтан білім деңгейлері төмен болатын. Ислам халифалары оларды сұрақтың астына алып, сенімдерін дәлелдеуін міндеттемейтін. Керісінше, Ислам және имандарына қатысты көңілдерінде күдік болса, оныхикіметпен сейілтудің жолын қарастыратын. Ешкімді, «Сен кәпірсің, дұшпанымсың» демей, достасуға ұмтылатын. Міне, бұл үрдіс күнімізге дейін жалғасын тауып келген әһлі сунна уәл жәмағаттың сара жолы. Шынайы Ислам, шынайы мұсылмандық!

Елімізге белгілі теолог, ғалым Алау Әділбаевтің: «Еліміздегі демократиялық принциптерді базбір кереғар, радикалды діни топтар өз мүддесіне шебер пайдалануда. Діни ағымдардың қауіптілігін бажайлайтын тәжірибенің аздығы және дін мамандарының тапшылығы да мәселені күрделендіруде. «Салафиттік» бағыттағы діни ағымдардың зияндығы айтылған күннің өзінде тиісті шаралардың қолға алынбауы тіпті уаххабилік бүліктің зияндығын айту «қоғамда діни алауыздыққа себеп болады» деген бүркемелі ұстаныммен жылы жабылып кетуде. Онымен қоймай «салафиттерді» «байсалды» және «радикалды» деп жіктеп, «байсалдыларын» зиянсыз деп, қоғамда кең таралуына көз жұма қарауымыз, діни жағдайды одан сайын күрделендіре түсуде» [11] деп айтқанындай, өздерін «Салафиміз» деген ұранмен парыз амалдарды орындауды иманның негізі санайтын, қатерлі діни ағымдардың алдын алу кезек күттірмейтін келелі іс. Оның үстіне, бұл неохариджилік деструктивті діни ағымдар әлі күнге дейін ханафилік мәзһабқа деген ашық та жасырын шабуылдарын жалғастырып, мұсылман үмбеті ішінде іріткі салуын тоқтатпай келеді.

Деструктивті ислами дискурстың ханафи мазһабына жасалған идеологиялық шабуылы өте қарқынды түрде жалғасуда, өйткені мәселе бұл шабуылдың жергілікті тар және аз ауқымнан шығып кетуінде болып тұр. Олардың жалған діни идеологиясының астарында исламды «тазарту», «таза, дұрыс сенімге оралу» идеясын жамылып, қарапайым мұсылмандарды саяси ойынға еліктіріп, «халифат» кейпінде жаңа әлемге билік орнату мақсаты көзделуде. Өкінішке орай, мәзһабтарға бөлінуді мойындамайтын бұл үрдіс дүниені дүр сілкіндіріп отыр және қатарына жастарды тартып әкетуде.

Жалпы мазһабтар исламдық ғылымның қалыптасуында маңызды рөл ойнады, өйткені бастапқы иджтиһад теориялық ойлауды, сенім мен сананың күрделі мәселесіне еркін көзқарас білдіруді, адамның әрекеттерін исламдық құқық тұрғысынан түсіндіруді дамытты. Олардың ішіндегі ханафи мазһабының өзге діни доктриналардан ерекшелігі – өмір сүру саласына сеніммен қатар, рационалды қатынаста болды, ол өзге дін мен мәдениетке құрмет танытты. Ортағасырлық исламдық қоғамдағы ханафилік үлгі білім, ғылым мен тәрбиеге негізделген. Ханафилік сұхбаттық дискурс түрлі жағдайларға сүйене отырып, мұсылмандық үмбеттің адамгершілік және құқықтық заңдылықтары үшін дайындалған болатын. Бұл бағыттағы ханафи мазһабы заңдылықты, жауапкершілікті және исламдық талаптардың категориалды адамгершілік жағын дамытады. Біздің ата-бабаларымыз ғасырлар бойы осы жолды ұстанды. Сондықтан, қорыта айтқанда, толеранттылық пен сұхбатқа бейім ханафи мазһабын сақтап қалу – өз дәстүрің мен діни сеніміңді сақтаудың негізгі жолы.

1 Әли Абдулфаттах әл-Мағриби, *Имам әли сунна уәл жәмаға Әбу Мансур әл-Матуриди уә әрауһул қаламия, «Мәктаба уәһба» баспасы, Қаһира. – 2009. 455 бет.*

2 Мұхаммед Халил ән-Науайһи, *Әл-Усит фи ақайди имам әл-Матуриди, «Дәрун нұр» баспасы, Йордания. – 2013. 336 бет.*

3 Тәжәддин әс-Субки, *«әс-Сайфул-маиһур фи шархи ақидати Әби Мансур», 49-бет. Қараңыз: Иман және амал мәселесі, Жұмағұл Қанат Әділханұлы. www.muslim.kz.*

4 Әбу Мансур әл-Матуриди, *Китәбут таухид, «Дәру садыр» баспасы, Байрут. – 2007. 538 бет.*

5 Бәкір Топалұғлы, *Тәуилатул Құран ли Әби Мансур әл-Матуриди, «Дәрул мизан» баспасы, Стамбул. – 2005-2010. 17 томдық тәпсір кітабы.*

6 Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Бабурти әл-Ханафи, *Шарху уасияти Әби Ханифа, «Дәрул фикр» баспасы. – 2009. 155 бет.*

7 Мустафа Өз, *Анахатларила Ислам мезһеблері тарихи. – 2000. 360 бет.*

8 Махмуд ибн Ахмад әл-Ғайни, *Ғұмдәтүл қари шарху сахих әл-Бұхари, «Дәрул кутубил ғилмия» баспасы, Байрут. – 2001., 25 томдық хадис кітабы.*

9 Мұхаммад Заһид әл-Каусари, *әл-Ақида уә ғилмул қалам мин әғмалил-имам, «Дәрул кутуб ғилмия» баспасы, Байрут. – 2004. 645 бет.*

10 Мин турас әл-Каусари, *Әл-Алим уәл мүтәғғалим, «әл-Мәктабату азһария лит-турас» баспасы, 80 бет.*

11 Әділбаев А.Ш. *Әбу Ханифа және қазақ қоғамы. Е-ислам кз. сайты 19 ақпан 2015 ж. / <http://e-islam.kz/islam/ishki-kategoriyalar/fiqh/abu-khanifa-mektebinin-qazaqstandagy-rolitem/5062-abu-khanifa-zhane-kazak-komamy>*

Резюме

Сатершинов Бақытжан – зав.отделом религиоведения Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор философских наук, доцент

Оқан Самет – докторант по специальности исламоведение Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК

Ханафитский диалоговый дискурс в вопросах соотношения веры и поступка

В статье анализируются проблемы соотношения веры и деяния мусульман в контексте концепции ахлю-сунна валь-жамагат. Доказывается, что, фетвы, выносящие по проблемам веры и поступка основоположников исламской акиды Абу Ханифы и имам Матуриди носят рациональный и толерантный характер. В отличие от некоторых радикально настроенных религиозных течений ханафитский мазхаб более склонен к диалогу и признает мирное сосуществование с представителями других культур и мировоззрений.

Ключевые слова: ахлю-сунна валь-жамагат, вера, деяние, ислам, куфр, мазхаб, мусульманин, поклонение, поступок.

Summary

Satershinov Bakytzhan – doctor of philosophical sciences, assoc. prof., head of the department of Theology of the institute of Philosophy, social sciences and theology

Oқан Samet – doctoral student majoring Islamic Studies Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies SC MES RK

Hanafi conversational discourse regarding the relationship between faith and action

The article analyzes the problems of relationship between faith and deeds of Muslims in the context of the concept of Ahlu-Sunnah Wal-zhamagat. It is proved that, fatwas, delivering on the issues of faith and action of the founders of the Islamic aqidah Imam Abu Hanifa and Maturidi are rational and tolerant character. Unlike some radical religious movements Hanafi madhhab is more inclined to dialogue, and recognizes the coexistence with other cultures and worldviews.

Keywords: Ahlu-Sunnah Wal-zhamagat faith, an act of Islam, Kufr, madhhab, Muslim worship act.

УДК 141.7

ЕЩЕ РАЗ К ВОПРОСУ РЕЛИГИЕВЕДЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

Артемьев А.И. – профессор общегуниверситетской кафедры политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ имени Абая, доктор философских наук, artur_proff@mail.ru

Профессор А.И. Артемьев по заявленной теме уже неоднократно выступал в печатных СМИ, а также на различных международных и внутривузовских научных конференциях. Поэтому данная статья – это как бы продолжение размышлений автора. Главные проблемы, которые его волнуют в этой связи – это бездуховность и религиоведческое невежество, которые порождают веротерпимость, фанатизм и экстремизм.

Он рассматривает пути борьбы с различными политическими формированиями, прикрывающимися религией, уделяя при этом особое внимание вопросам религиоведческого образования и воспитания.

Автор анализирует основные недостатки в преподавании «Основ религиоведения» в 9-х классах средней школы, а также курса «Религиоведение» в вузах, предлагая свое видение выхода из создавшейся ситуации.

Ключевые слова: бездуховность и духовность, религиоведческое невежество, веротерпимость, антикультулизм, школа, вуз.

Сегодня только лениво-безразличный не критикует нашу систему образования. Не всегда эта критика бывает объективной. Но нельзя не согласиться с теми, кто с тревогой говорит о величайшей опасности для всего человечества и казахстанского общества в частности – *дегуманизации*, констатируя разрушение основы основ, фундамента образования и воспитания – *духовности*.

«У каждого поколения, - писал русский историк В.О. Ключевский, - могут быть свои идеалы, у моего свои, у вашего другие, но жалко то поколение, у которого нет никаких». [1]

«Бездуховность – явление многоуровневое, многослойное:

- в области чувств она предстаёт в виде душевной грубости, эгоизма, зависти, лицемерия, жадности, распущенности, порнографии, антихудожественности, пошлости, антиискусства и других феноменов антикультуры;

- в области воли она проявляется в виде противоправного и безнравственного образа жизни: преступности, проституции, отказа родителей от своих детей, а детей – от своих родителей, а также в виде

безволия, зависимости человека от своих страстей (лени, алкоголизма, наркомании, стяжательства и т.п.);

Адамның ішкі рухани әлемі оның ішкі жандүниесіне тән әртүрлі үдерістердің (сезімдер, эмоциялар, қабылдаулар, пайымдаулар, ерік, ақыл-ой, ес, рухани мүдделер, білім деңгейі, құндылықты бағдарлар, өмірлік ұстанымдар) жиынтығын құрайды. Адамның рухани әлемі оның қайталанбас өзіндік ерекшелігін, бірегейлігін білдіреді, оны тұлға ретінде айқындайды. Дүниетаным адамның рухани әлемінің негізі болып табылады. Құндылықтар болса индивидтің-жеке адамның дүниетанымының өзегі. Соның ішінде рухани құндылықтар дүниетанымның қандай да бір түрін қалыптастыруда айқындаушы рөл атқарады.

Адамның іс-әрекетінің бағдарлары өзіндік рухани «шамшырақ» ретінде оның өмірінде маңызды орын алады. Іс жүзінде олар тек сол бағдарларды ұстанушы адамның іс-әрекетінің нәтижесі ғана емес, олар адамзаттың сан ғасырлық тәжірибесінің негізінде қалыптасқан және атадан балаға, ұстаздан шәкіртке, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа берілетін маңызды, өмірмәнді құндылықтар болып табылады. Оларды мәдениет пен өмірдің құндылықтары деп атау өте орынды.

Рухани құндылықтарды сараптау алдымен құндылықтардың болмысын ашып алудан, жалпы құндылықтардың табиғатын айқындаудан бастау алады. Сондықтан ғылыми айналымдағы көптеген тұжырымдамалар ауқымында құндылық мәніне берілген негізгі түсініктемелерді саралап, құндылық туралы ұғымдар мен пікірлерді сараптап алу қажет.

Құндылық туралы бірнеше анықтама беруге болады. Құндылық – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Мәдениеттің құрамдас бөлігі болуы себепті құндылық адамдардың өзін ұстауын реттейді, олардың шынайы тәртібін айқындайды. Құндылықтар әлемі, сөздің кең мағынасында, мәдениет әлемі деген сөз. Ол адамның рухани қызмет аясы, оның санасының дұрыстығын айғақтаушы, адамның рухани байлығының өлшеуіші іспетті. Неміс философы И.Кант және оның шәкірттері - жаңа кантшылар құндылық ұғымын философиялық талдаудың арнаулы объектісіне айналдырады. Құндылық - адамның ішкі дүниесінен тыс, мәңгі, идеалды әлем. (Г.Риккерд, В.Виндельбанд, Э.Кассирер ж.т.б.) [3]. Құндылық – адамдандырылған дүниенің бастаулары: нәрселердің, заттардың, құбылыстардың тұлғалық – әлеуметтік өлшемдері, бағалану деңгейлері, «Тірілген нәрселер әлемі» (О.Г.Дробницкий) [4]. Құндылық - мәдени феномен. Мәдениет арқылы құндылық адамдық болмыстың бір тірегіне айналады. Өзімен – өзі бейтарап нәрселер мәдениет өрісіне енгеннен кейін, пайдалы, әдемі, қажет, ұнамды және т.б бола бастайды [5]. Құндылықтар – материалдық және рухани қажеттіліктерді өтеу үдерісіндегі қалыпты нәрселер. Қалыпты нәрселер - қайырымдылық, сұлулық, әділеттілік идеалдары [6].

Құндылықтар теориясын аксиология (грек тілінде «axia» - құндылық және «logos» - ілім) ғылымы зерттейді. Аксиология – құндылықтар жаратылысы туралы, оның орны мен құндылықтар құрылымы туралы, яғни әлеуметтік және мәдени факторлар мен тұлға құрылымы арасындағы әр түрлі құндылықтар байланысы туралы ілім. Құндылықтардың пайда болуы және қажеттілігі ежелгі Шығыс, антика философиясында қарастырылған. Алайда «аксиология» терминін тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізген Э.Гартман болып табылады. Олар сұлулық, қайырымдылықтарды, берекеліктің мәнін түсінгілері келіп, кейіннен бұларды «құндылық» ұғымына әкеп сидырды. Әлеуметтану ғылымында құндылықтар тұжырымдамасының негізін қалыптастырған М.Вебер. Ол әлеуметтік әрекеттер мен әлеуметтік білімді норма ретіндегі құндылықтар деп қарады. Аксиологиялық теорияларға сүйене отырып, адамдардың құндылық қатынастарының қайталанып отыратын кластарын қарастырады. Г.Риккерт құндылықтарды төмендегідей алты салаға бөліп қарастырған: ғылым, дін, өнер, мораль, жетілген өмір және «күдіретті сүйіспеншілік». Сондай-ақ, бұл ұғымды ежелгі антик ғұламалары Демокрит, Пифагор, Гераклит және Аристотельдің туындыларынан да кездестіруге болады. Орта ғасырларда құндылық мәселесі туралы өз пікірін ағылшын философы Ф. Бэкон «Опыты или наставления: нравственные и политические» еңбегінде қарастырған болатын. Ал Жаңа заманда құндылық жөнінде француз ағартушылары — Вольтер, Ж.Ж. Руссо, ағылшын философтары Дж.Локк, Дж.Милл, классикалық неміс философиясының өкілдері — И.Кант, И.Фихте, Г.Гегель, орыс ағартушы - демократтары А.И.Герцен, В.С.Соловьев, Н.А.Бердяев еңбектерінде күрделі мәселеге айналды. 1960-70 жылдардан бастап құндылықтар теориясы жүйелі түрде зерттеле бастаған. Ал қазақ ағартушылары Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев еңбектерінде әлеуметтік-адамгершілік құндылықтар қарастырылады [7].

Құндылық – нысанның жағымды не жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық – әлеуметтанулық

ұғым. Ол объектінің адам үшін қаншалықты маңыздылығын айқындайды. Лотце мен Коген «құндылық» ұғымына тұңғыш философиялық анықтама берді. Әлеуметтануда құндылық термині теориялық категория ретінде Томас пен Знацкийдің еңбектерінде кездеседі.

Ресейлік ғалымдар Ф.Н.Феткуллин мен Л.Я.Чулкиннің пайымдауынша, «құндылықтар дегеніміз, қоғамдық қатынастардың қалыпты және заңды дамуымен байланысты, олардың мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін... адамдарға керекті ойлар мен талап-тілектер, заттар, құбылыстар, олардың қасиеттері» [8]. Осылайша, бұл зерттеушілер құндылықтарды объективтік тұрғыдан, әлеуметтің «қалыпты, заңды» дамуымен үздіксіз байланыста болатын зерттейді.

Тағы да бір ресейлік ғалым В.Н. Кудрявцев белгілі бір қоғам немесе таптың адамдары және жеке тұлғаның мүддесі мен қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы ретінде керекті (қажетті, пайдалы, ұнамды, т.б.) заттар, құбылыстар және олардың қасиеттерін, сонымен бірге, нормалар мен мақсаттар немесе тілектер ретіндегі ойлар мен талап-тілектерді құндылықтар деп санайды [9]. Аталған жағдайда құндылықтар деп адамдардың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыратын нақты және идеалды нысандар қарастырылады. Басқа бір ғалым А.Ф. Черданцев те құндылықтарды дәл осылай анықтайды. А.Ф. Черданцев, адам үшін, өзінің немесе қоғамның қажеттілігін қанағаттандыруға қызмет ететін нәрсе құндылық болып табылады [10]. Осылайша, құндылықтың көзі адамның қажеттілігін психологиялық тұрғыдан түсіндіруде, ал құндылықтардың өздері бақылаудағы болмыстың өзіндік нысандары ретінде тәжірибеде анықталуы мүмкін.

«Әділ сот тиімділігінің теориялық негіздері» деп аталатын өздерінің ұжымдық еңбегінде И.Л. Петрухин мен Т.П. Батуров және Т.Г. Моршакова құндылық ұғымын құқық нормасы (институты) ретінде айқындайды. Аталған ресейлік зерттеушілердің пікірінше, «Құндылық қоғамның шынайы қажеттілігіне сәйкес болу, прогрессивті қоғамдық тенденцияларды көрсете білуге және дамытуға қабілеттілік» [11].

Құндылықтар адам өмірін саналы ететін, қоршаған ортаның құбылыстарын түсінуге, онда бағыт-бағдар табуға мүмкіндік беретін ол үшін ең қымбат дүние болып табылады. Құндылықтар адамның ұмтылысы болып табылатын, оның өмірінің мәнін құрайтын маңызды сәттерді қамтитын тұлғаның идеалдарынан туындайды. Құндылықтардың екі түрі бар: қоғамдық идеалдар болып табылатын әлеуметтік құндылықтар. Олар қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында эталон-үлгі ретінде көрініс табады. Тұлғалық құндылықтар жеке тұлғаның идеалдары болып табылады. Олар сол тұлғаның тәлім-тәртібінің уәждемелік негізін құрайды. Тіршілік ету, өмір сүру формасы мен оның мазмұнының өзгеруі құндылықтар жүйесінің өзгеруіне ықпал етеді және оған тарихи сипат береді. Бүгінгі таңда қазіргі заманғы өркениет жалпыадамзаттық сипаттағы гуманизмге негізделген құндылықтар жүйесін қалыптастыруда. Жасына, ұлтына, әлеуметтік тобына, табына, діни және басқа да айырмашылықтарға тәуелсіз және жалпыадамзаттық мүдделер мен әмбебап адамзаттық қажеттіліктердің жүзеге асуына жағдай жасайтын жалпы адамзаттың рухани тәжірибесі жалпыадамзаттық құндылықтардың көрінісі болып табылады. Топтық, тұлғалық құндылықтарға қарағанда жалпыадамзаттық құндылықтар басым мәнге ие. Олар әрбір индивидтің-жеке адамның толыққанды өмір сүруін қамтамасыз ете отырып, тұлға болып қалыптасуына, дамуына мүмкіндік жасайды.

Рухани құндылықтар қатарына адамзат білімін, дүниетаным ұстанымын, мәдени-философиялық тұжырым, адамгершілік нормалары мен саяси білім, яғни әлемнің рухани жетістіктеріне байланыстылардың бәрін жатқызуға болады. Рухани құндылықтың маңыздылығы - оны әрбір адам, жалпы алғанда кез келген әлеуметтік субъект өз бойында дамыту арқылы сезіне алады. Өйткені құндылықтар жүйесі адам дүниетанымының негізгі іргетасы, әлемге деген көзқарасының қайнар көзі. Қоғамның барлық саласында жан жадаулығы кеңінен тарап, адамдардың бір-біріне деген мейірімінің, қайырымының мүлде азая бастаған уақытында руханилық дегеніміз оның адамдық болмысының мәнісі неде және оның өміріндегі маңызы қандай деген сияқты сұрақтарды шешуге тырысу азаматтық, адамдық парыз болуға тиіс. Руханилықтың өзі-адам бойындағы ізгілік пен адамгершілікті, қайырымдылық пен мейірімділікті айқындаудың мөлшері, жеке болмыстық ұғым-түсінігінің көрінісі. Басқаша айтқанда, әр адамның өзіндік қалыптасуы, өсіп-жетілуі, дүниедегі алдына қойған мақсаты және өмір сүрудің тәсілі мен сара жолдары.

Рухани құндылықтар әрбір адамның ішкі мүмкіндігін ашуға көмектеседі, жалпы рухани үйлесімділікке қызмет етеді. Руханилық тағлымды жасайтын да, оған баға беретін де, оны әлеуметтік тәжірибеде керектісін сақтайтын да адам болып табылады.

Тұлғаның рухани әлемі қоғамдық рухани өмірдің ерекше, қайталанбас, жеке дара формада бар болуы, көрініс табуы және әрекет етуі болып табылады.

Рухани өмірдің негізін құрайтын сана индивидтің-жеке адамның тек әрекет ету саласы мен нақты іс-

әрекетін ғана емес, оның жалпы өмірін реттейтін тұлғаның ең жоғарғы, маңызды қабілеті болып табылады. Сана болмыстың өзіндік бейнесі бола отырып, адамның уақыт пен кеңістіктегі орнын айқын-дайды, оны ғасырлар қойнауына, басқа құрлықтар мен кезеңдерге жетелейді. Сонымен қатар ол тұлғаның ішкі дүниесінің, оның айқындалуының, яғни өмірдегі мақсат-тілектерінің, ұмтылыстарының көрінісі болып табылады.

Адамзат тарихында өркениеттің даму үдерісі, жеке адам мен оны қоршаған мәдени ортаның өзара қарым-қатынасы өзгеріп отырса да, оның маңызды жағы болып табылатын ұлттық мәдениетпен, сонымен қатар әлемдік мәдениетпен жеке тұлғаның мәдениеті арасындағы өзара тәуелділік әрдайым сақталады. Өйткені адам, бір жағынан, тұлғаның рухани мәдениетінің қалыптасуы мен дамуының міндетті факторы болып табылатын ұлттық және әлемдік мәдениет түріндегі жалпы адамзат мәдениетінің ұстанушысы, оның субъектісі болса, екінші жағынан ол оны жаратушы, қалыптастырушы, сынаушы да болып табылады.

Адамның мәдениеті неғұрлым жоғары болса, неғұрлым ол дамыған, жан-жақты болса, соғұрлым оның оның рухани өмірі бай және толық мәнді, мазмұнды болады. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан адамзаттың бай рухани мәдениеті әрбір индивидке-жеке адамға оның ұстанымдары мен қабілеттеріне, өмір сүру жағдайлары мен талғамына барынша сәйкес келетін рухани құндылықтарды таңдауда шексіз мүмкіндіктер береді.

Тұлғаның өмірге деген шығармашылық, белсенді қатынасы мен өз өміріне, басқа адамдарға, қоршаған ортаға деген жауапкершілігі оның рухани мәдениетінде маңызды рөл атқарады. Тұлғаның рухани мәдениетінің көрсеткіштері ретінде оның өзін өзі дамытуға және жан тәнімен беруге дайындығын қарастыруға болады.

Тұлғаның рухани әлемін күрделі жүйелердің бірі ретінде қарастыра отырып, оның төмендегідей элементтерден тұратын атап өту керек:

– қоршаған ортаны, мәдениеті, өнерді тануға, жалпы адамзат өркениетінің жетістіктерін пайдалануға деген рухани қажеттілік. Рухани мәдениет жалпы қоғамның тіршілік етуінің және жеке тұлғаның қалыптасуының қажетті жағдайы болып табылады. Әрбір адам бүгінгі күнге дейінгі жинақталған мәдени құндылықтарды игеруге, қабылдауға қажетті үлкен әлеуетке ие.

– қоғам, табиғат, адам және тұлғаның өзі туралы білімдер жиынтығы;

– әртүрлі салалардағы адамның іс-әрекетінің барлық жақтарын айқындайтын ұстанымдары;

– адамның әлемге және өзіне деген қарым-қатынастары мен қабылдауының негізін құрайтын құндылықтар. Құндылықтар адамның іс-әрекетінің мәнін айқындайды, оның идеалдарын бейнелейді;

– әлеуметтік қызметтің әртүрлі формаларына деген қабілеттіліктер;

– адамның жалпы қоғаммен, табиғатпен қарым-қатынасын білдіретін сезімдер мен эмоциялар;

– саналы түрде айқындалған мақсаттар;

– индивидтің-жеке адамның әлемге деген көзқарастарының жиынтығы және онымен байланысты жалпы әлемге деген қатынасы. Әрбір адамның, оның өмірінің құндылығы туралы дүниетанымдық идея қазіргі кезде өнегелік, ізгілікті құндылықтардың маңыздылығын ұйғарады. Бұл рухани құндылықтар тек тұлғаның қалыптасуы үшін ғана емес, жалпы адамзат өркениетінің дамуы үшін маңызды.

Сонымен, қоғамның рухани өмірімен тығыз байланысты тұлғаның рухани әлемі тұлғаны оның мазмұны, оның қоршаған әлемге, басқа адамдарға, өзіне деген қатынасы жағынан сипаттай отырып, тұлғаның қоғам өміріндегі орны мен рөлін айқындайды.

1. Барулин В. С. Основы социально-философской антропологии. – М.: Академкнига, 2002. – С.113.

2. Холостова Т.В. Проблемы духовности человека. Методологические проблемы изучения человека в марксистской философии. – ЛГУ, 1979. – С.87.

3. Чавчавадзе Н.З. Культура и ценности. – Тбилиси, 1984. – 144 б.

4. Дюркгейм Э. О разделении труда. Метод социологии. – М., 1991. – 143 б.

5. Кононенко Б.И. Культурология в терминах, понятиях, именах. – М., 1999. – 305 б.

6. Кононенко Б.И. Культурология в терминах, понятиях, именах. – М., 1999. – 311 б.

7. Қасымжанов А. Рухани тамырлар //Қазақ. – А., 1994. – 176 б.

8. Фаткулин Ф.Н., Чулкин Л.Д. Социальная ценность и эффективность правовой нормы. – Казань, 1977. – С.9.

9. Кудрявцев В.Н. Закон, поступок, ответственность. – Москва, 1986. – С. 64.

10. Черданцев А.Ф. Социальная ценность социалистического права.//Советское государство и право. – 1978. – № 7. – С.22,24.

11. Петрухин И.Л., Батуров Г.П., Моршакова Т.Г. Теоретические основы эффективного правосудия. – Москва, 1979. – С.170.

Резюме

Мадалиева Ж.К. – кандидат философских наук, доцент общепуниверситетской кафедры политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ имени Абая, zhanna.madaliyeva@mail.ru

Значение духовных ценностей в определении своеобразия личности

На данном этапе развития современного общества проблема духовного мира личности, развития форм духовности, духовных ценностей становится одной из актуальных и для общества, и для индивида. Поэтому в данной статье рассматриваются роль и значение духовных ценностей в становлении и развитии личности. Изучая различные подходы в определении понятия ценности в рамках общественных наук, автор уделяет особое внимание духовным ценностям как результат духовного опыта всего человечества, определяет их значение в становлении и развитии личности, который является активным, творящим, познающим и практически действующим субъектом.

Ключевые слова: человек, личность, общество, духовность, ценность, духовные ценности.

Summary

Madaliyeva Zh. K. – PhD, associate professor of political science and university socio-philosophical disciplines in KazNPU named after Abai, Zhanna.madaliyeva@mail.ru

The value of spiritual values in determining of the person identity

At the stage of development of modern society, spiritual world of the individual, the development of forms of spirituality and spiritual values has become one of the most actual problems for society and individual. Therefore, this article discusses the role and importance of spiritual values in the formation and development of personality. By studying the different approaches to the definition of the concept of values within the social sciences, the author pays special attention to spiritual values as a result of the spiritual experience of all mankind, determines their importance in the formation and development of personality that is active, creative, and practical acting person.

Key words: man, person, society, spirituality, value, and spiritual values.

УДК 1(091):340.22

«СЫНИ ОЙЛАУ» ПӘНІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БАСТАУЛАРЫ

Абеуова Ш.Қ. – Абай атындағы ҚазҰПУ

жалпыуниверситеттік саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, философия ғылымдарының кандидаты, shu.tan@mail.ru

Мақалада сыни ойлау тарихының мәні, қоғам өміріндегі парадигма ұғымы, когнитивтік мағанасы, сонымен қатар сыни ойлау адамның жеке өмірінің феномені, дүниені тану және абстрактілі ойлау түрі ретіндегі ерекшелігі мәселелері қарастырылады. Сыни ойлаудың тарихы және оның қазіргі ой жүйесіндегі орны туралы мәселе, қазіргі қоғамда кеңінен талқылануда. Бірақ, бұл ұғымның бастауы қайда деген орынды сұрақ туындайды. Мақалада осы сұрақ та тереңірек талқыланады.

Түйін сөздер: сыни ойлау, білім беру, абстрактілі ойлау, түйсік, логика, дүниетаным, білім беру технологиясы.

Қоғамның философиялық және ғылыми білім қалыптасу тарихындағы сыни ойлаудың жетілуі, сыни философияның антикалық тәжірибесі, Парменид пен Горгийдің онтологиялық пікір таласы. Сонымен бірге, Сократ пен Платонның сыни философиялық стилі. Антикалық скептицизм. Аристотельдің Органоны. Сол сияқты ҮІІ-XX ғғ. Еуропалық философия және қазіргі заманғы сыни ойлау Ф.Бэкон, Ж.-Ж.Руссо, И.Кант, М.Хайдеггер, Дж. Дьюи, Х.-Г. Гадамер, Э.Фромм, К.Поппер және басқалардың пікірлеріне сүйене отырып сыни ойлаудың сараптамалық моделін жасауға болады. Бұл үшін алдымен логика және сыни ойлау, логика-дұрыс ойлау туралы ғылым ретіндегі тартыстарын зерттеу қажеттілігіне назар аударуымыз керек. Формалды логика - ойлау формалары туралы ғылым. Диалектикалық логика – философиялық пайымдау әдісі ретінде, оның негізінде диалектиканың заңдары жатыр. Формалді емес логика – табиғи тілдегі аргументтеуді үйрену. Бұл мәселені Аристотель еңбектерін негізге ала отырып дәлелдеген жөн.

Сонымен қатар, қазіргі білім беруде когнитивтік психологияны да салыстырған орынды. Себебі бұл ұғым өз кезегінде сыни ойлау көзқарасына толық талдау жасайды. Қазіргі заманғы когнитивтік психология – білім мен ғылымның табиғаты туралы әдебиеттерде бұл мәселе кеңінен қарастырылған.

Когнитивті психологияның білім беру парадигмаларын және сыни ойлауды жаңа арнайы білім пәні ретінде қалыптастырудағы рөлі үлкен. Ол жазу және сызу арқылы сыни ойлаудың технологияларын дамыта және қалыптастыра отырып ғылыми негіздеме жасайды.

Қазіргі заманғы сыни ойлау бағытын дамытып жатқан зерттеушілер: Д.Халперн [1, С.10], С.И.Заир-Бек [2,С.21], Д.Кластер [3, С.6], К.Мереди, Д.Стил, Ч.Темпл, С.Уолтер [4, С.15] және т.б.

Сыни ойлау - адамның жаңа әлеуметтік және жеке өміріндегі оның орны мен міндеттерін анықтайды.

Ойлау–объективті шындықты белсенді бейнелеудің жоғарғы формасы, [дүниенітану](#) мен игерудің жоғарғы сатысы, тұлғаның танымдық әрекеті. Ойлау формалары мен құрылымдарында адамзаттың бүкіл танымдық және тарихи-әлеуметтік тәжірибесі, материалдық және рухани мәдениеті дамуының басты нәтижелері қорытылып негізделген. Сыртқы дүниені толық тануға түйсік, қабылдау, елестер жеткіліксіз болады. Біз тікелей біле алмайтын заттар мен құбылыстарды тек ойлау арқылы ғана білеміз. [Түйсік](#), [қабылдау](#) процестерінде сыртқы дүниенің заттары мен құбылыстары жайлы қарапайым қорытындылар жасалады. Бірақ қарапайым қорытындылар сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының ішкі құрылысын, оның қажетті қатынастары мен байланыстарын жөнді ашып бере алмайды. Адамның ой-әрекеті, әсіресе, түрлі мәселелерді бір-біріне жанастыра отырып шешуде өте жақсы көрінеді. Ойлау дегеніміз, ең алдымен, шындық дүниенің адам миында бейнеленуі болып табылады. Ол біріншіден, дүниетанудың нәтижесі болса, екіншіден, дүниені тереңірек, толығырақ танып - білудің құралы. Себебі, заттар мен құбылыстардың сезім мүшелері арқылы танып - білуге болмайтын ішкі қасиеттерін, мәні мен сырын тек ақыл - ойға салып, ойқорытындылар жасау арқылы ғана танып біле аламыз. Дүниені танып-білудің жолы – білмеуден - білуге қарай, дәл емес, толымсыз білімнен дәл де толық білім қарай өту жолы екені белгілі. Таным процесі айналадағы шындық дүниені сезім мүшелері (көру, есту, иіс сезу, сипап сезу) арқылы тікелей бейнелендіруден, сөйтіп нақты білім алудан басталады. Бұл сезімдік таным деп аталады. Адамды сыртқы дүниемен тікелей байланыстыратын бұл сезімдік таным шындық дүние жайындағы біздің біліміміздің қайнар көзі. Сезімдік таным үш негізгі формада іске асады. Олар: түйсік, қабылдау және елестету.

Түйсік дегеніміз-материалдық дүниедегі заттар мен нәрселердің сыртқы көрінісі, түсі, иісі, дәмі, түрі сияқты жеке дара нақты белгілері мен қасиеттерін бейнелендіру. Ал нәрселерді белгілі - бір сапа, қасиеттер бірлігі түрінде біртұтас зат ретінде бейнелендіру қабылдау деп аталады. Сезімдік танымның жоғарғы формасы болып табылатын елестету - бұрын қабылданған, ал дәл қазір сезім мүшелерінің алдында жоқ нәрселердің көрнекі бейнесін қайта жаңғырту процесі. Мәселен, студент аудиторияда отырып-ақ, ауылдағы анасының немесе әкесінің бейнесін көз алдына келтіре алады. Бұл да көрнекі бейне. Мұнда да жалпылау процесі жоқ.

Сезімдік танымның бұл үш формасы нәрселердің сыртқы бейнесін ғана бейнелендіреді. Алайда адам мұндай көрнекі бейнемен, нақты біліммен ғана шектеле алмайды. Ол жеке көрнекі бейнелерді жалпылап, нәрселердің ішкі қасиеттерін, мәнін танып - білуге, табиғат пен қоғамның заңдарын ашуға тырысады. Ал бұл абстрактілі ойлау арқылы ғана іске асады.

Абстрактілі ойлау дүние танудың екінші, жоғары сатысы болып табылады. Сезімдік танымға қарағанда, ойлау дүниені тереңірек және толығырақ танып білуге мүмкіндік береді. Абстрактілі ойлау біртектес заттар мен құбылыстарға тән нақты , кездейсоқ және жеке - дара қасиет, белгілерді назардан тыс қалдыра отырып, олардың бәріне тән жалпы да мәнді белгілерін жинақтап, жалпылап бейнелендіреді. Егер адам заттардың көрнекі белгілерін сезім мүшелері арқылы бейнелендірумен қанағаттанып қана қойса, онда ол құбылыстар арасындағы себепті байланыстар мен тәуелділіктерді аша алмайды. Мәселен, күннің күркіреуі мен найзағай жарқылының арасындағы байланысты, күн мен айдың тұтылуы себептерін, т.б аша алмас еді.

Сонымен, абстрактілі ойлаудың негізгі ерекшеліктері мына төмендегідей:

Біріншіден, ойлау шындықты жинақталған түрде бейнелендіреді. Сезімдік танымға қарағанда, ойлау нәрселердің жеке жақтарын назардан тыс қалдырып, олардың бәріне тән жалпы, мәнді жақтарын жинақтайды. Мәселен, күн сайын толып жатқан адамдарды көреміз. Олардың жасы, жынысы, ұлты мен кәсібі алуан түрлі, біреулер ұзын бойлы, екіншілері қысқа бойлы, біреулердің шашы қара, екіншілерінікі сары, т.б. Олардың бәрін ойша салыстыра келгенде, бәріне ортақ мынадай маңызды белгілерін - еңбекке, ойлауға және сөйлеуге қабілеттілігін бөліп алып, жинақтап, адамның абстрактілі бейнесін жасаймыз да жеке адам жайындағы ұғымнана жалпы адам туралы ғылыми ұғымға көшеміз. Дәл осылайша жинақтау және абстракциялау жолымен «материя», «сана», «мемлекет» сияқты толып жатқан ғылыми ұғымдар құрылады. Сөйтіп, абстрактілі ойлау жинақтаудың арқасында шындықты барынша тереңірек танып біледі.

Екіншіден, ойлау шындықты тікелей бейнелендіру емес, жанама бейнелендіру, яғни ой қорытындыларын жасау арқылы белгілі білімдерден жаңа білім қорытып шығару процесі болып табылады. Ойлаудың үшінші ерекшелігі- оның тілмен тығыз байланыстылығында. Адам миында қандай ой пайда болма-

сын ол тілдік материалдың негізінде ғана туындап, іске асады. Адам өз ойын ауызша білдірсе де, жазбаша түрде білдірсе де, ойласа да, бәрібір, өз ойын сөз немесе сөйлем түрінде құрады. Адамдар тілдің көмегімен өзінің ойлау қызметінің нәтижелерін тұжырымдап, бір-бірімен пікір алысып, өзара түсініседі.

Ойлаудың логикалық формасы деп оның құрылысын, яғни құрамдас бөліктерінің байланысу тәсілін айтады. Ойлау формасы болып табылатын ұғымдар, категориялар, идеялар мен теориялар танымның [субъектісі](#) мен [объектісінің](#) арасын байланыстырып тұрған қоғамдық тәжірибенің негізінде, қоғамдық-тарихи процесте қалыптасып дамиды және заттар мен нәрселердің сезімдік таным формаларында (түйсік, қабылдау, елес) берілмейтін мәнді байланыстары мен қатынастарын өрнектейді. Осының арқасында адам дүниенің заңдары мен заңдылықтарын танып білуге мүмкіндік алады, алды-артын болжап, болашағын айқындап, алдына саналы мақсаттар қойып, соларға жету жолдарын саралайды, табиғатты өзгертеді және өзі де өзгереді. Адам өмірінде, тәжірибелік және танымдық қызметінде шешуді қажет ететін мәселелер туындап, соларды қою және шешу барысында ойлау қабілеті де түрленіп, шығармашылықпен дамып отырады.

Дүниетанудың мақсаты-дүние жайында ақиқат білім алу. Философияда ақиқат деп біздің біліміміздің шындыққа дәл сәйкес келу мазмұнын айтады. Мәселен, «Жер күнді айналады» деген пікір- ақиқат ой. Ал керісінше, «Күн де ай да, барлық жұлдыздар да жерді айналады» деген жалған пікір ерте заманда ғасырлар бойы үстемдік жасап келді. Әлем жайында білімнің барған сайын тереңдей түсуінің нәтижесінде астрономия ғылымы бұл пікірдің жалғандығын, яғни шындыққа сәйкес келмейтіндігін дәлелдеді.

Дүниетану процесінде біз тікелей сезім мүшелерінің көрсеткеніне, тәжірибиелік нақты фактілерге ғана сүйенбей, адамзаттың ғасырлар бойғы практикасы мен ғылыми танымы жинақтаған білімдерге де сүйенеміз. Бұрын ашылып, практикада дәлелденген жалпы білімдерден пайымдау арқылы жаңа білім қорытып шығару фактісін біз ғылымнан да күнделікті өмірде де сан рет кездестіреміз. Мұндай білімдер ғылымда қорытпа білім деп аталады. Мәселен, XVI-ғасырда кемемен жүзіп, Жерді айналып шыққан португалдық Магеллан оның шар тәрізді екенін алдын ала көзімен тікелей көре алған жоқ. Логикалық пайымдаулар арқылы жасалған: «Жер-шар тәрізді домалақ дене» деген қорытпа білімнің ақиқаттығына кәміл сенгендіктен ғана бес кемемен жабдықтап, батыл түрде Батысқа қарай жүзіп кетті. Ал жердің шар тәріздес екенін тек біздің ғасырымызда ғарышқа ұшудың нәтижесінде ғана тікелей көруге мүмкіндік туды. Ой қорытындылар жасағанда, бір пікірді дәлелдеуге немесе бекерге шығаруға, жалған пікірлердің теріс екенін дәлелдеп, ұғымды анықтауға, т.б. логикалық әрекеттерді іске асыруға тура келеді. Мұның бәрі белгілі - бір логикалық ережелерге бағынуы тиіс.

Ой қорытындыларын жасай отырып, ақиқат білімге жету үшін, міндетті түрде мына екі талап орындалуы тиіс: біріншіден, алғышарт болып табылатын негізге алынатын бастапқы пікірлеріміздің ақиқат болуы, яғни ақиқаттығы дәлелденген болуы тиіс, екіншіден, пайымдау барысында ойымыз логика заңдарына сәйкес құрылуы қажет. «Егер біздің алғышарттарымыз ақиқат болса және біз оларға ойлау заңдарын дұрыс қолдансақ, - деп жазды Ф.Энгельс, - онда нәтиже шындыққа сәйкес келуі тиіс». Бұл ойды мынандай қарапайым мысалдар арқылы түсіндірсек болады:

«Айнала қоршаған орта биосферамен тығыз байланыста, биосфера тіршілік ету ортасы. Бірақ барлық зат тіршілік ету ортасымен тығыз байланысқа түспейді». Олай болса, қоршаған орта мен тіршілік ету ортасы деген ой екі жақтылық пікір тудырады сөйтіп жалған және ақиқат пікір тудырады. Содан салыстыра отырып, алғышарт негіздемесі моделі жасалады.

Логиканың заңдарын, көптеген идеалист – философтар айтқандай, адамдар өз қалауынша, өз еркінше қолдан жасап алған жоқ. Олар – материялық дүниедегі заттар мен құбылыстардың байланыстары мен қатынастарының адам миында табиғи бейнеленуі.

Ал сыни ойлау дегеніміз негізделген қорытынды жасауға және оқиғаларды сараптауға пайдаланылатын, сонымен қатар алынған нәтижелерді жағдайлар мен проблемаларға нақты қолданатын пікірлер жүйесі. Жалпы алғанда сыни ойлау сынға дейінгі ойлауға қарағанда жоғары деңгейде қаралады десек болады. Қай қауымдастықта болмасын ойлаудың сыни деңгейіне өту үшін - сол қауымдастықтың өркениетті дамуының алғышарттары болуы қажет.

Сыни ойлаудың анықтамасына келсек, тар мағынасында ол «қорытындының дұрыс берілуі». Сонымен қатар «ойлау туралы ойлау» деп те сипатталады. Кең таралған анықтамалардың бірі - «не істеп және неге сену керектігін шешуге бағытталатын рефлексивті ойлау». Бұдан гөрі кең ауқымдағы анықтама – «бақылау, тәжірибе, ойлау нәтижесінде туған немесе алынған ақпаратты бағалау немесе сараптау, қолдау, синтездеудің ақыл - ойға негізделген процесі».

Психолог Диана Халперн [1, с.10] сыни ойлауды танымның әдістерін пайдаланумен, бақылаудың болуымен, негізделгендігімен, мақсатқа бағытталғандығымен ерекшеленеді дейді. Бұл әдістер есептерді шешкенде, ықтимал бағалауда, шешім қабылдағанда қолданылады. Ол сонымен қатар, сыни ойлауға

логикалық ойқорытуларды құру, келісілген логикалық модельдерді құрастыру, негізделген шешімдерді шығару тән екендігін атап көрсетеді. Бұл анықтамалардың барлығы нақты когнитивті мәселелерді шешуге бағытталатын психикалық белсенділікті талап етеді.

Д.Кластер [8, С.6] өзінің «Сыни ойлау дегеніміз не?» деген мақаласында сыни ойлаудың мынадай параметрлерін көрсетеді:

1. Сыни ойлау дара ойлау болып табылады.
2. Ақпарат жіберілген, сыни ойлаудың соңғы нүктесі емес.
3. Сыни ойлау сұрақты қоюдан және шешуге тиісті мәселені анықтаудан басталады.
4. Сыни ойлау аргументке жүгінеді.
5. Сыни ойлау әлеуметтік ойлау болып табылады.

Сыни ойлаудың мынадай деңгейлері бар:

- 1) эмпирикалық деңгей – фактілерді сыни тексеру;
- 2) теориялық деңгей – теорияны сыни тексеру;
- 3) метатеориялық деңгей – нормалар мен құндылықтарды сыни тексеру

«Сыни ойлаудың негізгі ерекшелігінің бірі - тарнцендентальды рефлексияның болуы, яғни субъектінің өзіне - өзі есеп беруі, ойлау сананың қай қызметін пайдаланады: құндылықтарға бағыттала ма, танымға ма немесе мақсатқа жетудің құралдарын іздей ма? Рефлексия шығармашылық процестің тұлғалық жағын қалыптастыруда жетекші рөл атқарады. Ол ішкі тәжірибенің қайнар көзі, өзін-өзі танудың тәсілі, ойлаудың қажетті құралы болып табылады. «Рефлексия» ұғымы философияда пайда болып, индивидтің болып жатқан оқиғаларды өз санасында саралау процесін білдірді. Рефлексия (лат. Reflexio-кері қайтару) - субъектінің ішкі психологиялық жағдайлары мен күйлерін өзін-өзі тану процесі, адамның теориялық іс-әрекетінің түрі болып табылады. Рефлексияның мақсаты: еске түсіру, шығару, іс-әрекеттің негізгі компоненттерін сезіну - оның мағынасын, түрін, тәсілдерін, мәселелерін, шешу жолдарын, алынған нәтижелерді, бір - біріне деген, педагог пен студенттің арасындағы қарым – қатынастарды, еңбекке деген қатынас және т.б.

Оқытудың, тәрбиенің әдістерін, танымның механизмдерін, интеллектуалды іс- әрекетті түсінбей, олар өздеріне берілген білімді игере алмайды. Рефлексивті әрекет студентке өзінің даралығын, өзгешелігін сезінуге мүмкіндік береді. Сыни ойлау рефлексияның болуын, ұғымдармен, пікірлермен, ой қорытындымен, сұрақтармен жұмыс істей білу керектігін талап етеді. Сыни ойлаудың негізгі принциптерін шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруға болады:

- Философиялық және методологиялық принциптер.
- Нақты инструментальдық принциптер.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы білімнің дайын күйінде берілмеуі. Нақты жағдайда «мынаны былай жазу немесе айту керек» деп көрсетпей, студенттің өзінің шығармашылық ойлауының орын алуына мүмкіндік беру, шешім қабылдауға үйрету, жауапкершілігін артыру. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясының ең басты өлшемі – оның мақсаттылығы, тиімділігі, нәтижелігі, жаңашылдығы және өз кезегінде қорытындылануы. Осы ойды тереңінен талдасақ, мақсаты білім алуға ұмтылатын шәкіртке жол көрсету, оқуға қызығушылығын ояту, сабақта оқушыны ізденіске бағыттау, оның шығармашылық тұлғасын қалыптастыру.

Тиімділігі оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге дайындау, сабақты өткізу барысында стратегиялардың барлығы үш кезең арқылы жүзеге асуы, мұғалімнің сапалы сабақ өткізуіне мүмкіндік туғызу, ғылыми-теориялық тұжырымдамаларының тереңдігімен ерекшеленеді.

Нәтижесі оқушының қызығушылығын арттырады, іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі, тапқырлығы, өзіне деген сенімі қалыптасады, терең білім алуға жағдай жасап қана қоймай, коммуникативтік қатынасын қалыптастырады, оқушыны ізденіске жетелейді. Мұның қорытындысында мынандай үш кезеңнен тұратын технология құрылымын көреміз:

1. Қызығушылықты ояту.
2. Мағынасын тану.
3. Ойтолғаныс.

Осындай технологиялардың құрылымының мәнінде сыни ойлаудың нақты инструментальды ерекшелігін қарапайым ойлаумен салыстыра отырып төмендегі тізбектерге қол жеткіземіз:

А) Сыни ойлау → Бағалаушы пікір → Сарапталған пікір → Жіктеу → Жіберу → Қорытындыны логикалық түрде жасау → Принциптерді түсіну → Гипотеза құру → Аргументпен пікір айту → Критерий негізінде пікірді ұсыну.

Ә) Қарапайым ойлау → Жорамал жасау → Сәйкестендіру → Топтау → Сенім → Қорытынды жасау → Ассоциация бойынша ұғымдарды біріктіру → Жорамалдау (жеткілікті негізсіз) → Аргументсіз пікір айту → Критерийге сүйенбей пікір айту.

Сонымен бірге, ойлаудың кемшіліктері мен жоғары сапаларын салыстыру:

А) Озық принциптерге негізделген ойлау → Анықтық → Нақтылық → Ашықтық → Мұқияттылық → Мәнділік → Сабақтастық → Логикалық → Тереңдік → Толықтығы → Маңыздылығы → Шынайылығы.

Ә) Сапасыз ойлау → Анық еместігі → Нақты еместігі → Белгісіздігі → Жауапсыздығы → Мәнсіздігі → Келісілмегендігі → Логиканың жоқтығы → Таяздығы → Толық болмауы → Маңызды еместігі → Шынайы еместігі.

Шығыс даналығы былай дейді: «Маған айтсаң, ұмытып қалам, көрсетсең есімде қалар. Ал, өзім істесем, үйреніп алам». Яғни, адамның ынтасын жетелеу, қызығушылығын ояту арқылы оқыту, үйрету қажет деген сөз. Сыни тұрғыда ойлау – оқытушының бағыттауымен оқушының өз бетімен білімді игеруге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға тәрбиелейді. Ойлау да оқу, жазу, сөйлеу және тыңдау сияқты іс-әрекет. Ол – белсенді, тұжырымдалған, күрделі шын ойды айтатын құбылыс. «Сыни тұрғыдан ойлауға тәрбиелеу негізінде оқушылардың кестелер, суреттер, оқулық дәптермен жұмыс істеу іскерліктері де артады. Осы бағдарламамен оқыту нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бақылау, бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттерінің артатыны байқалады. Сыни тұрғыдан ойлаудың стратегиялары өте көп. Ол іс-әрекеттер студенттерге:

- еркін ойлауға мүмкіндік береді;
- ақыл-ойын дамытады;
- шығармашылық белсенділігі артады;
- ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелейді;
- тіл байлығы жетіледі;
- жан-жақты ізденеді;
- өз ойын жеткізеді;

Бұндай нәтиже ізденудің индивиттік бағалауға бағытталатыны сөзсіз. Қазіргі замандағы нано-технологиялардың адам ойымен тіпті кей жерлерде ұшқырлығымен көзге түсуі сыни ойлаудың нәтижесі деп кесіп айтуға болады.

1. Халперн Д. *Психология критического мышления*. – СПб.:Изд-во «Питер», 2000. – 512 с.

2. Заир-Бек С.И. *Критическое мышление*. – М., 2002.

3. Клаустер Д. *Что такое критическое мышление?//Критическое мышление и новые виды грамотности*. – М.: ЦГЛ, 2005. – С.5-13.

4. Стил Дж., Мереди К., Темпл Ч., Уолтер С. *Популяризация критического мышления: пособие*. – М., 1997.

Резюме

Абеуова Ш.К. – старший преподаватель общеуниверситетской кафедры политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ имени Абая, shu.tan@mail.ru

Социально-культурные истоки и становление предмета «Критическое мышление»

В статье рассматриваются проблемы значения истории критического мышления, как парадигмального понятия в жизни общества, его когнитивное содержание, а также особенности критического мышления в качестве феномена личной жизни человека, формы познания мира и абстрактного мышления. В современном обществе проблема истории критического мышления и его место в системе мышления широко рассматривается. Однако, возникает обоснованный вопрос об истоках этого понятия. В статье это вопрос анализируется более подробно.

Ключевые слова: критическое мышление, образование, абстрактное мышление, рассудок, логика, мировоззрение, технология образования. білім беру технологиясы.

Summary

Abeuova Sh.K. – is the senior teacher of all-university department of political science and social and philosophical disciplines of KAZNPU of a name of Abay, shu.tan@mail.ru

Welfare sources and formation of the subject "Critical Thinking"

In article problems of value of history of critical thinking as paradigmaly concept of life of society, his cognitive contents, and also features of critical thinking as a phenomenon of private life of the person, a form of knowledge of the world and abstract thinking are considered. In modern society the problem of history of critical thinking and its place in system of thinking widely is considered. However, there is a reasonable question of sources of this concept. In article the question is analyzed in more detail.

Keywords: critical thinking, education, abstract thinking, mind, logic, outlook, technology of education. білім I take tekhnologiyasa.

ӘОЖ: 22/29 (574)

ДІНИ ҰЙЫМДАРДЫ ЖІКТЕУДЕГІ «ШІРКЕУ-СЕКТА» ҮЛГІСІ: МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Матжанова Қ.К. – Абай атындағы ҚазҰПУ

жалпыуниверситеттік саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистры karla.rnd@mail.ru

Мақала ХХ ғасырдың басында дінтану ғылымның ауқымында діни ұйымдарды жіктеудің «шіркеу-секта» үлгісін қалыптастырғандардың бірі Эрнст Трельчтің көзқарастарын зерттеуге арналған. Дінтану ғылымы жеке ғылым саласы болып қалыптасқан кезден бастап діндердің ұйымдық құрылымын зерттеу, оларды жіктеу, діни ұйымдардың типологиясын жасау маңызды мәселелердің бірі болды. Бұл бағыттағы алғашқы зерттеу жұмыстары М.Вебердің есімімен байланысты. Ол діни ұйымдардың «шіркеу-секта» үлгісін ұсынған болатын. М.Вебердің осы үлгісін протестанттық неміс теологы, тарихшы, философ, дін әлеуметтанушысы Эрнст Трельч жалғастырған. Э.Трельч өзінің еңбектерінде «шіркеу» мен «сектаға» анықтама бере отырып, олардың арасындағы басты айырмашылық мүшелік болып табылады деген тұжырым жасаған. Оның пікірінше, шіркеуге мүше болу мұралық негізде жүзеге асса, секта секілді ұйымға мүшелік ерікті түрде, діндарлардың саналы таңдауы арқылы жүреді.

Сонымен бірге, мақалада Эрнст Трельчтың мистика, жалпы дін ауқымындағы мистицизм мәселесі бойынша ойлары да қарастырылады.

Түйін сөздер: дін, христиан діні, діни ұйым, діни сенім, шіркеу, секта, типология, мистицизм.

Діннің адамзат қоғамында алатын орны ерекше әлеуметтік құбылыс екені сөзсіз. Діни сенімнің алғашқы түрлерінен бастап, қоғамдық құрылымның басқа бөлімдерімен қарым-қатынасқа түсу үшін діннің нақты бір әлеуметтік ұйымдар түрінде іс-әрекет етуі қажет болды. Діннің ұйым ретінде қалыптасуы әлеуметтік дифференциацияның жоғары деңгейін керек ететіні дәлелдеуді қажат етпейді. Ең бірінші діни ұйымдар «күпия қауымдар» ретінде әрекет етсе, қоғамның даму барысында діни негізде құрылған әлеуметтік топтар пайда болды. Сондықтан, ғасырлар екшеуінен өткен нақты діни ұйымдардың құрылымдық негізін анықтау, өзіндік ерекшеліктерін айқындау, ұстанымдары мен құндылықтарының айырмашылықтарын ашып көрсету арқылы сол діни ұйымдарды жіктеу, ортақ негізде топтастыру діндерді зерттеумен айналысатын көптеген ғалымдардың еңбектерінің басты мәселесі болып табылады.

Дінтану ғылымы мен дін әлеуметтануы тарихында М.Вебер мен Э.Трельчтың орыны ерекше. Олар ұсынған діни ұйымдарды топтастырудың «шіркеу-секта» деп аталатын үлгісі сол кездегі діндерге, әсіресе христиан дініне қатысты өте көлемді мәліметтерді зерделеу негізінде жасалған қорытынды тұжырым болып табылады. Осы діндерді жіктеудің «шіркеу-секта» үлгісі діндердің әлеуметтік құрылымы және қоғамда әрекет ету жолдарын теориялық тұрғыдан талдаудың нәтижесі. М.Вебер мен Э.Трельч діни ұйымдарды классификациялауда өз үлгілерін қалыптастырып, толықтырып қана қоймай, дінтану ғылымында жаңа бір саланың іргесін қалады. Олар ұсынған ғылыми тұжырымдар негізінде діни ұйымдарды топтастырудың жаңа бағыты айқындалды, дінтану теориясы дамыды.

Жалпы шіркеу мен секта ұғымдарының этимологиясын қарастыратын болсақ, қолданыстағы шіркеу ұғымының екі жағы бар деуге болады. Ол грек тілінде – *kyriake*, латын тілінде – *ecclesia* сөзбе-сөз құдай үйі немесе жаратушының ғибадатханасы дегенді білдіреді. Христиандық діни дәстүрде шіркеу ұғымы бір жағынан табынатын, сиынатын орынды білдіретін осы тар мағанада қолданылады. Екінші жағынан бұл ұғым белгілі бір тарихи жағдайда қалыптасқан діни қауымдар мен топтардың өзара қатынастары мен осы қауымдар мен топтардың сыртқы әлеммен байланысын реттейтін құрал түрінде пайда болған діни бірлестікті сипаттайды. Көбінесе бұл ұғым христиан дініндегі иерархиялық құрылымды білдіру үшін қолданылады. Ал секта ұғымына келетін болсақ, ол латын тілінде-адамдардың тұйық тобы, ілім, бағыт деген мағана береді. А.И.Артемовтің пікірінше: ««Діни секта» ұғымы қандай да бір жаңа діни бағыттың дамуындағы белгілі бір мезгілді немесе кезеңді бейнелейтін діни бірлестіктің түрі. Ол қашанда бір сенімдегілердің діни бірлестігіне біртіндеп ене отырып, іс жүзінде барлық діни бағыттардың ішінде оппозициялық ағым түрінде пайда болады» [1].

«Шіркеу мен сектаны» екі тәуелсіз түр ретінде қарастыру Макс Вебердың идеясы болып табылады. М.Вебер 1905 жылғы «Протестанттық этика және капитализм рухы» еңбегін нақты діни құрылымдарды зерттеу және олардың ұйымдық түрін анықтауға арнамаса да, алғаш рет «шіркеу» және «сектаны» екі түр деп қарастыру туралы ойын білдірген болатын. М.Веберды жақсы білетін протестанттық неміс теологы, тарихшы, философ, дін әлеуметтанушысы Эрнст Трельч оның теориясын ары қарай жалғастырды. 1912 жылы Э.Трельчтың «Христиан шіркеулері мен топтарының әлеуметтік ілімі» еңбегі жарық көрді. Бұл еңбегінде ол «шіркеу» мен «сектаның» түрлік айырмашылығы туралы жазды және оларға қатысты түрге бөлудің көптеген көрсеткіштерін ұсынды. Жалпы ол дінге қатысты, әсіресе христиан дініне қатысты салыстырмалы талдау жүргізген. Сол талдау нәтижесінде христиан діні жалғыз ақиқат дін емес, тек әлемдік діндердің бірі ғана деген тұжырымға келген. Сонымен қатар, Э.Трельч христиан дінін барлық діндердің шырқау шегі және болашақтың дінінің негізі деп те қарастырған.

Э.Трельчтың негізгі идеяларының басым бөлігі 1908-1910 жылдар аралығында «Әлеуметтік ғылымдар және әлеуметтік саясат архивында» жарияланған еді. Ал «Христиан шіркеулері мен топтарының әлеуметтік ілімі» еңбегінде кальвинизм, протестанттық секталар және мистицизм туралы тұжырымдары, қорытынды ойлары баяндалған болатын.

Христиан дініне қатысты секталар оның пайда болу кезінен бастап қатар жүріп отырды. Бірақ қазіргі заманға өту барысында ғана кең тараған және маңызды құбылысқа айналуға, - деп атап көрсете отырып, Э.Трельч «шіркеу» мен «секта» арасындағы басты ерекшелік оларға мүшелік болып табылады деді. Оның пікірінше: «Шіркеудің мәні объективті мекеме болуында. Адам туылғаннан нәрістеге қатысты орындалған Шоқындыру рәсімінің арқасында шіркеуге кіретін болады, өмірінің ақыраана дейін сиқырланған шеңбердің ауқымынан шықпайды» [2]. Ал сектаға келетін болсақ, Э.Трельч М.Вебер секілді ондай ұйымға мүше болудың еріктілігін, оған діндарлардың саналы түрде келетінін айтады. Э.Трельчтың ойынша сектаның басты ерекшелігі мынандай: «Объективті құрылымның институционалды ұстанымына қарама-қарсы секта ерікті қауым болып табылады. Оған саналы түрде өз ниетін білдіріп кіреді. Бұл жағдайда барлығы нақты жеке жауапкершілік пен бірге болуға келіп тіреледі; әркім бұл қауымға оның ерікті мүшесі ретінде қатысты; сектаның мүшелерінің арасындағы байланыс ортақ иелік арқылы емес, жеке өмірлік ұстаным арқылы жүзеге асады» [3].

Жалпы Э.Трельч шіркеу мен сектаны діни сенімнің әлеуметтік тұрғыдан әртүрлі жолдармен көрініс табуы деп түсінеді. Христиан дінінің басты тұжырымдарын және этикалық талаптарын түсіну, қабылдау, орындаудың әртүрлілігі христиан дініне қатысты түрлі ұйымдардың болуына әкеледі. Ол христиан дінінің басты, негізгі құрылымдық ілімдерінің әлеуметтік және этикалық салдарлары мен оның қоғамдық қарым-қатынастармен байланысын ашып көрсетуге тырысты. Шіркеу діни дәстүрді, евхаристік рақымдықты және юдикцияны сақтаушы ретінде рақымдықтың объективті қазына қоры секілді. Ол қорды әрдайым ашып отырып, әртүрлі діни рәсімдерде пайдаланып отыру керек. Ол рәсімдерге қатысу арқылы шіркеуге берілген ғажайып, құдіретті күш діндарларға әсер етеді. Шіркеу өзінің құдіретті күшінің немесе қасиетті күшінің арқасында әрқашан әлеммен қарым-қатынасқа түседі, ол әрдайым әлемдік өзгерістерге ашық, оларға ықпал етеді, өзі де сол өзгерістердің ықпалын сезінеді. Оның басты ерекшелігі-универсализм, әмбебаптық. Шіркеуге тән ерекше, құдіретті күштің болуына деген сенім оның барлық адамдарды өз ықпалына тартуына, осы шіркеудің іс-әрекеті арқылы құдыретті күштің адамдарға әсер етуі – шіркеудің барлық қоғамға өз үстемдігін орнатуға және қоғамның әр мүшесін әртүрлі жолдармен өз қарамағына тартуға мүмкіндік береді. Ал сектаға туылғаннан кірмейді. Ол діндар адамның саналы таңдауы. Христиан дініндегі нәрістені шоқындыру рәсімі христиан әдет-ғұрпында ең басынан бастап болған емес. Осы рәсім сектанттар тарапынан әрдайым қабылдамауды тудырды, қарсы шығуға негіз болды. Қайырымдылық пен рақымдық секта мүшелері үшін шіркеулік рәсімдер арқылы берілген ізгілік емес, оның өзіндік жеке жетістігі. Индивидуализм қауымды шайқалтпайды, керісінше оны нығайта түседі. Өйткені бүкіл қауымның жетістігі, оған кіретін жеке адамды ақтаушы, айқындаушы болып табылады. Шіркеу өзіне берілген құтқару рақымын рәсімдер арқылы жүзеге асыруына байланысты бүкіл халықты құтқарушы орынға айналуы мүмкін, сол арқылы христиан дінінің басты ұстанымдарын саяси-әлеуметтік құрылымға таратады және өз қажеттіліктерін өтейді. Оған қарама-қарсы қоғамдық құрылымның шет жақтарынан орын алған секта – аз көлемдегі топтар. Ол өз мүшелерінен діни ерекшелікті, толық берілгендікті талап етеді, діни сенімнің ерекшелігі арқылы өздерін қоғамға төзімділікпен, тағаттылықпен қарауы немесе қарсы қоюы, яғни қоғамды қабылдамауы мүмкін. Олар мемлекет пен қоғамды бақылауға немесе олардың құрамдас бөлігі болуға тырыспады, керісінше секталар олардан алшақ болуға немесе төзімділікпен қарауға тырысты, тіпті оларды өз қауымдастығымен ауыстыруға ұмтылды. «Екі түр де қоғамдағы нақты жағдаймен және қоғамның дамуымен тығыз байланыста болады. Бірақ толық дамыған шіркеулер

мемлекет және үстем таптарды пайдаланып, жалпы тәртіптің (құрылымның) құрамдас бөлігі болып, оны қолдап және одан қолдау мен қорғау тауып, сол арқылы оның өзі мен оның дамуына тәуелді болса, секталар керісінше, қоғамның төменгі сатысындағы топтармен немес мемлекет пен қоғамға қарсы шыққандармен байланысты еді, олар тіпті жоғарыдан төмен түсіп емес, төменде жұмыс істеді деуге болады» [4].

Э.Трельч ұсынған шіркеу мен секта жіктеуінің төрт жағы бар. Бірінші жағы бұл түрлердің ұйымдық құрылымына байланысты. Ол діни ұжымның негізгі құрылымдық сипаттарын анықтауға тырысты. Басты көңіл аударған мәселелер – ұйымның пайда болуы, құрылымы, доктринасы, ұстанатын ережелері, жүргізетін саясаты және ұйым ретіндегі ұмтылатын ұйымдық үлгісі (идеалы).

Шіркеу мен сектаны жіктеудің екінші жағы оларды абстракциялы концепциялар, яғни идеалды типтер деп қарастыруы. Бұл діни ұйымдардың сипаты діни кеңістіктің нақты жағдайында, объективті салыстырмалы талдау барысында толық, дәл сәйкес келмеуі мүмкін. «Біздің алдымызда екі әртүрлі әлеуметтік түр. Бұл...нақты тәжірибеде олар кездейсоқ бір-бірімен жиі кездесуі (соқтығысуы) мүмкін болатын айғаққа қарамастан, шындық. ...Бірақ «секта» қайсы бір шіркеудің құлдырауының көрсеткіші немесе осы секілді қорытынды тұжырымдар емес, христиандық ойдың дербес әлеуметтік түрі» [5].

Шіркеу мен сектаны жіктеу барысында олардың бір-біріне тәуелсіз құрылымдар екенін мойындай отырып, оларды бір құбылыстың екі қарама-қарсы жағы деп қарастырмау керек. Христиан дініне қатысты шіркеу де, сектада бір ілімнен бастау алады. Олардың екеуі де Ізгі хабардағы ұстанымдарды басшылыққа алады, Ізгі хабардағы ойлардың тікелей жалғасы болып табылады.

Осыған орай, христиан дінінің ертедегі шіркеуі діни құрылымның шіркеулік және секталық түрлерінің ортасында тұрса да, христиан ілімінің даму барысында түр болып қалыптасса да, бұл екі түрдің біреуі де екіншісінен дамыған жоқ. Олардың екеуі де ертехристиандық шіркеу мен Ізгі хабардан бастау алады. Э.Трельч «секта» шіркеудің өнімі емес және уақыт өте шіркеуге айналмайды деп атап көрсетеді. Сонымен Э.Трельчтың ойынша «шіркеу» мен «секта» христиан дінінде екеуіне де ортақ ұстанымдар мен қағидалар бар, зерттеу тұрғысынан алғанда бір-біріне тәуелсіз, бірақ нақты діни кеңістікте бір-бірімен байланысты идеалдық түрлер болып табылады.

Э.Трельчтың христиан дінін зерттеу барысында ерекше көңіл аударған мәселесі – мистицизм мәселесі. Жалпы мистика ұғымы көбінесе мазмұны бұлыңғыр, түп мәніне тез арада оңай жете алмайтын, нақты негізі белгісіздікпен бейнеленген құбылыстарды сипаттауға қолданылады. Көпшілік бұқаралық ойлау жүйесінде мистицизм қатарына телепатия, спиритуализм, медиум, магия, акультизм, парапсихология тағы басқа адам санасының толық зерттелмеген бөліктерімен тығыз байланысты әртүрлі құбылыстарды жатқызады. Мистика – гректің «көзді жұмып, тек құлақпен қабылдау» деген мағанада қолданылатын етістігінен тараған ұғым. Мистика адмдардың жаратылыстан тыс, басқаша күшпен тікелей байланысына деген сенімін және осы сенімді арнайы іс-әрекет арқылы жүзеге асыруын бідіреді. Мистицизм адамның жаратушымен байланысын пайымдау, мистикалық іс-әрекетті жүйелеу туралы ілім, яғни мистицизм объектісіне, мақсатына, әдіс-тәсілдеріне сәйкестендірілген ілімдер жиынтығы. Мистикалық іс-әрекет немесе тәжірибе мистицизмның маңызды негізі, айрықша білімнің көзі. Діннің негізгі идеясы, түп қазығы жаратылыстан тыс күдіретті күшке деген сенім екені белгілі. Ол күдіретті күш нақтылы, шындық деп қарастырады. Міне, осы шындыққа бастайтын жолдардың бірі-мистицизм. В.И. Гарраджаның пікірінше, Э.Трельч мистицизмды шіркеу мен секта секілді діни құрылымның тағы бір ұйымдық түрі деп қарастырады [6]. Э.Трельчтың ойынша мистицизм – бірікпеген индивидуализм. Ол бірінші болып мистицизмнің әлеуметтік жағына мән берген. Жалпы алғанда, мистицизм діни құбылыс ретінде нақты бір ұйымға бағытталмаған, оған діни ұйым және шіркеу ұғымдары жат. Бірақ христиан дінінде өз діни ілімдерінің негізінде әлде бір тәуелсіз ұйымдарды құрайды. Ол «рухани ілімнің» ішінде бауырластықтар тәрізді шағын топтар немесе рухани басшылары немесе көсемдері басқаратын топтар құрылады. Бұл топтардың мақсаттары тек өздеріне байланысты. Олар тәлім алуға бағытталған шағын топ болып табылады. Бұл топтарда тұрақтылық жоқ: олар оңай құрылады және нақты жағдайға байланысты оңай және табиғи түрде өзгеріске ұшырайды. Мистицизм, ең алдымен, нақты догмалар мен құлшылық ету түрлеріне оппозиция түрінде пайда болады. Олар үшін қалыптасқан құлшылық түрі көпшіліктің діни сенімі болып табылады. Сондықтан да, олар өз сенімін адам жанын мистиктің ішкі дүниесіне сай Құдай патшалығына дейін көтеру деп түсінеді.

Э.Трельч мистицизмді діни құрылымның жеке бір түрі деп қарастырып қоймай, екі түрлі мистцизмды сипаттайды: діни дәстүр ауқымында пайда болып, дәстүрден тыс кетпейтін мистицизм және діни дәстүрден қол үзген, өзін дербес діни ұстаным деп танытын мистицизм. Бірінші түрдегі мистицизм шіркеудің ішінде қалады, оны басқа ұйыммен айырбастауға тырыспайды. Мистицизмның екінші түрі діни бірігудің барлық түрін де керек қылмайды. Олар үшін ең маңыздысы мистиктің өзіндік ішкі рухани тәжірибесі. Сол ішкі тәжірибе оның діни ілімінің негізі болады.

Сонымен, Э.Трельч өз еңбегінде әлеуметтік және экономикалық жағдайларды талдай отырып, христиан дініндегі шіркеулер, секталар, топтардың пайда болуы мен даму ерекшеліктерін анықтады. Діни құрылымдарды зерттеу барысында оларды жіктеудің шіркеу – секта деген түрін ұсынды. Э.Трельчтың діни құрылымдарды жіктеу үлгісі діндердің ұйымдық құрылымын зерттеуге байланысты кейінгі кездерде жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз болды.

1. *Артемов А.И. Динтану: жалпы динтану негіздері, діндер тарихы, Қазақстандағы діндер.* – Алматы, 2008. – 49 б.
2. *Трельч Э. Црековь и секта // Религия и общество. Христоматия по социологии религии.* – М., 1996. – С.229.
3. *Сонда: С. 234.*
4. *Сонда: С.222*
5. *Сонда: С.233*
6. *Гараджа В.И. Религиоведение.* – М., 1994. – С.154.

Резюме

Матжанова К.К. – преподаватель общеуниверситетской кафедры политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ имени Абая, магистр гуманитарных наук karla.rnd@mail.ru

Модель «церковь-секта» в классификации религиозных организаций: история и рассмотрение вопроса

В статье рассматриваются взгляды одного из основоположников типологии религиозных объединений «церковь-секта» Эрнста Трельча, которая была сделана в начале XX века в рамках религиоведческой науки. С первых дней становления религиоведения как отдельной отрасли науки проблема исследования организационной структуры религии, их классификация, создание типологии религиозных объединений была одной из важных, актуальных. Первые работы в этом направлении связаны с именем Макса Вебера. Он предложил типологию религиозных объединений «церковь-секта». Типологию М. Вебера развил протестантский немецкий теолог, историк, философ, а также представитель социологии религии Эрнст Трельч. В своих работах по своему подчеркивая рамки определения «церкви» и «секты», Э.Трельч выявил, что основное различие между ними заключается в членстве. По его мнению членство в рамках церкви осуществляется на наследственной основе, а членство в секту происходит добровольно, на основе осознанного выбора.

Вместе с тем, в статье уделено внимание взглядам Эрнста Трельча о мистике, о религиозном мистицизме в целом.

Ключевые слова: религия, христианская религия, религиозное объединение, религиозная вера, церковь, секта, типология, мистицизм.

Summary

Matzhanova K.K. – teacher of political science and university socio-philosophical disciplines in KazNPU named after Abai, Master of the Humanities. karla.rnd@mail.ru

Model "church-sect" in the classification of religious organizations: history and consideration

In article views of one of founders of typology religious association Ernst Tryolcha's "church sect" which was made at the beginning of the XX century within theological science are considered. From the first days of formation of religious studies as separate branch of science the problem of research of organizational structure of religion, their classification, creation of typology religious association was one of important, actual. The first works in this direction are connected with Max Weber's name. He offered typology religious association "church sect". M. Weber's typology was developed by the Protestant German theologian, the historian, the philosopher, and also the representative of sociology of religion Ernst Tryolch. In the works on the emphasizing a framework of definition of "church" and "sect", Э.Трельч revealed that the main distinction between them consists in membership. In his opinion членство within church it is carried out on a hereditary basis, and membership in sect happens voluntary, on the basis of a conscious choice.

At the same time, in article the attention to Ernst Tryolcha's views about mysticism, about religious mysticism as a whole is paid.

Keywords: religion, Christian religion, religious association, religious belief, church, sect, typology, mysticism.

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ОРТАҚ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРІ СОВМЕСТНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА И ЗАРУБЕЖЬЯ

УДК 323(574)

ДВЕ ФОРМЫ ЧУВСТВЕННОСТИ ЧЕЛОВЕКА И ИДЕАЛЬНОЕ В КУЛЬТУРЕ И ИСКУССТВЕ

Памяти Эдвальда Васильевича Ильенкова посвящается

Иоганн Рау – доктор филос.наук, профессор

научного форума по Международной Безопасности ведущих кадров Бундесвера, Германия

Халидуллин Гизатулла – д.и.н, проф, кафедры политологии и социально-философских дисциплин
КазНПУ им. Абая, Казахстан

В статье рассматривается творческая - научная деятельность крупнейшего исследователя «культуры» и «искусство», который уделял большое внимание обществу и структуре жизнедеятельности человека, которые соединяют формы чувственности: телесную и культурную. В то же время Эдвальд Ильенков не отрицал ни индивидуально – личностной сущности человека, ни индивидуального идеала, он большее акцента уделял социальному идеалу. Художественное творчество в немалой степени обеспечивается культурой, ясностью мышления и самопонимания творца. Не забудем, что именно в мышлении прежде всего любой человек является представителем всего человечества и что мышление присутствует, хотя и в разной степени, в любой форме человеческой деятельности.

Ключевые слова: культура, искусство, личность, идеал, индивидуальность, причинность, цивилизация, чувственность, опредмеченность.

Мир человека – это надстроенный над миром природы мир культуры и межсубъектных связей, отношений. Культура есть созданный, воссоздаваемый, развиваемый и совершенствуемый людьми в их взаимных отношениях мир, радикально отличающийся от мира природы [1]. Актуально не существует культуры вообще. Культуры реально существует лишь в конкретно – исторической, расово, этнически, национально, религиозно и идеологически окрашенной форме. Опирается культура и на реальный уровень знаний, в Новое время – научных в особенности, и на технику – технологические достижения, ставшие обыденными.

Темы «культура» и «искусство» тесно связаны у Ильенкова Э.И. между собой равно как и обе эти темы неотделимы у него от проблематики «личность», «воспитание» и «творчество» [2]. Неотделимы они и от проблематики культура «внешняя», т.е. окружающая человека культурная действительность и культура «внутренняя», т.е. внутренний интеллектуальный, духовный, религиозный, моральный универсум личности. Если внешняя культурная действительность в малой степени зависит от отдельной личности, то внутренняя – в решающей. Эта диалектика «внешней и внутренней» культур занимает у Ильенкова Э.И. ту меру внимания, в которой он не отрицает автономности и ответственности личности за собственный жизненный путь.

Известно, что, согласно Ильенкова Э.И., идеальное существует и в образной форме. Иначе, такова аргументация, искусство не имело бы никакого идеального значения, не несло бы в себе никакого идеала. Идеально в чувственном образе то, что отрицает абстрактную единичность. В произведениях искусства «существует идеальное» (Ильенков). Оно существует как опредмеченная в произведении «субъективная» целесообразная формообразующая деятельность человека [3]. Через палитру образов произведений искусства человек «прочитывает» о себе, об окружающем мире многие знания, истины, которые не может

дать ни наука, ни всё рациональное мышление. В этом отношении человеку важно смотреть на произведение не только глазами как органами человеческого тела, но и «глазами» духовными, культурными «глазами» духовно – культурной развитости человека. Хорошо ведь известно, что чем больше человек знает и чем более велик его жизненный опыт, тем больше он, при прочих равных условиях, «видит», тем более богата его чувственность. [4] С тем, чтобы видеть больше, чем даёт зрительная картинка и произведение искусства как явление физического мира, надо его рассматривать не просто как предмет этого физического, природного мира. Он должен восприниматься как явление мира культуры.

Культурно обусловлена и идеальна «причинность», принципиально отличающаяся от причинности физической, природно – объективной. При идеальной «причинности» другой человек воздействует на меня не только и не столько физически, сколько культурно – духовно. Чувства симпатии, любви, ненависти, добропорядочности, человеческой «надёжности», дружбы и многие другие не имеют телесно – физиического органа. «Орган» этих чувств культура и духовность человека. И именно поэтому эти «чувства» бесконечно разнообразнее чувств, даруемых естественными телесными органами чувств человека.

Человеческое сознание опирается именно на эти культурно – духовные чувства, а не непосредственно на чувства, которые нам дают естественные телесные органы чувств. Именно эти очеловеченные чувства позволяют, в первую очередь, осознать себя человеком среди других людей и личностью. В свете такого понимания человеческая чувственность вовсе не игнорируется Эвальдом Ильенковым, которого несправедливо обвиняют в «чистом интеллектуализме». Личность начинается там, где чисто природное существо становится культурно – духовным. В этом становлении новая, не чисто животная – телесная, чувственность играет не меньшую роль, чем появление самосознания и воли у индивидуальности.[5] Последняя является предтечей личности и переходит в личность по мере становления человека самостоятельным. Личность как самостояние характеризуется способностью противостоять не только своей животной чувственности, но и давлению определённых элементов культуры, способность выбирать из этих элементов «свои».

Есть абстракция по отношению ко всему человека, ни коим образом, не свядящегося к своей телесности. Добавить следует, что и животная чувственность человека есть абстракция по отношению к его «культурной» чувственности: вторая много богаче, разнообразней чем первая.[6]

Культурный человек не сводит действительность другого человека к его внешности и «внешности» окружающих его жилья и предметов, равно как он и не сводит произведение искусства к его внешней, физической картинке. Но было бы неверно утверждать, что культурному человеку позволительно игнорировать эти «внешности»: они есть формы проявления культурного «нутра». Культурный человек опирается, сознательно или бессознательно, на обе формы чувственности: телесную и культурную. Способностью «судить и по внешности» обладает каждый интеллектуально и эмоционально развитый человек. А если не обладает, вряд ли он может заниматься педагогической, политической или любой другой общественной деятельностью. [7]

Авторов настоящего выступления смущает некоторое уравнивание качественно весьма разнообразных феноменов культуры у Эвальда Ильенкова. В статье «В диалектика идеального» он косвенно приравнивает проявления культуры «в языке и зрительно – воспринимаемых образах, в книгах и статуях, в дереве и бронзе, в формах храмов и орудий труда, в конструкциях машин и государственных учреждений, в схемах научных и нравственных систем и др.» [8] Мы то исходим из необходимости различения культурных и цивилизационных сторон общества и из того, что эти стороны возникают и развиваются по существенно иным законам. Да и воспринимаются человеком по – разному. Законы протекания литературного процесса иные, чем законы развития техники; восприятие романа культурным человеком иное, чем восприятие технического устройства. При последнем можно и никаких особых человеческих чувств, кроме любопытства, и не изведать.

Уместным мы считаем упомянуть и о том, что в повседневной жизни большинство людей различает человека просто цивилизованного, вежливого от человека культурного, которому вежливость тоже не чужда. Однако для последнего вежливость – не просто внешняя форма, под которой может скрываться любое содержание. Для культурного человека форма самого содержания положительных отношений между людьми, т.е. содержательная, существенная, разумная форма. [9] Для развития культурной формы чувственности каждому человеку должна быть предоставлена возможность приобщения к культуре (национальной и общечеловеческой). Каждый человек, независимо от его материального положения, должен иметь возможность познакомиться с высшими достижениями отечественной и общечеловеческой культуры.[10] Другое дело, использует ли человек эту возможность подлинно гуманное общество обязано: иначе человек остаётся лишь «частичным» человеком, т.е. человеком, культурная форма чувственности которого весьма ограничена или даже находится на грани отсутствия. Через приобщение к культуре, полагал Ильенков, человек становится активным членом общества, не может не быть

активным, начинает жить полноценной жизнью общества. [11]

Как уже отмечалось, и это надо неустанно подчёркивать, существует культурная форма чувственности человека, которая не прирождена ему. Знаки и символы культуры воспринимаются принципиально иначе, чем природные явления. Следовательно, надо человека учить воспринимать явления культуры: естественных рецепторов для этого недостаточно. А центр восприятия культурных знаков и символов культуры – это язык. Отсюда значимость возможно более раннего освоения и родного и иных языков. Это обучение начинается в любой нормальной семье, но не должно там и заканчиваться.

Под социальным идеалом Ильенков понимал такое общество и такую структуру жизнедеятельности человека в нём, которые соединяют указанные выше формы чувственности: телесную и культурную. В то же время Эвальд Ильенков не отрицал ни индивидуально – личностной сущности человека, ни индивидуального идеала, хотя он большее время он уделял социальному идеалу. На то были, главным образом, две причины: а) условия времени; б) проблема индивидуального идеала была в мировой философии более разработана. Индивидуальный идеал неотделим от свободы человека и его ... красоты. Подлинная красота, настаивал Эвальд Васильевич, «... не может не совпадать по самой сути дела с подлинным же добром и подлинной же истиной...» Красота отличается от красоты именно неразрывными узами с истиной и добром [12]. Эвальд Ильенков не уставал подчёркивать, что главное «тело» требует главных воспитательных усилий по отношению к молодому поколению, требует комплексного и одновременного возникновения в подрастающей личности и познавательных, и эстетических, и моральных, и нравственных способностей и культурных форм чувственности. О их наличии у человека свидетельствует любовь к знаниям, к общению с другими людьми, к деятельности. Счастлив молодой человек, встретивший педагога, ориентирующегося на эти цели воспитания [13]. Почему же комплексного и одновременного? Да потому, например, что эстетическое отношение к действительности включает в себя не только чувственный компонент (переживания, эмоциональность, богатство чувств и др.), но и рациональный элемент (эстетически развитый интеллект, совокупность взглядов, убеждений, идеалов т.е. мировоззрение и, стало быть, осмысленность созерцания схватывать факт (предмет) в его всеобщем значении ещё до его детального изучения. Эта способность важна не только для художника, всех представителей искусства, но и для учёного, для всех, кому не чужда интеллектуальная деятельность [14].

Художественное творчество в немалой степени обеспечивается культурой, ясностью мышления и самопонимания творца. Не забудем, что именно в мышлении прежде всего любой человек является представителем всего человечества и что мышление присутствует, хотя и в разной степени, в любой форме человеческой деятельности. К «универсальным» способностям личности Эвальда Ильенков относил не только мышление (диалектическое или идеологическое, диалектическое или бессознательно – диалектическое – это другой вопрос) с его продуктивным воображением, но и «художественную фантазию», «эстетическое созерцание». И Ильенков утверждает категорически, что человек, не обладающий эстетическими способностями, ... не может ни жить, ни действовать, ни мыслить по человечески ни в науке, ни в политике, ни в сфере нравственно – личностных отношений с другими большую роль играет знакомство с искусством и, ещё более, занятие, пусть и любительское, им. через искусство развивается универсальная «чувственность» человека, осуществляется «воспитание чувств» культурного человека, идёт «окультуривание» человека. Это важнейшая общественная функция искусства, недооцениваемая большинством современных политиков. Развлекательная функция искусства выдвигается подобными политиками для простого народа на первый план.

Не сдержимся и в докладе, посвящённого Ильенкову, выскажем, продолжая критическую традицию самого Эвальда Васильевича, несколько сомнений и относительно отдельных его положений. Он полагал, что в мышлении человек обретает все свои человеческие качества и достоинства [16]. Это, наш взгляд, верно. Но ведь не только в мышлении. Достоинство человека обретается и бескорыстной любви, и в чистой совести, и в непоколебимой вере, и в способности оставаться надёжным другом, и в деятельности, и неустанном самосовершенствовании и т.д. Полагать, что все эти качества и достоинства прежде диалектически осмысливаются, анализируются человеком, а потом уже появляются, по крайней мере неосторожно. Истинное творчество, полагал Ильенков, возможно только там, где имеется органическое соединение индивидуальности, воображения со всеобщей нормой. При этом соединении новая всеобщая форма рождается сначала как индивидуальное отклонение. При действительном творчестве: «...индивидуальная игра воображения прямо и непосредственно рождает всеобщий продукт, сразу находящий отклик у каждого [17]. Прямо не верится, что это Эвальд Васильевич писал. Ведь давно известно, что творчество тайна великая есть. Тайну эту и сами творцы не в состоянии раскрыть: иначе бы они и других научили творить. И появилось бы множество Рафаэлей или, к примеру Пушкиных. То же можно сказать и относительно всеобщего продукта «сразу находящего отклик у каждого». Большинство творений с огромным трудом и длительное время пробиваются к этому «каждому», а сами творцы чаще

всего бедствуют из – за своих творений и широкое понимание и признание находят их нередко после их смерти. Эвальд Васильевич пример этому.

1 Хамидов А.А. Категории и культура. – Алма-Ата: «Гылым», 1992. – С.37-39.

2 Мы оставляем в стороне проблему «наука и творчество». Тезис о том, что наука не творит, а лишь открывает то, что уже наличествует, а техника и технология лишь подражают тому что есть, требует специального рассмотрения.

3 Ильенков Э.В. Философия и культура. – Москва, 1991. – С.269.

4 Педант поправит нас: не видит, а «замечает», т.к. зрительная картинка у всех, при равных условиях, одинаково, но одни замечают нечто в этой картинке, чего другие не замечают, хотя и видят.

5 В отличие от биологической индивидуальности, биологической неповторимости каждого организма, мы рассматриваем индивидуальность как социальную, культурно – духовную неповторимость человеческого существа. Личность же характеризует самостояние, степень самостояния человека.

6 Ильенков Э.В. К понятию «тело человека» и «Человеческое тело». – В.: Эвальд Васильевич Ильенков. – Москва, 2008. – С. 396

7 Ильенков Э.В. О Специфике искусства. Об эстетической природе фантазии. Проблема идеала в философии. Ильенков Э.В. Диалектика идеального. – В.: Логос, 2009. –№1. – С.347.

8. Ильенков Э.В. Диалектика идеального. – В.: Логос. Философско – литературный журнал. 2009. Т1.– С.34.

9 См. также: Башиляр Г. Новый рационализм. – Москва: Прогресс, 1987. – С.311

10 Ильенков Э.В. об эстетической природе фантазии. Панорама. – Москва, 1967. – С.28

11 В современном обществе большинство людей буквально «обкрадены» в своём доступе ко многим высшим формам и достижениям культуры: цены на хорошие книги, на театральные, оперные и балетные постановки, на балет, на выступление симфонического оркестра, на бесплатное и факультативное получение начатков художественного образования и.т.д.

12 Ильенков Э.В. Искусство и коммунистический идеал. В.: Избранные статьи по философии и эстетике. – Москва, 1984. – С. 339

13 Ильенков Э.В. Философия и культура. – Москва: Издательство Московского психолого-социального института, 2010.

14 Ильенков Э.В. О «специфике» искусства. В: Искусство и коммунистический идеал: Избранные статьи по философии и эстетике. – Москва: Искусство, 1984. – С. 220

15 Ильенков Э.В. Об эстетической природе фантазии. В: Искусство и коммунистический идеал: Избранные статьи по философии и эстетике. – Москва: Искусство. – С.241-242.

16 Ильенков Э.В. Принципы материалистической диалектики как теории познания. – Москва, 1984. – С.10.

17 Ильенков Э.В. Об эстетической природе фантазии. В: Вопросы эстетики. – Москва, 1964. Вып. 6. – С. 68.

Түйін

Йоганн Пау – философ., ғыл. док., профессор, Германия,

Халидуллин Гизатулла – т.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақстан. kizatulla@mail.ru

Адамның екі формалық сезімділігі және мәдениет пен өнердегі кемелділік

Мақалада Э.В. Ильенковтың турашылдықпен сезімталдық туралы адамдардың екі формадағы сезімдерін баяндайды. Оның мәдениетпен өнердегі кемелділік пікірлері. Адамның сана сезімінің пәктігіне шыңшылдық теориясымен байланыстығын дәлелдейді. Әлеуметтік идеяларды Э.В. Ильенков қоғамдық өмірдегі адамдардың құрылымын, сезімдік формаларын, оның мәдениетілігін жан жақта талқылайды және өзіндік тұрғыдан әлемдік философиялық көзқарастармен байытылған нақты шешімдерін ұсынады. Әлемдегі мәдениет атаулының құбылыстарын өзінше бағалап дүниедегі орнын көрсетіп береді.

Тірек сөздер: сезімділік, мәдениет, философиялық заңдылық, қоғам, құбылыстар, өнер, шыншылдық, дүниетану, сана-сезім, ақиқат, кемелділік.

Summary

Johannes Pau – doctor of philosophical sciences, professor of scientific forum on international safety of leading shots. Budesphera. Germany.

Gizatulla Khalidullin – the doctor of the history sciences, professor departments of political science and socially-philosophical disciplines Kaz. National pedagogical university named after Abai. e-mail:kizatulla@mail.ru

Two forms of sensuality of man. Ideal in a culture and art.

According to some theories, emotions are universal phenomena, albeit affected by culture. While some emotions are

universal and are experienced in similar ways as a reaction to similar events across all cultures, other emotions show considerable cultural differences in their antecedent events, the way there are experienced, the reactions they provoke and the way they are perceived by the surrounding society. According to other theories, termed social constructionist, emotions are more deeply culturally influenced. The components of emotions are universal, but the patterns are social constructions.

Keywords: culture, Ideal, sensuality, man, art, personality, individuality, causality, thinking

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

УДК 327.56

ЭТНОСАРАЛЫҚ КОНФЛИКТІЛЕРДІҢ ЫҚТИМАЛДЫҒЫН АНЫҚТАУ ИНДИКАТОРЛАРЫ

Бақытжанов Қ.Б. – Абай атындағы ҚазҰПУ
саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасының 2 курс магистранты,
kuanysh.bakytzhanov@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: **Абсаттаров Ғ.Р.** – с.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ
Көптілді білім беру институты директорының орынбасары, аға оқытушы. abusattar@mail.ru

Конфликтінің өте құбылмалы, тез өзгермелі динамикалық процесс екенін ескеретін болсақ, оның өзгеру ықтималдығын болжаудың маңызы өте зор. Сарапшылар кикілжіңге қатысты тараптар мен оларды өзара дүрдараздыққа итермелеген себептерді анықтаған соң жағдайды конфликт динамикасы тұрғысынан зерттеуге көп көңіл бөледі. Бұл процесс кезінде конфликтінің одан әрі ушығуына не бәсеңдеуіне, не тіпті тоқтауына түрткі болатын ұзақ мерзімді факторлар мен оны жандандыратын ерекше жағдаяттарға талдау жасалады. Бұл факторлардың уақтылы әрі тиянақты анықталуы конфликтінің қарқынын бәсеңдетуге мүмкіндік беретін әдістерді дұрыс таңдауға жәрдемдеседі. Мақалада этносаралық конфликтілердің ықтималдығын анықтау мақсатында қолданылатын негізгі индикаторларға сараптама жүргізіледі.

Түйін сөздер: этнос, конфликт, ықтималдылық, индикатор, фактор, динамика.

Барлық конфликтілердің түбінде әлеуметтік, саяси және экономикалық себептер жатады. Өткен ғасырдың 70-жылдары ғалымдар адам қажеттіліктерінің иерархиясында ең бірінші орынға «негізгі табиғи қажеттіліктерді», яғни экономикалық мәселелерді қойды. Сөйтіп, елдің экономикалық көрсеткіштерін жақсарту конфликтінің алдын алудағы басты әдіс ретінде танылды. Кейінгі жылдары нәсілдік, этностық, мәдени не діни бірегейлік факторлары мемлекет әлсіреген тұста немесе экономика дағдарысқа ұшыраған кезде мейлінше саясиланып, кикілжіңге алып келуі мүмкін деген теориялар орныға бастады. Соңғы жылдары бұл тізімге қоршаған орта факторы қосылды. Бұл теорияға сәйкес түрлі халықтар немесе мемлекеттер барған сайын азайып бара жатқан табиғи ресурстарға ие болып қалу үшін өзара күреседі. Дегенмен, бұл теорияның өзі «негізгі табиғи қажеттіліктердің» басты құралы – экономика мәселесіне барып тіреледі.

Конфликтіге түрткі болатын себептерді шартты түрде үш бөлікке бөліп қарастыруға болады:

1. *Ашу-ыза.* Дискриминациядан не теңсіздіктен жәбір көрген дара топтар (этностық, діни, әлеуметтік, және т.б.) оңай бірігеді. Саяси, әлеуметтік және экономикалық себептердің тоғысуынан және белгілі бір топтардың әділдікке қол жеткізе алмауынан кикілжің туындайды. Халықтың ашуын туғызуға адам құқықтарының бұзылуы, күштік құрылымдардың шектен тыс әрекеттері, жемқорлық және қызмет түрлерінің лайықты деңгейде көрсетілмеуі себепкер болады. Экстремистік топтар халықтың осындай өкпелерінің өз мақсаттарына пайдалануға тырысады. Жүйелі түрде дискриминацияға жол беретін мемлекеттерде тұрақсыздық ықтималдығы жоғары болады.

2. *Мүмкіндіктер.* Жұмыссыздық деңгейінің жоғарылығы, кедейліктің кең тарауы кикілжіңнің тұтануына қолайлы жағдай жасайды. Себебі, бұл адамдар кикілжіңге килігу арқылы ештеңе жоғалтпайтынын біледі. Соғыс экономикасы қылмыстық топтарға үлкен мүмкіндік береді, олар ресурстарға заңсыз жолмен иелік ету және заңсыз саудамен айналысу арқылы пайдаға кенелуге мүдделі. Саяси басшылық та конфликт ресурстары мен заңсыз тауарларды саудалау арқылы байып қалуға тырысады.

3. *Жүзеге асу мүмкіндігі.* Мемлекет бас көтерген қарулы топтарды тыюға қауқарсыз, қауіпсіздік күштері әлсіз болса, мемлекет елдің бүкіл аумағында заңды билік жүргізе алмаса, онда конфликт тұтану мүмкіндігі артады.

Қаруға қол жеткізудің оңайлығы, сол аймақта жүріп жатқан қақтығыстар да бүлікшілердің бас көтеруіне жағдай жасайды. Бағалы табиғи ресурстардың қолжетімділігі, қаржылық және басқа да көмек алу мүмкіндігі конфликтінің ықтималдығын бұдан да қатты арттырады. Ғалымдар арасында аталған факторлардың қайсысы конфликтіге басты себепкер деген мәселе төңірегінде пікірталас бар. Ф.Стюарт горизонтальды теңсіздіктің кесірінен болатын ашу-ызаны басты фактор санаса, П.Кольер мүмкіндіктерді, ал Дж.Фирон жүзеге асыру мүмкіндігін алдыңғы орынға қояды. Бір ескеретін нәрсе – белгілі бір конфликтінің тұтануына түрткі болған себептер әр кезең сайын өзгеріп отыруы мүмкін. Кікілжің үдеген сайын жаңа себептер пайда болып, бастапқыда дұрдараздыққа түрткі болған себептер кері ысырылып, тіпті ұмытылып кетуі ықтимал. Әсіресе қарулы қақтығысқа дейін ушыққан жанжалдарда оған жаңа тараптар қосылып, әр кезең сайын жаңа себептер пайда бола береді [2].

Дегенмен, «жаңа себеп» деп отырғандар – шын мәнінде ескерілмей келген және тасада тұрған көп факторлардың бірі. Белгілі бір себеппен жағдай ушыққан тұста сол ескерілмей келген факторлар жарыққа шығып, ахуалдың одан сайын нашарлауына әсер етеді. Сондықтан, кез келген конфликтінің түпкі себептері өзгермелі әрі күрмеулі болып келеді. Мұндай конфликтілерге қарсы әрекет ету жүйелі әрі жан-жақты болжам жасауды талап етеді.

Осыған байланысты америкалық ғалымдар тобы Конфликт ықтималдығын бағалау жүйесін ұсынады. Бұл жүйе кикілжіңнің қарсаңында жүзеге асырылатын әрекеттердің жинақталған, жан-жақты технологиясы саналады:

А құралы: Халық арасындағы топтарды және бар конфликтілерді айқындау

Бұл құрал түрлі топтарды географиялық орналасу орнына және бірегейлігіне қарай жіктеу мақсатында пайдаланылады. Негізгі топтар географиялық орналасуына, этносына, саяси ұйымдарға қатыстылығына, белгілі бір қауымдарға мүшелігіне қарай бөлінеді. Бұл конфликтіге араласуы мүмкін деген топтарды айқындауға мүмкіндік береді. Соңында конфликтілер картасы әзірленеді.

Практик ғалымдар қатысушы тараптарды жіктегенде мына сұрақтарға жауап табуы ұсынады:

1) *Мүдделері*. Олардың конфликтімен байланысты қандай мүдделері бар? Бұл мүдделер конфликтіге қандай ықпалын тигізіп отыр?

2) *Басқалармен қарым-қатынасы*. Тараптардың өзара қарым-қатынасы қандай? Олар конфликтіге қандай әсерін тигізіп отыр?

3) *Шама-шарқы*. Конфликтіге кері және оң әсер ететіндей қандай күш-қуаты, мүмкіндіктері бар?

4) *Ынталандырушы факторлар*. Олар бейбітшілікті таңдауы үшін қандай ынталандыру әрекетін жасауға болады? Немесе олардың соғысты таңдауына қандай ынталандырушы фактор әсер етіп отыр?

5) *Бейбітшілікке қатысты көзқарасы*. Бейбітшілік орнатуға қатысты жоспары бар ма? Олар қандай бейбітшілікті қалайды? [3].

В құралы: Құрылымдық қауіп факторлары

Конфликт теориясында елдің орналасу аймағынан бастап, халықтың этностық және нәсілдік құрамы, мемлекеттің және үкіметтің құрылымы, экономика жағдайы, соның ішінде «ресурстардың бөлінуі және табыстардың таратылуы сияқты түрлі факторлар текетірес пен дағдарыстың түп негізі болып табылады». Осы әлеуметтік, экономикалық көрсеткіштерге қарап белгілі бір елдегі кикілжіңнің ықтималдығын көп уақыт бұрын болжауға болады. Сондықтан, халықаралық ұйымдар этносаралық қақтығыстардың ықтималдығын болжағанда дәл осы құрылымдық факторларға көп мән береді.

Құрылымдық индикаторларды талдамас бұрын *контекстілік сараптама* жасау ұсынылады. Онда түрлі дереккөздерден елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық көрсеткіштері жиналып, тиісті сараптамадан өткізіледі. Деректерді халықаралық ұйымдардың ресми есептерінен, мемлекеттік санақ нәтижелерінен, мемлекеттік статистика мекемесінің қорытындыларынан, үкіметтік емес ұйымдардың, ақпарат құралдарының сараптамаларынан алуға болады [4].

Осы жиналған ақпарат негізінде *текетіретің қайнар көздері* айқындалады. Мұнда қауіпсіздік, саяси, экономикалық және әлеуметтік саладағы қайнар көздердің халықаралық, аймақтық, мемлекеттік және жергілікті деңгейдегі ықпалы талданады. Содан кейінгі кезекте текетіретің қайнар көздерінің өзара байланысы әр сала және деңгей бойынша анықталады.

С құралы: Әлеуметтік бөлшектену

Бұл құрал түрлі топтар арасындағы және топтар мен мемлекет арасындағы дұрдараздықтың деңгейі мен себебін анықтауға бағытталған. Мұнда екі түрлі құбылыс байқалуы мүмкін: 1) Топтар арасындағы ұлттық, этностық, діни, тілдік ерекшеліктерге байланысты бәсекеден туындаған текетірес. Саяси элита мұнда екі тараптың бірін қолдауы мүмкін немесе тараптарды ымыраға келтіруге қауқарсыз болуы мүмкін; 2) топтар мен басқарушы элита арасында үкіметті бақылауға алу үшін болған текетірес.

Этностық конфликтілерде қатысушылардың мақсат-мұраттары мен процестің динамикасы кімнің араласқанына және қатысудың себептеріне қарай әркелкі болып келеді. Т.Гарр конфликтіге қатысты тараптарды бірнеше топқа бөліп қарастырады:

«Этнонационалистер». Белгілі бір аймаққа топтаса қоныстан этностық тұрғыдан дараланған бұл топ басқаларға үстемдік етуді емес, өздеріне көбірек бостандық алуды мақсат тұтады.

«Қауымдық бақталастар». Этностық, діни не мәдени тұрғыдан дараланған бұл топ мемлекеттік билік институттарында көбірек ықпалға ие болуға немесе басқа топтарға үстемдік етуге ұмтылады. Билікті бөлісу сәтті жүзеге асқан жағдайда конфликтінің алдын алуға мүмкіндік туады. Олай етпеген жағдайда бұл да сецессиялық соғыстарға алып келуі ықтимал [5].

Қарастырылған әдістерді сараптай келе төмендегідей тұжырымдар жасауға болады:

1. Конфликт, соның ішінде этносаралық конфликт, өте құбылмалы, көпқырлы әрі көпсатылы әлеуметтік құбылыс. Оның негізгі қозғаушы күштері де, конфликтіні ушықтырушы факторлар да конфликтінің динамикасына байланысты түрлі себептермен өзгеріп отыруы мүмкін. Сондықтан мұндай конфликтілерге қарсы әрекет ету жүйесі тиянақты түрде жиналған мәліметтер негізінде әзірленген жоспар бойынша жүргізілуі керек.

2. Халық арасындағы конфликтіге қатысы бар топтарды анықтағанда олардың әрқайсысының мүддесіне, басқалармен қарым-қатынасына, шама-шарқына, ынталандырушы факторларға және бейбітшілікке қатысты көзқарасына баса мән берген жөн. Конфликтілердің қайнар көздерін анықтағанда қауіпсіздік мәселесі, саяси жағдай, әлеуметтік ахуал және экономиканың жай-күйі жеке категориялар бойынша жіктеліп, әрқайсысына тиесілі салалар мұқият зерделенуі керек.

3. Мемлекеттің негізі, әлеуеті, легитимділігі және тұрақтылығы – мемлекеттің жалпы қызмет ету мүмкіндіктерінен хабар беретін өте маңызды шамалар. Ал бұл көрсеткіштердің төмендеуі мемлекеттің әлсіреуіне, сол арқылы конфликті ықтималдығының артуына алып келеді.

4. Конфликтінің дамуы барысында оның динамикасына талдау жасау – кикілжіңді реттеу процесіндегі маңызды кезеңдердің бірі. Бұл кезеңде конфликтінің одан әрі өзгеруіне әсер ететін ұзақмерзімді факторлар анықталып, сол сәтте оны ушықтырып тұрған жайттар талдануы тиіс. Осы факторларды дер кезінде анықтау арқылы конфликтіні бәсеңдетуге немесе трансформациялауға мүмкіндік ашылады. Заң үстемдігінің қамтамасыз етілуі – мемлекетте тұрақтылықты қалыптастырудың басты кепілдерінің бірі. Барлық халықтың заңға бірдей бағынуы, құқықтық көмекке жүгіне алуы және құқықтық жүйенің әділдігіне сенуі – конфликтігендік жағдайларды бейтараптандыруға әсер ететін объективті әрі өте ықпалды күш. Заңның үстемдігі заңдардың жариялығы, әділ төрелік, әділет институттарының халық алдында есеп беруі және қолжетімділік индикаторлары арқылы бағаланады.

5. Сандық және сапалық анализ әдістері қатар қолданылғанда ғана ерте дабыл қағуға қатысты мағлұмат толық әрі жан-жақты болады. Сандық әдіс конфликті ықтималдығын, әсіресе саяси дағдарыс пен тұрақсыздықтың болу мүмкіндігін нақты болжауға ыңғайлы. Ал сапалық әдіс контекстілік анализ жасауға, түрлі бағдарлама әзірлеу жолымен әрекет етуге және бұл жауаптардың нәтижелерін талдауға мүмкіндік береді.

Этносаралық конфликтілердің ықтималдығын анықтау мемлекеттегі саяси-әлеуметтік тұрақтылықты сақтап қалудың бірден бір тетігі болып табылады. Қазақстанның демократиялық даму стратегиясы этносаралық қарым-қатынасты реттеудің қағидаларымен ұштасып жатыр. Яғни, тек адам құқықтары сақталатын, заң үстемдігі орнаған, билік институттары өз міндеттерін мүлтіксіз атқаратын қоғамда этностар арасындағы қарым-қатынасты өркениетті түрде қалыптастыруға мүмкіндік бар. Жемқорлық, сөз бостандығын шектеу, конфликтіфобия – этностар арасындағы түсініспеушілікті арттыратын, бұрыннан бар араздықты одан әрі ұлғайтатын факторлар. Адам шығындарына алып келген қарулы қақтығыстар, кейбір елдердің аумақтық тұтастығына қатер төнуі бұл елдерде конфликтілерді болжаудың және шешудің өркениетті механизмдері қалыптаспағанын дәлелдеді. Белгілі бір қоғам деструктивті конфликтілерге жол берсе, демек ол қоғам қақтығысты болжауда кеш қалып қана қоймай, оны реттеуде де дұрыс технологияларды пайдалана алмады деген сөз. Конфликтілерді реттеу қалыптасқан объективті жағдайды толық зерттеп, сол сәттегі қажеттіліктерге сай сауатты әрекет ету арқылы жүргізілуі тиіс. Этностар арасындағы айырмашылықтарды жою әрекеттері қысқамерзімді жетістіктерге жол ашқанымен, алыс болашақ тұрғысынан алып қарағанда лайықты нәтиже бере алмайды.

1. Обращение Президента РК Н.А. Назарбаева по случаю вступления Республики Казахстан на пост председателя ОБСЕ, Вена, 14 января 2010 г. // Президент Н.А. Назарбаев и современный Казахстан. Сборник

документов и материалов в трех томах. Том III. – Алматы: КИСИ, 2010. – С.80.

2. Нодия Г. Либерализм и его этикет // Табула (Тбилиси). – 2010, март – С.15.
3. Шнирельман В.А. Войны памяти: мифы, идентичность и политика в Закавказье. – Москва, 2003. – С. 216.
4. История Древнего мира. – Москва, 1989. – Т.3. – С.285-290.
5. Чумиков А. Управление конфликтами. – Москва, 1995. – С. 48.

Резюме

Бақытжанов Қ.Б. – магистрант 2 курса по специальности 6М050200 Политология, kuanysh.bakytzhanov@gmail.com
Научный руководитель: **Абсаттаров Ғ.Р.** – к.п.н., старший преподаватель КазНПУ им. Абая, abusattar@mail.ru

Индикаторы определения вероятности этнических конфликтов

Если учесть что конфликт, это очень нестабильная и быстро меняющийся динамичный процесс, то прогнозы по определению ее вероятности изменения очень важны. После того как эксперты выявили причину между конфликтующими сторонами и причиной самого конфликта, уделяется очень важное внимание изучению динамики развития конфликта. Во время этого процесса проводится анализ на долгосрочные факторы которые влияют на усугубление и замедление конфликта или же ее полное прекращение которые могут впоследствии заново вспыхнуть. Своевременное и тщательное выявление этих факторов позволяет определить методы которые дают возможность снизить темпы развития конфликта. В статье дается анализ основным индикаторам которые используются для определения вероятности этнических конфликтов.

Ключевые слова: этнос, конфликт, вероятность, индикатор, фактор, динамика.

Summary

Bakytzhanov K.B. – 2nd year of master degree, specialty of political science, kuanysh.bakytzhanov@gmail.com
Scientific supervisor: **Absattarov G.R.** - Candidate of Political Science, KazNPU named after Abai. abusattar@mail.ru

Indicators determining the likelihood of ethnic conflicts

If to consider that the conflict is very unstable and rapidly changing dynamic process, the projections determines its changes very important. Once the experts have identified the reasons of the conflicting parties and the reason of the conflict, great attention pays to the study of the dynamics of the conflict. During this process analysis for a long-term factor determines that affect the aggravation of the conflict and slowing or its complete cessation of which may subsequently re-erupt. Timely and carefully identification of these factors let to define the methods which enable to reduce development of the conflict. The article analyzes the main indicator which uses to determine the probability of ethnic conflict.

Keywords: ethnicity, conflict probability indicator factor, dynamics

УДК 32(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ – МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Нусипова А.У. – Абай атындағы ҚазҰПУ

6М050200 – Саясаттану мамандығының 2 курс магистранты, arai_nussipova@mail.ru

Ғылыми жетекші: **Сейсен Н.Б.** – с.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ

саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, isa_seisen@mail.ru

Мақалада Қазақстан Республикасындағы қазіргі діни ахуалдың қалыптасуына байланысты, сонымен бірге жаһандық үрдістер аясындағы республикамыздың әр аймағындағы өзекті мәселелер қарастырылады. Мақалада діни ахуалдың дамуының негізгі бағыттарын зерттей отырып, мемлекет пен қоғамның зайырлы дамуы жағдайында діни органы заңмен реттеудің рөлін анықтап, тұспалды бағасын жасап, тәжірибелік ұсыныстар тұжырымдалады. Қазіргі таңдағы Қазақстан қоғамының даму бағыттары, оның қазіргі таңда бәскеге қабілетті болуы, дамудық тұрақтылығы және маңызды геосаяси субъект болуы діни ахуалдың көрінісінен, аталмыш саладағы бағыттардың дамуына байланысты. Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстанда дінге деген қатынас қоғам деңгейінде, сонымен бірге мемлекеттік-конфессиялық қатынастар деңгейінде өзгерді. Қазақстандық қоғам дінді өзінің маңызды бір бөлігі ретінде есептейді. Дін қоғамдық дамуда, қазақстандық қоғамның саяси тұрақтылығын сақтауда маңызды рөл атқарады.

Түйін сөздер: дін, конфессия,радикализм,тұрақтылық, келісім, бейбітшілік, терроризм, экстремизм.

Қазақстанның зайырлы мемлекет болуына байланысты ресми идеология дінге бейтарап қарауға тиіс. Ол діншіл де, дінге қарсы да сипатқа ие емес. Қазіргі Қазақстандағы діннің жағдайы авторитарлық, тоталитарлық және теократиялық басқару жүйесі бар мемлекеттерден түбірілі өзгешелікке ие.

Конфессияаралық бейбітшілік пен келісім – Қазақстан үшін мейлінше күрделі және өзекті мәселе. Бүгін Қазақстан әлемге тек мұнай өндіруші ел ретінде ғана емес, сондай-ақ бүкіләлемдік діни-рухани форумның орталығы есебінде де таныс. Онда әлемдік және дәстүрлі діндердің басшылары анағұрлым маңызды заманауи діни мәселелерді шешу үшін жиналады.

Бейбітшілік пен конфессияаралық келісім салаларында Қазақстан аясында болсын, тіпті дүниежүзілік ауқымда болсын, қол жеткізген белгілі табыстарымызға қарамастан, әлі шешілмеген, жедел шешуді қажет ететін мәселелер баршылық. Әсіресе, қазір дүниежүзінде діни төзімсіздік, діни экстремизм және терроризм шынайы қауіп төндіріп тұр. Оларды ХХІ ғасырдың анағұрлым өткір мәселелеріне жатқызуға болады. Осыған орай Қазақстан конфессияаралық келісім мен диалогты жетілдірудің жаңа жолдарын іздеуі қажет.

Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының осындай кездесулерінің бірінде еліміздегі конфессияаралық келісім мен диалогтың маңыздылығы ерекше аталып өтілді. Әлемдік және дәстүрлі діндердің басшыларының осы бір кездесуінде конфессияаралық келісім мен диалогтың негізгі принциптері айқындалды. Олар: толеранттылық, өзара құрметтеу мен түсінісу, ұлтаралық келісім мен діни төзімділік. Бұл қағидалар Қазақстандағы конфессияаралық қатынастардың негізін құрайды. Дін даусыз біріктірудің, интеграциялық процестердің күшті факторы бола алады. Ол үшін діндерден қайшылықтарды емес, керісінше, ортақ белгілер мен принциптерді, ортақ негіздер мен ортақ құндылықтарды, біріктіруші бастауды іздеуге міндеттіміз.

Айта кететін жәйт, қазақ жері діни толеранттылық пен конфессияаралық келісім бастамасында терең тамырлары бар және көне дәстүрлерге өте бай мемлекет. Қазақстан көне заманнан бері сан алуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу мекені болған. Баршамызға мәлім, қазіргі Қазақстанның аумағында бірнеше ғасырлар бойы тәңіршілдік, зороастризм, манихейлік, буддизм, христиандық және ислам сияқты әртүрлі нанымдар бейбіт бірге өмір сүрген, яғни толеранттылық пен конфессияаралық келісімнің үлгісі болған.

Сондықтан Қазақстан Республикасының Президентінің әділ айтқанындай: «Қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық келісім мен бейбітшілікті одан әрі нығайтуға қажетті қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі» [1].

Конфессияаралық келісім мәселесінің үнемі Елбасымыз бен Үкіметіміздің басты назарында екендігін, бұл бағытта үнемі жұмыс істеп жатқандығын ерекше атап өткен жөн. Мұның жарқын дәлелі ретінде, екі әлемдік діннің, атап айтсақ исламдағы «Құрбан айт» пен православиядағы «Рождество» діни мейрамдарын мемлекеттік мейрам деп жариялау жөніндегі шешімді ерекше атауға болады. Мемлекетімізде ислам мен православиялық бағыт тұрақтылықпен өзара келісімді, түсіністікті сақтау мен нығайтуда маңызды қызмет атқарады.

Мемлекет дінтану мамандығын орта және жоғары оқу орындарында оқытуды және осы мамандық бойынша кадрлар даярлауды қолға алды. Біршама университеттерде дінтану кафедралары құрылып, дінтану бойынша мамандар даярлау, магистратура және докторантура ашылды.

ҚР Конституциясының зайырлылық туралы нормасы еліміздегі діни қатынастарды реттеудің Конституциялық негізі болып табылады. Соңғы кездері Қазақстандағы демократиялық принциптерге қарамастан діни-ахуалдық проблемалар туындады. Экстермистік және террористік бағыттағы Ислам дінін жамылған радикалдық ағымдар пайда болды. Олардың көріністері Ақтөбе, Ақтау, Атырау, Тараз, Алматы қалаларындағы экстермистік ағымдардың көрініс беруінен байқауға болады. Көптеген келісімсіз діндердің немен айналысып жатқанын қадағалау қиынға соқты [2]. Қазақстанға батыстық протестанттық бағыттағы дәстүрлі емес діндер және шығыстық ислам туын жамылғы еткен Исламдық теріс ағымдар күшейе түсті. Тоталитарлық зорлық-зомбылыққа негізделген діни ағымдар да қызметін жан дандырды.

Осының бәрі де Қазақстанның көптеген облыстарында, әсіресе ірі қалаларында көрініс бере бастады. Осының барлығы халқының саны басым Оңтүстік Қазақстан облысындағы да діни ахуалды күрделендіре түсті. Аталған облыста діни бірлестіктердің де саны көп болып отыр. Республика бойынша 4,5 мыңнан аса діни бірлестік болса, солардың бір мыңға жуығы Оңтүстік Қазақстан облысында әрекет етуде. Мешіттерінің саны жағынан да облыс басқа аймақтарға қарағанда көш ілгері тұр [3].

Қазақстан Республикасындағы діни ахуалдың бірнеше ерекшеліктерін атап өтуге болады.

Бірінші ерекшелігі. Қазақстан Республикасы жас мемлекет. Кеңестік дәуірде мұнда атеизм үстемдік құрды. Діндер мен діни қызметкерлер қудаланды немесе шектелді. Мешіттердің саны санаулы ғана болды. Діни салаға коммунистік партияның бақылауы күшті болды. Осының бәрі де тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан халқының діни тұрғыдан бағыт-бағдарын тура анықтай алмауына алып

келді. Себебі, халықтың діни сауаттылығы өте төменгі дәрежеде болды. Халық мешіттер мен шіркеулерге аппаратын жолдарды білмеді. Мешіттер мен шіркеулердің өзі әбден тозған жағдайға жеткен еді.

Екінші ерекшелігі. Қазақстан үкіметі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында принципті діни саясат жүргізді деп айту қиын. Дін саласы өз бетімен дамыды. 1992 жылы 15 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заңы діни қызмет үшін, әсіресе, шетелдік діндер үшін барлық есіктерді ашып тастады деуге болады. Шетелдік діни орталықтарда Қазақстандағы діни ахуал туралы мол ақпарат болды. Сондықтан да дәстүрлі емес шетелдік діни ағымдар Қазақстанға бірден мыңдаған өз миссионерлерін жіберіп жатты. Тек бір ғана Оңтүстік Кореяның өзінен 100-ге жуық діни бірлестіктер келіп орнықты. Олардың 30-ға жуығы тек Оңтүстік Қазақстан облысына орналасты. Діни бірлестіктер құру және тіркеу өте жеңіл болды. Кез келген кәмелетке толған 10 адам діни бірлестік құрып тіркей алды. Тіркелу кезінде діни бірлестіктердің қай дінді ұстайтындығы маңызды емес болды. Осылардың нәтижесінде Қазақстанға дәстүрлі емес христиандық конфессиялар 2-3 жылда орналасып қана қоймай, осы мезгілде жергілікті ұлт өкілдерінен өздерінің қатарын толықтырыпта үлгерді. Екінші жағынан Ислам және мұсылмандық бағыттағы мемлекеттер Қазақстанға өздерінің жүздеген өкілдерін жіберіп жатты. Ислам мемлекеттерінен келген миссионерлер тез арада ондаған мешіттерді салып үлгерді, жүздеген қазақ балалары Сауд Арабиясы, Иран, Пакистан, Түркия, Египет, т.б. елдерге барып діни оқу орындарынан білім алып қайтып отырды. Алғашқы жылдары шетелдерге кеткен балалардың толық тізімдері болмады. Олардың көбі түрлі радикалдық бағыттағы Исламдық діни ағымдардың ықпалына түсіп теріс әрекеттер жолына ауысты [4].

Қазақстанда «Әлеуметтік рефомалар қоғамы» (Қазір тыйым салынған) «Азия мұсылмандар комитеті», т.б. ресми ұйымдар қызмет етті. Олардың міндеті тегін мешіттер салу, қайырымдылық жасау, шетелдерде оқыту үшін жасөспірімдерді таңдау және жіберу, Өздерінің үгіт насихаттық жұмыстарын жүргізу. «Әлеуметтік рефомалар қоғамы Шымкент қаласында арнайы жоғарғы гуманитарлық академия ашып, кадрлар дайындай бастады. Кейінірек бұл академия жабылды. Оңтүстік Кореялық «Сум-бок-ым» протестанттық діни бірлестігі Шымкент қаласында «Елім» атты институт ашты. Онда көбінде қазақ жігіттері мен қыздары оқыды. Сондай-ақ, басқа облыстарда институттар мен гимназиялар ашылды.

Үшінші ерекшелігі. Діни бостандығы туын жамылған миссионерлер дәстүрлі мұсылман жолындағы азаматтарды жаппай шоқындыруға кірісті. Діни бағыт анықталмаған, діни сауатсыз жастар мен тіпті ересек адамдарда шоқындырудың құрбаны болып, түрлі секталарға кіріп кетті. Дәстүрлі емес діндердің миссионерлік қызмет тәжірибесі өте жоғары дәрежеде болды. Олардың қолында мол қаражат, жеткілікті түрдегі полиграфиялық тұрғыдан жоғары дәрежеде дайындалған діни әдебиеттер, діни білімдері терең ұстаз-миссионерлер, діни рәсімдер өткізілетін храмдар, шіркеулер, ғибадатханалары болды. Ал оларға қарсы тұратын ұйымдасқан мұсылман қауымының бұл саладағы тәжірибесі төмен дәрежеде қала берді. Сауатты мешіт имамдары санаулы ғана еді. Қазақ тіліндегі исламдық әдебиет жоқтың қасында еді. Оның үстіне Қазақстандағы ислам қауымының арасында өзара текетірес қалыптасып бірлік болмады.

Осылайша 2000 жылдарға дейін Ислам қауымындағы имамдар мен қызметкерлердің шоқынып кеткен өз қандастарын кері қайыратындай мүмкіндіктері төмен дәрежеде тұрды. Өз қандастарының жаппай шоқына бастауы тек ислам қауымын ғана емес басқа да азаматтардың ашу-ызасын тудырып, дінаралық сол кездегі ұлтаралық қайшылықтардың өсуіне себеп болды.

Төртінші ерекшелігі. Еліміздегі жетекші дін Исламның, біртұтастығының қалыптасуы қиын жағдайда жүріп жатты. Қазақстан Мұсылмандар Дін Басқармасы (ҚМДБ) 1990 жылы құрылды. Бірақ ол барлық мұсылман қауымының тізгінін өз қолына ұстай алмады. Сол кездегі дін туралы заң әрбір Ислам діни бірлестігін өз алдына дербес тіркелуге құқықтық жағдай жасады. Жүздеген мешіттер өз алдына діни бірлестік ретінде тіркеліп ҚМДБ-ға бағынбады. Тіпті оның өкілдерін мешіт ауласына кіргізбеді де. 1991 жылы Алматы қаласында Орталық мешітте бір топ азаматтар мешітті басып алып, Бас Муфтий Ратбек қажы Нысанбайұлының қолын зорлықпен сындырды. Осыған жақын қақтығыстар Шымкент, Қарағанды, Жетісай, Сарыағаш қалаларында және басқа аудандарда өтті [5].

Бесінші ерекшелігі. Мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынас бірден жүйелі сипат алмады. Кеңес өкіметі құлаған соңбарлық облыстарда 1994 жылға дейін бұрынғы кеңестік лауазым иесі ҚР Министрлер Кеңесі жанындағы Діни істер жөніндегі уәкіл сақталып тұрды. Ол жалғыз қызметкер ғана болды. Бұл жалғыз қызметкердің діни ақуалды талдамақ тұрмақ, діни статист болуға да шамасы жете бермеді. Ал тура осы кезеңде Қазақстанға дәстүрлі емес діндердің көпшілігі келіп орналасқан еді.

Республика көлемінде ҚР Президенті аппараты мен Министрлер Кеңесі (соңынан Кабинеті) жанындағы Дін істер жөніндегі кеңес қызмет етті. Бұл кеңестің құрамы 3-4 адамнан тұрды.

Кеңестің төрағасы болып қоғамдық негізде Министрлер кабинетінің төрағасының орынбасары есептелді. Облыстарда 1994 жылдың басында 2-3 адамнан тұратын «Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі» бөлімдер құрылды. Бұл бөлімдер діни саланы реттеу мен талдауға біршама үлес қосты. Бірақ бұл бөлімдер бар болғаны 2 жылдай ғана өмір сүрді. Бұл бөлімдер жойылған соң облыстық дәрежеде діни бірлестіктердің жұмысын қадағалайтын арнайы орган болмады. Осылай 2000 жылға дейін созылды [6].

Алтыншы ерекшелігі. Қазақстан көп конфессиялы болғанымен мұнда негізінен Ислам дінінің салмағы басым. ҚР Статистика агенттігінің мәлім етуінше 2010 жылғы халықсанағы бойынша «Толтырылған анкеталардың мәліметі бойынша Қазақстандағы жалпы халық санының ішінде ислам діні нұстанатындардың үлесі 11 млн. 237 мың адамды немесе 70,2 пайызды құрайды, сондай-ақ, христиандықтар – 4 млн. 190 мың адам немесе 26,2 пайызға жетіп отыр. Ал иудаизмде – 5,3 мың, буддизмде – 14,6 мың адам және басқа да діндегілер 30,1 мың адамды құрайды.

Ислам дінін ұстайтындар Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Маңғыстау, Атырау облыстарында халықтың 90 пайызына жуығын құрайды. Бұл облыстарда Исламдық әдет-ғұрыптардың сақталуына ерекше мән беріледі.

Жетінші ерекшелігі. Қазақстан батыстық және шығыстық діни экспанцияның орталығы болып отыр деуге негіз бар. Себебі Қазақстанның дін жөніндегі заңы, мейлінше ашық, жұмсақ және либералды болды. Мұндай жағдай Қазақстандағы діни конфессияларының санының тез көбеюіне негіз қалады.

Батыстық протестанттық ағымдарға қарсы шығыстық Исламдық, соның ішінде радикалдық бағыттағы Исламдық ағымдар тез арада республикамызда орын тепті. Батыстық протестанттық ағымдар мен шығыстық радикалдық ағымдардың арасында астыртын күрес белеңалды. Қазақстан географиялық тұрғыдан Ислам дінінің ұстанымы берік және әртүрлі экстремистік және террорлық бағыттағы ұйымдардың әрекеті кең етек жайған Өзбекстанмен тікелей шекаралас, Тәжікстан, Ауғанстан, Пәкстан және Ираннан алыс емес. Сондай-ақ, Батыс Қазақстандағы облыстар Солтүстік Кавказдағы террористік, экстремистік топтардан алыс емес. Олардың Қазақстанға ықпалы қазіргі кезде ашық көрініп тұр. Солтүстік Кавказдағы Ислам туын жамылған соғыстарға қазақ жігіттерінің қатысқандығы туралы деректер мол. Бұл елдердің әртүрлі діни миссарлары республикаға астыртын түрде жиі келіп тұрады. Осының бәрі еліміздегі діни ахуалды шиеленістірудің ерекше көзі болып табылады [7].

Қазақстанда қалыптасқан көпконфессиялылық идеясының бірлігі мемлекет негізін құрушы этностың, сол сияқты қоғамдағы басқа да этникалық топтардың тарихи және мәдени дәстүрлері арқасында мүмкін болып отыр. Елдегі діни жағдайды білу, сонымен қатар, оны бақылау қоғамдық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар қызметінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жоғалған діни негізде зорлық пен зомбылық, жек көрушілік жүйелі түрде іске аспай тұрғанда, ол ұйымдасқан террорға ауыспай тұрған уақытта олар оған қарсы тұра алатын шараларды дайындауы керек. Діни экстремизм мәселесі жаһанды үрдіс болып отыр және ол үшін ешқандай географиялық шекара жоқ. Сондықтан қарама-қарсы әрекеттер мен шаралар жүйелі болуы керек. Қарама-қарсы әрекеттер жүйелі кең көлемдегі мәселелерді қамтиды, олар әртүрлі институттар мен ұйымдар: құқық қорғау органдарынан бастап діни ұйымдарға, білім беру және ғылыми мекемелерден бастап ағартушылық қызметпен айналысатын ұйымдарға дейін тығыз байланысты.

Дінтану пәнінің жалпы курсы міндетті пән ретінде мектептердің жоғары сыныптарында да, колледждер мен жоғары оқу орындарының бірінші курсына да оқыту ауадай қажет. Өкінішке орай, әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің сағат көлемі мен санын қысқарту үрдісі руханилықты жоғалту мен бей-жайлықты қалыптастырудың бір шарты болып бара жатыр. Ең бастысы, «Дінтану» пәнінің қандай мүмкіншіліктері бар және оны қазіргі күрделі жағдайда қалай пайдалану керек екенін түсінудің маңызы зор.

Қазақстандағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастар үлгісін қалыптастырудың өзекті мәселелері ретінде де, діндарлықтың әртүрлі аспектілерін түсіндіру барысында да ашып жариялайтын адамдар үшін арнайы кәсіби қайта дайындау керек екендігіне көзімізді жеткізді. БАҚ-да экстремизмді болдырмау тақырыбын ретімен, халықтың құқықтық санасын қалыптастыру ұстанымынан ашып, жариялау маңызды.

Қазақстандық қоғам үшін діни ағарту жұмысы өте өзекті мәселе. Дүкендер сөресінде әртүрлі әдебиеттер толып тұрғанымен, бүгінгі күні елдегі азаматтардың дүниетаным аясында қажетті білім мен керек бағыт әлі жетіспейді.

Қазақстан Республикасында «Діни әрекеттер мен діни бірлестіктер туралы» Заң бар болғанымен, оның қажетті қосымша заңнамалық актілері болмағандықтан іс жүзінде құқықтық пайдасы әзірше үлкен жетістіктерге әкеліп отырған жоқ. Сондықтан мемлекеттік конфессиялық саясатқа қатысты заңнамалық базаны әрі қарай жетілдіру талап етіліп отыр. Тұлғалық дамуға, топтық бірдейлік пен қоғамдық қауіпсіздікке кері әсер ететін жалған діни, квазидіни, деструктивті әрекеттер туралы ереже жасау қажет. Эксперттік баға

және қоғамдық мониторинг, сол сияқты бұқаралық қабылдау деңгейінде мәдениет құрушы және дін жамылған әрекеттерді нақты айыра білу керек. Дін, білім, тәрбие, отбасы – некелік қарым-қатынастар, өндірістік қатынастар саласында заңнамаларды жетілдіру мақсатында кешенді өзара байланысы бар ережелерді дайындауға кірісу қажет.

Зерттеулерде төзімділік, ар-ожданлығы, дін туралы заң үшін іске асудағы тиімді және қайшылықсыз глоссарий жасау туралы дауларда ұғымның саяси әлсіздігін анықтау өте маңызды. Мониторинг тәжірибе жүзінде тәртіптік декларация мен оның фактілік іс-әрекетпен өлшенуі сараптық бағаны ғана талап етпейді, бірақ сонымен қатар олардың мәртебелерін анықтауға мүмкіндік беретін жаңа діни ұйымдардың қызметі жөніндегі қоғамдық пікір ескеріледі.

Діни негіздегі іс-әрекеттің мүмкіндік шекараларын орнықтырушы (мүмкін болатын жағдайларда) мониторинг әдістемесіне тиісті критерийлерді анықтау мен енгізуді талап етеді.

Осы салада тиімді жұмыс істеу үшін жалған діни қызмет тексерісін жүргізуде әдістемелік комментарийлер, дінтану, дін философиясы, дін психологиясы, дін әлеуметтануымен айналысатын әлеуметтік гуманитарлық бағыттағы сарапшыларды қайта даярлаудан өткізу қажет.

1. Жұмагулов К.Т., Нуртазина Н.Д. «Исторические предпосылки этноконфессионального многообразия и религиозной толерантности народов Евразии». *Казахстан Спектр*. No1. 2012. – С. 61.

2. Садвакасова З.Т. «Религиозная экспансия царизма в Казахстане (вторая половина XIX веков)». - Алматы 2007. – С. 106.

3. Сабит Жусупов. «Ислам в Казахстане: прошлое, настоящее, будущее во взаимоотношениях государства и религии» // *Политическая аналитика исследования*. – Алматы, 2008. – С457.

4. Онлашева Ж. О. «Формирование государственной политики в сфере религии в Казахстане» // *Религия, наука и СМИ: диалог сотрудничества, материалы республиканской конференции*. – Астана: МКИ РК, 2006.

5. Т. Козырев. «Казахстанская модель межконфессионального согласия: опыт для ОБСЕ». *Материалы международной научно-практической конференции «ОБСЕ и процессы демократизации в контексте региональной безопасности»*. – Алматы, 2009. – С. 70-71.

Резюме

Нусипова А.У. – магистрант 2 курса КазНПУ им. Абая, по специальности 6М050200-Политология, arai_nussipova@mail.ru
Научный руководитель: Сейсен Н.Б. – к.п.н., старший преподаватель кафедры политология и социально-философских дисциплин КазНПУ им. Абая, isa_seisen@mail.ru

Межконфессиональное согласие в Республике Казахстан – как основа политической стабильности

В статье рассматривается вопрос о становлении и развитии религиозной обстановки в Казахстане, изменение ситуации в разных областях страны в условиях глобализации. Уделяется особое внимание основным направлениям развития религиозного положения, а также регулирование религиозного вопроса законным путем в рамках сотрудничества государства и общества, проанализированы особенности развития религиозных направлений и разработаны практические рекомендации. Векторы развития современного Казахстанского общества, толерантность, конкурентоспособность, стабильное развитие и становление его как важного геополитического субъекта в свете религиозной проблематики зависит от решения данной задачи. Развитие конфессиональных отношений занимают важную роль в поликонфессиональном становлении общества и в сохранении политической стабильности в РК.

Ключевые слова: религия, конфессия, радикализм, стабильность, согласие, мир, терроризм, экстремизм.

Summary

Arailym Nussipova – 2nd year of master degree, specialty: 6M050200-political sciences, arai_nussipova@mail.ru
Scientific supervisor: Seisen N.B. - Candidate of Political Sciences, KazNPU named after Abai, isa_seisen@mail.ru

Interreligious harmony in the Republic of Kazakhstan on the basis of political stability

The article discusses the formation and development of religious situation in Kazakhstan, the change of the situation in different regions of the country in the context of globalization. Special attention is paid to main directions of development of the religious situation as well as the regulation of the religious question legally within the cooperation between the state and society, analyzed the features of religious directions and practical recommendations. Development of modern Kazakhstan society, tolerance, competitiveness, sustainable development and its formation as an important geopolitical subject in the area of the religious and perspectives depends on the solution of this problem. The development of religious relations occupy an important role in the formation of multi-confessional society and in maintaining political stability in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: religion, confession, radicalism, stability, consent, peace, terrorism and extremism.

УДК: 371.4 (574)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ – АҒАРТУШЫЛЫҚ БАҒЫТЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ МӘНІ

Айтбаев Д. – *Абай атындағы ҚазҰПУ саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасы*
БМО20100 – философия мамандығының 2 курс магистранты, a-duman2014@mail.ru

Мақалада қазақ халқының болмысындағы танымдық – ағартушылық бағыттарындағы тәрбие мәселесі қарастырылған. Біз осындай ерекше өркениеті мен халықтық педагогикасы ерекше дамыған елміз. Біздің ұрпақтан ұрапаққа жалғасқан аталық тәрбие беру үрдісіміздің де ешбір ұлттікіне ұқсамайтындығы содан болар. Ол тәрбиенің негізі біздің болмысымызға, шаруашылығымызға, қазақ халқының толеранттылығы мен адамгершілігіне сай болғандығынан болар. Сол атадан жалғасқан танымдық тәрбиелік болмыс күні бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтпай келеді. Көшпенді халықтың тарихи болмысы мал өсірумен, қолөнермен, аң аулаумен, ел қорғаумен байланысты өрбіп, жетілдіріліп отырды. Және де халық тәрбиесінде ата бабаларымыздың өсиет сөздері, аңыз әңгімелер мен ертегілері, жыр дастандары көп рөл атқарған.

Түйін сөздер: педагогика, ағартушылық, болмыс, көшпенді өркениеті, гуманизм, таным, тәрбие, дәстүр.

Әр елдің тарихында өзіндік бір ерекшеленіп тұратын тәлімдік тәрбиелік педагогикасы бар. Осыған орай белгілі педагог К.Д. Ушинский былай келтіреді: «ұлттың өзіндік бастауымен және ұлттық негізінде жасалынған тәрбие жүйесі – ешқандай тәрбие беру жүйесінде жоқ күшке ие. Ұлттың тарихи даму үдерісінде ұлттық тәрбие басты орын алады» [1, б.99].

Ия осыған сәйкес қазақ халқының өзіндік тарихи даму үдерісінде ерекше үлгілері бар. Біздің қазақ халқының көшпенді өркениеті ешбір халыққа ұқсамайды. Оған ешкім күмән келтіре де алмас. Г.К. Шалабаев өз мақаласында «Қазақстан, тарихи және танымдық тұрғыдан да өз өркениетіне өзіндік ат беруге толық негізі бар» [2,б.90], - деп келтіріп өтті. Біз осындай ерекше өркениеті мен халықтық педагогикасы ерекше дамыған елміз. Біздің ұрпақтан ұрапаққа жалғасқан аталық тәрбие беру үрдісіміздің де ешбір ұлттікіне ұқсамайтындығы содан болар. Ол тәрбиенің негізі біздің болмысымызға, шаруашылығымызға сай болғандығынан болар, сол атадан жалғасқан танымдық тәрбиелік болмыс күні бүгінге дейін өз құндылығын жоғалтпай келеді. Көшпенді халықтың тарихи болмысы мал өсірумен, қолөнермен, аң аулаумен, ел қорғаумен байланысты өрбіп, жетілдіріліп отырды.

Қазақ халқы төрт түлік малды «киесі» бар, «иесі бар» қасиетті жануарлар деп, «ойсыл қара» тұқымы-түйені, «Қамбар ата» тұқымы-жылқыны, «Зенгібаба» тұқымы-сиырды, «Қошқар ата» тұқымы-қойды, «Шекшек ата» тұқымы-ешкіні бағып-қағуда, олардың өнімдерін пайдалануда есепсіз тәжірибелер жинап, ол тәжірибелерді ұрпақ тәрбиесіне жан-жақты пайдаланған және пайдаланып та келеді

Өмірдегі осы болмыстарына сәйкес халық тәлім-тәрбиелік тәжірибе жинады, ұлттық болмысы мен дәстүрін, салт-санасын қалыптастырды. Төрт түлігін қастерлеп, қадірлей білген дана халқым өз баласына:

Кендірмен байлама,
Жыңғылмен айдама.
Кендірмен байласаң,
Жыңғылмен айдасаң,
Мал бітер деп ойлама – деп

өлең жолдары арқылы өскелең ұрпақтың санасына малдың қазақ ұлтындағы өзіндік орнын айқындап жеткізе білген. Бұның бәрі келер ұрпақтың тәрбиесінде кеңінен қолданыс тапты.

Қазақ халқы мал төлдету, мал бағу, мал семірту, мал суару, мал сою (соғым), қой қыркым, жылқы күзеу, т.б. және мал өнімдерін ет сүрлеу, қазы қайыру, айран, қымыз, шұбат ашыту, құрт жасау, май

айыру, сыбаға сақтау т.б. іс-әрекеттер мен рәсімдерді ұрпаққа үйретіп, тәрбие ісіне пайдаланып келеді. Халық мал шаруашылығының құндылығын ескере отырып:

Түйе – байлық,
Қой – мырзалық,
Ешкі – жеңілдік,
Жылқы – сәндік,
Сиыр – ақтық - деп

ұрпағын малды қастерлеп қана қоймай, пайдаға асыру жолын да ұғынта білді.

Көшпенді халықтардың тағы бір ең жоғарғы деңгейде меңгерген саласы қолөнері: зергерлік өнер, кілем тоқу, киіз басу, алаша тоқу, түс киіз басу, сырмақ жасау, қару-жарақ жасау өнері. Бұның бәрі ертеде пайда болғанына қарамастан уақыт өте дамып, жетілдіріліп отырды. Бүгінгі күні сәнділік үшін игеріліп, дамытылып, кең белес алып жүрген қолөнер әдісі сонау ежелден дамып келе жатқан көшпенділердің бір саласының көрінісі ғана. Қолөнерді тұрмыстық қажеттілік деп бағалаған ата-бабамыз өз ұрпағына «әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» деп ұл, қыздарын шеберлікке баулыған.

Өрісті өңір мен бейнетті өмірден тәжірибе түйе білген дарынды халық ұрпақтарын тәрбиелеудің құдіретті құралдарын жасады. Адамның адами тұрғыда қалыптасуы үшін адам баласының санасына ой қосатын, ашуға булыққанда жанды тыныштандыратын, жан күйзелгенде ем болатын ең дұрыс амал «сөз құдіреті» екенін түсіне білген дана елім салт-дәстүрін жеткізу мен ұрпақ тәрбиесінде басым құрал ретінде әдебиетті, ұлттық әдебиетті дамытты. Ол әмбебап әсерімен жеке тұлғаның жүрегін билеп, өмірінің адамдығын қалыптастыруда теңдессіз ұтымды әдіс болып табылды.

Қазақ халқының ұлттық әдебиеті (жырлар, ертегілер, шешендік сөздер т.б.) әлемдегі ең бай әдебиет десек еш қателеспеспіз. Ол жастарды ерлікке, бірлікке, еңбекке, адалдыққа, адамгершілікке, көркемдікке тәрбиелейді.

Бесіктегі балғын сәттерінен бесік жырын естіген бала бойына сол кезден бастап тарихынан терең мағлұмат ала өседі десек қателеспеспіз. Бесік жырларын жырлау арқылы ақ жаулықты әжелеріміз «бүгінгі бала ертеңгі дана» - деп ұл балаларымызды ел қорғау ісіне сол кезден ақ баули бастаған:

Өс-өс балам өсе бер,
Батыр бол – палуан білекті
Батыл бол – таймас жүректі...

Ұлттың қанына сіңген тағы бір қасиет – ертеден ақ баланы зат тану мен санауға үйрете білу.

Бір дегенім – білеу,
Екі дегенім – егеу,
Үш дегенім – үскі,
Төрт дегенім – төсек,
Бес дегенім – бесік,
Алты дегенім – асық,
Жеті дегенім – желке,
Сегіз дегенім – серке,
Тоғыз дегенім – торқа,
Он дегеніміз – оймақ,... деген өлең жолдары осының куәсі болар.

Бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлерлік жағдай ол ертегілер болып табылады. Өзіміз білетін Абай атамызға әжесі Зере мен анасы Ұлжан екеуі күнде кезек-кезек ертегі, аңыз-әңгіме айтып беріп отырса, дәл осы сияқты қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уалихановтың да әжесі Айғаным күнде ертегі айтып, баласының ой-өріс қабілетінің дамуына үлкен септігін тигізген. Баланы адамгершілікке, гумандыққа тәрбиелейтін ертегілердің бірі «Жақсылық пен Жамандық» ертегісі. Бұл жерде ертегінің негізгі ойы неде? Жақсылық ол әрдайым көмектесіп жүретін ақ көңіл, барға қанағат тұтып, жоққа шүкіршілік ететін, өз маңдай терімен еңбек ете білетін жігіт бәріне өз күшімен қол жеткізеді. Ал жамандық болса ашкөздік пен өтірікшілікті серік етіп, өзгені алдаймын деп өз торына өзі түседі. Бұндай ертегілер ой санасы жетіліп келе жатқан баланы тек адалдыққа, еңбекқорлыққа баулып, атаның баласы емес, адамның баласы болып өсуіне жол сілтейді. Бала тәрбиесіндегі өте маңызды құрал екенін жетік түсіне білген дана елім сол себептен болар, күні бүгінге дейін бесіктегі баласына уақыт өте жетілісімен бесік жырын ертегілермен алмастырып отырады.

Көшпенді халықта қыз тәрбиесі ерекше орын алатындығын «қыз өссе елдің көркі», «қыз намысы ел намысы», деп оны әрдайым қорғап көзінің қарасындай етіп сақтаған. «Қызға қырық үйден тыйым» деп,

яғни бір қызға қырық үй, бір ауыл жауапты болған. Сол қызды өз әпке-қарындастары, қыздары ретінде қадағалап, қорғай білген. Себебі өскелең қыз бір үйді емес, бір ұлтты тәрбиелейтін аяулы ана, дана келін болған. Дәл осылай тек қана қыздардың ғана емес, ұлдардың да тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінді. «Жігіт сегіз қырлы, бір сырлы» болу керек деген ата сөзі бозбаланың бойында нағыз ержігітке тән жігерлік, әділдік, шеберлік, шешендік, еңбекқорлық сияқты қасиеттердің бар болуын қадалаған және солай болуы үшін терең мән беріп тәрбиелей білген. Осыған орай Г.В. Нездемковская «сегіз қырлы бір сырлы» деген сөзге қатысты өз ойын былай білдіреді: «нағыз жігіт сыр сақтай біле отырып, сегіз түрлі қасиетке ие. Ол мынандай қасиеттер: мал бағу әдістерін білу, қонақжай, қиындыққа мойынсымбау, ержүрек, өз арғы тегін білу, үлкенді силау, ат баптай білуі және қырағы көзді, сақ құлақ болуы» [3,б.58].

Қазақ халқы өз ұрпағының тәні мен жанының саулығына аса үлкен мән берген. Олай деуімізге не себеп? Ол жеті атаға толмай қыз алыспау. Осы тұста неге деген орынды сұрақ туындайды. Жеті атаға толмай адам қаны тазармайды, оны тіпті медициналық тұрғыдан дәлелдеген болатын. Яғни жеті атаға толмай қыз алысар болса, адам денсаулығында психологиялық не физиологиялық тұрғыда ауытқулар болады. Бұған бір дәлел Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман Мамыр» шығармасы қанша жерден ғашықтық махаббат болса да, ол өз ұрпағының болашағын ойлап, екі ғашық қосылуына кедергі болды. Міне бұл дегеніміз қазақ халқының келер ұрпақты көзінің қарашығындай етіп сақтап, жетілдіре білуі.

Батырлық жырлар ерлікке, отан сүйгіштікке, патриотизмге, адамгершілікке тәрбиелесе, ғашықтық жырлар мөлдір махаббаттың беріктігіне, әділдікке, ерлікке баулыды, тұрмыс-салт жырлары ұрпақтың дүниетанымын арттырды, еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеп, кәсіпке баулыды; терме жырлар кісілікке, бірлікке, достыққа тәрбиеледі, айтыс өлеңдер ұрпақтың өнерпаздығын дамытты, ойын өлеңдер дене тәрбиесін берумен қатар, ұрпақты әсемдікке баулыды, олардың логикасын дамытты; терме жырлар гуманизмге, бірлікке, адалдыққа тәрбиеледі, шешендік сөздер жеке тұлғалардың ойын, тілін дамытып, тапқырлыққа, әділеттілікке тәрбиеледі, өнегелі сөздер мен өлең жолдары жеке тұлғалардың кісілігін қалыптастырды.

1 Храпченков Г.М., Храпченков В.Г. История школы и педагогической мысли Казахстана. – Алматы: «Қайнар», 1998. – 168 б.

2 Шалабаева Г.К. К вопросу о цивилизационной принадлежности Казахстана //Аль-Фараби. – 2003. – №1. – 82-89 б.

3 Нездемковская Г.В. Этнопедагогика. – Алматы:КазГосЖенПИ, 2000. – 142 б.

Резюме

Айтбаев Д. – магистрант 2 курса по специальности 6МО20100-философия кафедра политологии и социолога – философских предметов КазНПУ им Абая a-duman2014@mail.ru

Значимость воспитания в познавательной – просветительской направленности казахского народа

В данной статье рассматриваются воспитательный процесс в познавательно – просветительском направлении в бытовой жизни казахского народа. У нашего народа - особенное цивилизация и хорошо развитая неповторимая своеобразная народная воспитательная педагогика. И поэтому наш воспитательный процесс не похож на воспитания других народов. Основой этого воспитания является наш образ жизни, наша хозяйство, гуманность и толерантность казахского народа. И этот гуманистически воспитательный процесс до сегодняшних дней не теряет свою важность. Кочевом народе воспитательное направление связан с животноводством, ремеслом, охотой, защитой своей родиной. И воспитательном процессе казахского народа важную роль играет наставление старших, рассказы, легенды, поэмы и народные сказки.

Ключевые слова: педагогика, просветительство, бытие, кочевая цивилизация, гуманизм, познание, воспитание, традиций.

Summary

Aitbaev D. - 2th course magister specialty 6MO20100 of philosophy, the chair of political science and sociology - philosophical subjects, KazNPU named after Abai, a-duman2014@mail.ru

Value of education in the informative and educational direction at the Kazakh people

In this article is considered the educational process in process in informatively and educational direction in household life of the Kazakh people. Our Kazakh nation has a special civilization and well developed unique peculiar national pedagogics. And therefore our educational process is not similar with an education of other nations. A basis of this education is our way of life, our economy, humanity and tolerance of the Kazakh people. And this educational process to the present day does not lose its importance. Nomadic peoples of the educational process connected with animal husbandry, crafts, hunting, protection soy

homeland. And the educational process of the Kazakh people the important role played by advice elders, stories, legends and poems, folk tales.

Keywords: pedagogics, educational, life, nomadic civilization, humanity, knowledge, education, and traditions.

ӘОЖ – 373.1:37 (574)

САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТӘРБИЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Баселова П.Ж. – Абай атындағы ҚазҰПУ

6М050100 – «Әлеуметтану» мамандығының 2 курс магистранты, pikow1991@mail.ru

Ғылыми жетекші: Қалдыбаева Т.Ж. – а.э.д., Абай атындағы ҚазҰПУ,

«саясаттану және әлеуметтік – философиялық» пәндер кафедрасының профессоры, tynyshyk43@mail.ru

Мақалада тәрбие мен сапалы білім беру туралы қарастырылған. Білім берудегі тәрбиенің орны қай кезде де маңызын екендігі туралы айтылған. Өйткені, білім беру патриотизм, адамгершілік, рухани даму, заңға бағынушылық сияқты құндылықтармен қатарласа жүреді. Сондықтан да, жасөспірімдерге сапалы білім берумен қатар тәрбие де жеке адамды мақсатты бағытта, жүйелі түрде қалыптастырады.

Ата-бабалардың тәжірибесін беру және игеру, сананы қалыптастыру, білім алушылардың сезімін дамыту және мінез-құлық дағдыларын қалыпқа түсіру, оларды өмір мен еңбекке даярлау тәрбие процесінде жүзеге асырылатындықтан, тәрбие мен сапалы білім беру арқылы халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан халқымыздың таратқан үлгі насихаты мен асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасап, оқыту мен тәрбиені бірге ұштастыра отырып, саналы да, тәрбиелі, білімді ұрпақ тәрбиелеу міндеті туралы баяндалған.

Түйін сөздер: тәрбие, білім беру, патриотизм, адамгершілік, қоғам, құндылық, мектеп, ұрпақ, мұғалім, мәдениет, ұлттық сана – сезім, рухани ойлау, тұлға, ұлттық тәрбие.

XXI ғасырдың басындағы қазақстандық білім заманауи өркениетке тән, «ақпараттық» немесе «постиндустриалдық қоғам» деген атау алған, жаңа парадигмалардың пайда болу кезеңінде тұр. Мектепті реформалау процесінде білім берудің алдына ұлттық ағартудың жақсы сипатын жоғалтпастан, әлемдік, жаһандық білім беру жүйесіне ену міндеті қойылды. Реформа барысында білім беруді ізгілендіруге, оқытудың инновациялығына қол жеткізілді, баланың еркін, жауапты тұлға ретінде дамуына жағдай тудыруға күш салында. «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобада Елбасы Н.Ә. Назарбаев оны іске асырудың басты бағыттарының бірі ретінде жастардың рухани - адамгершілік тәрбиесін, негізінде «еңбек сүйгіштік, намыс, парасаттылық, үнемі өзін-өзі жетілдіру мен оқуға ұмтылысы» сияқты қасиеттер жатқан құндылықтар жүйесін қалыптастыруды атап көрсетті [1]. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев өз пайымдауларында ұлтты жаңа жағдайларда қалай сақтап қалуға болатыны, оның рухани жаңаруы, әлемдік өркениет биіктеріне тарту үшін не істеу керектігі туралы мәселелерді маңызды деп санады. Тәрбие ел болашағы үшін оның байлығын еселейтін білікті мамандардың болуымен ғана емес, олардың дүниетанымы, азаматтық, адамгершілік ұстанымының маңыздылығымен де құнды.

Мектептегі тәрбие жүйесінің маңызды инновациялық сипаттамаларын іздестіруін талдау қажет. Сол себепті Е.В. Бондаревскаяның мәдениеттанулық түрдегі тұлғалық - бағдарлы білім беруге негізделген тәрбие жүйесі қызығушылық тудырады. Е.В. Бондаревская, қызметінің негізгі өзегі азамат, мәдениетті және адамгершілікті адам тәрбиелеу болып табылатын мәдениеттанулық түрдегі тұлғалық-бағдарлы білім берудің теориясы мен практикасын әзірлеуге бағытталуы тиіс елдегі танымал және баршаға белгілі ғылыми мектептің жетекшісі [2, 29 б.].

Қазақстан Республикасында тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің мүддесін іске асыруға бағдарланған тәрбиенің тұтас жүйесі өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Қоғамдағы оң өзгерістер білім беру ұйымдары қызметінің тәрбие жүйесінде көрініс тапты. Сонымен бірге, білім алушылардың тәрбиесі

олардың табысты әлеуметтену проблемасын шешуге әлсіз бағдарланған, ол әлеуметтік инфантилизмге, ересек өмірге бейімделе алмауына жеткізеді.

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде көрсетілгендей, білім берудің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау: білім алушыларды тәрбиелеу, білім бере отырып жан – жақты қалыптастыру, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, ақпараттандыру. Осы қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады. «Біз өзіміздің ұлттық ойлау жүйемізді, тарихи танымымызды, рухани мәдениетімізді барынша терең дамыта отырып, барлық салада рухани тәуелсіздікке жетуіміз керек», - деген Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың сөзі бүгінгі ұстаздың негізгі ұстанымы болуға тиісті [3, 3 б.].

Білім мен тәрбие егіз, оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды. Көптеген ғалымдар тәрбие беру процесіне көп көңіл бөлген. Соның ішінде, В.Белинский «Бала тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек, тәрбиенің арқасында болашақ адамзат тағдырының негізгі мәселесі шешіледі», - деп айтқан болатын. Бүгінгі бәсекеге қабілеттілікті талап еткен қоғамда жас ұрпақты сол қоғам мүддесіне сай, оның мұң – мұқтажын өтерлік, елін, жерін, халқын көзінің қарашығындай қорғайтын ұлтжанды, отаншыл азамат етіп тәрбиелеу көзделінеді. Сондықтан ұстаздардың мақсаты: бүгінгі ұрпақ – еліміздің болашағын – қазіргі қоғам мұратына сай жан-жақты жарасымды тұлға етіп өсіру. Қазіргі жағдайларда адамның ұзақ та арнайы ұйымдастырылған өмірге тәрбиесіз араласуы өте қиын. Тек тәрбие ғана жеке тұлғаның дамуының әлеуметтік бағдарламасын жүзеге асыратын, оның бейімділігі мен қабілеттілігін жетілдіретін шешуші күш екендігін айқын аңғартады. В.Г. Белинский: «Тәрбие – ұлы іс, тәрбие арқылы адам тағдыры шешіледі» - деген болатын. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана адам болып қалыптасады.

Заман талабына сай білім берудегі негізгі мақсат тек білімді, кәсіби мамандандырылған адамдар дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру, білім берумен қатар тәрбие беру арқылы жүзеге асырылатыны белгілі.

Бұл жөнінде, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да білім беру жүйесінің негізгі міндеті – баланың даралығын дамыту, тәрбиелеу және сапалы оқыту үшін жағдайлар жасау арқылы интеллектісін байыту, бала тұлғасының рухани және дене мүмкіндіктерін ашу екендігін ерекшеленген еді. Осы орайда мектеп қабырғасынан басталатын білім мен тәрбие беру, жеке тұлға қалыптастыру бәсекеге қабілетті болудың қайнар көзі [4].

Жасөспірімдердің қалыптасуы мен дамуында екі фактордың ықпалы өте зор. Оның бірі – тәрбие екендігін жақсы білеміз. Сол себептен де, рухани дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру арқылы білім мен қатар әрбір оқушының бойына танымдық, адамгершілік, әлемдік, ұлттық, салауатты өмір салты мен дүниетанымдық құндылықтарды қалыптастыра білуіміз қажет.

Яғни, бүгінгі таңда сапалы білім беруде мұғалімдер алдына дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлғаны қалыптастыру мен тәрбиелеу міндеті тұр.

Тарихта тұлға болып қалыптасуындағы сапалы білім мен тәрбиенің рөлін ұлы тұлғалар Абай, Шәкәрім өз еңбектерінде атап өткен. Абайдың еңбектерінде «... бес нәрседен қашық бол», - деп адамды аздыратын зиянды әрекеттерден аулақ болуын, білімді серік етуде тәрбиенің маңызы мен оның өміріміздегі алатын орнын атап өткен [5].

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «білім беру жүйесі міндеттерінің бірі: ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау және белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық – саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру» - деп көрсетіледі [6]. Осы ретте білім беру мекемелері жаңа білім сапасына сай мемлекеттік сұраныс пен тапсырысты орындауы талапқа сай жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар, кемінде 3 тілді меңгерген, көп мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу стратегиясы айқындалған. Бұл өз кезегінде мұғалімдер алдында көп тілді меңгеру міндетін алға қояды. Яғни, «Еліміздің ертені-бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» – деп елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақты тәрбиелеуде ұстаздар еңбегі зор екендігін, білімі шындалған жан-жақты ізденімпаз мұғалімдер балаға тәрбие беру арқылы және де әрдайым өзі ізденісте жүру арқылы сапалы білім бере алатындығын аңғаруымызға болады.

Жас ұрпаққа сапалы біліммен бірге саналы тәрбие беру қай кезде де өзектілігін жоғалтқан емес. Қазірде солай. Ата-бабаларымыз жас ұрпақты елін, жерін сүюге үндеп, ұлттық салт - дәстүрмен сусындатуды мұрат тұтқан. Сол рухани үндеу бүгінгі күнде де мұра болып жалғасын табууда. Қазақ елінің патриоттардың мекеніне айналуы өзгеге үлгі, өзімізге медеу. Рухани тәрбиемен нұрланбаған адам өзінің алған білімін қара басының пайдасына жұмсап, өз мүддесі үшін адамзатқа апат әкелуі мүмкін. Оның мысалы тарихта аз емес. Тек сол арқылы ғана халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай рухани мұрасымен жастардың бойына адамгершілік ізгі қасиеттерді қалыптастырып, сіңіргісіз, өзінің Отанына адал азамат етіп тәрбиелеу ата-ана мен ұстаздарға жүктелетін басты міндет.

Әрине, оқу мен тәрбиелеудің үлкен ортасы – мектеп екені белгілі. Ондағы жоспарлы тақырыптық сабақтармен қатар, сынып сағаттары, тәрбие сағаттары оқу мен тәрбиенің ең негізгі, ықпалдастығы болып отыр. Бүгінгі таңда, ұрпағымыздың азамат болып қалыптасуы барысында біз олардың жаһандандудың теріс ықпалдарына қарсы тұруын ескеруіміз қажет. Бұл жағдайда тәрбие жұмысының тиімділігі ата-ана мен мектептің өзара байланысынан көрінеді. Өскелең ұрпаққа адамзат тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан патриоттық, ұлттық, адамгершіліктік, рухани тәрбиені беру, отаншылдықты, сапалы білімді дамыту – қазіргі кезде көкейкесті мәселенің бірі болып отыр. Осы мәселелер еліміздің тұтастығын, оны ішкі және сыртқы күштерден сақтау міндетінің өзі жастарды отаншылдық, ұлтжандылық, патриоттық рухта тәрбиелеуді жүктейді. Өткенін білмеген халқының қадірін білмейді, халық нені бастан кешірді, бүгінге қол жеткені ненің арқасы, халық өз тарихын жасау үшін тер төгіп, азап шекті, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, жерін қорғап, елін сақтады. Отансүйгіштік сезімнің нысаны мен қайнар көзіне Отан, туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер, туған өлкедегі ұлттық құндылықтар жатады. Ұлттық сезім – өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білу. Сайып келгенде, мұның барлығы тәрбиеге тіреледі.

Өскелең ұрпақ білім мен ұлттық тәрбие негіздерін өзінің ұлттық мектебінен алатыны сөзсіз. «Ұлттық мектеп дегеніміз – ұлттық рухта тәрбие беретін орын».

Елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім-тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету басты міндетіміз болып қала бермек.

Ұлттық тәрбие – біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз.

Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу – бүгінгі күн талаптарының маңыздысы. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Адамзат баласының алға қарай сатылай өркениет өріне жетуі әр адамның дұрыс ой түйіп, өнегеге жол сілтеуі, рухани күшін нығайтуға, аға буын өкілдеріне ізет көрсету отансүйгіштік тәрбенің бастамасы болып табылады.

Ұрпақ тәрбиесі-адамзат баласының асыл мұраты. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз, сондықтан, әрбір жеке тұлғаны әр ұстаз адамгершілік, ізгілік кішіпейілділік, қарапайымдылық, отансүйгіштік қасиеттерге баулу арқылы тәрбиелейді. Бұл ретте мектептегі тәрбиенің мақсаты: ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, парасатты, мәдениетті, ар-ожданы мол, еңбекқор, бойында басқа да ізгі қасиеттері қалыптасқан азаматтарды тәрбиелеу [7].

Тәрбие – өсіп келе жатқан жас ұрпақты өмірге даярлаудың барлық жағын қамтитын, жеке тұлғаны ғасырлар бойы жиналған адамзат тарихындағы тәжірибені игертіп, біліммен жаратқандыруға бағытталған қоғамның талап-тілегіне тәуелді күрделі үдеріс. Бізге бұрыннан белгі болып келген тәрбиенің ұйымдастырушылары: отбасы, ата-ана, балабақша – тәрбиеші, мектеп – мұғалім. Жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін тұлға мұғалім – тәрбие көзі [8, 7 б.].

Тәрбие жүйесі білім берудің заманауи жағдайларында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым және практиканың жетістіктері негізінде тұлғаның қалыптасуына, дамуы мен кәсіби тұрғыдан кемелденуі үшін білім алуға қажетті міндеттерін толық көрсететін, қоршаған әлемді, өз тұлғасының әлемін тануға, саналы түрде өзіндік тануы мен өзіндік басқару біліктерін игеруге және дамытуға қабілетті тұлға қалыптастыру. Заманауи жағдайларда рухани-адамгершілік тәрбиені енгізу проблемаларына көп көңіл бөлінуде. Рухани - адамгершілік тәрбие тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзіндік сана арқылы өтеді. Өзіндік сана патриотизм мен еуразиялықтың көпэтникалық, көпмәдениетті, көпконфессиялы Қазақстанда

нығайған, бекіген жалпыхалықтық қазақстандық идеясына бағдарланады, рухани келісім, өзара түсіністік, бірігу және саяси тұрақтылық мемлекеттік саясат деңгейінде басым құндылықтар болып табылады. Адамзаттық құндылықтардың барлығы әр жас кезеңінде: мектепалды, мектеп, колледж, жоғары оқу орны ұлғайып жатқан шеңбер принципі бойынша оқыту мазмұны болады. Оқытудың әр жас кезеңінде «адам - әлем» ара қатынасының мәнін ашатын бірнеше проблемалық түйіндерді көрсетуге болады, олар қалпына келеді және әр жолы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жаңарып отырады [9].

Сондықтан да, халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасамайынша, сапалы білім бере отырып, әрбір жеткіншекке тәрбие беру басты міндетіміз болып қала бермек.

Қорытындылай келе, тәрбие үрдісінде ұстаздың білім өрісі мен әдіскерлік шеберлігі, жеке басының үлгісі, шешуші рөл атқаратынын ұмытуға болмайды. Шәкірттер өз ұстаздарының жүріс-тұрысына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, дүниетаным көзқарасына еліктемей тұра алмайды. Орыстың ұлы педагогы К.Ушинский: «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да, ешқандай орынның жасанды әрекеті де оның орнын баса алмайды» - деп текке айтпаса керек.

Оқушы жастардың жүрегін тебіренгізіп, ой-сезіміне әсер ету үшін біріншіден, тәрбие беруші ұстаздың саяси сауатты, жан-жақты энциклопедиялық мол білімі болуы шарт, екіншіден, тәлімгер ұстаз өз бойындағы білімді оқушы жүрегіне еркін ұялата аларлықтай әдіскерлік шеберлігі қажет, үшіншіден, мұғалім оқу-тәрбие үрдісін жүргізу кезінде оқушының психологиялық ой-өрісінің өсу, даму дәрежесін бақылап, тап басып білетіндей сезімтал психолог болуы керек. Яғни, А.Н.Толстойша айтқанда «Мұғалім өн бойына өз ісіне, шәкіртіне деген сүйіспеншілікті жинақтаса ғана ол нағыз ұстаз».

Егеменді ел болып, етек-жеңімізді енді ғана жинап болған қазіргі шақта халқымыздың тәлім-тәрбиесін игерген, рухани бай, ел болашағын ойлайтын, парасатты да саналы азамат тәрбиелеу-біздің, ұстаздардың басты міндеті. Білім мен тәрбиені сабақ барысында ұштастырып, бірлікте оқыту – әрбір ұстаздың басты шарты болса, сынып жетекшілері тек сабақта ғана емес, сабақтан тыс уақытта да іздене жүріп, оқушылардың бойына тәрбиенің, соның ішінде ұлттық тәрбиенің, ең ізгісін, ең асылын сіңіре білуі керек.

Қазіргі таңда тәрбиенің теориясымен практикасының өзекті мәселелерінің бірі білім – тәрбие жүйесінің мақсатын белгілей отырып, жаңа заман адамдарын тәрбиелеуді талап етіп отыр. Ал ұстаздардың осы талап тұрғысынан табылуы, олардың адам тәрбиесіне өнер деп қарап, үнемі шығармашылықпен ізденуіне, мектеп басшыларының күнделікті бақылау басшылығына, әр ұстаздың бойындағы жақсы қасиетті, өнегелі істі танып көре білуіне, оны үлгі-өнеге етуіне байланысты жүзеге асыруына ықпал жасай білуі керек.

Егеменді еліміздің ертеңі өткен тарихымызбен тығыз сабақтасып келеді. «Жаста берген тәрбие – жас шыбықты игендей», – деп Ы.Алтынсарин айтқандай, халқымыздың сан ғасырлық тарихынан өзек тартамын рухани мұрасын ұрпақ бойына сіңіргенде ғана еліміздің жұлдызы жанып, әлемдік мәдениетке ұмтылары айқын.

Ел басшысынан бастап даладағы еңбекшіге дейін мектеп босағасынан өтіп, тәрбие алып шығатыны белгілі.

Тәрбие жолы – қиын жол. Өмірді өрнектейтін адам – ұстаз шәкірт алдындағы парызын ешуақытта ұмытпайды. Мүлт етсе үлкен қателік жіберіп алатынын біледі. Ал тәрбиеде кеткен қателікті түзеу оңай іс емес. Мектептегі әр ұстаз ізденуді, білім беруді, баулуды, тәрбиелеуді, шығармашылықпен еңбек етуді абыройлы міндет, айбынды мақсаты деп біледі. Жас ұрпақты білімді, жан-жақты етіп өсіруге әрбір ата-ана, мектеп және бүкіл жұртшылық болып қатысу керек.

Сондықтан да, жасөспірімдерге сапалы білім берумен қатар тәрбие де жеке адамды мақсатты бағытта, жүйелі түрде қалыптастырады. Аға ұрпақтардың тәжірибесін беру және игеру, сананы қалыптастыру, білімалушылардың сезімін дамыту және мінез-құлық дағдыларын қалыпқа түсіру, оларды өмір мен еңбекке даярлау тәрбие процесінде жүзеге асырылатындықтан, тәрбие мен сапалы білім беруарқылы халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты мен асыл мұраларымызды дәріптеп, білімге ден қойып көп ізденіс жасап, оқыту мен тәрбиені бірге ұштастырып, саналы да, тәрбиелі, білімді ұрпақ тәрбиелеу міндетті болып қалмақ.

1. Назарбаев, Н.Ә. Интеллектуалды ұлт – 2020 / Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» стипендиаттарының форумында сөйлеген сөзі // Астана: 2008. – 30 қаңтар. – Online Zakon KZ / document/.
2. Бондаревская, Е.В. Ценностные основания личностноориентированного воспитания. – Педагогика, 1995, №4 – С.29.
3. С.Ж. Пірәлиев «XXI ғасыр ұрпақтары әлемдік білім жетістіктерін терең меңгеруі қажет» // «Айқын» республикалық қоғамдық – саяси газеті. – 2010. №202, 30 қазан. – Б. 3.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы // «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 15 тамыз. – № 254 – 256.
5. [http:// abai.kz](http://abai.kz).
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы // «Егемен Қазақстан» 2007 жылғы 15 тамыз № 254 – 256.
7. Оқушы бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда мектеп пен ата-ананың рөлі // <http://40.astana-mektep.kz/>
8. Шакурова М.В. Социальное воспитание в школе. – М., 2004. – С.7
9. Демешева М.Е., Кожасметова, К.Ж. Аратай, Л.Б., Молдыбаева, Ш.Б. Воспитательные системы воспитания в Казахстане / М.Е. Демешева, К.Ж. Кожасметова, Л.Б. Аратай, Ш.Б. Молдыбаева // Педагогика. – Алматы: Изд. Сигнет-Принт. – 2006.

Резюме

Баселова П.Ж. – магистрантка 2 курса 6M050100 – «Социология»

КазНПУ им. Абая, pikow1991@mail.ru

Научный руководитель: **Калдыбаева Т.Ж.** – д.с.н., профессор кафедры политологии и социально-философских дисциплин, КазНПУ им. Абая, tynyshlyk43@mail.ru

Образовательная ценность качественного образования

В статье рассматривается воспитание и качественное образование. Роль воспитания в образовании всегда очень важна. Потому что, образование всегда входит такими ценностями как патриотизм, гуманизм, духовное богатство и подчиненность в закону.

Поэтому не только качественное образование, но и воспитание целенаправленно и в системном порядке формирует индивида. Рассказывается об освоении и опыта развития предков, формировании сознания, развитие чувство самосознания и навыкам поведения обучающихся, подготовит их к жизни и деятельности осуществляемой в учебном процессе.

Ключевые слова: воспитание, образование, патриотизм, нравственность, общество, ценность, школа, поколение, преподаватель, культура, духовная мышления, национальное воспитание.

Summary

Baselova P. Zh. – 2th course master specialty of Sociology

KazNPU named after Abai, pikow1991@mail.ru

Scientific supervisor: **Kaldybaeva T. Zh.** – doctor of Social Sciences,

"political, social and philosophical" professor of the Department, KazNPU named after Abai, tynyshlyk43@mail.ru

The educational value of a quality education

The article about education and quality of education provided. Education about the importance of education always said. After all, education, patriotism, moral and spiritual development, along with values such as loyalty is to the law. Therefore, along with education and quality education to adolescents individual target direction, forming a regular basis.

The older generations of experience and development, develop a sense of self - consciousness of students at normalization and behavioral skills, students develop a sense of normalization of skills and behavior survey, carried out in the course of their educational preparation for life and work, education and quality of education by the end of the forehead national values of our people, past centuries as a lasting legacy emerging praise of propaganda circulated by example and precious heritage of our people, a lot of attention to research and education, training and education in conjunction with the intelligent, educated, and set about the task of knowledge generation

Keywords: education, patriotism, morality, society, values, schools, generation, a teacher, a culture, a sense of national consciousness, spiritual thinking, a national education.

ӘОЖ – 373.1:316 (574)

МЕКТЕПТЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК МАМАНДАРДЫҢ ФУНКЦИЯСЫН ҮЙЛЕСТІРУ

Есенжолова А.А. – Абай атындағы ҚазҰПУ бМ050100 – «Әлеуметтану» мамандығының
2 курс магистранты, *essenzholova_a@mail.ru*

Ғылыми жетекші: Т.Ж. Қалдыбаева – а.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ,
«саясаттану және әлеуметтік – философиялық» пәндер кафедрасының профессоры,
tynyshtyk43@mail.ru

Мақалада мектептегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік педагог және психологтың функционалдық қызметтерінің арабайланысы қарастырылған. Көрсетілген мамандардың мектептегі үшжақты қызметі олардың жұмысының нәтижелілігінің негізі болып табылады.

Әлеуметтік педагогтар тұлғаның өз-өзі дамыту және өз-өзін тәрбиелеу процесіндегі болашағын анықтау, әлеуметтік диагноз жеке тұлғалық мүмкіндіктерді және әлеуметтік тұрмыстық өмір қызметін үйретіп қана қоймай, жасөспірімдер мен баланың девиантты мінез-құлқының себептерін қарастырып, сәтсіз отбасылардың әлеуметтік себебін анықтап, балалар мен жасөспірімге жанұя жағынан және әлеуметтік орта жағынан әсер ететін тәрбиенің барлық түрінен түзету жұмысын жүргізіп отырады. Жалпы, мектептегі әлеуметтік педагогтардың негізгі атқаратын қызметтері мен оқушылар тәрбиесі туралы баяндалған.

Түйін сөздер: әлеуметтік қызметкер, психолог, әлеуметтік педагог, оқушылар, мектеп, тәрбие, девиантты мінез – құлық, отбасы, мінез-құлық, қоғам.

Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасында: «Жаңғыртудың табыстылығы үшін әрбір азаматтың өз Отанына пайдалы болуы өте маңызды. Жаңғырту барлық қазақстандықтарға қажет. Осындай түсіністік жағдайында ғана кең көлемді қоғамдық консенсус пен табысқа қол жеткізуге болады» - деген болатын. Яғни, қоғамда белгілі бір табысқа жету үшін білім керек, бірақ одан бөлек жасөспірімге ең бірінші тәрбие дұрыс бағытта берілуі тиіс. Сол себептен де, баланың барлық жақсы қасиеттерді бойына жиып өсуі үшін, білім беру мекемелерінде әлеуметтік педагогтардың алатын орны мен қызметі өте зор. [1]

Қазіргі таңда өскелең ұрпақты тәрбиелеу маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Олардың әлеуметтік ортаға бейімделуі, қоғамда өз орындарын дұрыс бағытта алуы, құқықтарының қорғалуы, үлкендер тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырамауын бүгінде әлеуметтік тәрбие беретін мамандар ұйымдастыруы қажет.

Қазақстан қоғамының жас ұрпағын тәрбиелеу төмендегідей әлеуметтік құндылықтар тарапынан іске асырылмақ:

- Қазақстанның жан-жақты дамуы арқылы тәуелсіздігін біржола баянды ете алатын білімді және тәрбиелі азаматтарды оқытып тәрбиелеу;

- мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігінің кепілі ретінде халық бірлігі мен ынтымағына бағдарланған ұрпақ өсіру;

- ғылым мен білімнің алдыңғы шебіне шығып, жоғары технологиялар арқылы ел дамуын жаңарта алатын, ақпараттық қоғам талаптарына адамгершілікпен жауап бере алатын жаңа толқынды даярлау;

- жаһандану мен жан-жақты трансұлттық қозғалыстар жағдайында ел мүддесін алып жүре алатын патриоттарды тәрбиелеу. [2]

Аталған әлеуметтік және қоғамдық құндылықтар негізінде мектептер ұжымдарының мақсаты айқындалады. Ол - әрбір баланың іргелі білімденуі мен әлеуметтік тұлғалық дамуын қамтамасыз ету.

Мектептің бірінші әлеуметтік функциясы - барлық мектеп жасына толған балаларды мектеп шаңырағының астына біріктіріп, бәрін бірдей мемлекет талабына сай білімдендіре отырып тәрбиелеу.

Мектептің екінші әлеуметтік функциясы - әр баланың жас шамасына сай сапалы білім мен тәрбие алу құқығын қорғау, өз қойнауында оны іс жүзіне асыру әрі әлеуметтік көпқабаттылық, көпменшіктілік, көпұлттылық, көпдәстүрлілік жағдайында балаларды әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық қорғау. Бала қай әлеуметтік қабаттың, қай ұлттың, қандай елді-мекеннің, қандай отбасының, қандай әлеуметтік-психологиялық ортаның өкілі болса да, мұғалім алдында олардың бәрі бірдей. Ол - білімдену және қорғану құқығы мен мүмкіндігі теңелген, әділетті адамдық кеңістіктің өкілі. Бәрінің де ендігі мәртебесі – ОҚУШЫ. Өскелең ұрпақтың ең үлкен әлеуметтік қауымдастығы. Оқу мен тәрбие істерінің басты тұлғасы және білім беру мен білімдену іс-әрекетінің басты алып барушысы. Мектепті мектеп ететін оқушылардың ұстаздарының көмегімен еткен өз еңбектері: оқу еңбегі, тәрбиені игеру еңбегі. Мектеп оқушылары өзіндік ірі әлеуметтік орта.

Мектептің үшінші әлеуметтік функциясы - білімдену мен тұлғалық тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ете алатындай әлеуметтік орта және кеңістік жасайтыны. Мектепте мұғалімдермен қатар арнайы психолог маманның жұмыс істей бастағаны және әлеуметтік педагог пен әлеуметтік қызметкердің біртіндеп ене бастауы аталған проблемаларды реттеудің маңызды алғышарты. Өкінішке орай, олардың функциялық қызметінің мазмұны мен жауаптылықтары ауқымы әлі жеткілікті анықталмаған. Мектеп психологтарының уақытының басымы тек диагностикалық жұмыстар және мінез-қылығы ауытқуы байқалған жекелеген оқушылармен жұмыстан аспайды. [3]

Үш маманның, әсіресе, әлеуметтік педагогтің оқушылар үлгеріміне байланысты пән мұғалімдерімен бірлескен сараптамалық жұмысы қажет-ақ. Олар біріге отырып, қандай олқылықты толықтау және қалай, қандай әдіс-шаралар арқылы жағдайды түзету керектігін анықтап алар еді. Соған сай педагогикалық әдіс іске қосылып, оның нәтижелігін әлеуметтік педагогтың бақылауда ұстауы мұғалімнің жауаптылығын арттырушы мотивацияның бірі бола алар. Алайда екі маманның өзара адамгершілікті ымырашылдығы болмаған жерде жатымды нәтиже алынбай, керісінше, біреуі ары, екіншісі бері тартқан психологиялық қолайсыздықтар пайда болуы да мүмкін. Сол себепті әлеуметтік педагог ролін атқарушының біліктілігі мен адамгершілік қасиетінің маңызы зор.

Әлеуметтік мамандар (әлеуметтік педагог, психолог, әлеуметтік қызметкер) - социумның «әлеуметтік диагнозын» қою барысында оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін, олардың қабілетін, қызығушылығын зерттейді. Ресми емес ұйымдардың балалар мен жасөспірімдерге тигізетін оңды және теріс ықпалдарын анықтайды. Олар психологиялық, медициналық, құқықтық, адамгершілік – этикалық және басқа да сипаттағы проблемаларды шешуге көмектеседі. Қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола отырып, тәрбиеленушінің шынайы өмірге қалыптасуына, балалар мен ересектер арасындағы гуманистік, рухани адамгершілік қарым-қатынастарға ықпал етеді. Мектеп ұжымы және қауымдастығы шеңберіндегі әлеуметтік (әлеуметтік мәні бар) арабайланыстардың негізгі бағыттары:

- оқушы – мұғалім;
- мұғалім – оқушы;
- оқушы- оқушы;
- мұғалім – мұғалім;
- басқарушы субъектілер – оқушы – мұғалім;
- мұғалім - басқарушы субъектілер – оқушы;
- отбасы субъектілері - мектеп ұжымы – оқушы;
- оқушы – мектеп ұжымы – отбасы;
- ата-ана – мұғалім – оқушы;
- басқа субъектілер – мұғалім – оқушы;
- сабақтан және мектептен тыс дамытушылар – оқушылар.

Бәрінің басын бір **идея**, соған байланысты **құндылықтар**, мүдделер, мақсат пен міндеттер біріктірді. Сондықтан да ортақ идея мен мақсат үшін еңбек жасауға аталғандардың әрқайсысының өздері мүдделі. Мектеп басшылығының басты міндеті - іс барысындағы осылардың біртұтастықтығын қамтамасыз ету, істің тиімділігі болуының қажетті алғышарттарын жасап іске қосу. Барлық қоғамдардағы мектептер негізінен осы идея туы астында қызмет етеді. Оның аты - әрбір өмірге келген адамды өз мәнінде әлеуметтендіру, қоғамның әлеуметтік әлеуеті ету. Әйтпегенде, қоғамдық және әлемдік прогресс тоқтап қалған болар еді және адамдар мен қоғамдар, ұрпақтар бірін-бірі ұғына алмас еді. Мектеп – миллиондар емес, миллиардтаған адамдарды білімдік, мәдени бір-біріне түсінікті етеді, жақындастырады, адамдық дамуын теңестіреді. Әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени-рухани, стратификациялық көптүрлі әлем-

ді және қоғамдық қатынастарды өркениетті тіршілік етуге үйрететін де мектеп. Мектеп - әлемдегі ең басты әлеуметтік институт. [4]

Әлеуметтік педагог өз қызметінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңын, БҰҰ «Балалардың құқықтары туралы Конвенция», ҚР «Неке және отбасы туралы заңы», басқа да нормативтік актілер мен құжаттарды, осы ережені басшылыққа алады.

Мектепте әлеуметтік жұмыстар өте ауқымды. Олардың клиенттері оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер болады. Өз мақсатында мынадай функцияларды атқарады.

1. Аналитикалық диагностикалық;

- әлеуметтік диагноз жеке тұлғалық мүмкіндіктерді және әлеуметтік тұрмыстық өмір қызметін үйренеді;

- жасөспірімдер мен баланың девиантты мінез-құлқының себептерін қарастырады, сәтсіз отбасылардың әлеуметтік себебін анықтайды.

2. Жобалау:

- бала тәрбиесіне және тұлғаның дамуына әлеуметтік педагогикалық оқиға процесіне бағдарлау және жобалау;

- тұлғаның өз-өзі дамыту және өз-өзін тәрбиелеу процесіндегі болашағын анықтау;

- өзінің әлеуметтік-педагогикалық жұмысын уақытылы және кезекті етіп жоспарлау.

3. Ұйымдастырушы – қатынастық;

- мектеп оқушыларына әлеуметтік тәрбие беру процесінде мүмкіндіктерді пайдалану, тек жергілікті еңбек және демалыстың мектеп қызметкерлері қатар, мөлтек аудан тұрғындарымен әлеуметтік тәрбие процесін жүргізу;

- жеке және ресми қарым-қатынасты ұстау;

- әлеумет пен оқушылар арасындағы оң және теріс іс-әрекеттерінен хабардар болу;

- жасөспірімдермен балалар арасындағы демократиялы, жүйелі өзара қарым-қатынасты қалыптастыру, сонымен бірге жеке тұлғалық және олардың үлкендермен әрекеттеріне көмектесу.

4. Коррекциялы:

- балалар мен жас өспірімге жанұя жағынан және әлеуметтік орта жағынан әсер ететін тәрбиенің барлық түрінде түзету жұмысын жүргізіп отыру. [5]

Әлеуметтік педагогтың өзге білім субъектілерімен және әлеуметтік серіктестермен ынтымақтас-тық қатынасын ұйымдастыруда мемлекеттің балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясаттың мақсаттары жүзеге асырылуы тиіс:

1. Қазақстан Республикасының балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясатының мақсаттары: балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу; балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін нығайту, сондай-ақ құқықтары бұзылған жағдайларда оларды қалпына келтіру; бала құқықтары кепілдіктерінің құқықтық негіздерін қалыптастыру, баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті органдар мен ұйымдар құру; балалардың дене бітімі, интеллектуалдық, рухани және имандылық тұрғысынан дамуына, олардың бойында елжандылық, азаматтық және бейбітшіл сезімдерді тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың жеке адами тұлғасының қоғам мүддесі, мемлекет халықтарының дәстүрлері, ұлттық және әлемдік мәдениет жетістіктеріне қол жеткізуі үшін мүмкіндіктерін ашуға жәрдемдесу; кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі нысаналы жұмысты қамтамасыз ету болып табылады.

2. Балалар мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік органдар қызметінің басым саласы болып табылады және:

• баланың құқықтарын заң тұрғысынан қамтамасыз етуге;

• балаларға толымды тәрбие беруді, олардың құқықтарын қорғауды оларды қоғамда толымды өмір сүруге дайындауды қамтамасыз ету мақсатында отбасын мемлекеттік қолдауға;

• аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеуге және сақтауға;

• баланың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны, оған зиян келтіргені үшін лауазымды тұлғалардың, азаматтардың жауаптылығына;

• баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарды мемлекеттік қолдауға негізделген. [6]

Әлеуметтік педагог аталмыш мақсаттарды жүзеге асыруда төмендегі құзыретті органдармен әлеуметтік серіктестік байланыстарын жүзеге асырады.

- Сынып жетекшілері, психолог, әлеуметтік қызметкер және пән мұғалімдерімен өзара тығыз байланыс.

- Директордың тәрбие ісі және құқықтық ісі жөніндегі орынбасарларымен тығыз байланыс.
- ИДН қызметкерлерімен байланыс.

4. Қорғаншы және қамқорлық органдарымен байланыс

Әлеуметтік педагогтың, психологтың, әлеуметтік қызметкер бірлескен қызметі төмендегідей:

- отбасына әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету;
- отбасы мен балаларға дәрігерлік, психологиялық, педагогикалық кеңес беру;
- балаларды күйзелтетін даулы мәселелерді шешуге көмектесу;
- мінезінде ауытқушылығы бар адамдарға психологиялық және диагностикалық коррекция жасау;
- профилактикалық шаралар ұйымдастыру. [7]

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда мектепте жасөспірімдерге, олардың әлеуметтік жағдайын көтеру, материалдық көмек көрсету, әлеуметтік қолдау мақсатында әлеуметтік мамандар қызмет атқаруда. Қоғам мен отбасы, бала тұлғасы жүйесіндегі аралық келістіруші бола отырып, тәрбиеленушінің шынайы өмірге қалыптасуына, балалар мен ересектер арасындағы гуманистік, рухани адамгершілік қарым-қатынастарға біршама ықпал етуде.

1. Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалтыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламасы // Егемен Қазақстан. – 2012. – 10 шілде.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – 2007ж.шілденің 27-сі.

3. Қалдыбаева Т.Ж.«Бәсекеге қабілетті Қазақстан Республикасы тұрғысындағы XXI ғасыр мұғалімі: теория, методология, эмперика және практикалогия. Социологиялық талдау және тұжырым-дама. – Өскемен: ШҚМТУ, 2008.

4. Сынып жетекшісі. Әдістемелік құрал. 2007.

5. Әлеуметтік педагогтың нормативтік құқықтық актілер.

6. БҰҰ халықаралық балалардың құқықтары туралы конвенция

7. Бөкешова А.К., Раимбаева М.М., Игілік Ж. «Мектептегі әлеуметтік педагогтың қызметін ұйымдастыру және іс-қазғадарды жүргізу (әдістемелік нұсқаулық). – Шымкент, 2010 ж.

Резюме

Есенжолова А. А. – магистрантка 2 курса

6M050100 – «Социология» КазНПУ им. Абай, essenzholova_a@mail.ru

Научный руководитель: **Калдыбаева Т.Ж.** – д.с.н., профессор

кафедры политологии и социально-философских дисциплин, КазНПУ им. Абай, tynyshytk43@mail.ru

Координация функции социальных специалистов в школе

В статье рассматривается взаимосвязь функциональных обязанностей социального педагога, социального работника и психолога в школе.

Социальные педагоги в процессе саморазвития личности и самовоспитания и не только учат определять будущее, социальный диагноз личностные способности и социального бытовую жизнь, но и рассматривают девиантное поведение детей подростков, социальные проблемы неудачных семей и проводит разъяснительную работу с детьми подростками по поводу семьи и социальной среды. В общем рассказано об основных функциях социальных педагогов в школах и поведение детей.

Ключевые слова: социальный работник, психолог, социальный педагог, ученики, школа, воспитание, девиантное поведение, семья, поведение, общество.

Summary

Yessenzholova A.A. – 2 th course master specialty

of Sociology KazNPU named after Abai, essenzholova_a@mail.ru

Scientific supervisor: **Kaldybaeva T.Zh.** – doctor of Social Sciences,

"political, social and philosophical" professor of the Department, KazNPU named after Abai, tynyshytk43@mail.ru

Coordination of functions of social specialists in school

The article discuss the relationship of functional responsibilities of social teacher, social worker and psychologist at the school.

Social educators in the process of self-development and self-education, and not only learn to shape the future, a social diagnosis of personal abilities and social everyday life, but also considering deviant behavior in children adolescents, social problems of failed families and conducting explanatory work with children teenagers about family and social environment.

In general, told about basic social workers in schools and children's behavior.

Keywords: social worker, psychologist, students, school, education, deviant behavior, family behavior, society.

УДК 327(574)

МЕЖКОНФЕССИОНАЛЬНЫЕ КОНФЛИКТЫ

Каратаева З.М. – магистрантка 2 курса

по специальности 6М050200 Политология, Zauresha.kz@gmail.com

Научный руководитель: **Абсатгаров Р.Б.** – доктор философских наук, профессор
КазНПУ им. Абая

В статье рассматриваются проблемы межконфессиональных конфликтов. Указаны особые причины, которые привели к возникновению этой ситуации. Приведена статистика приверженцев мировых религий за определенные временные отрезки. Также указан религиозный фактор в политической жизни различных стран. Раскрываются функции и типы религии.

В статье указано, что конфликты существуют не только между религиозными группами, но и внутри них. Они могут быть связаны с борьбой за власть, престиж, привилегии.

Работа направлена на анализ причин межконфессиональных конфликтов и пути решения данной проблемы.

Ключевые слова: конфессии, межконфессиональные конфликты, мировая политика, конфликт, религия, мировые религии.

Проблема межэтнических конфликтов в течение последних десятилетий является одной из наиболее актуальных. Подобного рода конфликты довольно трудноразрешимы, а также являются наиболее распространенным источником политической нестабильности.

Сегодня существует множество определений понятия конфликта. Рассмотрим некоторые из них. Само понятие конфликт берет свое начало от латинского слова "conflictus" – столкновение. Английский социолог Э.Гидденс дает такое определение конфликта: "Под конфликтом я имею в виду реальную борьбу между действующими людьми или группами, независимо от того, каковы истоки этой борьбы и средства, мобилизуемые каждой из сторон". [1, с.62]

Межконфессиональный конфликт – это конфликт между группами, относящимися к разным конфессиям или религиозным убеждениям.

Считается, что в мире доля религиозного населения составляет 66% от населения Земли. Доля неверующего населения – 25%, атеистов – 6%. Причем этот показатель постоянно меняется в зависимости от условий жизни. XX век стал периодом упадка протестантизма и временем подъема ислама, индуизма, копто-эфиопского христианства и различных сект.

Учеными подсчитано, что в 1900 г. приверженцы, только мировых религий, составляли 814 млн. чел., в 1988 г. их уже насчитывалось более 2.645 млн. чел., в 2000 г. свыше 4-х млрд. чел. По данным на 2009 год более 63 % верующих людей на Земле являлись приверженцами одной из авраамических религий, из них: 33% - христиане, 20% - мусульмане, 10% - иудеи; 10% жителей планеты исповедовали индуизм, 6% - буддизм, 6% - китайские религии, 0,37% - сикхизм, 7% - другие верования. [2, с. 42]

На протяжении всей истории человечества религия оставалась важнейшей составляющей жизни общества. Поиски духовных ориентиров, точек опоры в быстро меняющемся мире приводят к тому, что в настоящее время роль религиозного фактора возрастает. Связано это во многом с тем, что религия –

важнейший социальный институт, который включает в себя систему социальных норм, ценностей, ролей, обычаев, верований, ритуалов, стандартов поведения.

Многочисленные конфликты и политические потрясения, происходящие в сегодняшнем мире, не могут быть объяснены без уяснения религиозного фактора в политике. Религия по-прежнему в значительной мере определяет подоплеку политической жизни в большинстве стран мира. Религиозный фактор играет значительную роль в политической жизни и тех стран, где большая часть населения нерелигиозна.

Религия занимает огромное место в политической культуре большинства стран и народов мира. Религиозная символика присутствует в качестве составной части символики государств, политических партий, общественных организаций. Религиозные праздники являются также и государственными практически во всех странах мира. Например, в Казахстане Курбан Айт и Рождество отмечаются на государственном уровне. Роль религии в политическом развитии мира, как это ни парадоксально, все более возрастает. Еще недавно большинством исследователей разделялись выводы французских просветителей XVIII в. о том, что религия является исключительно следствием невежества народных масс и исчезнет по мере развития образования и технического прогресса. Но вот начиная с 70-х гг. XX в., по мере подъема исламского движения и исламской революции в Иране, политологи заговорили о религиозном ренессансе во многих регионах мира. Появились такие термины, как "политизация религии" и "религизация политики". На рубеже веков стало ясно, что "религизация" политики является фактором достаточно постоянным, охватившим в той или иной степени почти все страны мира. [3, с. 25]

Идеология, в том числе и идеология религиозная, появляется в обществе потому, что в ней возникает потребность. Религиозная идеология в политике выполняет ряд функций:

Познавательная функция. Каждая идеологическая система предлагает свою совокупность знаний, полученных в сфере духовной культуры и на основе опыта классов и социальных групп. Основываясь на этих знаниях, идеология создает свою модель истории человеческого общества и места в ней той социальной группы, этноса или конфессии, интересы которых и обосновывает данная идеология.

Религиозная идеология дает верующему целостное и завершенное мировоззрение, касающееся и его политических взглядов и поведения. В религиозном сознании все непонятное и неподвластное разуму восполняется верой. В силу этого для религиозного восприятия нет нерешаемых проблем, в том числе и в сфере политики, и нет остающихся без ответа вопросов. Если самому верующему, даже на основании изучения священных текстов, может быть что-либо непонятно в происходящем, то на эти вопросы дадут свое авторитетное суждение религиозные лидеры.

Ценностная (аксиологическая) функция. Каждая религия опирается на свою систему ценностей - политических, экономических, правовых, моральных, эстетических, культурных и т.п. Религия помогает верующему принять и усвоить определенные политические (как, впрочем, и этические и социальные) идеалы. В их число входят представления о наиболее совершенном общественно-политическом устройстве, высшей справедливости и о тех политических партиях и организациях, которые способствуют претворению этих идеалов в жизнь.

Необходимо выделить также мобилизующую функцию, когда осуществляется конкурентная борьба с представителями других религий, и регулирующую функцию религиозной, как, впрочем, и светской идеологии. В самом деле, религия представляет собой всеобщий регулятор общественной и личной жизни. Как правило, все конфессии обладают системой требований, определяющих повседневное поведение своих последователей дома и в обществе. Нельзя не признать, что общество, в котором религия играет значительную роль, как правило, более стабильно и организовано, чем светское. Религия объединяет людей в сообщества, призывает их соблюдать моральные и политические требования.

Сходной регулирующей функцией отличаются и светские идеологии.

Религиозно-политическая идеология выполняет прогностическую функцию, т.е. моделирует будущее общество, к которому призывает стремиться своих сторонников. Религия, как правило, идеальное общество переносит на небо, но тем не менее каждая религиозная идеологическая система всегда имеет свой проект идеального общественно-политического порядка и на земле. [4, с. 165]

Как видим, религия часто направляет, развивает, упорядочивает политическое развитие общества.

В современном мире отмечается тенденция к политизации культуры. Однако это отнюдь не значит, что общество становится более религиозным. Очень часто недовольство социально-экономической или политической обстановкой перерастает в религиозные волнения. Также религия зачастую становится частью националистических программ.

Факты, свидетельствующие, что религия может действовать как фактор разрушительный, несущий конфликт, а не интеграцию и стабильность, рассматриваются в рамках теории конфликтов.

«Отступление от принципа равенства религиозных групп (на любом уровне) перед законом означает проявление нетерпимости; привилегии одних и дискриминация других религиозных групп неминуемо создают конфликтные ситуации на религиозной почве. Религиозная группа, как и любая социальная группа, обладает своей структурой, у нее есть цели, и она вступает в определенные отношения с другими группами. Сущность группы – это не сходство или различия между ее членами, а их взаимозависимость, которая может варьировать (от неструктурированной "массы" до тесного единства). Это зависит, помимо всего прочего, от размера и организации группы, а также от степени близости отношений между членами группы. Одна из наиболее важных потребностей, на удовлетворение которых в религиозной группе рассчитывают ее члены, – потребность в защищенности, безопасности, обладании основой существования, "почвы под ногами", устойчивости в жизненных бурях».

Многие люди до сих пор считают, что всякая чужая, «не их», религия является выдумкой людей, тогда как их собственная религия является откровением Божиим. Тогда возникает не только нетерпимость к людям, исповедующим иную религию, но и желание навязать им свои религиозные взгляды, с их точки зрения единственно верные. Стремление обратить «иноверцев» в «свою веру» получило название прозелитизм. В религиозных обществах полноценными членами общества признаются приверженцы господствующей религии. "Неверие" обычно воспринимается как симптом полной асоциальности. Чаще всего конфликты на религиозной почве возникают по причине партикуляризма. Смысл этого понятия заключается в том, что определенная религиозная группа считает себя исключительной обладательницей истины и истинной морали. Вследствие этого возникают конфликты на почве религиозных расхождений. Проявления партикуляризма встречаются в виде деления религий на "истинные" и "ложные", "хорошие" и "плохие", "полезные" и "вредные". Религиозные группы, которым не присущ партикуляризм, обычно не испытывают враждебности по отношению к другим группам и их верованиям.

Часто религиозные конфликты могут маскировать столкновения на этнической или классовой основе. Враждебность по отношению к другим религиозным группам колеблется в зависимости от того, в какой мере религиозные различия связаны с экономическими, политическими или национальными интересами. Религиозные различия в таких случаях выполняют чисто идеологическую функцию.

Конфликты существуют не только между религиозными группами, но и внутри них. Они могут быть связаны с борьбой за власть, престиж, привилегии. С точки зрения конфликтологического подхода социальное поведение членов религиозных групп также мотивируется стремлением к удовлетворению эгоистических интересов отдельных индивидов или их группировок. В качестве примера можно привести столкновение интересов высшего и низшего духовенства, весьма различающихся по своему социальному статусу.

К числу религиозных конфликтов можно отнести также борьбу между сторонниками религиозного модернизма и фундаментализма. Конфликты внутри группы могут быть связаны с внешними для нее обстоятельствами.

Еще один тип конфликтов связан с существованием религии в обществе, находящемся на той или иной стадии развития процесса секуляризации, то есть освобождении общественных институтов от церковного влияния. Эти конфликты могут быть вызваны изменениями духовной жизни общества, обусловленными формированием светской культуры, противоречащей традиционным религиозным взглядам на мир и соответствующим моральным ценностям. Религиозная приверженность может приводить к конфликту не только с научными взглядами на мир, но и с нормами светской морали, требованиями закона. Мечеть осуждает как великий грех искусственное прерывание беременности, вступая в противоречие с общественным мнением (включая и мнение широких масс верующих). Религиозные убеждения могут противоречить службе в армии, участию в политической жизни или гражданской деятельности. [5, с. 112]

Особое внимание следует обратить на истолкование божественных законов. Такие мировые религии как буддизм, христианство и ислам в их классическом, традиционном варианте основаны на терпимости и человеколюбию, они не призывают напрямую к борьбе с представителями другой веры. Здесь вопрос стоит в интерпретации тех или иных догматов. «Например, исламские фундаменталисты используют понятие джихад для обозначения войны с неверными во имя распространения мусульманской веры. Однако с арабского языка джихад переводится как «усилие». Если в первые века распространения ислама джихад действительно трактовался как война, причем война оборонительная, то начиная с XIV в. концепция джихада усложняется: наивысшим проявлением считается джихад духовный, т. е. внутреннее

самосовершенствование на пути к Аллаху. Таким образом, джихад можно истолковать и как обоснование приложения максимальных усилий для процветания государства, и как оправдание для терактов – все зависит от политических задач того или иного лидера».

Используя религиозную веру и религиозные символы, можно придать сакральность (то есть повысить роль церкви) любому политическому конфликту, сделать его «священным». Таким образом, именно религиозный фактор становится одним из наиболее удобных при использовании в политических целях для оправдания насилия и агрессии.

К сожалению, приходится отмечать, что поскольку религиозные конфликты есть конфликты абсолютных ценностей, часто имеют хронический характер и легко провоцируемы, то они практически не поддаются урегулированию. История учит, что достижение субъектами религиозного конфликта своих целей невозможно одними лишь силовыми средствами. Однако попытки силового урегулирования межконфессиональных конфликтов до сих пор являются, пожалуй, единственным эффективным средством решения этой проблемы (например, Балканский кризис, проблема Нагорного Карабаха, афгано-таджикский «узел», курдская проблема в Турции и т.д.).

В то же время конфликтологический опыт показывает, что одним из путей решения религиозных конфликтов является преобразование возникших на религиозной почве «конфликтов ценностей» в «конфликты интересов», – т.е. отфильтровывание главных причин конфликта от мировоззренческого антагонизма субъектов конфликта.

Кроме того, необходимо уважать право народов и религиозных общин выбирать, жить ли им по законам секулярного гуманизма или, предположим, по законам ортодоксального иудаизма, шариата, целостного христианского мировоззрения или верований коренных народов.

Таким образом, сегодня в обществе существуют различные типы религиозных конфликтов. При этом они могут быть как межконфессиональными, так и внутри конфессиональными. Религия – удобное оружие для людей, преследующих свои цели: по-своему трактуя религиозные догматы, они влияют на мнение людей, по большей части не образованных и легко поддающимся влиянию.

Делая вывод можно сказать, что пока человек не научится здраво, мыслить, делать собственные выводы, а не придерживаться укоренившихся стереотипов, проблема межэтнических конфликтов не потеряет своей актуальности.

- 1 Бабосов Е.М. Конфликтология. – Киев, 1997.
- 2 Лубський В.И. История религии. – Киев, 2013.
- 3 Ковальский Н. «Религия в мировой политике». //Свободная мысль 1992, №9.
- 4 Горлач М.И. Политология наука о политике. – М., 2002.
- 5 Андреев В.И. Конфликтология. – М., 1995.

Түйіндеме

Қаратаева З.М. – Абай атындағы ҚазҰПУ

6M050200 саясаттану мамандығы 2 курс магистранты, Zauresha.kz@gmail.com

Жетекшісі: **Әбсаттаров Р.Б.** – философия ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ

Діни қақтығыстар

Мақалада конфессияаралық қақтығыстар мәселесі қаралады. Осы жағдайға әкелетін арнайы себептері көрсетілген. Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әлемдік діндер ұстанымдарының статистикасы үлгі ретінде алынған. Ол сондай-ақ әртүрлі елдердің саяси өмірінде діни факторды көрсетеді. Діннің ерекшеліктері мен түрлері ашылады. Осы мақалада қақтығыстар діни топтар арасында ғана емес, сондай-ақ олардың өзі ішін-ара түсінбеушіліктері бар екенін атап өтеді.

Олар билік, мансап, бедел, мәртебеге байланысты күрес болуы. Осы еңбек діни қақтығыстар мен бұл мәселені шешу жолдарының себептерін талдауға абағытталған.

Түйін сөздер: конфессиялар, діни конфессия арасындағы қақтығыстар, әлемдік саясат, жанжал, дін, әлемдік діндер.

Summary

Karataeva Z.M. – 2nd year undergraduate

of the specialty 6M050200 Politics, Zauresha.kz@gmail.com

Supervisor: **Absattarov R.B.** – Doctor of Philosophy, Professor, Abay KazNPU

Religious conflicts

The article deals with the problem of inter-confessional conflicts. Shown are special reasons that led to this situation. The statistics of followers of world religions for a certain time period. It sets also the religious factor in the political life of various countries. Disclosed features and types of religion.

The article pointed out that conflicts exist not only between religious groups, but also within them. They may be associated with the struggle for power, prestige, privilege. The work aims to analyze the causes of religious conflicts and ways of solving this problem.

Keywords: confessions, religious conflicts, global politics, conflict, religion, world religions.

УДК 75:398

КЕСКІНДЕМЕ МЕН ГРАФИКАДАҒЫ ЭПОС: ҒАШЫҚТАР МЕН БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

Кенджакулова А.Б. – Абай атындағы ҚазҰПУ

БМО20400 – Мәдениеттану мамандығының 2 курс магистранты,

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кіші ғылыми қызметкері, ainura8883@mail.ru

Ғылыми жетекші: Халидуллин Ғ. - Абай атындағы ҚазҰПУ

т.ғ.д., профессор, kizatulla@mail.ru

Дүние жүзіндегі әрбір халық өз ұлтының ерекшеліктеріне байланысты өзіндік өнер туындыларын қалыптастырған. Олар осындай туындыларды кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан да өткен дәуірлердің мәдениеті мен өнеріне саналы түрде қарап, құрметтеу – бүгін мен болашақтың еншісіндегі іс.

Өзін қоршаған ортаны, айналысқан кәсіпті, адамдардың көңіл-күйін дөп басып, суреттеп беруге ежелгі дәуір адамдары да құштарлықпен қараған. Мұндай құштарлық біртіндеп өнер туындысына айналып отырды. Оны біз ежелгі адамдардың тасқа қашап салған суреттері мен таңбаларынан анық байқай аламыз. Өткен ғасырлардағы адамдар өмірін, тыныс-тіршілігін көз алдымызға елестетіп, тарихты таратуға да осы таңбалар мен суреттердің сіңірген еңбектері зор. Әлі де ашылмаған құпиялардың сырын қазбалардан табылып жатқан жәдігерлер ашары анық.

Өзге халықтардай қазақ халқы да өзінің өмір сүру қалпын, дүниетанымы мен наным-сенімін, ұрпақ тәрбиелеудегі қалыптасқан дәстүрін және ел қорғаған батырлары мен билік айтқан шешендерін ауыздан ауызға жеткізіп, сөз өнерінің құдіреті арқылы бүгінгі ұрпаққа шашау шығармай ауызша аманат еткен. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов те халқының осы өнерін жоғары бағалай отырып «Бақыт іздеп, ғасырлар бойына сахараны шарлап шарқ ұрған мұңдар жолаушы – қазақ халқы бізге архитектура мен скульптураның, сурет өнерінің ескерткіштерін қалдыра алмады. Бірақ, ол бізге ең асыл мұра – жыр мұрасын мирас етті. Жыршы халық, ақын халық есте жоқ ескі замандардан бастап дарыған ақындық даналығын қапысыз жұмсап, өзінің рухын ұмытылмас эпостық дастандарында, сан-сан әралуан түрлі жырларында бейнеледі» [1,157 б.] дегені де халықтың әрбір озық ойлы азаматын бей-жай қалдырмайтыны анық.

XXI ғасырдың басы жаһандану заманы, жалпыхалықтық мәдениеттің қалыптасу кезеңі десек, дәстүрлі мәдениеттің бастауына бас ұру да қалыптасқан заңдылық болып табылады. Қазақ халқының тарихи тағдырында халық ауыз әдебиеті ерекше рөл атқарып келеді. Кәсіби кескіндеме мен графиканың пайда болғанына дейін, қазақ фольклоры тарихи кезеңдердегі оқиғаларды эстетикалық тұрғыда қабылдауға үлкен қызмет жасады [2, 3 б.]. Әр халықтың фольклоры ұлттық дәстүрдің бастауы, халық санасының тарихи тамыры болып есептеледі. Халық аузындағы көркемобраздық бейнелер, батырлардың монументтік бейнелері, поэтикалық сипатталуы қазақ суретшілерінің кескіндеме мен графика тарихының қалыптасу кезеңінен бастап, бейнелерге деген қызығушылықтарын арттырып келеді. Бұл қызығушылық

тек кейіпкерлердің сырт бейнесіне ғана емес, оның танымдық көзқарасы мен рухани байлығын да сипаттаудан көрініс тауып отыр. Ежелгі мифтік аңыздар қазіргі суретшілерді сиқыр тілімен, қызықты оқиғаларымен өздеріне тартуда.

Эпостық кейіпкерлер, тұрмыстық ертегілер, ақындар айтысы, күйші-жыршылардың өнері тыңдаушыларды өзіне баурап алып, бейнелеу өнері саласын да халықтық мәдениеттің қазынасы етіп, бұлақ көзін ашқандай мәңгілік тақырыпқа айналып отыр. Бұл – Қазақстан бейнелеу өнерінің ХХ ғасырдың басынан қалыптасуы мен дамуынан байқауға болатын құбылыс. «Әлемдік фольклортануда «фольклор» ұғымы өте кең мағынада қолданылады. Оған халық музыкасын, халық биін, халық өлеңін, халық театрын, халық әдебиетін, халық қолөнерін, салт-дәстүр мен наным-сенімдерін жатқызады. Демек, фольклор – тек ауызекі тараған шығарма ғана емес, бабалары шығарып, пайдаланып, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп, бүгінгі дәуірге жеткізген руханият» [3, 198 б.].

Ұлттық фольклордың қоғам өміріндегі рөлі мен жай-күйі ХХ ғасырдың басында фольклорды өткеннің мұрасы деп қабылдайтын Еуропамен салыстырғанда әлдеқайда жоғары болды. Бұл кезеңде қазақ фольклоры қоғамдағы орнын жоғалтпай өз арнасында тіршілік етті. Бұл туралы фольклорға байланысты зерттеулерде толық ашылып көрсетілді: «Ақындар айтысы кешегінің көлеңкесі емес, дәл сол дәуірдің көріністері іспеттес, ал, үйлену, азалау жырларының ескі үлгілері сақталып, салт-дәстүрдің ажырамас бір бөлігі болса, батырлық, ғашықтық, тарихи жырлар, ертегілер мен мақал-мәтелдер басқа жанрлармен бірге халықтың рухани азығына айналып, жас ұрпаққа тәрбие берді. Олар көңілді жадыратып, рухани дүниені жетілдірді. Сондықтан фольклортану ғылымының негізгі бағыттарының бірі - халық ауыз әдебиеті үлгілерін жариялау – халық тарапынан қолдау тауып, фольклор басылымдары зор сұранысқа ие болды. Өйткені, халықтың сөз өнері ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымдық, философиялық, этикалық және моральдық қағидаларға негізделіп, соларды насихаттайды» [4, 65 б.].

Қазақ халқының өмірінде Кеңес үкіметі өктемдік құрған 1917-1991 жылдар елеулі із қалдырған тарихи кезең болды. Бұл кезеңнің халыққа әкелген қасіреті аз болмаса да, сол кезеңде атқарылған істерді жоққа шығара алмаймыз. Қоғам өмірінде нәтижелі өзгерістер де пайда бола бастады. Бұл ең алдымен халықтың рухани өміріне, білім мен ғылымға, мәдениет пен әдебиетке тікелей қатысты болды. Халықтық театр, алғашқы кинотуынды, кәсіби бейнелеу өнері – бұлардың бәрінің кеңінен құлаштай қанат жаюы да осы кезеңмен тығыз байланысты. ХХ ғасыр - қазақ мәдениеті мен өнерінің алтын ғасыры деп айқындалып кеткені де осыдан туындайды. Р.Ерғалиева да өз зерттеулерінде қазақстандық кәсіби бейнелеу өнерінің ешбір қиындыққа қарамастан, халықтық салт-дәстүрді негізге ала отырып, жаңа көзқараспен, жаңа есімдермен және тарихи туындылармен осы кезеңде қалыптасып, қарқынды дамығанын атап көрсеткен [5, 4 б.].

Халық ауыз әдебиетінің негізгі поэтикалық белгілері халықтың көшпелі тұрмыс-тіршілігін, осы өмірге бейімделген шаруашылық кәсібін суреттеуден көрініс табады. Қазақ көшпелі қоғамының табиғатпен тығыз байланыста болуы өзін қоршаған әлемді, күн мен түнді, аң мен құсты, жан-жануарды, өсімдік пен тылсым тіршілікті танудан басталады. Алдында айдаған төрт түлік малды азық пен киім, мініс пен шабыс екендігін түсінген халық осы малды бағудың қыр-сырын үйренуде табиғаттың сырын әр қырынан тануға бейімделді. Күннің батуы, жұлдыздың жарқырай жол бастауы, желдің ығы мен өті – мал баққан елдің танымында өзінше философиялық ой түйіндеуге әсер етті. Осындай таным-түйсік қалыпты тіршілікке айналып, халық ауыз әдебиетінде көркем бейнеленіп, ғасырдан ғасырға өте бастады. Қазақ фольклорындағы бұл философиялық негіз кәсіби кескіндемеде де өзгермей өз арнасын тапты.

Халықтық фольклордағы жауын жалғыз жайратқан батырлар мен олардың адал серігі болған, ақылына көркі сай сұлулар және қиындықта қанатына айналған тұлпарлары халықтың болмысы мен мінезін, халыққа тән қайсарлығын суреттеуде үлгі-бейнеге айналды. Қазақ бейнелеу өнерінде де бұл кескіндер халықтық тұрмыс пен ерекшеліктерді ескере отырып, ұлттық мінез бен өмірлік қағидаларды суреттеуде басты тақырып болды. Халықтық фольклормен қаруланған қазақ суретшілері өз кенептерінде бейнелерді графикалық немесе кескіндемелік үлгіде көрсетуде халықтық тағдырдың, тыныс-тіршіліктің қайталанбас озық үлгілерін таныта бастады. Халықтық фольклорды бейнелі жеткізу арқылы қазақ кәсіби бейнелеу өнері де өз тарихының беттерін парақтай берді. Қазақ бейнелеу өнерінің дамуы мен қалыптасуы – халықтың тарихи көркем мәдениетінің озық үлгілерін ғасырдан ғасырға тасымалдаушы көркем формаға айналды.

ХХ ғасырдағы Қазақстан мәдениетіндегі кескіндеме мен графиканың дамуы кезеңінде халықтық фольклорды бейнелеу арқылы жетіспей тұрған үздіксіз дәстүрлі өнер жолына қанат бітіргендей болды [5, 8 б.]. Халық аузында жүрген батырлар ерлігін жырлау, сүйікті кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бейнелеу арқылы суретшілер халықтың гуманистік дүниетанымын, қазақ халқына тән көркем ойлау қабілетін әдемі бейнелеп бере алды.

Халықтың аузында жүрген аңыздар мен тарихи жырлардың көркемдік байлығы Қазақстан кескіндемешілері мен графиктерін де бей-жай қалдырған жоқ, өнердің даму кезеңдерінің әр түрінде өз орындарын тауып жатты. Фольклорды бейнелеу кезінде суретшілер алдында халық ауыз әдебиеті шығармаларының спецификасын, жаңа идеялық мазмұнын және стильдік өзгешелігін толық қарастыру міндеті тұрды. Ауыз әдебиетінде берілген көркем образдың эстетикалық идеясы мен этикалық көзқарасын, поэтикалық айтылудағы ерекшеліктерін сақтай отырып, көркемдік тұрғыда бейнелеу керек болды. Қазақ кескіндемешілерінің шығармаларынан аты жазылмаса да, халық өз кейіпкерлерін тани алатындай дәрежеде жазылған кенептерде ежелден сақталып келе жатқан ауызекі баяндау дәстүріндегі бейнелерді нақты қалыптастыру міндеті – қазақ бейнелеу өнерінде фольклорлық дәстүрдің динамикалық дамуын және маңызын ашып көрсете алды. Мұндай біртұтас бейне, фольклордың бейнелеу өнеріндегі жолын қалыптастыру Ә.Қастеев, Т.Тоғысбаев, С.Айтбаев, А.Сыдыханов, Р.Сахи шығармаларында нақты бейнеленіп, айқын көрініс тапты. Фольклор жанрына арналған кескіндемелік туындылар мен графикалық циклдар өзінің техникалық орындау шеберлігімен, алға қойған мақсатты жүзеге асырудағы ерекшеліктерімен айқындала түсті.

Халқымыздың баға жетпес руханияты – эпостық жырлар. Онда халықтың тарихында болған елеулі оқиғалар мен ғасырлар бойы қалыптасқан идеалдары, рухани құндылықтары мен эстетика-этикалық, моральдық ұстанымдары көркем түрде жинақталып, көне танымнан көркемдікке дейінгі дүниетаным, ұстаным түсініктері көрініс табады [6, 33 б.]. Фольклорды терең зерттеу, оның жанрларын жарыққа шығару кенестік дәуірдің солақай саясаты салтанат құрып тұрған кезде өте қиынға соққан болатын. Тіпті, тұтас бір жанрды немесе түрлерін жариялау тұрсын, зерттеуге тиым салынғаны белгілі. Осындай солақай идеология әсіресе, тарихи жырларды зерттеуді, жариялауды көп тежеді. Мұндай шектеулерге қарамастан ғылыми ізденіс тоқтап қалған жоқ. Эпикалық жырлардағы тарихи бейнелеу сурет өнерінде де өз орнын, көркем бейнесін үйлесімді тауып жатты. Кәсіби суретшілер тек ертегідегі кейіпкерлерді емес, ел басқарған хандар мен жаужүрек батырларды тұлғалық-философиялық сипатта жаза білді. Атақты Алпамыс пен қарақасқа атты Қамбар батыр ғана емес, тарихи жырлардың тұтас оқиғаларын бейнелеген тамаша туындылар кескіндеме мен графикада сомдалып, мәдениет пен өнердің алтын қорын толықтырды. Қазақ кәсіби кескіндемесінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан, алғашқы қарлығаштай болған суретшілеріміздің қай-қайсын алсақ та, фольклорды, оның ішінде эпикалық жанрды айналып кеткен жоқ. Сонымен бірге жырды айтушының да бейнесін сомдау арқылы, ауызша фольклор жанрын жеткізушілерді де жеке кейіпкер ретінде таныта білді. Осылайша, қазақ бейнелеу өнерінде фольклорлық кейіпкерлер жанды бейнеге айналып, ел арасында кеңінен танымал болды. Кәсіби суретшілердің кенептеріндегі Алпамыс пен Ер Төстік, Тазша бала мен Алдар Көсе сияқты кейіпкерлерді ел бұлжытпай тани бастады.

Фольклордың бейнелеу өнеріндегі кәсібилігі мен халықтық бет-бейнесінің қалыптасуы Қазақстанда қалай жүзеге асса, Орта Азиялық мемлекеттер - Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан мемлекеттерінде де әр кезеңінің суретшілерінің көзқарастарымен идеялық-образдық мазмұнының дамуына кеңінен қолдау тапты. Орта Азия мемлекеттеріндегі фольклордың кәсіби кескіндемедегі көрінісінің ұқсастығы мен үндестігі өз сәйкестіктерімен ерекшеленді [7, 11 б.]. Фольклор тақырыбының мәңгілік екендігін, жанрлардың ұқсастығындағы ерекшелікті екшеп көрсете алған суретшілер өздерінің қайталанбас шығармалары арқылы бейнелеу өнеріне зор үлес қосып қана қоймай, заманауи суретшілерге ұлттық көркем мұраның мәңгілік тақырып екендігін дәлелдеп кетті [7, 11 б.]. Қазақ бейнелеу өнерінің ерекшелігі, ауыз әдебиетіне деген қызығушылығы кәсіби өнердің, кескіндеме мен графиканың моральдық және материалдық жағынан толығына зор үлес қосқандығы айтылып, өнертанушылар мен өнер сыншылары тарапынан оң баға алды. Кейде, фольклорлық кейіпкерлердің кескіндемеде шектен тыс көбейіп кеткендігі туралы да сөз қозғалып жатты. Алайда, фольклорлық шығармалар халық мұрасы болып қала беретіндіктен, өз өнерін халықтық мұрадан бастаған кәсіби суретші адаспайтындығы туралы да қайшы пікірлер араласты. Қандай сын болмасын жақсыны меңзеп көрсетуге арналғандықтан, бұл пікірлердің бәрі дерлік қазақ бейнелеу өнерінің кәсіби тұрғыда қалыптасып, өркендегенін көрсетеді [5,12 б.].

XX ғасырдан бастау алған Қазақстан бейнелеу өнеріндегі эпикалық жанрдағы туындылар тарихты тануға, оның ілгері даму қадамының әдістемесін меңгеруге, заманауи талаптарға сәйкес табыстарға жетуге ықпал етеді [5,12 б.].

Махаббат тақырыбы да фольклордың негізгі дәстүрлі тақырыптарының бірі болған. Махаббат тақырыбын жырлайтын сюжеттер тарихи-эпикалық шығармалардың құрамдас бөлігі болып қалыптасып, кейін, арнайы ғашықтық оқиғаларға негізделген жырларға арқау болды.

М.О. Әуезов атап көрсеткендей: «Біріншіден, бұл поэмалардың негізгі тақырыбының халық игілігі үшін күресетін ерлердің ерлігі туралы жырланатын батырлық эпостан ерекшелігі: мұнда екі жастың өз бақыты мен бостандығы үшін күресі мен сол жолдағы қиындық-кедергілері. Екіншіден, батырлық эпостарда халықтың ішкі тұрмыс-тіршілігі, рулық қарым-қатынастары шешуші мән иеленбесе, бұл эпостарда

керісінше. Қайта тұрмыстық өмір сипаттары лирикалық поэманың фабулалық құрылымына енеді. Оларда мәңгілік махаббат тақырыбы-рулық қоғамда жетекшілік ететін көшпелі тұрмысқа тән заңдылықтар мен құқықтар жағдайына тәуелді, сабақтас суреттеледі. Үшіншіден, батырлық поэмалардан тағы бір елеуі өзгешелігі-кейіпкерлер бейнесі шындыққа жуық бейнеленеді. Егер батырлық поэмада батыр туған соң бес жасында-ақ ерен ерлік іс атқаратынын көркемдеу шартты әрі шындықтан алшақ суреттелсе, тұрмыстық поэмалардағы адамдар өзінің барлық қасиет-сапаларымен адам боп қалады» [8,114-115 б.]. Қазақтың ұшан-теңіз эпостық мол мұрасынан тыңғылықты зерттеліп, ең көп жарияланғаны батырлық жырлармен қатар дәстүрлі ғашықтық жырлар екендігі белгілі. Солардың ішінен, сюжеттері ерте қалыптасып, сан ұрпақ дарынды суырыпсалма эпикалық ақын-жыраулардың өңдеу-сүрлеуінен өтіп, көлемді көркем жырға айналып, біздің заманымызға жеткен ғашықтық эпостың классикалық үлгілері – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» мен «Қыз Жібек» эпостары [6, 53 б.]. Ғашықтық дастан деп жіктелетін эпостың түріне жататын бұл жырлар - еліміздің барлық өңірінде талай ғасыр жырланған, біздің заманымызға да өз көркемдігін сақтап жеткен асыл қазына. Ғашық жүректің лүпілін көрсетудің үлгісі болған бұл жырлардың өзіндік жеке тарихы да ғасырлармен бірге жасап, қанаттануда. Бұл бейнелер сурет өнерінің де төрінен өз орнын таба білген халықтық асыл мұралар болып есептеледі. Кәсіби кескіндеме дамуында да ғашықтық үлгісін суреттеу арқылы бейнелеу өнерінің құлаштап қанат жаюына зор ықпалы бар екендігін өнертанушылар мен сыншылар да мойындаған. Қазақ халқының кәсіби сурет өнері Әбілхан Қастеевтен бастау алады десек, алғашқылардың бірі болып, осы тақырыпқа қалам тартқан да Әбекең болатын. «Қыз Жібек» жырының сюжеттік мазмұны да осы суретшінің бейнелеуінде алғаш пайда болып, ел аузында сұлу бойжеткеннің бейнесі суретші көзіндегі бейнемен қалыптасып қалды.

«Қыз Жібекті» бейнелеу өнеріне алғаш әкелгендердің бірі Әбілхан Қастеев болғандығын қайталап айта беруден жалықпасақ та, бүгінде Қыз Жібек пен Төлегеннің махаббатын бейнелеу өнерінде өз көкірегімен сезініп, қағаз бетіне түсірушілер де көптеп саналады. Сұлулық пен батырлық бейнесі, олардың бір-бірімен табысуы және мәңгілік айырылуы да бүгінгі суретшілердің қылқаламдарынан толағай туынды болып көркемөнерге өз үлестерін қосуда. 2012 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Әбілхан Қастеев атындағы өнер мұражайында ұйымдастырылған «Қазақ халқының эпостық жырлары, тарихы мен дәстүрлері» деп аталған республикалық көрме-конкурс көпшілік біле бермейтін дарынды суретшілерді қолдау арқылы ұлттық бейнелеу өнерінің туын желбіретіп түскені осының айғағы.

Ғасырлар бойы ел жадында сақталып, 2000 жылы 1500 жылдығы аталып өткен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының негізгі сюжеті өткен ғасырлардағы отбасы мен қоғамдағы қарым-қатынастарды реттейтін заңдылықтарға, байырғы заманда қалыптасқан әдет-ғұрыптарға негізделген. Екі жастың тағдыры түптеп келгенде тас жүрек, ант аттаған қыз әкесінің қалауына байланысты шешіледі [6, 53-54 б.]. Қозы мен Баянның махаббатын паш еткен жыр туралы Г.Н. Потанин өз ойын былай жеткізеді: «... Орынбордан Зайсанға дейінгі дала жұрты жатқа білетін, қазақ эпосының жауһарындай жыр ол – кедей қойшы Қозы Көрпешке ғашық болып, сүйіктісінің қазасын көтере алмай, оның моласының басында өмірімен қоштасқан Баян сұлудың тарихы туралы жыр... Бұл халықаралық сюжет, бірақ әлемдегі бірде-бір халық оны дәл қазақтар секілді асқақтата жырлай алған жоқ» [9,60-88 б.]. Қазақ халқының жұлдызын жарқыратқан жауһар жырлардың бейнелеу өнеріндегі сүбелі үлесі аз емес. Ғашықтық пен махаббаттың мәңгілік бейнесін суреттеуде олардың ынтықтығы мен сүйіспеншіліктерін қылқаламмен шебер көрсеткен кәсіби кескіндемелер бүгінде бейнелеу өнерінің алтын қорын толықтырып тұр.

Қазақ бейнелеу өнерінің жарқын жұлдыздарының бірі Е.Сидоркиннің Қозы мен Баянның махаббатын қылқаламмен жырлаудағы шеберлігі оның графикалық циклдарынан айқын көрінеді. Баянның ақша беті, сұлу жүзі қарындашпен немесе қанық бояулармен бейнеленіп жатса да, сол эстетикалық талғам өзгертілмей, жаңаша сипатта жырдың, махаббаттың мәңгілігін көрсете алады.

Халқымыздың сарқылмас бай қазынасы, рухани мұрасы болып табылатын өнердің көркемсурет түрі де ұлттық мәдени құндылықтардың қатарында орын алады. Ұлттық құндылықтарды бағалай білу бала кезден басталады десек, мектептегі бейнелеу өнері пәнінің де атқаратын қызметі де ауқымды болмақ. Ө.Жәнібеков дәстүрлі өнер - халықтың рухани әлемі дей келе, «... бабалар мұрасы ұлттық игі қасиеттерге ұқыпты болудды, жұртты ұлттық мақтанышқа баулу ісін, көпұлтты Қазақстан халқын ауызбірлікке, ынтымақтастыққа тәрбиелеу ісін жүйеге келтіруді талап етеді» деп [10,108 б.] оның тәрбие берудің барлық саласын қамтитынын тілге тиек етеді.

Өнерді жасаушы халық дейміз, өйткені халық тарихқа өз бейнесін сурет қылып салып кеткен, бабалар мұрасы ғасырлар бойы сұрыпталып, ұзақ уақыт сыннан өткен. Оның бастапқы мазмұнын шұндай түсуге қаншама ұрпақтың ақыл-ойы, дүниетанымдық ой-түсінігі, эстетикалық сана-сезімі жұмсалған. Осы мұраны болашаққа жеткізу, көркемдеу арқылы рухани дүниетанымды көркем мәдениетте қалыптастыру міндеті қазіргінің еншісіндегі сүбелі үлес.

Өнер - қиял-ғажайыптан пайда болған нақыш. Ол мәңгілік өмір, қоғам, адамдар болмысы туралы сыр шертеді. Көшпелі халық айтқысы келген ойларын ауыз әдебиеті арқылы ғана жеткізіп қоймай, тас мүсіндер, таңбалар арқылы да шеберлікпен, өз ұғымдарына сәйкес жеткізе алған. Бұл шеберлікті сонау тасқа қашалып жазылған «Күлтегін» жырларының таңбаларынан тани аламыз. Еркіндік аңсаған халықтың бақытты өмірі жайлы арман-қиялын, тәуелсіздік үшін ғасырлар бойы күресіп келе жатқан ерлердің қаһармандықтарын келер ұрпаққа үлгі-өнеге етіп, тәлім-тәрбиелік әсер қалдырған. Бейнелеу өнерінің осы алғашқы белгілері бүгінде қазақ ұлттық кәсіби кескіндеме мен графикалық туындыларына айналып отыр. Академик Ә.Марғұлан: «Есть основание полагать что народное искусство казахов находится в генетической связи с искусством саков, уйсуней, гуннов и других племен, населявших в древности территорию Казахстана» [11, 131 б.] - деп, барлық өнердің көшпенді халық өнерінен бастау алғанын теориялық тұрғыда дәлелдеген.

Адам мен табиғаттың тепе-теңдік деңгейіндегі жақындығы, жағдайды тарих пен тағдырдың тізбегі мен түйіні ретінде қабылдау, уақытты мәңгіліктің бөлшегі ретінде түсіну сияқты тұрақты шамалар ХХ ғасыр басындағы суретшілер кенептерінде ерекше жанданды. Бұл жағдайда тағы да Әбілхан Қастеевтің шығармаларына қараймыз. Ол жасаған ұлт кескінінің жиынтығында қазақтың дәстүрлі санасының идеализмі, топтық, рулық құрылғылардың басымдылығы, адам ұрпағын табиғаттың өзекті жалғасы ретінде қабылдауы мәнерленеді. Осы дәстүрден бастау алған кәсіби көркемөнер мектебінде халықтың тұрмыс-тіршілігі суреттелген тұрмыстық жанрларда немесе табиғат сұлулығы бейнеленген пейзаждарда, кескіндемелерде де табиғатты қабылдау, ондағы адамның іс-әрекеттері өз ұлтына ғана тән ұлттық бояумен алыстан-ақ мен мұңдалап тұр. Суретшілер кескіндемелерінде дала бейнесі тұрақты, бір типтегі объект ретінде бекітілді. Далаға тән кеңшілік пен кеңістіктің шексіз сезімі, оның дәстүрлі құрылыспен байланысы, көшпелілердің табиғи өмір ағысын білдіретін мәңгілік ұлылықтың арасындағы жер, аспан мен жұлдыздар, олардың шексіздік және мәңгілік ұғымдарымен қатар тұрып теңесуіне ықпал етті [12, 221 б.].

Адам мен оны қоршаған ортаның байланысы қазақ өнерінде бір-бірін толықтыратын әртүрлі деңгейде байқалады. Осының негізінде аталған идеяның келесі ұрпақ кескіндемешілерінің өнерінде шартты кейіпке енуімен бір реттілікке күшеюі және тереңдеуі жүреді. Бұл – ұлттық дәстүрлі көзқарастарының іргелі концепцияларының бірі. Қазақтың кәсіби өнері тарихи дамудың әр кезеңінде мәдениетті рухани сабақтастықпен қамтамасыз еткен осы бағдарды бойына сіңіруінің нәтижесінде дамыған.

Қазақ бейнелеу өнерінің басында тұрған суретшілердің шығармашылығының басты маңызы – кескіндемеге деген адалдығы мен керемет еңбекқорлығы. Өмір бойы тынбай еңбек етумен қоса, қылқаламнан айырылмаған олар ұлттық бейнелеу өнерінің негізін қалаушылардың көшбасшысы болды. Сурет салу барысында бейненің алғашқы құрылымынан бастап, оның психологиялық көңіл күйін көрсете білетіндей дәрежеге жеткенше еңбектенді. Осы мақсат жолында өз білімдерін де үнемі толықтырумен қатар бұған дейін алған тәжірибелері мен білімін пайдалана білуі қажет болды. Осындай еңбектің нәтижесінде ғана үлкен өнерге қол жеткізуге болатындығын дәлелдеп берді. Әдебиет пен мәдениеттің, өнер мен ғылымның белгілі қайраткерлерінің еңбектерін жинақтау, зерттеу республиканың мәдени-әлеуметтік өмірінде орныққан дәстүрге айналды. Бұл дәстүр – ұлттық сананың, тарихи жадымыздың оянуы, ата-бабамыздың азаттық пен тәуелсіздікке жету жолындағы арпалысты күресіне қайта үңілуге, тарихымыздағы ақтаңдақтарды танып білуге, жекелеген тарихи тұлғалардың, ұлттық рухани ұстаздардың шығармашылық мұраларын қайта зерделеуге жетелейді.

1. *Қазақстана. – Алматы, 2002. – 417 б.*
2. *Шетелдегі қазақ фольклоры. – Алматы, 2014. – 256 б.*
3. *Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959. – 364 б.*
4. *Жәнібеков Ә. Жолайрықта. – Алматы, 1965. – 258 б.*
5. *Марғұлан А.Х. Казахское декоративное прикладное искусство. – Алматы, 1986. – 317 б.*
6. *Қазақ өнерінің тарихы. Зтомдық жинақ. – Алматы, 1999. – 355 б.*
7. *Ли К.В. Қазақстан бейнелеу өнері ХХ ғасыр. – Алматы, 2001. – 259 б.*
8. *Қазақ энциклопедиясының бас редакциясы 7-том. – Алматы, 2005. – 345 б.*
9. *Байжігітов Б.Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері. – Алматы, 1998. – 288 б.*
10. *Көпбосынова Р.Сахи. – Алматы, 1975. – 274 б.*
11. *История искусств Казахстана. Очерки 2-том. – Алматы, 2004. – 356 с.*
12. *Әлемдік өнертану 2-том. Бейнелеу өнері. – Алматы, 2008. – 288 б.*

Резюме

Кенджакулова А.Б. – магистрантка 2 курса по специальности 6М020400 культурологии, младший научный сотрудник Института литературы и искусств им. М.О. Ауэзова, отдела ИЗО, ainura8883@mail.ru
Научный руководитель: **Халидуллин Г.** – д. и.н., профессор, kizatulla@mail.ru

Эпос в живописи и графике: образы влюбленных и батыров

Автор статьи раскрывает образы влюбленных и батыров в живописи и графике. Кратко останавливаясь на развитии казахской культуры, живописи и графики, рассказывает об образах влюбленных и батыров народного фольклора в произведениях художников. Автор проводит искусствоведческий, культурологический анализ произведений А.Кастеева, Т.Тогусбаева, С.Айтбаева, А.Сыдыханова, Р.Сахи, в которых воплощены герои эпических сказаний, бесценного духовного наследия казахского народа.

Ключевые слова: фольклор, эпос, героические сказания, романтические сказания, искусство, культура, ценности, наследие, сказание, любовь, достоинство, живопись, графика.

Summary

Kendzhakulova A.B. – 2nd year undergraduate majoring 6MO20400 Cultural Studies, Research Associate of the Institute of Literature and Arts. MOAuezov, IZO, ainura8883@mail.ru

Supervisor: **Halidullin G.** – Dr. of Historical Sciences, Professor, kizatulla@mail.ru

Epos in painting and graphics: the image of love and batyr

The author reveals the images of warriors and lovers of painting and drawing. Briefly pausing on the development of Kazakh culture, painting and drawing, he tells about the images of lovers and warriors of folklore in the works of artists. The author carries out art criticism, cultural analysis of works of A.Kasteyev, T.Togusbaeva, S.Aytbaeva, A.Sydyhanova, R.Sahi embodying the heroes of epic stories, priceless spiritual heritage of the Kazakh people.

Keywords: folklore, epic, heroic legends, romantic tales, art, culture, values, heritage, legend, love, wealth, painting, drawing.

УДК: 122,129 (574)

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ - САНА МЕН ДЕНЕ ҮЙЛЕСІМІ

Сламкулов А.Ш. – Абай атындағы ҚазҰПУ,

6MO20100 – Философия мамандығының 2 курс магистранты, askar.slamkulov@mail.ru

Ғылыми жетекші: **Қабаева Ж.А.** – филос.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ,

Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры, kabaeva_zha@mail.ru

Мақалада философиядағы сана-дене мәселелері мен сана және дене үйлесімінің ерекшеліктері қозғалады. Сана мен дене үйлесімділігін қалыптастырудағы салауатты өмір салтының қырлары сипатталған. Салауатты өмір салты тұлғаның өзін-өзі дамытуы мен шыңдауына, тіпті қоғамдық денсаулықтың нығаюына нақты бағыт-бағдар береді. Сонымен қатар мақалада салауатты өмір салты тек сана мен дене үйлесімділігі ғана емес дені сау ұлттың қалыпта-суына жол ашатыны көрсетілген.

Түйін сөздер: сана, сана-дене, дене мәдениеті, салауатты өмір салты, денсаулық, дене тәрбиесі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар», [1] – деп ерекше мән беруі қоғамның дүниетанымы жоғары, белсенді, азаматтық ұстанымы қалыптасқан, биік деңгейлі адамгершілік және көшбасшылық қасиеттері бар, сана мен дене қарым-қатынасы үйлескен тұлғаға сұраныс тудырып отырғанын дәлелдей түспек.

Дені сау ұрпақ – ұлтымыздың келешегі. Ұлт денсаулығын жақсарту әр кез мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып келеді. Соның ішінде әсіресе, салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі басты бағыттардың біріне айналған. Демек, салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы ұлт денсаулығына қол жеткіземіз, сонымен қатар рухы биік, санасы сергек, денесі мығым тұлғалар тәрбиелей аламыз.

Өскелең ұрпаққа саналы тәрбие беру, олардың рухани күштерін жетілдіру арқылы өзін-өзі тану және тәрбиелеу, терең ой-сана мен дене мәдениетін қалыптастыру мәселелері көрнекті ғұлама-ойшылдар Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Қ.А. Яссауидің және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. Сонымен қатар қазақ ағартушылары Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Уәлихановтың еңбектерінде де бұл мәселеге үлкен мән беріледі. Сана және дене мәдениеттерін өзара сабақтастықта пайдалану туралы құнды пікірлер А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиевтің еңбектерінде де зерделенген [2].

Кез келген елдің болашағы – оның басты құндылығы – халқының денсаулығына байланысты. Біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салты. «Денсаулық», «Салауатты өмір» ұғымдары денсаулықты сақтаудың басты терминдері ретінде У.Жәнібеков, К.С. Әбішев, К.Д. Ордабаев, А.К. Айтпаев, К.Б. Жарықбаев, В.В. Цистов, К.Ж. Қожахметова және т.б. зерттеуші ғалымдар еңбектерінің өзекті

мәселелері болып табылады және қазіргі кезде де жаңаша өрлеу үстінде. Педагогика саласындағы бірқатар зерттеуші ғалымдар Н.М. Амосов, Д.Ф. Ақбердиева, В.В. Колбанов, Г.К. Зайцев, И.И. Соковня-Сейшона, А.С. Иманғалиев, Г.Сисенғалиева, Т.Г. Тынынбаева, Ж.З. Торыбаева, С.Исаев, Е.Г. Жук және т.б. еңбектерінде салауатты өмір салтына тәрбиелеудің педагогикалық стратегиясы білім алушының алған, алатын білімі мен тәжірибесі негізінде жүргізілуі, орындалуы тиісті деп көрсетеді және де салауатты өмір салтына тәрбиелейтін кезеңді тізбектей анықтау қажет екендігін айтады [3]. Болашақ ұрпақтың салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі білім беру жүйесінде де мықтап қолға алынып келеді.

А.С. Иманғалиевтің пікірінше «салауатты өмір салты» адам ағзасының резервтік мүмкіншіліктерін жетілдіретін күнделікті тіршілігінің типтік формалары мен тәсілдері, әлеуметтік және кәсіби қызметтерін саяси, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық жағдайлардан тәуелсіз орындауды қамтамасыз ету. Г.Д. Әлімжановтың ойынша салауатты өмір салты «білім, ептілік, дағдыланумен байланысты, оның негізінде әрбір білім алушының денсаулығы, күнделікті шынығу әдістемелері жатыр». Ж.З. Торыбаеваның пікірінше тұлғаның салауатты өмір салты, жан жақты дамуы әлеуметтік тәжірибені меңгеру іс-әрекеттіліктерімен сипатталады. Салауатты өмір салты – еңбек ету және демалыс режимдері, тамақтану жүйесі, даму мен шынығу жаттығулары, өз-өзіне және өзгелерге қарым-қатынастық, тұрмыстық, өмірлік мақсаттылықтар. Яғни, салауатты өмір салты өте күрделі және жан-жақты ұғым. Оған тек қана медициналық, биологиялық және психологиялық компоненттер ғана кіріп қоймай сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық, экологиялық құрылымдар да кіреді [4].

Халқымыздың тіршілігі мен бірлігі, жарқын келешегі көп ретте денсаулық мәдениетінің қаншалықты дәрежеде қалыптасуына байланысты. Денсаулық – ел дамуының басты арқауы, тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі ширықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухынды шыңдау - бәрі де денсаулыққа қызмет етеді. Қазіргі уақыттағы әлеуметтік - экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде.

Ел Президентінің “Қазақстан - 2030” жолдамасындағы ұзақ мерзімді басымдықтың бірі – “Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл ауқаты” тармағында, “...азаматтарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сай болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін” азаматтарымызды салауатты өмір салтына әзірлеу қажеттігі көрсетілген. Бүгінгі еліміз осы бағытта Қазақстан мектептеріне жан-жақты дамыған, денсаулығы мықты, салауатты өмір салтын мұрат тұтқан дара тұлғаларды тәрбиелеу басты талап етіп қойылған [5].

Салауатты өмір салты – бұл ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Адамның өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ал салауатты өмір салты өмір сүру барысында мақсатты түрде қалыптасады. Қазіргі мәліметтер бойынша денсаулық 53-55%-ға салауатты өмір салтына тәуелді болады екен. Бұдан салауатты өмір салтын ұстанудың қаншалықты маңызды екендігі айқын. Бірінші байлық – денсаулық дейміз. Бірақ осы сөздің салмағын, жүктер жауапкершілігін көбіне сезбейтін де, мойындамайтын да сынайлымыз. Сана мен дене үйлесімділігіне қол жеткізу арқылы біз салауатты өмір салтын қалыптастыра аламыз. Ал, осы мәселелерге тоқтала кетсек. Жан мен тән, сана мен дене мәселелері бір-бірінен қалай ерекшеленеді?

Сана – бейнеге сүйене қоғаммен қарым-қатынасқа түсе алатын адам қабілеттілігі, адамның заттармен байланыс іс-әрекеті, табиғи және мәдени қатынасы, қашықтағы, жақындағы адамдар өзара қатынасы мен қызметі, яғни осы образдарды өзінің мінез-құлық бағытында әдіс-тәсілі ретінде пайдалану. Сана түсінігі бұл психика түсінігі; психика тірі жанның қоршаған ортамен тікелей байланыс тәсілі (сондай-ақ жеке адам) деп түсіндіріледі, демек олардың өмірлік үрдістерінде әсерлендірушісі және көрінісі ретіндегі, психикалық қабілеттілік жиынтық, табиғи және ғарыштық ырғақтар байланыстарында адамның қоғамдық және мәдени іс-әрекеттерінде өз-өзіне бағыт-бағдар жасай алуы мен басқара алатын қабілеттілікпен қамтамасыз етуі.

Сана – жоғары ұйымдастырылған материя – мидың жемісі. Ол эволюция процесінде қалыптасқан адамның психологиялық әлемінің ерекше қабілеті.

Көне заман философиясында сана деп – адамның өмірінде аса маңызды рөл атқаратын ішкі әлем – жан есептелінді. Тән өткінші, ал жан мәңгілік. Демокрит жанды ерекше сезімдік атомдардың жиынтығы деп ойлады.

Орта ғасырларда сана мен ақыл құдайдың маңызды атрибуттары ретінде, ал Қайта өркендеу дәуірінде табиғаттың қасиеті деп қарастырылды.

XVIII ғасырдағы француз материализмі сананы – адам миының ерекше функциясы деп анықтап, оның көмегімен адам сыртқы дүниені бейнелейді деп есептеді.

Сана – объективті әлемнің субъективті образы. Сана, ең алдымен, адамның табиғатқа, қоғамға, басқа адамға сонымен қатар, өз-өзіне деген қатынасы. Сана – болмысты түсіну, ұғыну, бейнелеу. Ол болмыстан келіп шығады.

Сана – ол әруақытта өзіндік сана, яғни адамның өзін басқа әлемнен бөлуі, өз өмірінің мағынасын түсіну, өзінің іс-әрекетінің негізгі мақсаттарын белгілеуі. Сананың өзегі сыртқы дүние туралы ғылыми емес мәліметтерді жинақтайтын білімдер болып табылады.

Ғылым мен философия сананы туынды, екінші қатардағы құбылыс деп қарастырады. Мұның мәні неде? Біріншіден, сана - табиғаттың ұзақ эволюциясы мен бейнелеу формаларының жетілуінің нәтижесі. Екіншіден, сананың мағынасы (сезімдер мен ойлар, образдар мен идеялар) дүниені тек бейнелеп қана қоймайды, онымен шектелмейді. Өйткені, адамның санасы табиғаттың, қоршаған дүниенің көшірмесі ғана емес, ол ең алдымен, еңбектің даму көзі, соның негізінің бірі. Адам өз еңбегі арқылы дүниені өзгертеді, оны жандандырып оған мән береді. Адамның санасы, саналы іс-әрекеті арқылы дүниенің негізгі мән ашылады. Сана тек қоғамда ғана қалыптасады. Өйткені адамның шын мәніндегі адам болуы, оның қоғамдық қатынастарды толық меңгеруімен тығыз байланысты.

“Тәннен жан артық еді, - дейді Абай атамыз - тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ біз олай қылмады, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүрген еді. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік, жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілмен қарамадық, көңіл айтып тұрса сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргеннен-ақ тойдық...” [6]. Тәннен жан артық... Билік жанда ғой. Бірақ ғұмырымыз аз ба, көп пе... кеше, бүгін, шамасы ертең де билік жанда емес тәнде Пендешіліктен тәнді тоғайтып, сөйтіп аурулар қатарын молайтып жүрген жай бар. Тым болмаса, жан мен тән бірлігін, ара қатынасындағы бірлікті неге сақтамасқа? Біреу үшін емес, өзің үшін, отбасың, өзіңсіз толайым болмайтын көкірегің үшін. Ендеше, жан мен тән қуаттылығын жетілдіріп сана мен дене үйлесімділігіне қол жеткізейік.

Әл-Фарабидің түсінігі бойынша «Жан мен тән бірге дамиды, тәнсіз жан жоқ, жан - тәннің тірлік қасиеті. Адамның тәні мен өмірі өткінші уақытша. Тән жанның дамуына, оның біртіндеп қалыптасып жетуіне үнемі әсер етіп отырады. Жанның дамуы үшін тәннің саулығы қажет. Шыққан жан адамға еш уақытта қайтып келмейді, адамның көңілі мен рухы-жаны мәңгі өмір сүреді де, надан, залым, зымыян адамның жаны өшіп отырады» - десе, Абай өзінің Жетінші қара сөзінде: «Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады, біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмарлығы, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, хәм өзі өспейді, қуат таппайды. Ал, екіншісі білсем екен демекпін. Не керек соған талпынып, жалтұр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса даусына ұмтылып, онан ержетің-кірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да, тура жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмарлығы деп жан мен тәннің байланысы, бірінсіз бірінің күні жоқ екенін атып, әл-Фарабише түсіндіреді [7].

Тән – адам жанының мекені, дүниедегі тіршілігін атқаруға мүмкіндік беретін физикалық денесі. Тән саулығы, тазалығы, сұлулығы адамның сыртқы келбетінен көрініс беретін жағымды қасиеттер ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі жан дүниесін сипаттайтын белгі, адам жанының саулығы мен тазалығына негіз болатын алғышарт ретінде танылады. Тән жанмен өзара тығыз байланыстағы, өзара ықпалдастықтағы үйлесімді құбылыстар ретінде көрініс береді. Жанды көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтіндіктен де тән жанның шұғылаланған сәулесі яки көлеңкесі ретінде немесе жанның барлығын айқындайтын қарама-қарсы құбылыс ретінде де үнемі қатар айтылады.

Денсаулық - тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі шырықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухыңды шыңдау - бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз.

Қазіргі уақыттағы әлеуметтік - экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде.

“Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі”, - деп тегін айтылмаған. Қазіргі қоғамымызда халықтың табиғи өсімі төмендеп, сырқаттанушылық және өлім-жітім деңгейі арта түсті. Әсіресе, балалар мен жастардың денсаулығы қауіп тудыруда. Темекі тарту, ішімдік пайдалану, есірткі құмарлық және улы заттарға әуестік, адамгершілікке жат мінез-құлық, ерте жыныстық қатынас кеңінен етек алуда.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының дерегі бойынша халық денсаулығының 49-50% өмір салтына, яғни адамның өз денсаулығына қалай қарайтынына тәуелді, 17-20% қоршаған орта

ерекшеліктеріне байланысты. Сонымен қатар денсаулық қатерінің негізгі факторларына мыналар да енеді: қозғалыс күшінің кему салдарынан қимылдың кемуі дене массасының артуы, жүйесіз тамақтану, қоршаған орта нысандарының барлығының көптеген уытты заттармен ластануы, өндірісте және тұрмыста күйзеліс туғызатын жағдайлар, зиянды әдеттердің – шылым шегу, алкоголь пайдалану, нашакорлық көп таралуы.

Салауатты өмір тіршілігі – денсаулықты сақтаудың және нығайтудың негізгі, ол жан-жақты дамыған азаматтың қалыптасуына, оның рухани, дене дамуына әсер етеді. Денсаулыққа кері, жағдайсыз әсер ететін көптеген факторлар бар: ауырып жазылу; никотин мен алкогольге құмарлық; еңбектің, тұрмыстың жайсыз жағдайларының созылмалы әсері; дұрыс тамақтанбау (оның жеткіліксіздігі және шамадан тыс көптігі); көңіл-күйдің жылдам ауытқуы, еңбек пен ретсіз демалыстың бұзылуы, ауаның, судың бұзылуы; дәрі-дәрмекті және тұрмыс химиялық заттарын орынсыз пайдалану. Бұл факторлардың ішінде бірінші қатарда қимыл-қозғалыстың аздығы [6]. Осы тұста біз П.Ивановтың «Детка» жүйесінің сана мен дене үйлесіміне көп әсер етінін айта кеткіміз келеді.

Порфирий Корнеевич Иванов - уақытты жарты ғасырға басып озған жан. Оның қарапайым әдісі - "Детка" немесе "Иванов жүйесі" деп аталады.

Оның нұсқаулары:

• өзінді жақсы сезіну үшін күніне 2 рет табиғи суық суға шомыл. Ыстық суға шомылсақ, суық сумен нүктесін қой;

• шомылар алдында, не шомылып жатқанда табиғат аясына шық, жалаң аяғыңмен жер бас. Ауаны аузыңмен қармап, бірнеше рет дем ал да іштей өзіңе және өзге жұртқа денсаулық тіле;

• арақ іше, темекі тартпа;

• аптасына кем дегенде 1 рет тамақсыз не сусыз күн кешуге тырыс;

• қоршаған ортаны сүй. Айналақа түкірме және ештеме тастама. Бұл сенің саулығың;

• денім сау болсын десең барлық адаммен сәлемдес;

• бойыңдағы жаман қылықтардан арыл. Жұртқа сен және оларды сүй;

• адамдарға әсіресе көмек сұрағандарға көмектес. Оның қажетіне бар жан-дүниенмен көмектес. Ол сенің досыңа айналады, соныңмен әлемдік іске ат салысасыз;

• жексенбі күні табиғатқа жалаң аяң шығып, бірнеше рет тыныс ал да, ойлан;

• ауру, сырқат, өлім жөнінде ойлаудан қаш. Бұл сенің - жеңісің;

• ес пен ойды бөле қарама. Оны жүзеге асыр;

іс жөніндегі тәжірибенді үлгі-өнеге ет. Бірақ ол үшін мақтанба да, өзінді-өзің өреден жоғары ұстама. "Ұлық болсаң-кішік бол [8].

П.К.Иванов жүйесі тұлғаның сана мен дене қарым қатынасын реттеуге көп септігін тигізеді.

Қорыта келгенде, академик Н.М. Амосов айтқандай: "Денсаулығың мықты болуы үшін мәнді өз күшің болу қажет, оны еш нәрсемен ауыстыруға болмайды".

Сана мен дене үйлесім тапқанда ғана адам биік белестерді бағындырып, рухани кемелденуге дейін жетеді. Қорыта келе айтарымыз сана мен дене қарым-қатынасын ретке келтіру тұлға үшін оңай болмасы ақиқат. Ендеше, рухани кемелденуге жету үшін еңбек етуден аянып қалмайық.

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. – 2014, қаңтар. – С. 17.

2 Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2003. – 368 б.

3 Демеев А.Қ. Дене тәрбиесі сабақтарында жеке тұлғаны қалыптастырудың әдісі //«Қазіргі жағдайда салауатты өмірді қалыптастырудың инновациялық технологиялары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Шымкент, 2006. -35-36 б.б. (Г.Л.Сауырбекова, У.О. Мұсаевпен авторлық бірлестікте).

4 Ленченков И.С. Физкультурно-оздоровительная и спортивно-массовая работа в образовательных учреждениях. / И.С. Ленченков. Усть-Каменогорск: Из-во ВКГУ, 2003

5 «Қазақстан - 2030» стратегиясы. – Алматы, 1997.

6 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Көркем әдебиет, 1957. – 368 б.

7 Әл-Фараби. Тарихи-философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 220 б.

8 Назарбаева С.А. Путь к себе. – Алматы: Атамұра, 2000. – 40 с.

Резюме

Сламкулов А.Ш. – магистрант 2курса КазНПУ им. Абая

по специальности 6М020100–Философия, askar.slamkulov@mail.ru

Научный руководитель: Кабаева Ж.А. – д.филос.н.кафедры политологии и социально-философских дисциплин

КазНПУ им. Абая, kabaeva_zha@mail.ru

Здоровый образ жизни – гармония сознания и тела

В данной статье рассматриваются проблемы сознание-тело в философии, особенности гармонии сознания и тела. Проанализированы характерные особенности здорового образа жизни при формировании гармоничности сознания и тела. Здоровый образ жизни выражает и определенную ориентированность деятельности личности в направлении укрепления и развития личного и общественного здоровья. Показано что, осуществления здорового образа жизни, который, в свою очередь, - не только основа здоровья и гармония сознания-тела, но и путь к оздоровлению нации.

Ключевые слова: сознание, сознание-тело, физическая культура, здоровый образ жизни, здоровье, физическое воспитание.

Summary

Askar Slamkulov - 2nd course master specialty of Philosophy, askar.slamkulov@mail.ru;

Scientific supervisor: **KabaevaZh.A.** – doctor of philosophical sciences professor
of Chair of Politology and socio-philosophical disciplines,

KazNPU named after Abai, kabaeva_zha@mail.ru

Healthy lifestyle- the harmony of mind and body

This article discusses the problem of mind-body philosophy, especially the harmony of mind and body. We analyzed the characteristics of a healthy lifestyle in the formation of a harmony of mind and body. Healthy lifestyle and expresses a certain orientation of the individual activities towards the strengthening and development of personal and public health. It is shown that the implementation of a healthy lifestyle, which, in turn, not only the basis of health and harmony of body-consciousness, and the path to a healthy nation.

Keywords: consciousness, mind-body, physical training, healthy lifestyle, health, physical education.

УДК 94(574.51):304.3

ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕН

Сүндет З. – Абай атындағы ҚазҰПУ

6M020300 – тарих мамандығының 2 курс магистранты, zainep.sundetova@mail.ru

Ғылыми жетекші: **Тілеубаев Ш.** – т.ғ.к. Абай атындағы ҚазҰПУ

академик Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының доценті, shamek_09@mail.ru

Мақалада Қапшағай қаласы тұрғындарының құрылыс жылдарындағы күнделікті өмірі қарастырылған. Қалалық мұрағат қорларындағы құжаттар, сол жылдары басылым беттерінде, газет-журналдарда жарық көрген материалдар және замана кәуерлері болып табылатын адамдардан алған сұхбаттар негізінде Қапшағай қаласы тұрғындарының жетпісінші жылдардағы күнделікті өмір сүру деңгейінің төмен болуы, тұрғын үйдің, бала-бақша орындарының жетіспеушілігі, жалпы күнделікті тұрмысқа қажетті заттардың жаппай қол жетімсіз болуы мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген. Сонымен қатар, осы факторлардың қала тұрғындары өмірінің әртүрлі қырларына, адамдар арасындағы қарым-қатынасына, тұрғындардың жалпы көңіл күйіне тигізген әсері айқындалған.

Түйін сөздер: Қапшағай, күнделікті өмір, халық, тарих, құрылыс, тұрғын үй, қала, мұрағат, әлеуметтік деңгей.

Қазіргі кезде отандық тарихты зерттеу саласында ауқымды, көлемді, ғылыми маңызы жоғары тақырыптардан гөрі, өз дәуірінің әлеуметтік ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік беретін шағын қала, ауыл, елді мекендер, отбасы, әулет тарихы сияқты әлеуметтік микроқұрылымдардың қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін сараптау, салыстырмалы талдау жасаудың өзектілігі арта түсуде. Сондықтанда осы тұрғыда, яғни Қазақстанның шағын қалаларының бірі – Қапшағай қаласы тұрғындарының күнделікті өмірін зерттеу өзекті болып табылады.

Өткен ғасырдың ортасынан бастап шетелдік тарихшы ғалымдар әлеуметтік тарих мәселелеріне кең түрде назар аударып, оның ішінде күнделіктілік бағытында зерттеулер жүргізіп нәтижесінде көптеген ғылыми еңбектер жариялаған. Қоғамда бұл бағытта жүргізілген зерттеулерге деген сұраныс та артқаны байқалады. Қазіргі уақытта біздің отандық тарих ғылымы да әлеуметтік тарихтың мәселелеріне көңіл бөліп зерттеулер жүргізуде. Ол өз кезегінде бұл аталған бағыттың болашағы бар екенін көрсетсе керек.

Бағыс тарихнамасында ХХ ғасырдың орта тұсынан бері қарай адамдардың қарапайым күнделікті өмірінің тарихын зерттеуге көптеп көңіл бөлінді. Күнделікті өмір мәселелерін түсіндіру «Анналдар» мектебімен тығыз байланысты. Оның негізін қалаушы М.Блок пен Л.Феврдің басты мақсаты ретінде қоғамдық ғылымдар арасындағы қарама-қайшылықты жою, зерттеушілер іргелес пәндердің әдісін меңгеріп, тарих ғылымын тарихи кеңістіктегі адамдар туралы ғылым ретінде қарату болып табылады. М.Блок пен Л.Феврдің ізбасары Ф.Бродель адам өмірін рәсімдеу мен ұйымдастырудан тұратын

(ландшафт, архитектура, бөлменің ішкі көрінісін әзірлеу; іс-әрекет пен қарым-қатынас: әдет-ғұрып, салт-дәстүр, әдеп) «күнделікті құрылым» терминін енгізді [1, 21 б.].

Қапшағай қаласына қатысты жалпыламалық түрде жазылған кітіптар, естеліктер баршылық. Мысалы: Қапшағай қаласының құрылуы жайлы ізденістер Владимир Таранның «Солнечный город» атты кітабында жарық көрген. Бұл кітаптың алғашқы бөлімі 2003 жылы шықты, содан кейін, 2 жылдан соң, толықтырылғын және кеңейтілген түрде екінші бөлімі жарық көрді. Кітап 1970 жылы қала құрылуымен байланысты апта сайын шығып тұрған «Огни Капчагая» газетінің беттерінде жарияланған мақалалар, очерктер, сұхбаттардан тұрады.

Сондай-ақ, Қапшағай қаласы және Іле өзені тарихы жайлы Сағадат Сәлімбаевтың 2005 жылы «Қапшағай қаласына 35 жыл» атты кітабы жарық көрген. Кітап Қапшағай қаласы құрылысына қатысқан ардагерлердің өмірі мен құрылыс уақытында болған оқиғаларына шолулар мен талдау мақалалар жинағынан құралған.

Қаланың құрылысы жайлы, сол аймақта тұрған, қаланың құрылысын өз көзімен көріп, қаламен бірге өскен жасөспірім баланың өмірімен өрбіткен Ақтаевтің 1973 жыл «Қапшағай хикаясы» атты кітабы жарық көрген. Сонымен қатар Қапшағай су электр станциясының, қаланың құрылуына өзіндік еңбегін сіңірген, Еңбек ардагері Өмірбаев Кеңес Халықұлының құрылыс жылдарындағы басынан кешкен оқиғалары жайлы жазылған «Дәуірім дәуренім» атты еңбегі де бар. Бірақ Қапшағай қаласы тұрғындарының күнделікті өмірі жайлы зерттелген еңбектер жоқтың қасы.

Қапшағай қаласы Қапшағай ГЭС құрылысының салынуына байланысты, 1970 жылдары іргесі қаланаған жас қала болып табылады. Қала және ГЭС құрылыстары республикалық деңгейде ерекше мән берілген, мақсатты түрде салынған, құрылыс нысандары болса да, құрылыс жылдары қала тұрғындарының әлеуметтік жағдайы нашар болған. Осыған байланысты, Қапшағай қаласы тұрғындары, құрылысшылары жайлы біраз ізденістер жүргізілді. Ізденістер нәтижесінде 1970 жылдары Қапшағай қаласы тұрғындарының күнделікті өмір сүру деңгейінің төмен болғандығы, яғни тұрғын үйдің жетіспеушілігі, күнделікті тұрмысқа қажетті заттардың жаппай қол жетімсіз болуы, бала-бақша жетіспеушілігі және т.б. факторлар тіркелді. Оған дәлелдерді қалалық мұрағат қорларындағы құжаттардан немесе сол жылдары жарық көрген басылым, газет-журналдардан және замана куәгерлерінен сұхбат алу арқылы жиналған материалдардан көруге болады.

Мысалы, жетпісінші жылдары Қапшағай қаласы тұрғындарының күнделікті өмірін сипаттайтын, құрылысшылардың тұрмыс-тіршілігіндегі маңызды мәселелерді, құрылыс барысындағы жаңалықтарды, арыз, тілек-ниеттерді жариялап отыратын «Огни Капчагая» атты газет болған. Осы газетте жарық көрген кейбір мақалаларға сүйенсек, қалада балалар музыкалық мектебі, жастар үшін оқу – өндірістік комбинат (мұнда құрылыс жұмысшылары дайындалған) және Түрген сайында «Эдельвейс» атты биік тау пионер лагері жұмыс істеген. Лагерьде жазда балалар демалып, қыс уақыттарында екі күн – сенбі, жексенбі күндері құрылысшылар өздері арнайы жолдамамен демалған. Жұмыс орнындағы күнделікті жұмыстан, шаң-тозаңнан бір уақыт демалу мақсатында құрылысшылар үшін Медеу шатқалына арнайы демалыс шараларын ұйымдастырып отырған екен. Сонымен қатар, құрылысшыларға арнайы демалыс үйлеріне жолдамалар берілетін болған. Олар «Ремизовка» және «Қарғалы», «Просвещенец» және т.б. демалыс үйлерінде демалыс күндерін өткізген. Осыған қарағанда қала тұрғындарының қажеттіліктерін қамтамасыз етуге және жұмыс жағдайын жақсартуға, демалысын дұрыс ұйымдастыруға арналған шаралар жүзеге асырылғаны байқалады.

Бірақ дегенменде, қала тұрғындарының барлығының тұрмыс деңгейі, әлеуметтік жағдайы бірдей дұрыс болмаған. Әсіресе, қала тұрғындарының негізгі тобын құрайтын құрылысшылардың жағдайы төмен болған көрінеді. Мысалы: «Огни Капчагая» газетінің ұжымы арнайы рейдтік бригада құрып, құрылысшылар тұрып жатқан үйлерді аралап, олардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымен танысып, өз көздерімен көргендерін газет беттеріне жариялап отырған. 1970 жылы 3-ші наурызда «Халық бақылайды» тақырыбында жарық көрген мақалаға сүйенсек, 1970 жылдары Қапшағай қаласында халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету өте қиын болып, үлкен отбасылылар кішкентай бөлмелерде тұрған. Жұмысшылар саны көп, ал тұрғын үй аз, берілген тұрғын үйдің өзі жақында ғана салынған болса да, сапасыз салынған құрылыстың нәтижесінде тез арада ескіріп, жаңадан пайдалануға берілген үйлерге ұқсамай қалған. Бөлмелердің іші бос, үйдің ішінде не перде, не кілем, не киім салуға арналған шкафтар да болмаған. Жиһаздардан тек төсек пен орындық қана болған. Үйдің құрылысы аяқталмай қолданысқа берілген. Жатақханалар лас болған, тәртіпті қадағалап, тазалықты сақтайтын ешкім болмаған. Төрт жүз адам тұратын жатақхана тазалығына жауап беретін бір ғана тазалықшы болған. Осы жағдайдан-ақ жатақханада

тазалықтың дұрыс сақталмағанын байқай аламыз. Ал тазалықтың сақталмауы, өз кезегінде, адамдардың денсаулықтарына кері әсерін тигізіп, халықтың арасында түрлі аурулардың таралуына әсер еткен.

Кір киімді жуудың өзі бір мәселе болған, қалада коммуналды кір жуу орталығы болмаған. Сондай-ақ, таңертең және кешке жатақханаға жақын орналасқан колонкаларға әйелдер шелектерін көтеріп, ал ер адамдар банкілерімен, кеселермен, тіпті жуынуға орамалдарын алып баратын болған. Жатақханалар мен тұрғын үйлерде сантехника мен су құбырлары болғанымен оларды пайдалану мүмкін емес, себебі судың келуі сирек болған. Сондықтанда, онсызда жұмыстан шаршап үйлеріне әрең жеткен тұрғындар, оның ішінде, әйелдер көбінесе шелекпен су тасуға мәжбүр болған.

Ал, осы кездерде қала құрылыс жұмыстарымен айналысып жатқан құрылысшылар демалысын қалай өткізді? Бос уақытында немен айналысты? Бұлда бір үлкен мәселе болған. Қаладағы «Чайка» кино-театрында және «Құрылысшы» деп аталатын мәдениет үйінде бір уақытта бір фильмді жиі көрсететін. Жатақхана тұрғындары бос уақыттарында оқитын қызықты не газет, не журнал болмаған екен. Ал радио бар, бірақ барлық жатақхана онымен қамтамасыз етілмеген және бар радионың өзі дұрыс жұмыс істемеген. Мұндай жағдайлар құрылысшылардың сауаттылығын арттыруға, мәдениетін көтеруге кері әсерін тигізген.

Жалғыз басты жұмысшылар мен қызметкерлерге арналған он жеті жатақхана болған, онда мың екі жүзге жуық адам тұрған, олардың көбі жас жігіттер. Жатақханадағы тазалық пен тәртіпке бірнеше адам ғана қараған. Мысалы, сегіз жатақханаға төрт комендант, бір тазалаушы мен тәрбиеші. Бұл өз кезегінде жатақхананың ішкі тәртібіне кері әсерін тигізіп, жатақханаларда маскүнемдік пен төбелес жиі орын алып отырған. Негізінде жатақханаларда партия мен кәсіподақ жетекшілері болған, ал ауыл тұрғындары болса олардың ешқайсысы жоқ екендігін айтқан. Яғни, сол кездегі партия және кәсіподақ жетекшілері өз жұмыстарын жеткілікті дәрежеде атқармағаны байқалады [2, 3 б.].

Жоғарыда көрсетілген материалдардан біз бір газетте жарық көрген бірнеше мақалалардың арасындағы алшақтықты байқаймыз. Яғни, бір мақалада тұрғындардың жағдайының жақсы екені айтылып, асыра мақталып жатса, екінші мақалада керісінше кемшіліктер көп айтылған. Бұл сол кездегі кеңестік идеологияның көрінісі болып табылады. Ал сыни тұрғыда жазылған мақалалардың өзі сол кездегі объективті шындыққа сәйкес келе бермейді.

Сонымен қатар, осы кездерде тұрғын үйдің жетіспеушілігі болғандығын Қапшағай қаласының мұрағатында сақталған құжаттар арқылы да байқауға болады. Бұл жағдай өнер адамдарының күнделікті өміріне де әсерін тигізген. 1971 жылдың қазан айынан бастап қалада жұмыс істеген Музыкалық студияның үш бөлмесінде қызметкерлердің тұратындағы жайлы және сол жағдайдың студияның жұмысына кедергі келтіретінін жазған. Ал енді осы студияның кейбір мәселелеріне тоқтала кетейік. Студияның қарамағында небәрі 5 ақ бөлме болған. Студияда 3 фортепьяно, 3 баян, 2 аккордион ғана болған. Студияны кеңсе тауарларымен дұрыс қамтамасыз етілмеген. Композиторлардың шығармашылық жұмыстарымен танысуға, тыңдауға арналған құрылғылар, магнитофондар жетіспеген. Сонымен қатар студияда концерт залы да болмаған [3, 50 б.]. Бұл жетіспеушіліктер өз кезегінде оқу үдерісіне кері әсерін тигізіп, оқушылар өздерінің бар шығармашылық мүмкіндіктерін көрсете алмаған. Сонымен қатар, тұрғын үй жетіспеушілігі балалардың күнделікті білім алып шеберліктерін шыңдауға да кедергісін тигізген. Архивтегі деректерде қызметкерлер тұратын 3 бөлмені концерт залы етіп қойғанда оқушылар түрлі академиялық концерттер беру арқылы бір-бірінен сахналық мәдениетті, көрермендер алдында ойнай білу қабілетін меңгеріп, музыкалық білімдерін жетілдіре түсетін еді деп көрсетіледі.

Сондай-ақ, қалада бала-бақша жетіспеушілігі де байқалған. Алматы облысының мемлекеттік архивінің Қапшағай қалалық филиалында осыған байланысты құжаттар сақталған. Мәселен 1973 жылғы Қапшағай гарнизонының бастығының атынан қалалық атқару комитетінің төрағасына жолданған хаттардың бірінде горнизон бастығы әскерилердің отбасыларына 1971 жылдың мамыр айнан бастап бала-бақшадан бірде бір орын бөлінбегендігін айтып, әскери адамдардың жағдайын ең болмаса жартылай қанағаттандырып, бала-бақшадан 50 орын бөліп беруін сұраған. Осыған ұқсас бірталай хаттар Қапшағай қалалық атқару комитетінің төрағасы атына жолданып отырған. Бұл хаттарға жауап ретінде көбінесе бала-бақшада орынның жоқ екені айтылып, тұрғындардың өтініштері қанағатандырылмаған. Сондай жауап хаттардың бірінде 140 балаға арналған «Золотая рыбка» бала-бақшасында 210 баланың орналастандырылғандығын, 70 баланың санитарлық нормаға сәйкес келмейтіндігі жазылып, балалардың жарығы жоқ қоймаларда жатқызылып жүргендігі жайлы айтылған. Бала бақшаның жетіспеушілігі тұрғындардың күнделікті тіршілігіне кері әсерін тигізіп, кейбір отбасыларда әйелдердің балаға қарап үйде отырып жұмыстарынан босатылып жатса, кейбір отбасылардың екеуі де жұмыс істеп балалары қараусыз қалып жатқан. Осындай жағдайлар отбасы мүшелерінің қарым-қатынасына, көңіл-күйіне кері әсерін тигізіп, мазасын кетірген [4, 70 б.].

Қапшағай қаласы тұрғындарының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының нашарлауына 1970-80 жылдардағы экономикалық қиындықтар да әсерін тигізген. Көптеген тауарлар дефицит болып, олар үнемдеп жұмсалған. Осы кезеңде Қапшағай қаласында да дефицит тауарларды саудалау, үйлестіру жұмыстарының барлығы бірдей дұрыс жүргізілмегені байқалады. Оған «Огни Капчагая» газетінде жарық көрген қала тұрғындарының, еңбекшілердің бақылау комиссиясының, Халықтық бақылау комиссия мүшелерінің мақалалары дәйек бола алады. Мысалы: еңбекшілердің бақылау комиссиясы төрағасының атынан жазылған мақалада басшылар дефицит тауарлардың бірі кілемнің барлығын сатуға шығырмай қоймадан сату арқылы өздері ғана пайда көрген. Осыған ұқсас жағдай қалаға апельсин жемісін әкелген кезде де байқалған. Қала құрылысшылары жұмысшыларды жабдықтау бөліміне (ОРС) апельсин жемісі келіп түсті дегенді естіген күннен бастап, бұл жемістің қашан асханаға келетінін асыға күтіп жүрген, бірақ апельсиндер толықтай үлестірілмегендіктен жұмысшылар тәтті жемістің дәмін тата алмаған. Бұл жағдай құрылысшылардың көңіл күйін түсірген.

Осы тұста халықтың күнделікті өміріне қажетті саналатын шыны банкаларға арналған темір қалбыр да дефицит болған. Мысалы: 1970 жылдың мамыр айында дүкендерге 2400 дана қалбыр келіп түскен. Содан сатуға тек жартысы ғана жіберілген, ал қалған қалбырлар қорабы ашылмаған күйде қоймада қалған, мұндай жағдайға қала тұрғындары наразылықтарын туғызып, бөлім басшысынан жағдайдың неге бұлай болғандығын түсіндіруін талап еткен. Ал басшы ол тауарларды өзінің қызметкерлеріне алып қойғандығын айтып, кім қанша талап етсе де тауарды сатуға шығармайтындығын ескерткен. Тіптен қарапайым темір қалбырдың өзі де халық үшін сол заманда дефецит тауарлардың бірі болған еді. Бұдан түйетініміз, қала тұрғындарына жетіспеген тауарларды басшылардың тығып ұстауы сол кезеңдегі кеңес халқының күнделікті өмірде кездесетін келеңсіз құбылыстардың бірі екендігі.

Жалпы, Қапшағай құрылысы облыстағы ең ірі нысан болған, бұл құрылыс нысанын екпінді комсомол құрылысы деп жариялап, Алматы қаласының оқу орындарынан студенттік құрылыс отрядтарын құрып, құрылыс орындарына көмекке жіберіліп отырған. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағатында, 1970 жылдың мамырында Қазақстан округі комитеті Коммунистік партиясы мен халық депутаттары аудандық Кеңесінің атқару комитеті бюросының №411 қаулысы сақталған. Қапшағай ГЭС-інің құрылысына:

1. Қазақ Педагогикалық Институтынан –150 студент;
2. Энергоқұрылыс Институтынан – 100 студент;
3. Шет тілдер Институтынан – 50 студент қатысты [5, 2 б.].

Құрылыс алаңына келген студенттер құрылысы аяқталмаған жатақханаларға орналастырылған. Құрылысшы жастар қалаға келген бойда өздері жатақхананың еденін жуып, бөлмелерін тазартып, тұратын жерлерін өздері қалыпқа келтіруге тура келген. Мұндай жағдай, әрине, студенттердің көңілін қалдырып, жұмысқа деген талпынысын төмендеткен. Жұмыс өте ауыр болған, күндіз де, түнде де тыным таппай жұмыс істеген. Әсіресе қыздарға құрылыс жұмыстарын істеу оңайға түспеген. Кейбіреулерінің қолдары сыздап ауырып, ас бөлмесінде ешкімге көрсетпей жылап алатын кездері де болған. Себебі ауыр жұмыстан алақандары қанталап, ойылып кеткен болатын.

Соған қарамастан жастар өте шыдамды болған, қанша қиын болса да ешкім шағымдануға дәті бармаған. Студенттік комсомол жастар жасағын құрып, түнде қоғамдық жұмыстармен айналысып, арнайы рейдтер жүргізіп бұзақыларға, мас адамдарға қарсы күрес ұйымдастырған. Мұндай жұмыстардың студенттердің күнделікті өміріне жағымды да, жағымсыз да әсер еткен. Жағымсыз жақтары студенттер құрылыс жұмыстары мерзімінде аяқталмаған жатақханаларға орналастырылған. Өздері тұратын жатақханалардың санитарлық жағдайы сақталмаған, өмір сүруге қолайсыз жатақханаларда тұрып және өз жастарына сай келмейтін ауыр жұмыстарды да атқарған. Ал жағымды жақтарына келетін болсақ, Қапшағай құрылысында жұмыс істеу арқылы жастар құрылыс саласында үлкен тәжірибе жинаған. Сылақшы, краншы сияқты түрлі курстарға қатысып арнайы мамандықтырды игерген. Жәнеде Қапшағай қаласында тұрақты жұмыс істеп қалғандары да кездеседі. Сонымен қатар қалаға келіп жұмыс істеген студенттер осында өз бақыттарын тауып, шаңырақ көтеріп отбасыларын құрған.

Қорыта келе жоғарыда көрсетілген мақалалар, мұрағат қорларындағы мәліметтер қала тұрғындарының күнделікті өмірінің нақты жағдайының шетін ғана ашады деуге болады. Сондықтан сол кезеңдегі Қапшағай қаласының нақты даму деңгейін анықтау, қала тұрғындарының шынайы әлеуметтік жағдайын айқындау үшін күнделіктілік бағытында тереңдетілген зерттеулер жүргізілуі қажет. Сонда ғана тарихи шындықтың бетін аша аламыз.

1. Пушкарева Н.Л. Предмет и методы изучения «Истории повседневности» //Этнографическое обозрение. 2004. № 5. – С. 21.
2. Гуртов Д. Народ контролирует // Огни Капчагая, 1970, №5.-3 б.
3. АОММ. ММ Қапшағай филиалы. Қ 680, 1-тізім, іс – 79/70 б.
4. АОММ. ММ Қапшағай филиалы. Қ 400, 1-тізім, іс- 130/10-15 б.
5. ҚРОММ. Қ 2026, 1- тізім, іс – 529/2 б.

Резюме

Сундет З. – магистрантка 2 курса по специальности 6M020300 истории
КазНПУ им. Абая, zeinep.sundetova@mail.ru

Научный руководитель: **Тилеубаев Ш.** – к.и.н доцент кафедры истории Казахстана им.
Академика Т.С. Садыкова КазНПУ им. Абая, shamek_09@mail.ru

Повседневная жизнь жителей города Капчагая

В статье рассматривается повседневная жизнь жителей города Капчагая в годы его строительства. Особое внимание уделено проблемам низкого уровня повседневной жизни жителей города Капчагая в семидесятые годы, нехватки жилых домов, мест в детских садах, всеобщего дефицита предметов повседневного потребления и т.д. на основе изучения документов фондов городского архива, материалов, опубликованных на страницах периодической печати-газетов и журналов того времени, а также данных интервью с людьми, являющимися живыми свидетелями того времени. Вместе с тем, выявлено влияние этих факторов на различные стороны жизни населения города, на взаимоотношение людей, на общий жизненный настрой.

Ключевые слова: Капчагай, повседневная жизнь, народ, история, строительство, жилой дом, город, архив, социальный уровень.

Summary

Sundet Z. – 2nd course master specialty in 6M020300 of history, zeinep.sundetova@mail.ru

Research supervisor: **Tileubayev Sh.** – is the candidate of historical sciences associate professor of history of Kazakhstan of the Academician T.S. Sadykov KazNPU of Abay, shamek_09@mail.ru

Everyday life of residents of Kapshagay

In article everyday life of residents of Kapshagay in the years of his construction is considered. The Osby attention is paid to problems low уровня everyday life of residents of Kapshagaya in the seventies, shortages of houses, places in kindergartens, general deficiency of objects of daily consumption, etc. on the basis of studying of documents of funds of city archive, the materials published on pages of the periodic press-gazetov and magazines of that time and also these interviews with the people who are live svdetel of that time. At the same time, influence of these factors on various aspects of life of the population of the city, on relationship of people, on the general vital spirit is revealed.

Keywords: Kapshagay, everyday life, people, history, construction, house, city, archive, social level.

ӘОЖ:316:373

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫ ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖОЛЫНДА

Несипкалиев Д.Е. – С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ң

Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушысы

Рамазан М.Н. – Қоғамдық денсаулық сақтау мамандығының 2 курс студенті

Бұл мақалада зайырлы Қазақстан мемлекеті туралы қарастырылады. Қазақстан тәуелсіз ел болып жарияланған соң, дін бостандығы жаңа арнаға түсіп, Қазақстан Республикасы өзін зайырлы мемлекет деп жариялады. Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгісінің негізінде адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына байланысты құқықтық мәселелерді теократикалық мемлекеттерден өзгеше түсінік бар. Бұл жердегі ең бастысы – діннің мемлекеттен ажыратылу қағидаты. Мемлекеттің заңы мен тәртібін мойындап, Конституциясын құрметтеу оның азаматтық борышы, міндеті. Олай болса қоғамның зайырлылығы мемлекет үшін де, діндер мен олардың сенімшілері үшін де ортақ, өркениеттік құбылыс және қажеттілік. Сондықтан, автордың негізгі мақсаты бойынша зайырлы мемлекеттің қалыптасу жолындағы діни түсініктер биліктен азат болу мәнін ашу.

Түйін сөздер: зайырлылық, зайырлы мемлекет, билік, дін, тәуелсіздік.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде орын алған күрделі саяси-экономикалық жаңарулар мен өзгерулер ағымында мемлекет билігінің қайнар көзі болып табылатын халқымыздың рухани өмірі мен діни көзқарастары да бір жағынан толығып, ал енді бір жағынан әр алуан бағыттар бойынша дамып, бүгінгі көптеген этникалық топтар мен түрлі діндерді ұстанатын зайырлы Қазақстан қоғамы қалыптасты. Абай әлеуметтанудан арнаулы еңбектер жазбағанымен шығармаларында алуан түрлі әлеуметтік мәселелерді қозғап отырған. Өзінен бұрын және кейін өмір сүрген ақын – ойшылдармен салыстырғанда, Абай қоғамдық құбылыстардың даму қағидалары туралы, оларды басқару, қоғамның құрылымы, адам, тарихтағы бұқара халықтың және тұлғаның қалыптасуы, оның жоғары әлеуметтік-моральдік қасиеттері туралы терең ой қозғады. Яғни, адамдарды ғылым және біліммен қаруландырып, олардың сана-сезімін, білімін дамыту, қоғамның дамуына байланысты білімнің ерекше маңызды рөлі, қоғамдық сананың бір түрі ретінде діннің рөлі туралы бірінші болып терең ой-пікір айтқан және қоғам құбылыстарының даму қағидаларының бағыты туралы алғаш рет мәселе қозғап, өзінше шешкен. Абай сол кезде қазақ халқының саяси, мәдени, экономикалық жағынан кенже қалу себебін оның көшпенділігінен, бытыраңқылығынан екендігін халыққа түсіндірмекші болды.

Қоғам туралы мәселе Абайды терең толғандырған. Оның пікірі бойынша, біртұтас құбылыс ретінде қоғамның табиғи негізін халық құрайды. «Қоғамның әлеуметтік құрылымы бірыңғай емес, ол бір-біріне қарсы тұрған жіктерден, яғни байлар мен кедейлерден тұратыны ақиқат», дейді Абай. Қоғамның жіктерге бөлінуі ежелден бар. Сондықтан олардың арасындағы күрес толастаған емес. Қоғам біртұтас, бірыңғай құбылыс ретінде оның ішкі құрылымы алуан түрлі көкейкесті мәселелерді шешуді қажет етеді. Олардың қатарына мүлік арқылы жікке бөліну және жеке меншік, таптық құрылым, мемлекеттік басқару сот ісін жүргізу, қоғамдағы еркіндік, бостандық, теңдік және адамдардың достығы және т.б. жатады.

Халықсыз билік болмайды, ал – дінсіз халық болмайды. Абай жалпы билік ұғымына қалай қарады? Абайдың өмірлік шұғылданған кәсібі – билік, кәдімгі дала биі еді. Әрине, әділ би болды. Қандай қоғамда қандай билік үстемдік құрады, ол неге негізделеді және би мен заңның арақатынасы қалай ажыратылады немесе неге негізделеді? Билердің шешімі Абай үшін тек қана басқару үшін емес, сонымен қатар халықтың дәстүрі мен танымын тамыр тартқан «толық ұғым» (концепция). Абай үшін бір елдің заңы екінші елге жетекші бола алмайды. Сондықтан да ол қазақ дәстүріне жат патшалық тәртіпті жақтырмай, оның отаршыл пиғылына сенімсіздікпен қарайды. Өйткені, отарлық билікті қамтамасыз етуге, соны қорғауға арналған заңда тұрақ болмайды. Ол мемлекеттің күнделікті саясатына орай бейімделіп отыратындығын, бір ғана жақтың – отаршыл биліктің ғана мүддесіне қызмет ететінін түсінеді. Сол кездегі билікке, салтқа заңға қарсы шығуының өзі Абайдың рухани тәуелсіздікке, ұмтылғанын байқатады [1, 112 б.].

Халықтың тұтастығы мен діннің тұтастығы және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар екенін ескерелік. Көптеген этникалық топтар мен діни сенімдерден құралған біздің қоғамымыздағы өтпелі кезеңде діндердің мемлекеттің ішкі тұрақтылығы мен қауіпсіздігін қамсыздандырудағы рөлі, өндіруші күш болып табылатын халықты ұйымдастыру құдіреті, халықаралық қатынастардағы салмағы және еліміздің болашағы мен баяндылығына тікелей әсері өте анық көрініс берді. Қазақстан Республикасы Ата Заңында көрсетілгендей зайырлы мемлекет болғандықтан, тәуелсіздіктен кейінгі жылдары мемлекет органдарының діни ұйымдардың жұмыстарына бақылау функциясынан тыс тікелей араласпағаны белгілі. АҚШ мемлекет басқармасының «Демократия, адам құқықтары және еңбек бюросы» жариялаған «Қазақстан – халықаралық діни бостандық есебі» (2002 ж.) де осыны растайды. Алайда, жоғарыда айтқанымыздай, дін мемлекетті қалыптастыратын рухани негіздердің бірі болғандықтан және азаматтық қатынастарда маңызды рөл атқаратындықтан мемлекет ұйымдары мен құрылымдарының ішінде дін саласымен жұмыс істейтін мекемелер органдар болуы заңды. Осы орайда ҚР Үкіметі қарамағында діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі Кеңес құрылған. Кеңестің облыстар мен Астана және Алматы қалаларындағы бөлімшелері тікелей діни бірлестіктер және жамағаттармен, сонымен қатар әкімдіктер, Әділет министрлігінің тіркеу қызметі, Ішкі істер министрлігіне қарасты мекемелер, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Мәдениет министрлігі сияқты құзырлы мекемелермен етене байланыс жасайды.

Зайырлылық негізінен араб тілінде «захири» (зайырлы) яғни ашық, сыртқы деген мағыналарда қолданылады. Діннің сыртқы мәні яғни шариғат ұстанымын қамтитын термин ретінде қабылданған. Оған қарама-қарсы мәндегі «батини» сөзі де арабтың ішкі мән, сыр деген мағынадағы ішкі танымға негізделген ұстанымын білдіреді [2, 16.].

Зайырлы мемлекет дегеніміз – мемлекетті шіркеуден бөлу нәтижесінде пайда болған, қоғамдық қатынастар діни нормалар негізінде емес, азаматтық негізде реттелетін, мемлекеттік органдардың шешім-

дері діни тұрғыдан шығарылмайтын мемлекеттің сипаты. Зайырлы мемлекеттің заңнамасы толықтай немесе ішінара діни нормаларға сәйкес келуі мүмкін, оның зайырлылығы діни түсініктерге қарама-қайшылықпен емес, одан азат болуымен анықталады. Зайырлы елде әрбір адам ешқандай діни институттарға қатыссыз өмір сүруге құқылы. Мысалы, некені тіркеу және әділ сот жүйесі мемлекеттің айрықша құқығы болып табылады. Сол сияқты зайырлы елде барлық конфессия өкілдері заң алдында бірдей. Діни мерекелер халықтың дінге сенуші бөлігіне қолайлы жағдай жасау мақсатында демалыс күні ретінде бекітілген. Көптеген мұсылман елдері зайырлылық қағидаларына сай келмейді. Мысалы, Сауд Арабиясы мен Иран теократиялық ел болса, Малайзия зайырлылықтан біртіндеп бас тартуда (діни полиция құрылды), ал Түркия мен ТМД-дағы мұсылман елдері зайырлы болып есептеледі.

Қазақстан Республикасының көп этностылығы діни ұйымдардың көп болуына алғышарттық негіз қалайды. Зерттеушілер көрсеткендей, Қазақстан тәуелсіздікке ие болғаннан бері елімізде әртүрлі конфессиялар мен діни бірлестіктердің қызметтенуі қарқынды өсіп келеді. Діни ұйымдар жайлы мәліметтер берілген анықтамаларда конфессияға тиесілі бар жоғы 700-ге жуық діни бірлестік болса, бүгінгі таңда олардың саны 4001-ге жеткен. Олардың қарамағында 3151 ғибадатхана (мешіт, шіркеу, костел, синагога, құтхана, т.б.), 38 баспахана, 16 діни оқу орны жұмыс атқарады. Бүгінгі таңда Қазақстанда 2337 мұсылман бірлестіктері бар. Демек, Ислам Қазақстанда ең ірі дін институты болып табылады. Ислам діннің Қазақстанда әбден орнығып, жетекші рухани күшке айналуы, елдің тарихи, демографиялық және геосаяси жағдайларымен шартталған. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезінің Астана қаласында қайтала өткізілуінің өзі ақ, сондай ақ съезде қабылданған құжаттарда дүниежүзілік масштабта бейбітшілікті сақтауға, жер шарындағы барлық халықтарды, ұлттар мен ұлыстарды өзара сыйластыққа, бірін бірі құрметтеуге, ынтымақтастыққа өзара түсіністік пен келісімділікке үндеу, дінаралық және ұлтаралық достыққа шақыруы әлем халықтарының көкейінен шығып, әлемде тұрақтылықтың сақталуына өзіндік үлес қосуда [3, 373 б.].

Бүгінгі билік, Үкімет кештеу болса да, еліміздегі діни ахуал жайлы әңгімені енді қозғай бастады. Бұған дейін, Конституциямызда көрсетілген «зайырлы мемлекеттігімізді» тар кеңістікте түсініп, оны басқаша қабылдап келген едік. Зайырлы мемлекет болу дегеніміз - қоғамда болып жатқан ішкі жағдайлардан басты алып қашу емес, керісінше соның ортасында жүріп, бақылап-қадағалау, реттеп отыру болмақ. Бастысы - Ислам болсын, басқа болсын, дінді саясатқа айналдырмау керек еді. Бірақ біз басқа жолмен жүріп кеттік. Басқа мемлекеттерде билік пен қоғам діннің барлық ағымдарына араласып, не болып жатқанын біліп отырады. Бізде осы жағы кемшілік жіберілді деп санайды бірқатар елдегі діни ахуалды назарында ұстап отырған азаматтар. «Қажет болса, қаржы да бөлу керек еді. Мешітті ұстауға, кітаптар шығаруға қаражат қажет қой. Біз қаржы бөлмегесін, діни ұйымдарға шетелден вагон-вагонмен қаржы келе бастады. Сол қаражатқа шыққан кітаптар тегін айналымға түсті. Радикалдар өз дінін насихаттап жатқанда, біз үнсіз қала бердік. Әйтеуір, енді болса да, осы тақырыпқа көңіл бөліне бастағанына шүкір дейміз. Теледидар, басылымдар - жалпы БАҚ-та да, қоғамдық кездесулерде де діни ахуал жиі сөз болып жүр». Жалпы сұралған респонденттердің басым көпшілігі дін жүйесі саясаттана бастағанымен, дін басыларының саясатқа, биліктік басқару істеріне араласуы мүлдем төмен деп есептейді. «Дін Қазақстанның саяси өмірінде қандай рөл ойнайды?» деген сұраққа сұралғандардың 47,3%-ы «төмен», «ешқандай да рөл ойнамайды» деп жауап берсе, діннің 31,5%-ы діннің міндеті «имандылық мәселелерімен айналысу», «адамдардың рухани, моральдық, адамгершілік сезімдерін жетілдіру» деген, 22,2%-ы дін «тек діни мәселелермен айналысуы керек» деп есептеген.

Қазақстан тәуелсіз ел болып жарияланған соң, дін бостандығы жаңа арнаға түсіп, Қазақстан Республикасы өзін зайырлы мемлекет деп жариялады. Конституциямызда: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген (Қазақстан Республикасының Конституциясы). Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет ретінде өз азаматтарының заң жүзінде діни сеніміне, таңдауына және ұстану құқығына кепілдік береді.

Қазіргі заманғы зайырлы мемлекет үлгісінің негізінде адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына байланысты құқықтық мәселелерді теократикалық мемлекеттерден өзгеше түсінік бар. Бұл жердегі ең бастысы – діннің мемлекеттен ажыратылу қағидаты. Осы үлгідегі саяси-құқықтық мағына мынаны білдіреді:

– ар-ождан бостандығы – ол тек діни таңдау бостандығы емес, одан кеңірек – дүниетанымдық, соның ішінде діни емес таңдау. Осы таңдау құқығын мемлекет адамға (азаматқа) қалдырады және оның шешімін қабылдауға, оны қорғауға міндеттенеді;

– мемлекет азаматтармен қарым-қатынастарда олардың діни көзқарастарына емес, оның азаматтық-құқықтық жағдайына сүйенеді. Осылайша, азаматтық қағидатты бәрінен де жоғары қояды.

– мемлекет іс жүзінде барлық діндер мен азаматтардың құқықтық теңдігін жүзеге асыруға ұмтылады. Осы қағидат дүниетанымдық бірлік негізінде азаматтармен құрылған қоғамдық бірлестіктерге де таралады.

– діндер (әлеуметтік институттар, көпшілік-құқықтық қатынастардың субъектілері ретінде) мемлекеттік саясатты (діни нанымдарына байланысты емес барлық азаматтарға қатысты саясат) жасау мен жүргізу барысынан аластатылады. «Діни мәселе» саясаттан қоғамдық өмірге, азаматтардың жеке өмірі салаларына өтеді.

– мемлекет өзінің ішкі және сыртқы саясатындағы тұжырымдамалық негіздерде діни-теологиялық қағидаттарға сүйенбейді және олармен басшылық жасамайды.

– мемлекеттік және діни құқықтар бір-бірінен ажыратылады. Қоғамдық-құқықтық және азаматтық салалардағы мәселелерді шешуде біріншінің үстемдігі жарияланады. Діни құқықтың әрекет ету аясы негізінен діни институтпен шектеледі [4, 115 б.].

Мемлекеттің басты заңына сәйкес, діннің және діни бірлестіктердің әлеуметтік қызметтерін реттеудің, халықаралық тәжірибелеріне негізделген өзге де бірқатар нормативтік-құқықтық негіздер бар. Дегенмен де, діннің мәртебесі, оның қоғам өміріндегі шынайы жағдайы мен рөлі, яғни діннің қоғамның әлеуметтік-саяси, рухани салаларына тигізер әсерінің мәртебесі, кеңістігі және шекаралары қазірге дейін дәл анықталмаған. Осындай белгісіздік, әсіресе, оның теріс салдары еліміздегі қазіргі діни жағдайда орын алған жаңа үрдістерге байланысты анық та, айқын аңғарылуда.

Саяси биліктің қуатын діннен алмауы, конституциясын дінге негіздемеуі, белгілі бір дінді қолдамауы, барлық дін өкілдеріне тең құқық беруі, дін және мемлекет істерінің ажыратылуы сияқты функцияларды қамтыған. Бірақ осы анықтамаларды сол қалпында орындап отырған бір де бір Батыс мемлекеттері жоқ. Кейбір саяси партиялары дінді өз саясатына пай даланып, діннен қуат алып билік басына келуде, белгілі бір дінді негізгі дін ретінде танып отыр. Білім беру жүйелерінде де дін негізгі бағдарлама ретінде бағаланады. Ал енді Қазақстан да зайырлылық ұстанымын өзінің мемлекетінің мазмұнын құрайтын мәдениеттің тарихы мен құндылықтарына жауап беретін, сол арқылы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін заңын жетілдіргісі келсе, барлық Европа ұйымдарының «адам құқы», «демократияның бұзылуы» деп өре түрегелетіні де байқалып келеді. Сыртқы күштер тарапынан еліміздің ішінен мемлекетке қарсы жақтастар тауып, оларға қолдау көрсете отырып қоғамдық тыныштықты бұзғысы да келеді. Зайырлықтың негізгі мақсаты жеке тұлғаны діндердің және діни идеологиялардың қысымынан құтқару екендігін білу қажет. Бұл тұрғыдан келгенде Қазақстандағы діни экстремистік бағыттар, «салафилер» мен христиан миссионерлеріне өз азаматтарына ықпал етуге қолайлы жағдайдың болып келгендігі, ондай ықпалдарға бақылаудың жеткіліксіздігі мемлекеттің қауіпсіздігіне қаншалықты зиян екендігін азаматтардың бәрі мән бере бермейді. Қазіргі қоғамдағы «салафилердің» барлық іс-әрекеттері қоғам қауіпсіздігіне кері әсерін тигізуде. Ал миссионерлік ошақтарының ел әлеуметі арасына жік салып, тіпті елдегі іргелі ұлттың өзін іштей бөлшектеп бөліп әкетіп жатқаны да өмір шындығы. Зайырлылық мемлекеттің демократиялық, рационалды ұстанымдарға негізделуін білдіреді. Зайырлылық әсіресе Батыстағы католик әлеміндегідей дін мен мемлекеттің емес, дін мен шіркеудің өзара ажырауын білдіреді. Ал исламда жоғарыда айтқандай «дін адамы» немесе «дін адамы емес» деген бөлектену немесе статус, «каста» болмаған [5, 5 б.]. Бұларға қарағанда «зайырлылық» ұстанымы ислам өркениеті мен мәдениетіне етене жақын, сол себепті исламдық мәдениеттің билік пен қоғам арасындағы үйлесімділікті қамтамасыз етуге негізі баршылық.

Исламдық мәдениеттің мән-жайына әрбір оның сенімшілерінің өздері де жеткілікті мән бере бермейді. Сонымен қатар дін және діни сенім еркіндігі туралы мемлекеттің жаңа заңының ішкі мазмұны мен ұстанымдық функцияларына түсіндірмелер жеткілікті деңгейде көпшілік арасында түсініктелмеді. Оның салдары зайырлылық қағидалары мен алғышарттары ел тұрғындарының толыққанды білі мен мәдениетінің қалыптасуына әлі де жеткілікті мән берілмей отырғандығының елеулі бір көрінісі. Түсіндірмелердің мақсаты қоғамдық сана мәдениетін тәрбиелеп арттыру, мемлекеттің зайырлылығы негіздерін бұқара арасында ашып көрсетіп, ұғындыру болған болар еді. Ождан бостандығы мен қоғамдық жауапкершілік арасындағы арабайланыс ашыла түскен болар еді. Зайырлылық ережелерін ұстанған діндер де тек жеке адамды ғана емес, қоғам мәдениетін де қалыптастырушы елеулі фактор.

Қай діннің болса да сенімшілері ел азаматтары, осы қоғамның тұрғындары болғандықтан мемлекет олардың әлеуметтік-психологиялық денсаулығы мен қауіпсіздігін, түпкілікті мүдделерін қадағалап қорғап отыруға міндетті. Сондықтан қорыта келе мемлекеттің заңы мен тәртібін мойындап, Конституциясын құрметтеу оның азаматтық борышы, міндеті. Олай болса қоғамның зайырлылығы мемлекет үшін де, діндер мен олардың сенімшілері үшін де ортақ, өркениеттік құбылыс және қажеттілік.

1 Жүсіпова Алма, *Әлеуметтану негіздері /Оқу құралы. – Алматы: Экономика баспасы, 2012. – Б.112.*

2 Досай Кенжетай. *Зайырлы ел болу мен дін ұстау мәселесі, Abai.kz ақпараттық порталы, 12.12.2013 ж. – Б.1.*

3 Биекенов К.У., Биекенова С.К., Кенжакимова Г.А. *«Әлеуметтану» /Оқу құралы. – Алматы: «Раритет», 2012. – Б.373-379.*

4 Қорғамбаев Ж.Н. *Болашақтан келген адамның ой-толғауы. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2014. – Б.115.*

5 Мұртаза Б. *Қазақстандағы дін және мемлекет қатынастары // «Дала мен Қала» газеті. №5. 04.02.2005 ж. – Б.5.*

Резюме

Несипкалиев Д.Е. – преподаватель кафедры истории Казахстана и социально-гуманитарных дисциплин, КазНМУ имени С.Ж.Асфендиярова

Рамазан М.Н. – студент 2 курса специальности общественное здравоохранение

Пути формирования Казахстана как светское государство

В данной статье Казахстан рассматривается как светское государство. После того как стал независимым государством Республика Казахстан объявила себя как светское государство, религия переходит на новое течение. Право и свобода человека и граждан на основе образца современного светского государство от теократических государств, существуют особое понятие на правовые проблемы. Главное в этом принцип отделения религии от государство. Осознавать дисциплину и закон государство, уважать Конституцию его гражданский долг и обязанность. То в этом случае светское общество для государство, религий и для его верующих общее, цивилизованное явление и необходимость. Поэтому основная цель автора раскрыть сущность формирования светского государства, где власть отделена от религии.

Ключевые слова: светское, светское государство, власть, религия, независимость

Summary

Nesipkaliyev D.E. - senior teacher of department history of Kazakhstan and social humanitarian disciplines, KazNMU named after S.Zh. Asfendiyarov

Ramazan M.N. – student of 2nd course, specialty public health

The ways of formation Kazakhstan as secular state

In this article Kazakhstan is considered as the secular state. After became the independent state Republic of Kazakhstan declared as the secular state, the religion passes to the new current. The right and freedom of the person and citizens on the basis of a sample modern secular the state from the theocratic states, exist special concept on legal problems. The main thing it is the principle to separate religion from the state. To realize discipline and the law of the state, to respect the Constitution these are their civic great duty and responsibility. That in this case secular society for the state, religions and for his believers the general, civilized phenomenon and need. The main aim of this article to open essence of formation of the secular state where the power is separated from religion.

Key words: secular, secular state, power, religion, independence

ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ

УДК 32(574)

САЯСИ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әбсаттаров Р.Б. – Абай атындағы ҚазҰПУ

*саясаттану және әлеуметтік философия пәндер кафедрасының меңгерушісі,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор;*

Шалтықов Ә.И. – Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, саяси ғылымдарының докторы

Мақалада әлеуметтік-саяси әдебиетте әлі де жете зерттелмеген саяси қатынастардың ерекшеліктері қарастырылады. Мақалада саяси қатынастар тұрғысында саяси қатынастардың мәні мен құрылымына және саяси билік, саяси жүйе, саяси үдеріс, субъект, объект, саяси институт, қоғамдық ұйым, индивидтің, әлеуметтік топтың, қоғамның мүдделері және т.б. ұғымдарына ғылыми талдау жасалған. Сонымен қатар, пікірталас тудыратын сұрақтарға да көңіл бөлінген.

Тірек сөздер: мемлекет, партия, қоғамдық ұйым, индивид, тұлға, әлеуметтік топ, саяси институт, саяси билік, саяси жүйе, мүдде, адам, құқық, басқару, саясат.

Саяси шындықтың әрбір элементі өзінде саяси қатынастар және саяси мүдделер мағынасын ұстанады, сондықтан да саясаттанудың категориялық аппаратында ол ең негізгілері болып саналады.

Саяси қатынас – демократияны дамытудың бірден-бір алғышарты деуге болады. Азаматтардың саяси өмірге еркін қатыса алу құқы демократиялық мемлекеттің негізгі белгілерінің бірі. Саяси қатынастар – азаматтардың саяси жүйесінің қызмет жасауына, саяси институттарды қалыптастыру мен саяси шешімдерді қабылдауға ықпал етуі жолындағы қызметі.

Шын мәнісінде, саясатқа қатысу дегеніміз адамдардың өз мүдделеріне жету мақсатындағы саяси іс-әрекеттің негізгі қыры. Саясатқа қатысу деп - жеке адамның, топтың, таптың саяси-биліктік қатынастарға, саяси маңызы бар шешімдер қабылдау мен саяси ел басқару үрдістеріне енуі, араласуы [1, с. 447]. Жалпы саяси зерттеулер көрсеткендей, адамдардың саясатқа қатысуының әр түрлі деңгейі болады. Соның ішінде ең жоғарғы көрсеткіштік өкілеттілік демократиясы мен саяси плюрализмі бар қоғамдарға ғана тән. Мұның басты себебі, тек демократиялық қоғамда ғана жеке адамның таңдау құқы конституциялық тұрғыдан бекітіледі.

Осылай бола тұра, демократиялық мемлекеттердің барлығында бірдей халықтың саясатқа қатысуы жоғары деген тұжырымға келуге болмайды. Себебі, бүкіл қоғамның жаппай белсенділігін бір деңгейде ұстап тұру мүмкін емес. Ол бірінші кезекте, мемлекеттің әлеуметтік - экономикалық жағдайына тәуелді, мысалы, ел ішінде елеулі өзгерістер туып, ол жалпы халықтың жағдайын жақсартып жатса, онда бұл кезеңде адамдардың саясатқа қатысушылығы артады. Ал, егер қоғамда ұзақ уақыт еш өзгерістер болмай, бірқалыпты тұрақтылық болса, немесе жасалған өзгерістер барысы дағдарыстар туғызса, онда бұл кезең саясаттың жұрт алдында жек көрінішті күйге түсуін, яғни, азаматтардың саясаттан аулақтануын туғызады.

Саяси қатысудың бірнеше себептерін атауға болады. Біріншісі, демократиялық құндылықтарға қолдау көрсету мен оны таратудағы саяси қатынастардың рөлі. А.Токвильдің пікірінше, адамдардың саяси немесе саяси емес мақсаттардағы еркін біріккен қызметі демократиялық бағыттың пайда болуына және әлеуметтік сенімнің, өзара қарым-қатынас ережелерін, ортақ игілік тұжырымын қалыптастыруға және өзімшілдікті жоюға жағдай жасайды [2, с. 380-386]. Сонымен бірге, азаматтардың кеңінен еркін қатысуына сай ассоциациялардың болуы, өз кезегінде мемлекеттік араласуды шектейтін және еркіндікті қорғайтын, азаматтық қоғамның негізі болып табылады [3, с. 79-80]. Екіншіден, саяси қатынастардың жеке тұлға потенциалын дамытудағы мәні. Кезінде Ж.Ж. Руссо азаматтар қоғамның саяси өміріне қатысуы арқылы өзін-өзі жетілдіруге, өз қабілеттерін арттыруға мүмкіндік алатындығын көрсетті [4, б. 178-180]. Үшіншіден, қоғамдық өмірдегі азаматтар мүдесін қорғау теңдігі. Саяси қатынастардың көмегімен азаматтар қоғамды өзінің мүддесімен, мұқтаждарымен таныстыру мүмкіндігін алады.

Саясатқа қатысудың ең кең тараған анықтамасын американдық саясаттанушы Дж.Нагель береді. Саясатқа қатысу – дейді ол, - бұл кез келген саяси жүйенің қатардағы мүшелерінің, оның қызметінің нәтижесінде ықпал етуі немесе ықпал етуге тырысатын іс-әрекеттері. Жалпы, саяси қатысу - тек бақылап, бағдарлауды емес, белсенді іс-әрекетті білдіреді.

Саяси қатынастар жалпы, барлығына бірдей міндетті мүдделер, мемлекеттік билікті қорғау және оны жүзеге асыру тұрғысында қоғам мүшелерінің байланыстары мен өзар әрекеттері болып табылады.

Саяси қатынастар – саяси билікті пайдалану, оған ие болу және оны қайтадан бөлу төңірегіндегі саясат субъектілерінің өзара қарым-қатынасы. Саяси қатынастар саласы қоғам өмірінің саясилену деңгейіне және саяси-мемлекеттік ауқымына тәуелді. Саяси қатынастар қоғамның саяси жүйесінің қызметін анықтайды.

Саяси стратегиялық курсты жасақтау барысында қалыптасып, сайлау науқаны кезінде саяси билікке жету үшін күресті, тағы да оларды іске асыру үшін қызметті саяси қатынастар дейміз.

Саяси қатынастар қоғамдық қатынастардың бір түрі болып табылады. Олар қоғамдық және экономикалық қатынастармен бірге қоғамда үлкен рөл атқарады. Бірақ та, саяси қатынастар басқа қоғамдық қатынастардан белгілі ерекшелігімен сипатталады.

Біріншіден, олар, әлбетте, ірі әлеуметтік қауымдастықтар, ұлттар және партиялар, мемлекеттер арасында орын алады.

Екіншіден, саяси қатынастар, топшылап айтқанда, әлеуметтік топтардың, таптардың, халықтың түпкі мұқтаждары мен мүдделерін білдіреді.

Үшіншіден, ол, әсіресе, мемлекет пен мемлекеттік билікті өз мақсаттарына пайдалануда әртүрлі саяси күштердің бәсекелестігінде айқын көрініді.

Төртіншіден, ол саяси көзқарастар мен сенімдерді іске асырудың, саяси институттардың қызмет етуінің формасы болып табылады.

Сонымен бірге, саяси қатынастар қоғамдық прогрестің даму дәрежесімен, оның демократиялығымен, саяси еркіндіктің деңгейімен, қоғамның ашықтылығымен, еркін ақпараттықпен, саяси мәдениеттің деңгейі және оның сипатымен айқындалады.

Саяси қатынастар бірқалыпты болмайды. Олар өте күрделі және қозғалмалы да, объективтілік пен субъективтіліктің, стихиялық пен саналылықтың бірлігі болып табылады. Сондықтан саяси қатынастардың қарқындылығы саяси өмірдің жалпы тонусы, оның динамикасы, өрлеуі мен басылуына байланысты өзгеріп отырады. Билік пен қоғамның әсеріне сай олар төмендеуі мүмкін, мысалы, төтенше жағдайлардың кіргізілуі, қарулы қақтығыстың, қуғын-сүргіндердің, т.б. жағдайлардың салдарынын, немесе революция, демократиялық реформалар кезінде қызу дамуы мүмкін.

Саяси қатынастардың негізінде мемлекет пен қоғамның қатынастары тұрады. Саяси қатынастардың құрылымында басқарушы (басқаратындар мен басқарылатындар) және саяси биліктің қатынастары (билік етушілер мен биліктің қарамағындағылар) ерекше орын алады.

Осындай барлық саяси қатынастардың жиынтығы қоғамның дәл нақты саяси жүйесінің қызмет етуін шын мәнінде анықтайды.

Қоғамның саяси жүйесі билік жүргізіп, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін, әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекеттер арасындағы саяси өзара қатынастарды реттейтін ұйым мен мекемелердің жиынтығы деп атап көрсетуіміз керек.

Қоғамның саяси жүйесін жұмыс істеп тұрған жанды дүние ретінде қарастыруға болады. Осыған байланысты саяси жүйе арқылы қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірінің тыныс-тіршілігі жүзеге асырылады, осында әртүрлі қоғамдық күштер мүдделерінің қиылысуы мен қақтығысы жүріп жатады, билік сипатындағы шешімдер қабылданады деп айтуға болады. Қоғамның саяси жүйесі алға қойылған мақсаттардың орындалуы үшін әр түрлі саяси субъектілер қызметінің үздіксіздігін, байланыстылығын және оларды сатылап үйлестіруді қамтамасыз етеді. Ол әлеуметтік жанжалдар мен қайшылықтарды шешу механизмін анықтайды, қоғамдық қатынастарды үйлестіреді, әр түрлі қоғамдық күштердің негізгі құндылықтары бойынша, қоғамдық дамудың мақсаттары мен бағыттары жөнінен консенсусқа жетуіне септеседі.

Сонымен бірге, қоғамның саяси жүйесі таптардың, әлеуметтік топтардың, халықтардың саяси мүдделерін түсінуге, осы мүдделерді білдіретін саяси құбылыстардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін анықтауға мүмкінді береді.

Қоғамның саяси жүйесі билікке тікелей немесе өздерінің ұйымдары мен қозғалыстары арқылы ықпал ете алатын әлеуметтік топтардың, халықтардың сан қырлы мүдделерін білдіреді. Саяси институттар мен құрылымдардың атқаратын қызметтерінің нәтижесінде, сондай-ақ адамдардың басқарушы мен басқарылатын саяси рөлді орындауы нәтижесінде саяси жүйе қоғамның әр түрлі өміріне мақсатты түрде әсер ете алады. Саяси жүйе тетіктерінің әлеуметтік қатынастарға әсер етуі – құндылықтар мен ресурстарды қоғамның ішінде билік жолымен бөлу қабілетіне негізделген. Осыған орай халыққа белгілі бір мөлшерлі шамалар мен іс-әрекеттердің нормалары көрсетіліп беріледі.

Сонымен, «қоғамның саяси жүйесі» түсінігі – қоғамның әлеуметтік-саяси табиғатын, ондағы болып жатқан саяси қатынастарды, институттарды, билікті ұйымдастырудың нормалары мен принциптерін неғұрлым толық ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Қоғамның саяси жүйесі саясаттанудың категориясы ретінде, біріншіден, биліктің әлеуметтік мазмұнының сипатын, оны таратушыны, экономикалық құрылыспен өзара әрекеттесуін қамтиды, екіншіден, билік тұтқасы жүзеге асырылатын және саяси қатынастар реттелетін институттардың, ұйымдардың жүйесіне жол сілтейді, үшіншіден, саяси билік институттары қызметтерінің принциптері, нормалары, осы қызметтердің бағыттары айқындалады.

Қорыта айтқанда, қоғамның саяси жүйесі соның механизмі, күші арқылы қоғамдағы билікті, басшылықты және басқару қызметін жүзеге асыратын тұтастай бір тетік. Қоғамның саяси жүйесінің қызметі – қоғамдағы болып жатқан саяси қатынастарды және ондағы саяси үрдістерді реттеуге бағытталған қызмет.

Саяси қатынастардың мазмұны келісім, қақтығыс, бірлік, ынтымақтастық, өзара қарым-қатынас, үстемдік және бағыныштылық белгілерімен сипатталатын мемлекет пен қоғам, билік пен адам, әлеуметтік топтар, таптардың қатынастрымен анықталады.

Өзінің мәні жағынан әлеуметтік бола тұрып, сонымен бірге саяси қатынастар басқа да қоғамдық қатынастардан көп белгілері жағынан елеулі айырмашылықтары бар, ол ерекшеліктің негізінде қатынастардың объектісі жатыр – саяси билік ең бастысы, саяси биліктің институттары.

«Билік» ұғымы топтасқан адамдардың, қоғамдық ұйымдар мен бөлімдердің, яғни субъектілердің арасындағы қатынастардан туады. Сондықтан да, билік – қоғамдық қатынастың ерекше бір түрі. Билік шешімдерді міндеттеу мен өмірге енгізу арқылы, яғни өздерін дұрыс ұстайтын және талапқа сай жүретін адамдарға жасалатын ықпал екенін айту жөн. Билік ең әуелі қоғамдық өндірісті ұйымдастыру үшін қажет, ал мұны билік субъектісі мен объектісінез түсіндіруге болмайды. Билік субъектісі (бұл тұтас бір халық, мемлекеттік ұйым, билікке ие жеке тұлға болуы да мүмкін) деп басқаларға ықпал ету және алдына қойған мақсатқа жету қабілетіне иелерді айтады.

Ал, билік объектісі (тұтас алғанда қоғам, яғни халық және жеке алғандағы әр азамат болуы мүмкін) деп өзінің мінезін билік мазмұнына, яғни билік субъектісінің оған қоятын талаптарына сәйкестеушілерді айтады. Осыған байланысты адамдарды биліктің субъектісі мен объектісіне, бастықтар мен бағынушыларға бөлу көп ретте ықтималды және өзгермелі болады, яғни бір жерде адам бастық ретінде, ал екінші бір жерде бағынышты ретінде көрінгенмен, кей уақытта олар өзара орын алмастыруы да мүмкін.

Ал, саяси билік жөнінде айтсақ, оның өкілдерінің өзара ықпалы құралдар мен сол құрал көздерінің тұтас кешенімен жанама түрде іске асып, билікті жүргізудің барсын тұрақтандырып және реттеп отырудың арнайы қондырма тетігінің шеңберінде жүзеге асады.

Саяси қатынастардың шеңберінде – қоғамда билікті бөлу, әртүрлі билік орталықтарының болуы және олардың өзара әрекет етуі.

Биліктерді бөлу саясаты дүниежүзі елдеріндегі билік құрылымын одан әрі жетілдірудің бірінші кезектегі мәселелерінің қатарында тұрады. Билікті бөлу тікелей де, көлденең де жолдармен іске асырылады. Биліктің тікелей бөлінуі дегеніміз – биліктің әр түрлі деңгейдегі мемлекеттік басқару субъектілері арасындағы бәрінен бұрын, жалпы ұлттық (орталық) және жергілікті басқару деңгейлері арасындағы бөлінуі айтады.

Демократиялық, өркениетті елдердің саяси тәжірибесі биліктердің бөлінуінің жөнді екенін көрсетеді. Ал мұның өзі мына төмендегідей себептермен: біріншіден – биліктің әрбір тармағына, әрбір мемлекеттік органның міндеттері мен қызмет бабын және жауапкершілігін анық белгілеу, өзара бақылауды іске асыру, мемлекеттік басқару орындарындағы іс-әрекеттердің бірлігіне жетуге және қайшылықтарды жеңу процесінде қоғамдағы өскелең тең салмақтылықты қолдауға көмектесетін, тыйым салулар мен қарсы тұрушылықтың жүйесін құру қажеттілігімен; екіншіден – билікті теріс пайдалануды, диктатураны, тоталитаризм мен авторитаризмнің орнауын алдын-ала болдырмау қажеттілігімен; үшіншіден – биліктерді бөлу принципін жүзеге асыру негізінде жеке тұлғалардың өзіндік бағалалылығы тұрғысынан алғанда билік, бостандық, заң, құқық, мемлекет және қоғам сияқты қоғам өмірінің қайшылықты жақтарын үйлесімді біріктіру мүмкіндігімен шартталған.

Билік тарамдарының әрқайсысының өзінің өкілеттіліктерін өз бетінше тиімді түрде іске асыруға міндетті, ал барлығы бірге бір-біріне қолдау жасай отырып, жеке адамдардың, халықтың мүдделерін, қоғамдық прогресін, әділеттілікті қамтамасыз етуге тиіс [5, 137-142 бб.].

Биліктің бірінші тарамы – заң шығарушы билік. Бұл тарам конституция мен құқық жоғарылығының принциптеріне негізделеді де, еркін сайлау жолымен қалыптасады.

Биліктің екінші тарамы – атқарушы билік тарамы. Бұл тарам өзінің қимылшылдығымен, қоғамдық өмірге деген көтеріңкі зеректігімен үкімет арқылы жұмыс жасайды.

Биліктің үшінші тарамы – сот билігі. Сот билігінің халі, оған қоғамдағы көзқарас, оның даму бағыты қоғам өмірінің экономикалық, мәдени, саяси, адам тәрбиесі, оның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау сияқты жақтарына елеулі ықпал жасайды.

Қазіргі уақытта дүниежүзі елдерінің басым көпшілігінде биліктердің бөлінуі заңды түрде бекітілген.

Биліктің әр тармағы және жалпы саяси биліктің мақсаты – басқа адамдарды басқару болғандықтан ол барлық уақытта екі жақты мағынада болып табылады. Алайда, билікке «тәртіптілік» тұрғысы да тән. Себебі, ол бір адам тәртібінің екінші бір адамның тәртібіне ықпал жасауы тұрғысынан ғана болатын әрекет жасаушы екі адам арасындағы қатынасқа негізделеді.

Бұдан басқа билік және оның әр тармағы, сондай-ақ, «жағдайлық» (ситуациялық) тұрғыға да ие, яғни биліктің және оның қызметінің мәнін түсіну үшін билікті нақтылы жағдаймен, не болмаса оның нақтылы міндетімен бір ара қатынаста қарау қажет.

Биліктің әр тарамы өзінің шыншылдығымен, әділеттілігімен, өнегелілігімен, өзінің құдыреттілігімен және халықтың қолдаушылығымен, яғни оның заңды басшылыққа алынуымен, сондай-ақ, билікке деген сенімімен, құрмет көрсетуімен, билік бастамаларына қатысуға дайындығымен күшті болатыны сөзсіз.

Саяси қатынастар әлеуметтік топтар мен индивидтердің қоғамның саяси өміріндегі орны мен рөлін анықтап және белгілейді: билік етудің субъект және объектісі ретінде, билеуші немесе бағыныштылық, басқарушы немесе басқармалы. Тарихи жағынан саяси қатынастардың мынадай модельдері қалыптасқан: билік ету, жетекшілік (лидерлік), басқару, бақылау.

Саяси қатынастарды тек қана жеке индивидтердің, тіпті олар қанша ұлы тұлғалар болмасын, күшімен жүргізуге болмайды. Жеке индивидтер тек қана объективтік болмыс мәртебесіне ғана ие болады. Саяси қатынастарды жүзеге асыру барысында саяси процестер мен жүйенің, саяси идеялар, білім, тәжірибе, құндылықтар, ақпараттар, т.б. саяси қызметтің түрлері мен әдістерінің қайта жаңғыруы пайда болады.

Саяси қатынастар саяси өмірдің әртүрлі деңгейлері мен ішкі жүйелері субъектілерінің араларында қалыптасады. Осыған орай, олар макродеңгейде (жалпы мемлекеттік, жалпыпартиялық), тағы да мезодеңгейде (аймақтық және жергілікті деңгейлерде) және микродеңгейде (ішкі партиялық) көрінеді.

Саяси қатынастарды келісім, бітімгершілік, ынтымақтастық, қақтығыстық, бәсекелестік деп жіктеуге болады. Саяси қатынастарға саяси дәстүр мен мәдениет, саяси-мемлекеттік институттар және саяси – құқықтық ережелер ықпал етеді.

Саяси қатынастардың жіктелу процесіне байланысты оның бірнеше мынадай жіктелуін ұсынуға болады.

Субъектілердің түрлеріне қарай саяси қатынастар:

- таптаралық;
- ішкітаптараралық;
- мемлекетаралық;
- партиялық және т.б. болады.

Сипаты және мазмұны жағынан саяси қатынастарды мынадай түрлерге бөледі:

- демократиялық;
- авторитарлық;
- конфронтациялық;
- консенсустық т.б.

Жүзеге асыру әдісі жағынан саяси қатынастар:

- күш көрсету;
- күш көрсетпеу болып бөлінеді.

Құндылығы жағынан саяси қатынастар мынадай формаларда көрінеді:

- либералдық;
- социалистік;
- ұлтшылдық, т.б.

Саяси қатынастар өмір сүруінің деңгейлері: жергілікті (локальды), аймақтық, ұлттық, халықаралық, жаһандық, сыртқы саяси және ішкі саяси болып келеді. Саяси қатынастар вертикальды және горизонтальды ретінде де болуы мүмкін (мысалы, демократия және тоталитаризм). Өзінің бөліну механизміне қарай олар стихиялық және саналылық болып бөлінеді.

Саяси қатынастар субъектілері - жеке индивидтер, таптар, қауымдар мен тұтастай қоғам болып табылады. Осыған орай, саяси қатынастар көп деңгейлі, күрделі және өзара тәуелді болып келеді. Жеке топтық деңгейде олар саяси және әлеуметтік-экономикалық құрылымдағы осы қатынастар субъектілерінің мәртебесі мен рөліне, мүдделері мен құндылықтарына, әлеуметтік-психологиялық қасиеттеріне тәуелді. Саяси қатынастар деңгейі жоғарылығын сайын оған ұлттық, саяси мәдениет, қоғамдық-экономикалық жүйе және өркениет ерекшеліктері ықпал етеді.

Саяси қатынастарды саяси мүдделерден бөліп қарауға болмайды, себебі саяси қатынастардың өзі тікелей мүдделер түрінде көрініс табады. Бірақ та, қатынастардың формасы ретінде көрінсе де, саяси мүдделер қоғамдық өмірдің жеке саласы болып табылады. Өзінің табиғаты жағынан олар әлеуметтік-экономикалық мүдделердің жиынтығын көрсетеді.

Мүдде - қоғамдағы әлеуметтік субъектілер іс-әрекетінің, өмір сүру бағдарының негізі, ішкі қозғаушы күші. Мүдде әлеуметтік, табиғи, мәдени қажеттіліктер негізінде пайда болады. Мүддені жіктеу барысында оның бірнеше салалары анықталады: қауымдық деңгейде – жеке дара, топтық, қоғамдық, жалпы адамзаттық; бағыттық аясы бойынша – экономикалық, саяси, діни, рухани; субъектінің сипатына байланысты – ұлттық, мемлекеттік, партиялық, кәсіби қоғамдағы әлеуметтік субъектілер іс-әрекетінің, өмір сүру бағдарының негізі, ішкі қозғаушы күші.

Мүдденің қалыптасуы әр түрлі әлеуметтік-демографиялық топта өзіндік басымдықтарға негізделеді, яғни кейде сезімдік ұшқырлық негізгі рөл атқарса, кейде зерделік байсалдылықтың басымдылығы байқалады. Мүдде әлеуметтік субъектінің ішкі жан дүниесінен, дүниетанымынан, құндылық бағдарынан хабардар етеді және рухани дамумен, адамгершілік ұстанымдармен астаса отырып, өзінің парасаттылығымен ерекшеленеді. Әрбір жеке адамның мүддесі, алдымен, оның қандай құндылықтарды бағалайтынына байланысты қалыптасады. Ол өз кезегінде қоғамдағы, тарихи кезеңдегі басымдылық танытатын сұраныстармен, қажеттіліктермен, құндылықтар жүйесімен байланысып жатады. Сондықтан жеке, топтық және қоғамдық мүдде бір-бірімен әлеуметтік деңгейде тығыз байланыста болғандықтан, осы қатынастар үнемі жеке тұлғалардың дара мүдделеріне түзетулер енгізіп отырады. Мүдде деңгейіндегі қайшылықтар заңды құбылыстар болып, әлеуметтік деңгейдегі әр түрлі қайшылықтарды туғызады және адамдар мен әлеуметтік топтар арасында шешімін табуға тиіс күрделі мәселелер бар екенін көрсетеді. Әрбір адамның дүниедегі қайталанбас даралығы, негізінен, оның дүниетанымы, өмірлік түсінігіндегі ерекшеліктер түрінде байқалып, әрқилы мүдделер сипатында бейнеленеді. Мүдде деңгейінде көрініс берген жеке адамның қалауы мен тілектері біртұтас құбылыс болып келетін материалдық және рухани заңдылықтар ауқымында болады. Бұл адамзат дүниесі тарихының және болашағының рухани біртұтастығын білдіреді. Сондықтан әрбір қоғамның тұтастығы мен ішкі бірлігінің сақталуы, адамдар мен әлеуметтік топтар арасында түсіністіктің ұлғая түсуі мен әлеуметтік саланың жете дамуы үшін мүдде деңгейіндегі үйлестік пен үндестік терең болуы шарт, онсыз әр түрлі тартыстар көбейеді. Әрбір жеке адам табиғи-материалдық деңгейде өзінің жеке басын қорғауға, өзін қамтамасыз етуге және ұрпақ қалдыру арқылы тіршілікті ұзар-

туға мүдделі. Осыған орай адамдар арасында өзара мүдделі қатынастар, бәсекелестіктер, қайшылықтар туындайды. Адамдардың әр түрлі әлеуметтің топтардың рухани мүддесі, негізінен, ақиқат заңын мойындап, сол жолмен жүруге тырысуынан басталады. Рухани тазалыққа ұмтылу, моральдық нормалар мен бағдарларды тіршіліктің қайнар көзіне айналдыру түбінде адамды өз бойында қалыптасқан табиғи өзімшілдігін жүгендеуіне әкеледі. Осындай негіздерде қалыптасқан адами мүдде ғана нағыз дамуға себепкер болатын түсініктер мен іс-қимылдар жүйесі болып табылады. Қазақ даласының ойшылдары – [Қорқыт Ата](#), [Жүсіп Баласағұни](#), [Қожа Ахмет Иасауи](#), [Абай](#), [Шәкерім](#) өз еңбектерінде осы рухани мүдденің құндылығы туралы айтып, нәпсіні тұсап қана адамдық жолына түсуге болатынын көрсетті. Мұндай мүддені қалыптастыруда оқу мен білімнің, қанағат пен тәубенің, ізгілік пен қайырымдылыққа ұмтылудың рөлі зор екені ескертілді. Аса маңызды қоғамдық мүдделердің бірі – ұлттық мүдде. Ол кең мағынасында – елдің жалпы ұлттық, мемлекеттік мүддесі, кез келген мемлекет халқының мұң-мұқтажына сәйкес келетін қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қажеттіктердің жүйелі түрдегі көрінісі. Ұлттық мүдде мемлекет дамуының ішкі және сыртқы қатынастарының бағыт-бағдарымен, саясатымен тікелей астасып жатады. Бұл деңгейдегі әрқилы мүдде тарихта уақытында және тиімді түрде шешімін тауып отырса, онда қоғамдық дамудың өркениеттілігі, пәрменділігі, үйлесімділігі арта түседі, сондай-ақ мемлекеттің ішкі қайшылықтарының әлеуметтік тұтастықты бұзбауына негіз болады. Ұлттық мүдденің тар мағынасындағы сипаты – этностық субъектінің мүддесі. Бұл деңгейдегі ұлттық мүдде әр түрлі халықтың ғасырлар бойы қордаланған бетін, келбетін, ұлттық мәдениетін сақтап дамытумен байланысты. Әрбір ұлттың өзіндік “мені” осы ұлттық мүддені жария ету арқылы білінеді. Егер ұлттық мүдде басқа халықтардың есебінен емес, негізінен, этностың ішкі мүмкіндіктерін жүзеге асыру арқылы айқындалса, ол жеке адамға да, ұлттық мәдениетке де, жалпы адамзаттық өркениетке де тиімді қызмет етеді. Кейде ұлттық мүдде діни-конфессиялық мүддемен астасып кетеді. Мұндай жағдайда әлеуметтік шындықта тек мәдени саладағы күрделі бірегейлену ғана жүрмейді, сондай-ақ мемлекеттік саясат саласында да біршама ерекшелігі бар мәселелер туындайды. Шынайы діни мүдденің мазмұны мемлекеттік саясаттан, қоғамдағы саяси процестерден алшақтау болып келеді әрі ұлтты іштей біріктіруге қызмет етеді. Әлеуметтік-саяси мүдде қоғамдағы әлеуметтік топтардың әр түрлі қажеттіліктерінен туындайтын құбылыстар болып табылады. Әлеуметтік-саяси мүдденің ортақтығы әр түрлі саяси топтарды жақындастыра түседі, олардың қоғамдағы рөлі мен мәртебесіне сәйкес әр қилы бағыттағы саяси бағдарларды, құндылықтық басымдылықтарды ұстануы саяси субъектілер арасында біршама жіктер туғызады. Мүдденің жіктелуін мақсат етуді абсолюттендіру саяси күштердің бір-бірінен алшақтауына әкеліп соғады. Мұндай әрекеттер адамдар арасында әлеуметтік қайшылықтарды тудырады. Саяси субъектілер арасындағы мүдденің саяси тартыстық сипат алуы – саяси қажеттілік болғанымен, пәрменді әлеуметтік даму үшін аса тиімді емес. Себебі бұл тартыстың, бәсекелестіктің түпкі негізі қоғамның іргесін шайқалтып, әлеуметтік іріткі туғызуы мүмкін. Сондықтан саяси күштер мүдделерінің жақындасуы әлеуметтік субъектілердің бірлігіне әкеліп, ол өз кезегінде көптеген қайшылықтарды оңтайлы шешуге негіз болады.

Мүдделерді талдау саяси іс-әрекеттің себептері мен уәждерін түсіндіруге мүмкіндік береді, саясат субъектілерінің тәртібінің тенденцияларын болжауға болады, сонымен бірге билеуші саяси күштердің қызметіндегі өрескел саяси қателіктерді анықтауға, олардың негізгі себептері, әлбетте, мүдделердің басымдылығы жөніндегі сұраққа байланысты – болашақтағы немесе қазіргі кезеңдегі, тұрақты немесе уақытша, жалпы немесе топтық.

Саяси сала қызметі саяси институттар формасында көрінетін адамдардың ұйымдасқан қимылдары мен өзара қарым-қатынастарының әлеуметтік кеңістігі болып табылады.

Саяси институт саяси қатынастар және саяси мүдделер түрінде көрінетін саясаттану ғылымының негізгі ұғымы болып табылады.

Саяси шындықтың әрбір элементі өзінде саяси қатынастар және саяси мүдделер мағынасын ұстанады, сондықтан да саясаттану категориялық аппаратында ол ең негізгі болатынын атап өткен болатынбыз.

«Саяс институт» ұғымы өте санқырлы және ол мыналарды білдіреді:

- әлеуметтік-саяси функцияларды орындауға қоғамның сеніміне ие болған адамдардың белгілі тобы;
- адамдардың қажетті функцияларын орындауға қоғамда құрылған белгілі ұйымдар;
- қоғамдық ұйымдар немесе бір топ адамдарға белгіленген саяси функцияларды орындауға мүмкіндік беретін қызметтің материалдық және басқа құралдары жиынтығы;
- әртүрлі әлеуметтік топтар немесе біртұтас қоғам үшін жүзеге асыруда өмірлік үлкен маңызы бар саяси нормалар мен рөлдердің жиынтығы.

Жоғары аталғандарды қорыта келе, саяси институтты саяси және басқа қоғамдық қатынастарды материалдық және идеялық (символдық) жолдармен және белгіленген нормалар арқылы ретке келтіретін мекемелер мен ұйымдардың құрылымы деп анықтауға болады.

Қазір жұмыс істеп жүрген көптеген саяси институттар сонау ерте кездің өзінде пайда болған еді және олар әр түрлі тарихи кезеңдер мен құрылымдық жүйелерге жатқызылады.

Саяси институттар сан қырлы екендігі айқын. Өйткені олар бірнеше сатылы қыртыстардан тұрады. Алайда мұндай қыртыстар уақыт өткен сайын өзін мүлде жойып жібермейді. Қазір де олар біршама өзгергенімен, сол қалпында, заман ағымына орай жұмыс істеп келеді. Кейбір жағдайларда бәз-баяғы кейбір саяси институттар елеусіз, тіпті белгісіз баяу қимылдайтындай болып көрінгенмен олар әлі де өзінің күшін жоя қойған жоқ. Ал кейбір жағдайларда олар сонау тереңнен қопарыла өңіп шыққандай көрінеді де, бірінші орынға көтеріледі. Сөйтіп, кейіннен пайда болған саяси институттарды шетке ысырып тастап, бүгінгі жағдайды белгілеуге кіріседі.

Қазіргі таңда пайда бола бастаған саяси институттар өздерінің орасан зор түрлері арқылы ерекшеленеді. Өйткені оларды тудыратын себептер де тым әрқилы болады. Үнемі алға жылжу дегеніміздің өзі қоғамның кез келген саяси жүйесіне тән өзіндік сипаттама екендігін есте ұстағанымыз жөн. Сондықтан қазіргі таңда пайда бола бастаған саяси институттардың аса ауқымды әрқилы формалары арқылы бір-бірінен ерекшеленетіндігін атап көрсеткен жөн. Өйткені оларды тудыратын себептердің өздері де әрқилы болады. Кез келген қоғамның саяси жүйесінің өзіне тән сипаты оның алға қарай қадам басуына әсер етеді. Сондықтан да қазіргі таңда пайда бола бастаған саяси институттардың бір бөлігі бүгінгі күннің талаптарына сәйкес келеді, алайда олардың, қалай дегенмен де, сонау алыстағы болашақты көксейтіндігі рас.

Әрине, әрбір елде, қоғамның әобір саяси жүйесінде өткендегіге, қазіргіге және болашаққа қатысты саяси институттар мен құрылымдарды байқауға болады.

Саяси институттың ең маңыздысы – мемлекеттік билік түріндегі мемлекет: президент, парламент, үкімет және басқа саяси функцияларды атқаратын министрліктер, сайлау құрылымы және сайлау комиссиялары, саяси партиялар мен қоғамдық-саяси қозғалыстар, кәсіпкерлер бірлестіктері және кәсіподақтар, құқықтық құрылымдар мен соттар, бұқаралық ақпарат құралдары институттары. Мемлекет осыған орай олардың арасындағы арақатынастарды құқықтық ережелер арқылы реттейтін қоғамдық механизм [6, с. 72-75].

Мемлекет бұл – оның барлық азаматтары үшін міндеттілік сипаты бар, мемлекеттік биліктің көмегімен белгілі бір аумақта қайсыбір халықты ұйымдастыруға және оның өмірін басқару үшін құрылған негізгі саяси институт. Мемлекеттің мәні оның функцияларынан көрінеді.

Мемлекеттің функциялары бұл қоғамдық өмірді мемлекеттік реттеудің мәнісін және ерекшелігін нақтылы көрсеткен оның қызметінің негізгі бағыттары.

Мемлекет функцияларының жиынтығы қоғамдық өмірдің әртүрлі саласында мемлекеттік органдар тарапынан болатын реттеушілік қызметі көрсетеді. Мемлекеттік функциялардың мазмұны, көлемі және көрініс табуы қоғамның типіне, саяси жүйесіне, саяси режиміне, мемлекеттік басқару және мемлекеттік құрылысының формасына байланысты болады.

Мемлекеттің ішкі және сыртқы міндетті қызметтері (функциялары) болады. Ішкі функцияларына саяси, экономикалық, ұйымдастырылушылық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени-тәрбиелік міндеттерді жатқызуға болады. Сыртқы функцияларының қатарына: сыртқы саясат, сыртқы экономикалық мемлекет қызметін және мемлекет шекарасын қорғау міндеттері жатады. Мемлекеттің ішкі және сыртқы функцияларының өзара тығыз байланысты және өзара себепші болатынын айту керек.

Сайып келгенде, мемлекеттің ең басты міндеті – басқа қатынастармен бірге саяси қатынастарды да кеңінен қолданып, қоғамның тұрақтылығын орнатып, қалыпты тіршілігіне жағдай жасау. Ол әр түрлі топтарға, жіктерге бөлінген қоғамның бірлігін қамтамасыз етуге тиіс.

Саяси қатынастар, мүдделер және саяси институттардың өне бойынан адамдардың тіршілік қарекеті саяси саласын біріктіру факторы болып табылатын саяси құндылықтар өтеді.

Құндылықтардың табиғаты және олардың қоғамдық өмірдегі рөлі туралы мәселе адам мен қоғам, мәдениет пен өркениет, табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынастар және басқа проблемалармен тікелей байланысты.

Адам әрекетінің құбылысындағы құндылықтар аспектілері жеке тұлғаның танымдық және жігер сапаларымен тікелей байланысты; құндылық категорияларының өздерінде білім нысаналарының, түрліше қоғамдық топтардың және жеке тұлғалардың мүдделері мен танып – ұнату шекаралары байқалып тұрады.

Ғылым өмірдің құндылығын, адам мұраттары мен нормаларының тарихилығын және қоғамдық – практикалық мәнін, оларды тануға болатындығын атап көрсетеді. Адамзаттың бай прогрессивті мұра-

ларын, құндылықтарын игерген жеке адам да, бірлестіктер де көздеген мақсаттарына табысты жетері сөзсіз. Құндылықтарға негізделген іс бағыты үнемі оңға баспақ.

Индивидтің (жеке адамның, кісінің) өмір тәжірибесімен баянды етілген құндылықтардың бағыттары жеке тұлғаның ішкі дүниесінің құрамды бөліктеріне (элементтеріне) айналып, оның әсерленушілігінің бүкіл жиынтығы болары хақ. Әрбір адам үшін олар мәнді мен мағыналыны және мәнсіз бен мағынасызды ажырата білуге көмектеседі.

Құндылық нысаналарының негізгі мазмұны адамның саяси, философиялық (дүние танымдық), құқықтылық сенімдері, терең және тұрақты құштарлықтарды, жүріс-тұрыс бет алысының құқықтық принциптері негізінде құралады. Сондықтан, кез келген қоғамда жеке тұлғаның құндылықтық бағыттары субъектінің мақсаттылықпен әсер ету, тәрбиелеу объектісі болады. Саяси құндылықтар үлкен әлеуметтік топтар үшін жалпы маңызды болатын әлеуметтік құндылықтардың бір түрі болып келеді. Өзінің мазмұны жағынан саяси құндылықтар жалпы әлеуметтік топтар немесе қоғам, белгілі қауымдастықтар үшін жалпы міндетті іс-әрекеттердің негізгі идеялары мен үлгілерін білдіреді. Мысалы, социал-демократтардың негізгі құндылықтары адам бостандығы, әлеуметтік әділеттілік, ынтымақтастық, т.б. болып табылады. Либералдар үшін ең негізгі құндылықтар – дарашылдық (индивидуализм), жеке меншіктің тұрақтылығы, заң алдында барлығының формальды теңдігі және басқалары.

Ключевые слова: мировоззрение, сознание, политика, право, государство, закон, население, человек, права, свобода, правонарушений, активность, общество, убеждение, знание, эффективность, идея.

Прежде всего, следует отметить, что вопросы научного мировоззрения и правового сознания ещё недостаточно изучено в социально-политической литературе. Поэтому на материалах Казахстана рассмотрим некоторые теоретико-политологические вопросы научного мировоззрения и правового сознания населения.

Современное научное мировоззрение являет собой систему взглядов и убеждений, представлений об объективном мире, выработанных на основе «прогрессивной теории и важнейших выводов из передовой практики народов» [1, с.102]. Это система взглядов, имеющая значение руководящих принципов как для отдельного казахстанца, так и для казахстанского общества.

Правовое сознание казахстанского народа опирается на прочный фундамент научного мировоззрения. Научное мировоззрение казахстанского народа – это целостное явление, где философские, естественно-

научные, общественно-политические, экономические, этические, эстетические знания и представления находятся в единстве, определяя такие стороны мировоззрения, как его социально-политическая идейность, глубокая научность, творческий характер, исторический оптимизм, гуманизм и т.д.

Важно различать общественное мировоззрение и мировоззрение личности казахстанца. Единые по своей сущности они различаются по их носителями, а также по путям формирования. Мировоззрение личности казахстанца как часть ее духовного мира формируется путем усвоения общественного мировоззрения под сильным влиянием непосредственных условий жизни данного индивида. Оно вплетено в переживания, настроения казахстанских людей.

Казахстанский человек не выбирает себе родителей, социальную или национальную принадлежность. Он застает при рождении не только сложившуюся систему общественно-политических отношений, но и окружающую его среду. Порой это формирует в мировоззрении личности казахстанца не только истинные взгляды, но и заблуждения, порождает определенную узость кругозора. Формирование же научного мировоззрения личности казахстанца предполагает наиболее полную интериоризацию общественного мировоззрения.

Формирование научного мировоззрения личности казахстанца и правового сознания в частности представляет собой сложный процесс. Так, правовое сознание казахстанца основывается на политическом, нравственном сознании. Сущность политического, нравственного сознания состоит в последовательном научном осознании казахстанскими людьми политических, нравственных отношений казахстанского общества и выработке определенной жизненной позиции, способствующей прогрессивному преобразованию этих отношений. Не может быть законопослушного казахстанца нравственно-политический нейтрального, ибо он всегда вовлечен в политическую, нравственную систему казахстанского общества и на определенном этапе своего развития обязан осознавать политику и мораль. Именно благодаря идейно-политическому, нравственному становлению казахстанца у него складываются прочные убеждения в истинности общечеловеческих идеалов. Но и пробелы в политическом, нравственном самообразовании наносят ощутимый урон правовому сознанию казахстанского человека.

Научное мировоззрение и правовое сознание казахстанского народа неотрывны и от истинного гуманизма. Казахстанский гуманизм в его научной форме есть комплекс знаний и представлений о значении человека как свободного творческого политического субъекта истории, о его месте и роли в практически-материальной, политической, познавательной, художественной и других сферах деятельности.

Гуманистические идеалы, реализуемые в практике казахстанского общества, становятся источником правовых идей и чувств. Содержание социально-политических и правовых процессов, происходящих в казахстанском обществе, имеет ярко выраженный гуманистический характер.

Гуманизм казахстанского общества находит выражение также в развитии правовой демократии. Свидетельство тому – все более широкое привлечение казахстанцев к управлению государством и формированию правовой культуры, дальнейшее совершенствование политической, социальной и культурной среды, которая и выступает объектом для правового сознания населения. Правое сознание казахстанцев зиждущийся на научном мировоззрении [2], не может не иметь оптимистического характера. Одна лишь идея о роли права в историческом процессе, если она прошла через сердце и ум личности казахстанца, способна освятить для нее смысл жизни, а идея о неодолимости правового прогресса человечества порождает в казахстанском человеке прочную уверенность в завтрашнем дне.

В связи с этим следует заметить, что важной составляющей научного мировоззрения и правового сознания казахстанского народа являются также философские, эстетические, патриотические взгляды и убеждения.

Взаимосвязь правового сознания с различными компонентами научного мировоззрения (политическое, патриотическое, нравственное сознание, гуманизм, оптимизм, философские и эстетические взгляды, идейные убеждения) означает, что задача формирования правового сознания казахстанцев не может решаться как совершенно самостоятельная. И только на прочном фундаменте научного мировоззрения может сформироваться совокупность устойчивых социально-политических, правовых качеств, характеризующих правовое сознание казахстанского народа. При этом еще необходима знать вопроса эффективности правового воздействия на сознание казахстанцев в системе научного мировоззрения.

В практике понятие эффективность правового воздействия на сознание казахстанца используется в значении меры целевой возможности. При этом на первый план выдвигается его использование для оценки целесообразной правовой деятельности с точки зрения реализации казахстанцами поставленных перед ними задачи. Когда вопрос касается конкретно эффективности правового воздействия на сознание казахстанца, рассматривается способность отдельных факторов влиять на его результативность. Но по

мере развития общенаучных методов исследования становится ясным, что эффективность – это понятие, с помощью которого характеризуется особое качества правовой деятельности в Казахстане. В связи с этим эффективность правовой политики Республики Казахстан в целом и отдельных её направлений, на мой взгляд, должна рассматриваться как соотношение конечных целей и достигнутых результатов.

Чтобы определить слагаемые эффективности правового воздействия на сознание казахстанца, надо отчетливо предоставлять себе механизм этого воздействия. Казахское право непосредственно влияет на сознание, чувства, эмоции людей и способствует формированию определенных сторон сознания казахского народа [3, с.7-15]. Результаты правового воздействия, например, проявляются в конкретных поступках и действиях казахстанцев в производственной и общественной сферах жизнедеятельности.

Эффективность правового воздействия на сознание казахского народа – это эффективность воздействия на личности казахстанца и эффективность воздействия личности казахстанца на окружающую среду. При этом надо сказать, что правовое сознание казахстанца формируется не только под воздействием правовых средств. На его становлении и развития влияют многочисленные факторы, и первую очередь экономические и социально-политические условия её бытия. Рассматривая правовое воздействие на сознание казахского народа как системную правовую деятельность страны, отметим, что здесь следует выделить существенные, определяющие развитие системы элементы, изменение в которых влияет за собой изменение всей системы Казахстана. Выделение совокупности таких элементов позволяет не только определить цели и критерии эффективности правового воздействия на сознание казахского народа, но и прогнозировать конкретные результаты этого воздействия. Такими элементами сознания казахского народа, которые являются предметом правового воздействия, можно назвать убеждения казахстанцев.

Результаты правового воздействия на сознание казахского народа могут характеризоваться количественными и качественными показателями, объективными и субъективными признаками. Объективными признаками изменений в сознание казахстанцев могут служить такие показатели, как образование, знание закона, права продолжительность труда на одном месте или на одной профессии, качества выполняемой казахстанцем работы и т.д. К субъективным признакам изменений в сознаний казахстанцев можно отнести признаки непосредственного проявления сознательности как активного отношения казахстанца к правовой деятельности, отношение к политико-правовоспитательной работе, к тому материалу, который казахстанец получает через каналы массовой коммуникации и т.д.

Политологический анализ объективных и субъективных признаков правового воздействия на сознание казахстанца показывает, что надо выделить критерии эффективности правовой политики Республики Казахстан. Этот вопрос нужно решать дифференцированно, в зависимости от цели каждого правового процесса в целом. Цель определяет критерий, по которому дается оценка правового воздействия на сознание казахстанца, оценка уровня его эффективности.

Надо сказать, что критерии эффективности правового воздействия на сознание казахстанца можно выделить в зависимости от общих и частных его результатов, от изменений в знаниях, сознании, поступках и действиях казахстанцев, выделить признаки эффективности по ступеням на пути от восприятия объектом правовой информации до материализации идей в делах и поступках казахстанца, расчленив критерии в зависимости от достигнутых целей и внешнего проявления правового воздействия на сознание, от роста сознательности населения, от успехов в развитии экономики и культуры, выделить главные и второстепенные признаки, общие, частные, локальные, выделить в качестве критериев эффективности правового воздействия факты формирования правовой культуры личности казахстанца как субъекта исторически правового творчества, разделить критерии на виды в зависимости от времени проявления результатов правового воздействия, от формы проявления эффективности и т.д. В качестве критерия эффективности правового воздействия на сознание казахстанца можно выдвинуть удовлетворенность тем или иным источником информации и т.д. Однако полную и верную картину эффективности правового воздействия на сознание казахстанца может дать только единство этих признаков. Критерий эффективности правового воздействия на сознание казахстанца должен быть комплексным. При этом неправильно было бы игнорировать побочные, незапрограммированные субъектом правового воздействия на сознание казахстанца, обусловленные объективными причинами результаты развития правового, политического, нравственного сознания.

Определение эффективности правового воздействия на сознание казахстанца требует применения методов, допускающих фиксирование и измерение полученных результатов. Поэтому научное обоснование эффективности правового воздействия на сознание казахстанца – это прежде всего качественная оценка возможных результатов и оценка важнейших из них по объективному критерию. Однако наиболее

полную картину уровня правового сознания объекта политологические исследования дает сочетание количественных и качественных показателей. Из совокупности результатов правового воздействия на сознание казахстанца всегда можно отобрать такие, которые были бы следствием функционирования конкретной организационной формы правовой работы, определенного метода в процессе правового воспитания, обучения, убеждения и т.д.

Объективную оценку эффективности правового воздействия на сознание казахстанских людей можно дать лишь на основе всей совокупности результатов правовой, политической работы. Если основывается какая-либо стороны правового процесса или отдельное явление правовой деятельности, то изучается не вся совокупность результатов воздействия, а лишь те из них, которые predetermined целью конкретной формы, вида правовой, политической работы. В тех случаях, когда правовые воздействия на сознание казахстанца носит разовый характер и рассматривается как явление, определение его эффективности может и должно опираться на конкретный критерий, обусловленный конкретной целью данного явления. Вместе с тем должны учитываться и показатели всякого правового воздействия на сознание казахстанца, например, проявление интереса в аудитории к предмету разговора, зафиксированные памятью слушателей или участников правового акта сведения, показатели объема усвоенных юридических знаний, достигнутый эффект убеждения, возбуждение потребности к самостоятельному изучению затронутых правовых идей и проблем, попытки самостоятельного подхода к поставленным вопросам и т.д. и т.п. Единство этих показателей дает верную картину эффективности конкретного правового воздействия на конкретный объект. Решение этих и других проблем эффективности правового воздействия на сознание казахстанца и её критерии в целом способствовало сплочению казахстанского общества и правовому прогрессу.

В заключении следует сказать, что воистину огромна роль воспитательной функции научного правового сознания на всех этапах развития нашего государства и во всех сферах казахстанской действительности. Как удивительно доказала наша современная история, казахстанские законы и в целом система казахстанского права в переходный период к демократическому, правовому, социальному государству и гражданскому обществу являются наиболее эффективным орудием защиты казахстанских завоеваний, борьба против коррупции и антиобщественных явлений и т.д.

В казахстанском правовом сознании воплощены политические идеи народа. Само казахстанское право является особой специфической государственной формой проведения политики Республики Казахстан, отвечающей коренным интересам многонационального, многоконфессионального казахстанского народа. Не отрыв права от политики, не противопоставление абстрактных «юридических» норм политическим требованиям, а, наоборот, воплощение в жизнь единства политических и правовых положений программы казахстанского государства и общественных организаций – вот то главное, что свойственно казахстанскому правовому сознанию.

1 Алексюк И.П. *Мировоззрение и право.* – Киев: Наукова думка, 2013. – 285 с.

2 *Концепция правовой политики Республики Казахстан с 2010 до 2020 года // Казахстанская правда.* – 2009, 27 августа.

3 *Конституция Республики Казахстан.* – Астана: Елорда, 2008. – 56 с.

Түйіндеме

Әбсаттаров Ғ.Р. – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, көптілді білім беру институтының директор орынбасары (050010, қ.Алматы, д. Достық, 13), саясаттану ғылымдарының кандидаты, электрондық пошта Absat41

Ғылыми дүниетаным және құқықтық сана: теориялық-саяси талдау

Мақалада Қазақстан материалдары негізінде саяси ғылымда әлі де жете зерттелмеген құқықтық және мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты ретіндегі ғылыми дүниетаным мен тұрғындардың құқықтық санасының саясаттанулық аспектілері қарастырылады. Қазақстандықтардың құқықтық санасы ғылыми дүниетанымға негізделген. Қазақстан халқының ғылыми дүниетанымы – білім мен түсініктер бірлікте болатын тұтас бір құбылыс. Мақалада қазақстандықтардың санасына құқықтық ықпал студияның тиімділігі мәселесі де қарастырылады. Сонымен қатар, зерттелмеген, пікірталас тудыратын мәселелерге де көңіл бөлінген.

Түйін сөздер: дүниетаным, сана, саясат, құқық, мемлекет, заң, тұрғындар, адам, еркіндік, құқық бұзушылық, белсенділік, қоғам, сенім, білім, тиімділік, идея.

Summary

Absattarov G.R. - Deputy Director of the Institute of multilingual education,
KazNPU named after Abay, candidate of Political Sciences, e-mail abusattar@mail.ru

The scientific worldview and legal consciousness: theoretical and political analysis

In article on materials of Kazakhstan politological aspects of scientific outlook and legal consciousness of the population as most important direction of a legal and state policy which are still insufficiently studied in political science are considered. The legal consciousness of Kazakhstan citizens to be based on scientific outlook. The scientific outlook of the Kazakhstan people is a complete phenomenon where all knowledge and representations is in unity. In article the question of efficiency of legal impact on consciousness of the Kazakhstan citizen is also considered. At the same time, the attention and an unexplored, debatable question is paid.

Keywords: outlook, consciousness, policy, right, state, law, population, person, rights, freedom, offenses, activity, society, belief, knowledge, efficiency, idea.

МЕРЕЙТОЙ
ЮБИЛЕЙ

Мерейтой – 90 жас

ӨМІРІ - ӨНЕГЕ, ӨНЕГЕСІ – ӨМІР



«Өркімнің туған жері – Мысыр шаһары» деген сөз бар, бұл кіндік кесіп, кір жуған мекеннің орны бөлектігін көрсететін теңеу болса керекті. Қазақтың әдебиет классигі Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романы «Туған жер, еш нәрсе жоқ сенен ыстық, себебі – сенде туып, сенен ұштық» деген екі ауыз өлеңмен басталмайтын ба еді. Кез келген тұлғаның адами өсіп-жетілуіне туған жерінің әсері ерекше, себебі, ол осы кеңістікте жетіліп, өсіп, дамитын болғандықтан, біз де өз кезегімізде ҚР ҰҒА академик Досұхамбет Кішібековтың рухани кеңістігі мен оны сомдаған уақытқа тоқталып өтеміз.

Кішібековтың туған жері Сырдың бойы отандық тарихнамада біршама зерттелген өңірге жатады. Академиктің өмірге, оқу-білімге, еңбекке, ағайын-туысқа көзқарасын қалыптастырған Сырдағы тарихи оқиғалар мен тұлғалар туралы баспасөз беттерінде жарияланған туындылардан жақсы білеміз.

Ең әуелі Сыр өңірі бүкіладамзат өркениетінің құрамдас бөлігі болатын Ұлы Жібек жолының бойында өте қолайлы орналасып, Ұлы даланың, соның ішінде Қазақ елінің әлемдік өркениетінің төл бесігіне айналуына себепші болды. Сонымен бірге, Сыр өңірі түрік тілдес ру-тайпалардың ішінен қазақ атты ұлттың қалыптасуына, қазақ мемлекеттілігінің құрылуына арқау болған кеңістікке айналды, оның ең алғашқы астанасы (Қызылорда қаласы) орналасқан мекені болған жер.

Сөйтіп, адамзат тарихында өз орны бар қасиетті Сыр бойынан талай даналар дүниеге келгені белгілі, талай даналар өз шығармашылығын әлемге паш еткені тарихқа аян және осы дәстүр әрі қарай жалғаса береді деген ойдамыз. Ондай даналардың басы осындай текті жердің перзенттері болған Қорқыт Ата, Асан Қайғы мен Әбу Нәсір әль-Фарабилерден басталмай ма?

Әрине, дарынды азамат болу онай емес және ондай биікке көтерілудің өзі екінің-бірінен келе бермейді де.

Міне, осындай халқымыздың дарынды ұлдарының бірі Досмұхамед Кішібеков деп есептейміз.

Досмұхамед ағамызға Алла тағала қабілет берген, табиғат таудай талантты тарту еткен, тағдыр баянды бақыт сыйлаған, өзінің адал еңбегімен, қажыр-қайратымен, табан ет, маңдай терімен еңбекті, білімді, ғылымды – үш құдіретті ұштастырып, елімізге белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз дәрежесіне өзін-өзі сүйреп, өзін-өзі тәрбиелеп, өзін-өзі жетілдіріп, өзін-өзі жетелеп жүріп жеткізген. Осы айтылып отырған өзін-өзі түсіну, өзін-өзі жетілдіру – қазіргі жастарға ең керекті қасиеттер емес пе?

Кез келген тарих адамдардан, уақыттан, уақиғалардан тұрады. Жоқтан бар пайда болмайды, тақыр жерге шөп шықпайды. Досмұхамед ағамыздың бойындағы жақсы қасиеттер оның туған жерінен, тектілігінің терең тамырынан бастау алады. Тек болмаса, түк те болмайды.

Досмұхамед ағамыз жоғарыда аталған ұлы ғұламалардан бастап, өткен ғасырдағы ұлы тұлғалар Асқар Токмағамбетов, Әбділдә Тәжібаев, Шаһмардан Есенов, т.б. өмірге келген Сырдың түлегі болып табылады.

Міне, осындай өнегелі, сәулелі ортадан шыққан Досмұхамед ағамызды алға сүйреген, қысылған жерде алып шыққан, адасқан жерде шамшырағы болған, қанына тәрбиемен құйылған кісілік пен білім нұры, шуағы болды бұл қасиетті жер.

Ұлы Отан соғысы басталғанда небәрі 16 жасқа толған Досмұхамед Кішібеков бүгінде ол ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор дәрежесінде 90-ның асқаралы асуына көтерілді. Ол тамаша азамат, үлкен ғалым, философия мен жоғары білімнің дамуына ат салысқан ірі ғалым және көрнекті педагог. Ол өзінің шығармашылық қуатын, өміріндегі негізгі істерге адал бола жүріп, барлық күші мен білімін еліміздің дамуы үшін, келе жатқан жеткіншек ұрпаққа беруге арнап келеді.

Біз, Досмұхамед Әжіметұлын осы меретойымен құттықтап, алдағы өміріне ынтымақ пен береке атты баға жетпес байлық, құймақұлақ шәкірт, иман мен сабыр, отбасылық бақыт және шығармашылық табыс тілейміз.

Жаратушымыз Досмұхамед ағамызға салауатты ақыл, терең білім, сезімталдық пен сергектік берген екен. Жүрегі жылы, ойы ұшқыр, ең әуелі қара басына қатал талап қоя білетіндігінің арқасында ол ірі ғалым дәрежесіне көтеріліп, ізденістер мен қиыншылықтарға толы күрделі жолдан сүрінбей өтіп, биік тұлғалы қазақ зиялыларының қатарына қосылды. Адал еңбегі мен алғырлығы, таланты мен дарындылығы арқасында Досмұхамед ағамыз суырылып алға шығып, ең жоғары ғылыми атақ - академик атанды.

Досмұхамед Әжіметұлы білім мен ғылымның жоғын жоқтап, үнемі олардың барын қастерлеуді, ұстаздыққа ғұмырын сарп етуді ананың сүтімен бойына жастайынан жинақтағаны баршаға белгілі. Оның өмірдегі барлық жетістіктері тек өзінің табиғи тарту еткен дарындылығы мен құдай берген қабілеттілігі арқасында ғана күнбе-күн аяусыз тер төгіп, маңдай терінің нәтижесі деуге болады. Ол жастайынан қажырлы еңбектің қадірін біліп, жалпы білімге деген құрметтің адамға деген құрметтен басталатынын ерте түсінген, сонымен қатар олардың бір-бірімен өзара тығыз астасып жататынын ерте аңғарған жан. Өз халқына деген ізгілікті қатынасын өзін-өзі жетілдіруден, кәсіби және тұлғалық сатылардан өтуден бастаған Досмұхамед ағамыз күнделікті педагогикалық және ғылыми өмірде философия десе барынша ден қойып, жаңа идеялар десе бар ынтасымен ықылас білдіріп келеді. Досмұхамед ағамыз ақпарат және дерек көздеріне барынша жақындай түсуді, оны ғылыми сипатта терең игеруді, жастарға оларды ерекше құндылық ретінде насихаттауды мақсат етіп келеді. Міне, сол білімге деген құштарлықтың Досмұхамед ағамыздың жеке басының адами табиғатында, кісілік тағдырында белгілі бір жоғары деңгейде маңызды және жетекші рөл атқарғандығы білімділер арасында оны философия ғылымында беделді кәсіби маман деңгейіне көтерді.

Ғалымдардың өсу жолдарын сөз еткенде, мұндай адамдардың өмірі әдетте жеміс беретін ағаштардай бірте-бірте табиғи тұрғыда өсіп-жетілудің жүйеленген тәртібіне негізделгендігіне көз жеткізуге болатын сияқты.

Досмұхамед ағамыздың да өмірінің басты формуласы да осыған ұқсас. Ол жастық шақтан алдына мақсат қойып, жүйелі түрде іздену нәтижесінде ғылымға бет бұрды. Осы салада қоғамға пайда әкелген шынайы шығармашылық еңбегі мен жетістіктерінің арқасында ғалым ретінде де, ұстаз ретінде де бірте-бірте биіктерге көтеріліп, қоғам құрметіне бөленді. Сөйтіп, Досмұхамед Кішібеков бұл күнде Абай ағамыздың: «Ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға», дегендей, қоғамдық – гуманитарлық салада отандық және халықаралық қауымдастыққа танымал ғалымға, жоғары мектептер жүйесінің көрнекті тұлғаларының біріне айналды.

Досмұхамед ағамыздың ғылымда тандап алған жолы философия болып табылады. Философияның құдіретін жете түсіну санаулы тұлғалардың еншісінде екенін әлемдік ой-пікір тарихы дәлелдеп отыр.

Досмұхамед ағамызды елден ерекшелеп, ірі тұлға деңгейіне көтеретін қасиеттері жетерлік. Оған тән қасиет екінің бірінде жоқ, тек өз бойында ғана деуге болады. Ең әуелі оның адалдығы мен тазалығын, әділдігі мен имандыдығын, кісілік пен кішіпейілділігін, парасаттылығы мен зиялылығын, одан кейін құдай берген салмақтылығын, сабырлы мінезін, айтқан сөзге тұратын тұрақтылығын айтуымыз керек. Әрине, мұның бәрін Досмұхамед ағамыздың адами болмысынан, күнделікті атқарған қызметінен, бітірген істерінен, көпшілікпен, ел-жұртпен араласқан қарым-қатынасынан байқалатын ерекше қасиеттерінен байқаймыз. Онымен қоса, оның ұйымастырушылық қасиеті, қызмет бабында адамдарды алалаудан

тысқары біркелкілігі, ұстамды мәдениеттілігі, сондай-ақ, өзгеге де, өзіне де талап қойғыштық қасиеттері де ағамызды елден ерекшелеп, ірі тұлға деңгейіне көтереді. Қол үшін беру, көмектесу, үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, бәрімен де тіл табысу, аралас-құралас жүру – Досмұхамед ағамыздың өмірдегі ұстанымдары деуге әбден болады.

Досмұхамед ағамыздың турашылдығы, сол үшін ешкімнен тайсалмайтындығы оның өміріндегі мынадай көріністен байқауға болады. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына байланысты Алматыға КПСС Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі М.С.Соломенцев 19 желтоқсанда қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне келіп, қазақ ұлтшылдығына байланысты жиын өткізгені белгілі. Сонда профессор Д.Кішібеков алаңдағы оқиғаның не себепті болғандығын тайсалмай тұрып, дәлелдеп берген.

Досмұхамед Кішібеков Қызылорда облысының Шиелі станциясында орта мектепті бітіріп, Қызылорда қаласындағы мемлекеттік педагогикалық институтында білім алған. Институтты ойдағыдай бітіргеннен кейін осы тәмәмдаған оқу орнында оқытушы, содан кейін республиканың Ғылым академиясы философия және құқық институтында ғылыми қызметкер болып істейді де, бұдан кейінгі еңбек жолын жас ғалым ғылым мен білімді жалғастырып, ұстаздық жолға бет бұрады. Күні бүгінге дейін профессор Д.Кішібековтың еңбек жолы Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетімен байланысты, оның философия кафедрасында табан аудармай елу жылға жуық еселі еңбек етіп, оның ішінде 32 жыл философия кафедрасының менгеруші қызметін атқарды. Профессор Досмұхамед Кішібековтың алдынан дәріс алған шәкірттерінің арасында өздерінің ғылымдағы ғана емес, өмірдегі үлкен жетістіктерін қадірлі де құрметті ұстаздарының еселі еңбегімен, оның жүрегінің жылуымен байланыстыратындар аз емес. Олардың арасында ғылым докторлары және ғылым кандидаттары көптеп саналады. Мәселен, ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Көпжасар Нәрібаевтың айтуынша: «Досмұхамед Кішібекұлы өресі биік, білікті, таным кеңістігі кең ғылым, абыройлы азамат». «Ежелгі тарихы сан ғасырлар қойнауында жатқан ұлы қазақ халқының менталитетін түбегейлі зерттеу менің ойымша, екінші бірінің қолынан келмейді. Мұндай үлкен жүкті көтеру үшін ғалым туған халқының перзенті ретінде оны шын пейілімен құлай сүюі қажет. Ұлттық идеяны көпшілікке түсіндіріп, талдап бере білу – өресі биік ғалымның ғана қолынан келеді. Ал, енді Досекең, міне, осындай ұлағаты мол адам және мейірімді әрі қарапайым азамат. Мен сияқты шәкірттері ұстазымыздың маңдайымыздан сипаған аялы алақанының жылуына әлі күнге дейін ұмытпаймыз» - дейді ол өз ойын ортаға салып.

Досмұхамед Кішібековке осы ғылым жолына түсуге ақыл-кеңесін берген, есеюіне, азаматтық тұлғасы қалыптасуына үлгі болған ұстаз ағалары болды. Солардың бірі Қаныш Сәтбаев еді. Досекеңнің өзінің айтуынша, Қазақстан Ғылым академиясының президенті Қаныш Имантайұлы мені Мәскеудегі КСРО Ғылым академиясына қарасты философия институтына оқуға жіберіп, «белгілі мерзімде сонда кандидаттық диссертация қорғауың керек» деген қатал талап та қойды. Тосын ұсыныс сол сәтте мені қатты қобалжытты, өйткені, үйленгенмін, бір балам болатын. Қаныш ағаға: «Мәскеуге бармай-ақ, осында Алматыда кіші ғылыми қызметкер болып жүре берейін» деген өтінішімді де жасырмай айттым. Менің осы жағдайымды түсінген академия президенті: «Мәскеуде, аспирантурада оқуыңды одан әрі жалғастырасың, қаржы жағынан қам жеме, мен Сергей Ивановичке қоңырау шаламын», - деді сабырлы қалыппен. Содан, қарапайым ауылдан білім қуып келіп, қатардағы аспирант болып жүрген мен Мәскеу қаласының дәл орталығында орналасқан «Якорь» қонақ үйінде үш жыл бойы шалқып тұрдым. Сөйтсем, Қанекең айтқан Сергей Иванович – КСРО Ғылым академиясының президенті, атағы жер жарған академик Вавилов екен. Мен сондай ірі тұлғалардың ұшан-теңіз қамқолығын көрдім, сол үшін оларға өмір бойы алғысымды айтудан ешбір жалыққан емеспін, - дейді Досмұхамед Кішібеков.

Досекең өзіне ғалым болуға көп ықпал еткен әлемге есімі әйгілі ресейлік ғалым-философ профессор Г.Е.Глезарманды және Қазақ елімінің данышпан ұлдарының бірегейі Дінмұхамед Қонаевтың есімдерін үлкен ыждағатпен атайды.

Міне, осындай алдына үлгі болар ұлағаты мол ұстаз ағалары болған Досмұхамед Кішібеков философия әлемінің сыр-сипатын зерттеуде үлкен табандылық көрсетіп келеді. Ғалым ізденістерінің ерекшелігі – әр мәселені кешенді түрде зерттеуі, ұсақ-түйекке бойын алдырмай, проблеманың даму негізі мен өзекті заңдылықтары, одан шығатын ғылымға керек тұжырымдар, концептуалды қорытындыларды іздеді. Бір сөзбен айтсақ, оның ізденістерінің басты бағыты философия дамуының теориялық негіздері, тұжырымдылық тұтқабаспалдақтары. Өзінің ғылыми еңбектеріндегі философиялық түйін, тұжырым-

дарын ғана емес, сонымен қатар, ғұмырлық қағидасында бәрінен де ұлттық мүдені жоғары қоя білді. Досмұхамед Кішібековтың әр жарық көрген монографияларынан қоғамның даму үрдістеріндегі заңдылықтың сырын ашатын терең де ауқымды тұжырымдарды, парасатпен әдіптелген парықты пайымдарды көреміз. Осылардың арқасында Досмұхамед Кішібеков өзі де әмбебап тұрғыдағы философ – ғалым – теоретик болып қалыптасты. Соңына шәкірттер ертті. Бүгінгі таңда Досмұхамед Кішібеков осы саланың баршамыз мойындаған көшбасшысы, баршамыз құрметтейтін ақсақалымыз, ғылымның осы санатты саласындағы аса салиқалы асқар тауымыз.

Есімі елімізге ғана емес, әлемге танылған дара дарын иесі Досмұхамед Кішібеков алда да айттық, тағыда айтсақ артық болмайды, елімен бірге жасай беретін кейінгіге үлгі етіп көрсететін, артына мол мұра қалдырып бара жатқан ғұлама ғалым деп топшылаймыз. Оның қаламынан шыққан ғылыми еңбектеріне тоқталсақ, олар бір тұтас энциклопедия іспеттес. 70-тен аса монографиялар, кітаптар, оқулықтар, жинақтар, брошюралар, 800-ден аса баспасөз бетінде шыққан мақалалар. Осы еңбектерінің көбінен кемел ой, келелі ұсыныстар, кешенді тұжырымдар табамыз. Досмұхамед Кішібековтың көлемді ізденістерінің бірі көшпенді қоғамдағы философиялық проблемаларды, әсіресе, қазақ халқының сыры терең тарихын, әдет-ғұрпын, тілі мен ділін, зерттеуге арналған еңбектері, ең алдымен, мазмұнының тереңдігімен және айтар ойының ашықтығымен ерекшеленгендігін әріптестері де, шәкірттері де құрметпен атайды. Бұл орайда, ғалымның «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең», «Мәдениет және өркениет», «Қазақстандағы өтпелі кезең: проблемалар мен қиындықтар», «Тарих философиясы және қазіргі кезең» сияқты ауқымды ғылыми еңбектерін атап көрсетуге әбден болады.

Шәкірт тәрбиелеу – Досмұхамед Кішібековтың азаматтық-ғылыми ұстанымын айқындай түсетін қасиет. Оның жетекшілігімен философия мәселелері бойынша докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалыпты. Бұл орайда ғалым сан қумай, сапаға мән беретінін ғылыми орта жақсы біледі.

Академиктің шәкірттері бүгінде беделді үкімет басқару, министрлік, ведомстволық басшылығында, жоғары оқу орындарында, ғылыми мекемелерде, білім жүйесінде профессор, доценттік дәрежеде қызмет атқаруда.

Ғылыми және қоғамдық қызметте сіңірген айтулы еңбегі және философия ғылымын дамытудағы үлкен үлесі үшін Д.Кішібеков ҚР Президентінің Жарлығымен «Халықтар достығы» және «Құрмет» ордендерімен, «Қазақстанның жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері» атағымен марапатталды.

Досмұхамед Кішібеков білгір маман ретінде алыс-жақын шетелдерде әртүрлі шараларда баяндамалар, дәрістер де оқып тұрады. Ол АҚШ, Жапония, Франция, Италия, Египет, Алжир, Түркияға және басқа да мемлекеттерге сапар шегіп, дәрістер оқыды. Мәселен, Америкадағы Колумбия, Франциядағы Сорбон және Жапониядағы Хиросима сияқты іргелі университеттердің ғалымдары мен профессорлары алдында оқыған дәрістерінің шетелдіктер тарапынан жоғары бағалануы көп нәрседен хабар берсе керек.

Осындай шетелдерге көп сапарларының ғалымның есінде ұзақ уақыт сақталып қалған, сондай маңызы жоғары жолсапарларының бірі Америка Құрама Штаттарында екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 30 жыл толуына арналып ұйымдастырылған кездесуді Досмұхамед Кішібеков еңбек ардагері ретінде ерекше атап атайды. Оның өзіндік себептері де бар болаты. Өйткені, бұл делегацияның құрамында атақты қолбасшы, маршал Г.К. Жуковтың ролін орындаған дарынды актер М.Ульяновтың, көрнекті кинорежиссер С.Герасимовтың болуының өзі оның мәнін арттыра түсетіндігі көзге көрініп тұрды. Ал, қазақ ғалымының Капитолияда конгрессмен Хоу мырзаның қабылдауында болып, онымен пікір алмасып, әртүрлі сауалдарға нақты жауап бергенін бүгінде еске түсірудің өзі тіптен қызық. Сол кездесуде Досекен өз кезегінде Хоу мырзаға капиталистік қоғамдағы, сол елдегі ұлттық қарым-қатынас мәселесі, аз ұлттар проблемасы жөнінде сауал қойғанымен, оған жартымды жауап ала алмағанын қынжыла әңгімелейді. Өйткенмен, делегация басшылары Капитолиядағы қабылдаудың түсіністік пен достық жағдайында өткенін айтқан. Оған қоса, әлем Қазақстанды әлі толық тани алмай жүрген кезеңде қазақ азаматының ғалым ретінде ежелгі тарихы тасқа қашалып жазылған туған халқының данышпандық тағылымы, кешегісі мен бүгінгісі туралы ғылыми ізденістері мен таным кеңістігі шын мәнісінде назар аударарлықтай болғандығы құптарлық жәйт.

Қорыта айтқанда, ірі ғалым, белгілі қоғам қайраткері, ілуде сирек кездесетін ашық, жарқын тұлға академик Д.Кішібековтың өмір жолы мен шығармашылығы, міне осындай. Ол – ғылым мен білімге жан-тәнімен берілген, бойындағы оған деген мол дарынын, қарымды қабілеті мен қажыр-қайратын, айтулы таланты мен тәлімді тәжірибесін, бар ықылас, ынта-жігері мен ой-ниетін өзі жүрегімен қалаған осы бір

киелі де қастерлі өмір жолында жанқиярлығымен аянбай жұмсап келе жатқан, алған бетінен таймаған, ары таза, кеменгер жан.

Академик Д.Кішібеков бойындағы бар зияткерлік қуат-күшін, қажыр-қайратын туған тәуелсіз Отанымыздың игілігіне, өркендеуіне бұдан бұлай да жұмсай бермек.

Академик Д.Кішібековтың өмірі – нағыз өнегелі өмір, ұлықтауға лайық ұстаз, құрметке лайық ғалым.

Бүгінде Досекең ағамыз тоқсанды артқа тастап, жүздің төріне аяқ басқалы отыр. Өзінің ұзақ жылдар бойғы жемісті еңбегімен, тектілікпен ұласқан парасат-пайымымен, ірі ғалым, ұлағатты ұстаз дәрежелерімен қоса халқының шынайы тілекшісі – ақсақал дәрежесіне көтерілді. Ақылгөй ағалары, ақсақалдары бар ел жүрісінен жаңылмайды. Кемел иесі Досмұхамед Кішібеков осындай баршамыз құрметтейтін ақсақалымыз. Осы арада ойға қазақтың құлагер ақыны Ілияс Жансүгіровтың: «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Ел тегі қайдан алсын кеменгерді» деген екі жол өлеңі ойға түседі. Шынында, халқына қалтқысыз еңбек етіп жүрген азаматты осылай ардақтау қашан да абыройлы іс деп ойлаймыз.

90 жасқа келген мерейтойыңыз құтты болсын, жеткен биігіңіз бен шыққан төріңіз мерекелі, берекелі болсын, Досмұхамед аға!

*Р.Б.Әбсаттаров - ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,
философия ғылымдарының докторы, профессор,
А.И.Шалтыков - саяси ғылымдарының докторы, профессор.*

Мерейтой – 70 жас

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ЗАҢҒЕР-САЯСАТТАНУШЫ, БАСШЫ



«Еңбек түбі зейнет» дегендей ер азамат үшін халқына қызмет етіп, еңбектің жемісін көру өмірдің бір шынайы сыйы мен шығар биігі емес пе?

Міне, сондай өнеге болар ісімен өрге жүзген, айтулы азамат, заңгер-саясаттанушы, ғалым, ұстаз Дулат Мұсабалаұлы Жазыбаев болады. Ол Алматы Заң колледжінің Бас директоры, саясаттану ғылымдарының кандидаты. Дулат Мұсабалаұлы 20 жыл бойы біздің заманның талабына сай білімді де, білікті, қоғамға бейім ХХІ ғасырдың талғамы биік жастарды тәрбиелеп келеді.

Жалпы, Дулат Мұсабалаұлы құқық саласында әртүрлі қызметтерде 49 жылдай еңбек етіп келеді, соның ішінде 24 жылын педагогика саласына, шәкірт дайындауға арнады.

Дулат Мұсабалаұлы Жазыбаевтың туып өскен жері Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Әди Шәріпов ауылы түлеп ұшқан алтын ұясы Абай мектебі. Ол алғашқы еңбек жолын Қазақстанға белгілі бапкер Болат Тұрлыхановтың ұсынысымен 1965 жылы өмір жолын 1-май орта мектебінде мұғалімдіктен бастаған. 1966-1968 жж. әскер қатарында болып келіп, 1969-1971 жж. Жарма аудандық қалық сотының орындаушысы қызметін атқарған. Жүрек қалауымен өз болашақ кәсібін, өмір жолын тандай білуді жас Дулат жақсы түсінген ол 1972-1977 жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (қазіргі әл-Фараби атындағы Ұлттық университет) бітірген және 1985 жылы Алматы қаласындағы Марксизм-Ленинизм университетінің саяси кадрлар факультетін бітірген. 1999 жылы менің ғылыми жеткешілік етуіммен Д.М. Жазыбаев «Қазіргі кезеңдегі ел-жұрттың этносаралық қарым-қатынас мәдениеті: тәжірибе және проблемалары» тақырыбында саяси ғылыми мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғады.

Ол құқық пен саясаттану мамандығын жақсы игерген. Осы ғылымдар саласында ондаған кітіптар, оқу құрылдары, кітапшалар шығарған. Сонымен қатар, ол 50-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік, ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялаған.

Өзі ісіне өте жауапкершілікпен қарайтын басшының еңбегі ескеріліп, бірнеше рет марапаттаулар мен өз бағасын алған. Дулат Мұсабалаұлы Университетте алған заңгерлік білімді жақсы меңгергенін Алматы облысы, Балқаш ауданында прокурордың көмекшісі қызметін атқарып жүргенде көрсетіп, оған еңбектегі жетістігі үшін 1982 жылы «Кеңестік прокуратурасының 60 жылдық» мерейтойда алғыс жарияланған. Ал 1983 ж. сәуірдің 8 күні Харьков қаласындағы прокурорлар біліктілігін жоғарылату Институтында жоғары біліктілік көрсетіп, жақсы аяқтағаны үшін алғыс жариялап, бағалы сыйлық берілген.

Д.М. Жазыбаев 1985 ж. Алматы облыстық прокуратурасына аса маңызды істердің аға жүргізушісі болып ауысады. Бұл қызметте ол өзінің заңгерлік біліктілігінің жоғары деңгейде екенін, тергеу ісін жүргізуді ұйымдастыру қабілеттілігінің мол екенін көрсете білген. Сондықтан оның тергеген істері соттан кедергісіз өтіп отырған. Осы жетістіктері үшін Д.М. Жазыбаев Алматы облыстық прокурорының бұйрығымен 1987 ж. шілде айының 25 күнгі алғыс жарияланып, бағалы сыйлық алған.

1998-1999 жж. Д.М. Жазыбаев Алматы облыстық прокурорының тергеу басқармасында қылмысты істер тергеуді қадағалаушы прокурорлық қызметтер атқарған. Облыс көлеміндегі барлық аудандардың тергеушілерінің біліктілігін көтеру курсына тергеушілерді тергеудің қыр-сырын толық меңгеруге, оларға кемшіліктер жібермеу жолдарын көрсетіп дәріс сабақ берген. Д.М.Жазыбаев осы қызметімен қатар облыстық прокуратурасының қоғамдық жұмысының бәріне араласып, кәсіподақ комитетінің төрағасы міндетін атқарып келген.

Дулат Мұсабалаұлы 1991 жылы өзі оқыған әл-Фараби атындағы Ұлттық Университетінің Заң факультетінің криминалистика кафедрасына аға оқытушы болып ауысып, 1992-1995 жж. осы университеттің заң факультетінің деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеп, ғалымдармен етене

араласып, жас заңгер мамандарын дайындауға бір кісідей ат салысты. Мұнда да өзінің білімділігін, біліктілігімен ұйымдастыру қабілетінің жоғары екенін көрсете білген Жазыбаев Д.М. ректордың 1994 ж. желтоқсан айының 12 күнгі бұйрығымен еңбектегі жетістігі және қоғамдық жұмысқа белсене араласып, «ҚазҰУ-дың 60 жылдық» мерейтойын өткізуге белсене ат салысқаны үшін марапатталған.

Заң факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып жүріп, оқу ісін жоспарлау және оны жүргізу үрдісін меңгеріп алған Д.М. Жазыбаев 1995 ж. іркілместен алғашқылардың бірі болып Алматы қаласында заң колледжін ашады. Бұл колледждің жұмыс істеп тұрғанына биыл 20 жыл толды. Бұл жылдардың жетістігін сараптаған Қазақстан Республикасы «Ұлттық бизнес-рейтинг» қорытындысында 2015 жылы бұл колледж алтынмен апталған «Сала көшбасшысы» медалімен марапатталған. Мұндағы ұжым қызметкерлері мен оқытушылар колледждің көшбасшысы, стратегиялық болжаушы, директорымен пікірлес, өз ісіне берілген «ұстаздық етуден жалықпайтын» маман иелері конкурс негізінде іріктеліп алынған. Бұлардың әрқайсысы өз талап тілектері, мінез-құлықтарымен жалпы ұжым ішіндегі психологиялық сәйкестігі үлкен талғампаздық және шеберлікпен қамтамасыз етілген. Сондықтан колледж қызметкерлері мен оқытушыларының алды 20 жылдан, соңы 10 жылдан астам уақытта қызмет етіп келеді. Бұл Д.М. Жазыбаевтың оқу орнын ашуда, оны жүргізуді ұйымдастыру, керек жерде бақылау және ұжымның талап тілегін қабылдай отырып, алға қойған мақсатқа жету үшін ұйымдасқан түрде жұмыс істете алатын қабілетінің мол екенін көрсетеді.

Бұл колледждің ерекшелігі - өзге колледждерде әртүрлі кәсіптерге оқытып жатады, ал Д.М. Жазыбаевтың ашқан колледжінде кадрларды тек заң мамандығына арнайы даярланады. Міне, 20 жылдай бұл колледжде заманның талабына сай білімді жастарды даярлап келе жатыр деуге болады.

Колледж оқытушылары мен әкімшілік шаруашылық қызметкерлері Д.М. Жазыбаевтың басшылығымен көптеген жетістіктерге жетіп, қоғамда беделді еңбек нарығында бәсекеге сай 7000-ға жуық орта буынды заңгер дайындап шығарды. Абыроймен 3 рет Мемлекеттік аттестаттаудан өтіп, колледждің білім беру қызметі жалпыға бірдей мемлекеттік стандартқа, біліктілік талаптарына сәйкес деп бағаланды.

Ел ертені бүгінгі жастар десек, сол жастарды білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруде Д.М.Жазыбаев басшылық етіп отырған оқу орнының атқарған істері айтарлықтай. «Еңбек түбі зейнет» демекші, оның еңбектері назардан тыс қалған емес. Ол туралы «Алматы алтын кітабы», «Беделді білім ордалары» және «Қазақ жерінің зиялы азаматтары», - атты үлкен беделді ірі басылымдар жазды. Сонымен қатар, Қазақстан Үкіметі мен қалалық оқу Департаменті әртүрлі деңгейдегі грамоталармен және медальдармен марапаттаған.

Атап айтқанда, 2006 жылы шілденің 10 күнгі Алматы қаласы білім департаментінің бұйрығымен Алматы заң колледжі ұжымының жас жеткіншектерді тәрбиелеу және білім берудегі еңбектегі жетістіктері үшін «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Тура осындай марапаттаулар 2007 жылы Әуезов аудандық әкімшіліктен, 2008 жылы Алматы қалалық Ішкі істер департаментімен берілген. Қазақстан Республикасы Президентінің жарғысымен 2005 жылы 25 тамызда Д.М. Жазыбаев «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», 2015 жылы 25 тамызда «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» медальдарымен марапатталған.

Студенттердің саяси және құқықтық мәдениетін көтеруде, оларды патриоттық, ұлтжандық тұлға ретінде тәрбиелеуде колледжде атқарылып жатқан мәдени-тәрбие жұмыстарының маңызы ерекше. Бәрінің басы-қасында мұрындық болып жүретін Дулат Мұсабалаұлына колледж студенттері дән риза.

Колледж өз түлектерін жыл сайын олардың үлкен өміріне, еңбек жолына ақ жол тілеп, шығарып салу рәсімін ірі мәдени орталықтарда өткізеді. Осындай бір қимастық, сыйластық қоштасу сәттер үстінде колледж түлегі жас ақын Ернар Асаубаев өзінің ұлағатты ұстазы, колледждың басшысы Дулат Мұсабалаұлына мұнадай жүрек жарды жыр жолдарын арнаған еді:

Нарығы жоқ замандарда кешегі,
Сізді әділ басшы деседі.
Туған жерін жан –тәнімен сүйетін,
Кейінгі ұрпақ сізге қарап өседі.
Сіз туралы әңгіме-аңыз елде көп,
Күш қуатын, жүрегінің жылуын.
Жас ұрпақ пен туған жерге берген деп,
Естігенде әрқашан мақтан тұтам өзіңді.
Аға жолын ұғатын, ұяңыздың түлегі.

Шыңғыстаудың шыңға өскен шынары,
Жақсылықтың сарқылмайтын бұлағы.
Сізді көріп білген сайын қызығып,
Сізге ұқсағым келеді де тұрады.

Педагог, заңгер-саясаттанушы, басшы Д.М. Жазыбаевтың алға қойған мақсаты – тәуелсіз Қазақстан тұрғындары арасында құқықтық тәрбие беру, құқықтық білім деңгейін қалыптастыру. Сол мақсатын іске асыру барысында алыстағы ауылдық жерлер жастарына қаражаттарын үнемдеу мақсатында 1998-1999 жылдары Шығыс Қазақстан, Жетісу заң колледждерін және Есік кәсіптік колледжін ашты. Барлық колледждер мемлекеттік стандарттарға сай, заман талабымен жұмыс істеп тұр. Оларды өзі басқарып, бақылап отырады және әдістемелік ұйымдастырушылық кеңестер береді. Шығыс Қазақстан заң колледжисін ұлы Жазыбаев Асқар Дулатович, Жетісу Заң колледжисін жұбайы Ордабаева Бақытқамал, Есік кәсіптік колледжисін қарындасы Есенова Қарашаш басқарады.

Осындай ұжымдарды басқаратын Дулат Мұсабалаұлы өзінің мол кәсіби тәжірибесіне сәйкес алдына ақыл-кеңес сұрай келген ұстаздар мен оқушыларға бағыт-бағдар сілтеп отыратын ақылшы ардагер азамат. Қашанда жауапты қызметтерде танылып, істе ысылған, өмір жолында шыңдалған оның Егеменді еліміздің болашақ мамандарын тәрбиелеуде әлі де биік беделдің шыңына шығары анық. Міне, бүгін де жасы 70-ке келсе де қайраты әлі мұқала қоймаған Д.М. Жазыбаевтың еңбекқорлық өмір жолы жастарға үлгі болатындай өнегелі жол.

Дулат Мұсабалаұлы халқына шапағаты тиген, көрген-білгенін, көңілге түйгенін жас ұрпақ кәдесіне жаратып жүрген, еліне қадірлі азамат, ұстаз, ғалым. Халқымыз ұлт мүддесін ұлықтаған ұландарын, елі үшін еңбек еткен ерлерін қашан да ардақ тұтқан. Бұл тұрғыда жас ұрпаққа білім беріп жатқан, өзі шаңырағын көтерген, бүгін де беделді оқу орындарының біріне айналған білім ордасын мақтанышпен айта аламыз. Д.М. Жазыбаевтің колледжі елімізде жоғары деңгейдегі, озық тәжірибелі, берер өнегесі мол оқу орны есебінде бағалайды. Осы жиырма жылдық тарихы бар колледждің бүгінгі жетістігі сіздің еңбегіңіз, қамқорлығыңыз бен колледж ұжымына деген қолдауыңыз, сеніміңіздің жемісі деп білеміз.

Бүгінде жетпістің асқар биігіне шығып, білгір басшы, білікті маман, білімді ұстаз, ғалым ретінде өз колледжіңіз мерейін үстем етіп отырып, тәрбиелеп өсірген, әке жолын қуған ұлағатты ұлдарыңа ақылшы, қамқор әкесің, немерелеріңе мейірімді де ардақты атасың, еңбек пен өмір жолында тілектес, ниеттес, қамқоршы да, көмекші болып жүрген жұбайың Бақытқамалға арқа сүйер тірегісіз.

Ағаң, ұстазың ретінде айтарым, қадамың қарышты, еткен ісің табысты, еңбекің жемісті, ертеңің келісті болсын!

*Раушанбек Әбсаттаров – ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
философия ғылымдарының докторы, профессор*

Мерейтой – 50 жас

ЗАРЕМА ШӘУКЕНОВА - ҚАЗАҚТЫҢ КӨРНЕКТІ ӘЛЕУМЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМЫ



Қоғам өмірінде орын алатын әлеуметтік үрдістер мен проблемаларға, оның даму тенденцияларына жан жақты талдау жасап, ғылыми тұрғыдан түсіндіруде әлеуметтанудың алатын орны зор. Даму, өзгеру барысында әр заманда қоғамда шешілмеген проблемалар, қиындықтар орын алатыны белгілі. Сол себептен әлеуметтану ғылымы қоғам өміріндегі қиындықтардың, қайшылықтардың себептерін ашып, оларды шешуге байланысты ұсыныстарды негіздеумен айналысады. Әлеуметтану ғылымы адамдар арасындағы қарым-қатынастарды, байланыстарды одан әрі нығайтып, олардың сана-сезімдерін реттеуде маңызды рөл атқарады. Міне, әлеуметтану ғылымы қоғамдық қатынастардың барынша дамуына, қоғам мүшелерінің өзара түсіністікте, келісімде өмір сүрулеріне ықпал етеді.

Бүгінде әлеуметтану ғылымының осындай өмірлік шындықтан, оны жан-жақты терең және дәлелді талдануынан туындайтын ғылым екенін осы салада өз еңбектерімен айшықтап жүрген халқымыздың көрнекті ғалымдарының бірі қазақ қызы Зарема Шәукенова болады.

Қазақстанда ғана емес, басқа едерге де белгілі әлеуметтанушы-ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» Зарема Кәукенқызы Шәукенованың ғылыми, қоғамдық және педагогикалық қызметі өткен ғасырдың 80-90 жылдардан бастап, оның есімі Қазақстанда әлеуметтану ғылымдарының дамуымен тығыз байланысты. Ол республикадағы әлеуметтану ғылымына үлкен үлес қосып, басқару әлеуметтануы, әлеуметтік психология, этноәлеуметтану, дін әлеуметтануы, әлеуметтік, саяси процесстердің және әлеуметтік, саяси институттардың әлеуметтануы сияқты әлеуметтанудың салаларына негіз салды.

Профессор З.К. Шәукенованың еңбектері күрделі құбылыстардың терең қатпарларына бойлай енуімен, ой-тұжырымдарының жаңашылдығымен, үлкен талант қабілетімен ерекшеленеді. Ғалымның көптеген қолданбалы әлеуметтік және саяси зерттеулерінде әлеуметтік басқару, әлеуметтік психология, этноәлеуметтану, әлеуметтік, саяси процесс әлеуметтануының дамуы, қазіргі жаһандану замандарындағы жетістіктері жан-жақты ашып көрсетіліп және оның әлеуметтанудың өзекті мәселелеріне арналған және өмірмен байланысты зерттеулері әлеуметтану ғылымына игі ықпал етіп келеді.

З.К. Шәукенова қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, сонымен қоса, еліміздің жоғары оқу орындарында ЖОО жүйесі мен академиялық ғылыми институттарының интеграциясын ұйымдастыру үшін 2014 шілде айынан бастап аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің проректоры қызметін де атқарады.

Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор Зарема Кәукенқызы Шәукенова 1965 жылы 29 қыркүйек күні туып, Теміртау қаласында орта мектепті бітіріп, Қарағанды мемлекеттік университетінің жолдамасымен Ленинград мемлекеттік университетінің психология факультетін 1987 жылы бітіреді.

Өзінің еңбек жолын Теміртау қаласында Қарағанды металлургиялық комбинатында бастайды, онда бұл Кеңес одағындағы алып кәсіпорынның директоры болып Қазақстан мен Ресейдің белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Олег Николаевич Сосковец қызмет атқаратын. Ол әуелі Қазақстанның, содан кейін Ресей үкімет басшыларының бірінші орынбасары қызметтерін үлкен абыроймен атқарып, екі дос елдің дамуына үлкен қомақты үлесін қосқан қайраткер болатын. Дарынды басшы осы өзі басқарған кәсіпорында Кеңес Одағы бойынша металлургия кәсіпорындарының ішінде алғашқы әлеуметтік-психология зерттеулерінің лабораториясын ұйымдастырған болатын. Жас маман З.К. Шәукенова осы Қарметкомбинатта он жыл ішінде, яғни 1987-1997 жылдары, қатардағы инженер психологтан әлеуметтік-психология қызметінің жетекшілігіне дейінгі еңбек жолынан өтеді: психолог, кадрларды тұрақтандыру бюросының бастығы, Қарағанды металлургия комбинатының әлеуметтік-психология қызметінің жетекшісі.

Айта кету керек, 60-жылдардан бастап Кеңес Одағында еңбек әлеуметтануы мен инженерлік психологиялық зерттеулердің нәтижесінде заводтық психология едәуір дамыған болатын. Барлық ірі кәсіпорындарында, оның ішінде Магнитогорск, Норильск, Липецк металлургия кәсіпорындарында қуатты әлеуметтік-психологиялық қызметтері құрылған болатын. Ленинград мемлекеттік университетінің жас түлегі осында алған білімін, бар ынтасын, сүйіспеншілігін өзінің туған қаласы мен өз жұмысына бағыштағанның арқасында жаңадан құрылған Қарметкомбинаттың әлеуметтік-психологиялық лабораториясы КСРО-дағы қара және түсті металлургия кәсіпорындарының ішінде әлеуметтік-психология қызметінің ең жақсысы болып танылды. Осы уақыттардың ішінде ұжымдарда моральдық-психологиялық климатты зерттеулері нәтижелері, басшылар қызметінің эксперттық бағалаулары, кадрлық резервтерді таңдау әдістері, бригадирден цехтар мен зауыт басқарушыларға дейінгі комбинат басшыларының әлеуметтік-психологиялық тренингін өткізу, сонымен қатар, сақтандыру және жарақаттануды азайту бағдарламалары енгізілді.

З.К. Шәукенованың жарқын лектор екендігі Қарметкомбинаттың кадрларды дайындайтын Бөлімінің бригадирлер мен мастерлерді дайындау курсына айырықша көрінді. Оның дәрістерінің баяндалуы айқындылығымен, тыңдаушының жадында қалуымен, ақпараттылығымен, ең бастысы – өмірге тиімді білімді жеткізуімен, адамдармен жұмыс істеуде қолдануға болатындығымен ерекшеленетін. Сол үшін оны бәрі құрмет тұтып, сыйлайтын. Жас маманның қатары жүздеп саналатын ұжымдардағы жұмысшы жиналыстарында үміткерлердің әлеуметтік-психологиялық мінездемелерімен осындай сөз сөйлеулері елімізде басшыларды таңдау кезінде қолданылған дәуірде оларды дұрыс таңдауға үлкен қолғабысы болды. Сонымен бірге, З.К. Шәукенова осындай өзінің өмірлік машықтарын Е.Бүкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің психология бөлімінің студенттеріне де бере бастады. 1993 жылы ол Қарметкомбинатта сынақ ісін өткізу және жұмысқа алу үшін бітіруші курстың 10 студент-психологтар тобын жинап алды. Осылай тәрбиеленген топтың ішінен бүгінде 2 кандидат, бір психология ғылымдарының докторы, білімгер басшылар, педагогтар, ғалымдар шықты.

З.К. Шәукенова 1995 жылы Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің психология факультетінің аспирантурасын ойдағыдай бітіріп, «Басшы тұлғаның бағыттылығы: диагностика және коррекция (ірі өндірістік кәсіпорынның негізінде)» тақырыбында әлеуметтік психология бойынша кандидаттық диссертациясын қорғады. 2003 жылы ол «Қазіргі Қазақстан қоғамындағы этностардың әлеуметтік өзара әрекеттестігі» тақырыбында докторлық диссертациясын үлкен табыспен қорғады. 2006 жылы профессор ғылыми атағы берілді.

Профессор З.К. Шәукенованың қаламынан шыққан ғылыми еңбектеріне тоқталсақ, ол ғылыми жұмыспен студент кезінде-ақ айналыса бастаған. Оның алғашқы басылымдары «Теміртау жұмысшысы» және «Индустриалды Қарағанды» газеттерінде басылған. Бүгінде З.К. Шәукенова БАҚ беттерінде қоғамдық маңызды мәселелер ойынша көп басылатын сарапшы болып саналады – жыл сайын орталық

БАҚ-да, соның ішінде «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Литер», «Аргументы и факты», «Вечерняя Астана», «Вечерняя Алматы», «Қазақ әдебиеті», т.б. басылымдар, талдаулық мақалалар және түсініктемелер басылады. Оның бастамасымен 2012 жылдан бастап «Весь мир» атты халықаралық газетте «Философия гостиная» деген рубрика жүреді, онда өзі басқаратын философия, саясаттану және дінтану институтының белді оқымыстылары бүгінгі күннің өте өзекті мәселелер бойынша сұхбаттар береді. Теміртау қаласында да ол «Дневник психолога» деген бағдарламаның авторы ретінде жүргізуші болды.

Профессор З.К. Шәукенова ғылыми жұмыспен үздіксіз және белсенді айналысады, өзінің өмірінде осы саланың даму жолдарын барынша табандылықпен, өзіне тән байсалды байыптылықпен жан-жақты зерттеп жүр. Ол 200-ден артық ғылыми және әдістемелік еңбектер жариялаған, оның ішінде «Қазаргі Қазақстан: қоғамдық пікірлер» атты монографиясы (2003 ж.), «Қазіргі дәуірдегі Қазақстанның дамуының идеологиялық концепті» (2010 ж.), «Қазақстан Республикасындағы идеологиялық құрылымдау» (2012 ж.), «Этностардың әлеуметтік өзара әрекеттестігі: Қазақстан Республикасындағы этникааралық қатынастардың мониторингі» (2013 ж.), атты кітаптардың авторы, тағы да бірлесіп авторлық ретінде «Қазақстан Республикасындағы идеологиялық құрылымдау: эволюция жолдары және «Қазақстан -2050» стратегиясы контекстінде дамудың траекториясы» (2013 ж.), «Отбасы институты қазақстандық қоғамның тұрақтылығының факторы ретінде» (2013 ж.), «Қазақстан Республикасында этникалық және діни топтардың құндылық-мағыналық және рухани адамгершілік негізінде азаматтық қоғамға бірігуі» (2014 ж.), «Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары және идеалдары» (2015 ж.) атты кітаптар жарық көрді. Оларға институт директоры ретінде З.К. Шәукенованың Қазақстан үкіметіне дайындаған баяндамалары, әртүрлі ғылыми бағдарламаларын, әртүрлі ғылыми бағдарламаларын қосыңыз. Осы еңбектерінде көбіне кемел ой, келелі ұсыныстар, кешенді тұжырымдар табамыз. Оған мысал оның «Ұлттық идея 2007-2009 жж. Қазақстанның тұрақты дамуының негізі ретінде» атты мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асуына белсене қатысып, «Гуманитарлық интеграция және Қазақстанның елдік имиджі ұлттық идеяның құрастырушысы» жобасына басшылық етті. Сонымен қатар, ол «Еуразиялық монитор» және «Түрікбарометр» атты елдер арасындағы ғылыми жобалардың негізін қалаушысы және басшысы.

Профессор З.К. Шәукенованың басшылығымен мемлекеттік тілде жоғары оқу орындары үшін біздің елімізде әлеуметтанудан екі кітаптан тұратын оқулық дайындалды. 2009 жылы «Әлеуметтану- Sociology» атты жаңадан елдераралық ғылыми-талдау журналын ашты, ол түркітілді елдері әлеуметтік гуманитар-бағытындағы әлеуметтанушылар мен саясаттанушыларды біріктіретін баспа.

Профессор З.К. Шәукенова 1997 жылдан 2007 жылға дейін «ЦЕССИ-Қазақстан» салыстырмалы әлеуметтік зерттеулердің қазақстандық-ресей институтының директоры болып, осы салада көптеген тәжірибе жинады, бұл ғылыми мекеме ғылыми жобаларды, кең көлемді әлеуметтік зерттеулерді жүзеге асырады, оның ішінде Президент әкімшілігіне, Парламентке, Орталық сайлау комиссиясына, мәдениет, білім және ғылым, ішкі істер министрліктеріне, Астана, Алматы қалалары және облыстар әкімшіліктері аппараттары үшін электоралдық сұрақ-жауап алуы және қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды зерттеудегі қоғамдық пікірдің мониторингін ұйымдастыру болып табылады.

З.К. Шәукенова өзінің ғалымдығын еліміздің қоғамдық қызметімен де ұштастыруда. Ол Қазақстан әйелдерінің қоғамдық қызметіндегі ең белгілі және танылған ерекше танылғандардың ішіне кіреді, 2008 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы әйелдер және отбасы - демографиялық саясаты жөніндегі Ұлттық комиссиясының белсенді мүшесі, Комиссияның атынан үлкен форумдарда, соның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің алдында да бірнеше дүркін сөйлеген.

Оның философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ проректоры, Қазақстан философтар конгресінің президенті, Қазақстан әлеуметтанушылары ассоциациясының президенті қызметтеріндегі жемісті еңбегін ел басшылары таныған, ол Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның мүшесі болып тағайындалды.

З.К. Шәукенованың сөз сөйлеулері қоғамдық және ғылыми тұрғыдан мәнді болып келеді. Оның осындай қасиеттері сәйкестендіру және бірлік бойынша 4 бағыттағы реформамен жұмыс істейтін Жұмыс тобы өз қатарына мүше етіп алуына себеп болды. Сонымен қатар, ол Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми эксперттік кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы адам құқықтары жөніндегі Комиссияның Эксперттік кеңесінің мүшесі болып табылады.

«Нұр Отан» ХДП Алматы филиалының Саяси кеңесі мүшесі ретінде ол сайлау алдындағы партияның Қоғамдық штабының мүшесі, Алматы қаласындағы белгілі лекторларының бірі болып табылады. 2007 жылғы Парламент Мәжілісінің және 2011 және 2015 жылдардағы Қазақстан Республикасы Президенті сайлауларының науқандарын ғылыми жағынан қамтамасыз еткені үшін ол Мемлекет басшысы

Н.Ә.Назарбаевтың алғыс хаттарымен марапатталды.

Профессор З.К. Шәукенова әлеуметтік-гуманитарлық ортада үлкен беделге ие. Құрылған уақыттан бастап, яғни 2002 жылдан, Қазақстандағы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым ғалымдарының ең табысты және маңызды бірлестігі – Қазақстан әлеуметтанушылары Ассоциациясының атқарушы директоры болып табылады, оны әлемдік ғылыми қауым және Халықаралық әлеуметтік ассоциация таниды. Бұл ассоциация 2017 жылы өздерінің кезекті конференциясын посткеңестік кеңістікте алғаш рет 2017 жылы Қазақстанда өткізу туралы ұсыныспен шығып отыр. З.К. Шаукунова 2013 жылы елімізде бірінші республиканың философтар конгресін ұйымдастырды, онда ол Қазақстан философтар конгресінің президенті болып сайланды. Ол 2002-20015 жылдары арасында ғана тек Қазақстан әлеуметтанушылар ассоциациясы бойынша 15 көлемді ғылыми форумдар, соның ішінде 7 әлеуметтанушылардың конгресін және 8 халықаралық конференциялар ұйымдастырып өткізді.

Профессор З.К. Шәукенова көп жылдардан бері әлеуметтанушы мамандығы бойынша кадрлар дайындауға көп күш-жігерін жұмсауда. Білгір ғалымның жетекшілігімен 5 әлеуметтану ғылымдарының кандидаттары мен бір әлеуметтану ғылымдарының докторы, бір PhD докторы дайындалып, отандық әлеуметтану саласының дамуына ат салысуда.

З.К. Шәукунова ғылым саласындағы жемісті еңбегі үшін бірқанша марапаттарға ие болды. Оған «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деген құрметті атағы берілді, көптеген мемлекеттік медальдері және қоғамдық ұйымдардың құрметті грамоталары бар, ғылым мен техниканы дамытуда үлкен үлес қосқандары үшін ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері де болды.

Міне, елімізге қадірлі және білгір ғалым, әлеуметтік әділдік жолында талмай күресіп келе жатқан әлеуметтік қайраткер, жақын және шетелдерге танымал ғалымның бір қарағанда қарапайым тіршілігі осындай. Бүгінде қатардағы қазақ қызының ғылымға, ел мәдениеті мен рухына, жаңашылдық ойы дамыған білікті жас мамандарды дайындау және тәрбиелеу ісіне қосары әліде алда. Иә, қазақ қыздарына қашанда ерлік тән. Сол қыздардың бүгінгі көшінің алғы шебінде біздің қарапайым қазақ қызымыз Зарема Шәукунова да бар.

*Раушанбек Әбсаттаров – ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корресподент – мүшесі,
философия ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың саясаттану және әлеуметтік-философиялық
пәндер кафедрасының меңгерушісі;
Әміржан Шалтыков – саяси ғылымдардың докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры.*

МЕРЕЙТОЙ

Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына – 100 жыл!

ЮБИЛЕЙ

100 лет - национально-освободительному движению 1916 года в Казахстане!

УДК 323.1 (574)

ЕГЕМЕНДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ

Сманов Б.Ө. – ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,
Халықаралық Ш.Айтматов академиясының академигі

Мақалада Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі мен қазақ даласындағы ұлт-азаттық көтерілістердің мәселелері жан-жақты қамтылған. Автор еліміздің түкпір-түкпіріндегі ұлт-азаттық қозғалыстардың пайда болу себептері мен тарихына талдау жасайды. Мұнда халық ақындары мен жазушылардың шығармаларында аталатын ұлт-азаттық көтерілістің ұйымдастырушылары мен жетекшілерінің маңызды рөліне тоқталады.

Түйін сөздер: ұлттық құндылық, мәдени мұра, көтеріліс, жұмысшылар қозғалысы, салық, тәуелсіздік.

Сан ғасырлық тарихы бар еліміздің өткенін оймен саралап, сөзбен түйіндер болсақ, осынау Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан-байтақ Ұлы даланы мекен еткен халқымыз азаттық жолында қандай қиян асулардан өтпеді десеңізші?! Елінің тыныштығы жолында қолына бөрілі байрақ ұстаған бабаларымыз жан-жағынан анталаған жау алқымнан алған сол бір қасіретті заманда, «ұлымыз – құл, қызымыз – күң» болып өзгенің босағасын сығалап, атамекен жеріміз ұрпаққа бұйырмай жаттың қолында кетіп жатқан кезеңде тарих сахнасынан біржола жұтылып кетпес үшін бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара біліп, ұлан-байтақ жерімізді бізге аманат етіп қалдырып кетті. Ғасырлар қойнауларына үңілсек, бір ғана жоңғар қалмақтарымен екі жүз жылдан аса уақыт соғысқан халқымызға, көрші Цин империясы, Бұхар, Хиуа хандықтары көз алартып, туған жерімізден айыру мақсатында елімізге үлкен қауіп төндіргені баршаға аян. Бұл бір оңай шешілер жағдай емес екенін сезген еліміздің игі жақсылары «мұндайда қайтпек керек?» деген сауалға жауап іздеп ұзақты күн кеңесті. Ойлана келе, бізге арқа сүйер, қысылғанда көмек қолын созар дос керек деп 1731 жылы Ресей империясының қоластына кірді. Бұдан кейін Ресей империясының озбыр саясатының улы тырнағына ілінгеніміз тарихтан мәлім. Қазақ жеріндегі бұлжымас тыныштық пен бұзылмас сыйластықтан қауіптенген Ресей империясы елімізді жүз-жүзге, ру-руға бөліп, әр руға бір көсем сайлап, олардың арасына іріткі салып, елді тоздыруға айналды. Осындай қорлыққа төзбеген халқымыз елдің ынтымақ-бірлігі мен елдігін сақтап қалу жолында, сонымен қатар атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу мақсатында қаншама рет алып империяға қарсы бас көтергені белгілі.

Тарихшыларымыздың зерттеуі бойынша, елімізде азаттық пен теңдік жолында Ресей империясына қарсы 300-ге тарта ірілі-уақты көтеріліс болыпты. Бірақ, соның бәрін Патша өкіметі бұзақы орыс-казак отрядтарынан құралған әскерімен аяусыз басып жаншып отырған. Кеңестік идеологияның ықпалымен біз өзіміз мұндағы дейін «Ұлы бетбұрыс» деп тонын айналдыра дәріптеп келген Қазақстанның Ресей империясына «өз еркімен» қосылуы шын мәнінде қазақ халқына қайғы-қасіреттен басқа ешқандай да игілік әкеле қоймағаны мәлім.

Осы ретте өткен ғасырларда ғұмыр кешкен ағылшынның көрнекті жазушысы Сэмюел Батлердің: «Құдай өткенді (тарихты) өзгерте алмайды, ал тарихшылар өзгерте алады. Кейде олар осындай қызмет көрсетеді. Құдай олардың өмір сүргеніне шыдайды» [1, с.326], – деген сөзі еріксіз еске түседі.

Өйткені, сыртқы жаудан пана боламыз деген ақ патшаның ойы сол сәтте-ақ бұзылып, кең-байтақ қазақ даласын басып қалуды қаперіне ала бастаған. Қазақ жеріне бекіністер салу, жерді бөлшектеп бөлу, патшалық билік жүйесін енгізу сол XVIII ғасырларда-ақ жүзеге аса бастаған. Мысалы, Ресейдегі Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісі басылғаннан кейін патша өкіметі оған қатысқан Кіші жүз қазақтарына отаршылдық езгіні бұрынғыдан да күшейтіп жіберді. Міне, мұның өзі отаршылдарға қарсы Сырым Датұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысының лап ете түсуіне себеп болды. Сондай-ақ Ресей империясының қазақ даласындағы хандық билікті жоюы, шекаралық аймақтарда жаңа бекіністер салып, қазақ жерлерін күштеп тартып алуды одан әрі жалғастыруы, қазақ қоғамында әлеуметтік қатынастарды шиеленістіре түсуі Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің (1838-1848) шығуына себеп болды. Исатай Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың (1836-1838) шығуына да Ресей империясы мен оның сойы-

лын соғушы жергілікті ел билеушілердің әділетсіздігі ықпал еткені белгілі. Оның үстіне XVIII-XIX ғасырларда Түркістан өлкесін патша өкіметімен қатар Хиуа, Қоқан хандықтарының қатар езуі де осы аймақтағы халықтың ұлт-азаттық көтерілісінің тұтануына себепші болды. (Мәселен, Сыр бойындағы Жанқожа батырдың, Ташкенттегі Молда Қошық датқаның, Оңтүстіктегі Мұсабек батырдың т.т. көтерілістері).

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресейде өрши түскен жұмысшылар қозғалысы алып империяның шаңырағын шайқалта түсті. В.И. Ленин бастаған Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясы патша үкіметін құлатып, еңбекші тап билігін құру үшін өршелене күресті. Жұмысшылар қозғалысы ұлан-ғайыр Ресейдің барлық аймағын қамтыды. 1905 жылғы алғашқы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс жеңіліске ұшырағанымен, РСДРП бастаған еңбекші тап қозғалысы теңіздей толқып, патша үкіметін үрейлендіре түсті. Патша үкіметі жиі толқулар ошағы болған Еуропалық аймақтардан Қазақстанға 1907-1912 жылдары 2,4 миллион переселендерді қоныстандырды. 1917 жылға дейін 45 миллион десятина көлеміндегі ең құнарлы дейтін жерлерді қоныс аударшыларға жергілікті тұрғындардан тартып әперіп, қазақтарды таулар мен құнарсыз жерлерге ығыстырды. Суы жоқ, мал жаятын жайылым мен шөп шабатын шабындықтың болмауынан қазақ-қырғыз халқының кедейленген тобыры пайда болды. Қазақ жерлерін күшпен тартып алу жергілікті халықтар мен орыс-украин қоныстанушыларының арасындағы қайшылықтарды одан әрі шиеленістіріп, жер мәселесі жөніндегі күштеу саясаты шеткі аймақтарда да кеңінен тарады. Сонымен қатар 1914 жылы патшалық Ресей дүниежүзілік соғысқа араласты. Оған қоса патша чиновниктері мен жергілікті әкімдердің, байлардың зорлық-зомбылығы күшейіп, Қазақстанда отарлау саясатын күшейте түсті. Жергілікті халықтан алынатын салық 3-4 есе көбейді. Шаруалардың ірі кара малы мен мал азығын соғыс қажетіне алу басталды. Әскерлердің қажетін қамтамасыз ету үшін қазақтардан киіз жинатты, жығып-құруға өте ыңғайлы киіз үйлер сұрады. Әскери салық ретінде әрбір отбасы 1 сом 84 тиын мөлшерінде салық төлеуге міндетті болды. Бұл ақшаның құны жоғары кез еді.

Патшалық езгі мен соғыс ауыртпалығы Қазақстанда жұмысшылар мен шаруалар қозғалысының өршуіне түрткі болды. 1915 жылғы маусым айында Екібастұз, Байқоңыр көмір кендерінде, Спасск мыс өндірісінде, Орынбор-Ташкент темір жолы бойында жұмысшылардың қозғалысы бой көтерді. 1916 жылғы қаңтар айында Верный, Семей қалаларында, Жетісу облысы Лепсі уезінің бірқатар елді мекендерінде көтеріліс бұқаралық сипат алды. Қазақ жастарын майдандағы тыл жұмысына алу жөніндегі патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы мен “Бұратана халықты мемлекеттік қорғаныс жұмыстарына пайдалану тәртібі туралы ереженің” қабылдануы әлеуметтік жағдайы мүшкіл топтың наразылығын күшейтті. Жарлық бойынша Түркістан мен Дала өлкесінен майданға окоп қазуға 400 мың, соның ішінде Қазақстанның далалық облыстарынан - 100 мың, Жетісудан 87 мың адам жіберу көзделді. Қазақтардың тууы туралы куәлігінің жоқтығын пайдаланып, болыстар, басқармалар мен ауыл старшындары жас мөлшерінің асып кеткендігіне қарамастан кедей жігіттерін майданға жұмысқа алынатындардың “қара тізімін қосты”, ал феодалдар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермеудің амалын тапты. Осындай әділетсіздіктердің көрінісі кедейлердің жаппай көтеріліп, болыстық басқармаларды талқандауына, ауыл старшындарын, қатігез байларды өлтіруіне, ірі феодалдардың иеліктеріне шабуыл жасауына, жер сату жөніндегі құжаттарды, алым-салық қағаздарын жойып жіберуіне мәжбүр етті. Сойыл, кетпен, шалғы, мылтық, қылышпен қаруланған ашынған топ бай-болыстардың ауылдарын өртеп, өздерін өлтіріп, малдарын әкетті. Бұл туралы көрнекті қазақ жазушысы С.Мұқановтың «Ботагөз» романында шынайы суреттелгені есімізде: «Дауылды бұлттай түнеріп, аттарының дүбірлері жерді сілкіндіріп, қаптап келе жатқан топқа қарап тұрып Бүркітбай ауыр ойға батты, – деп жазады жазушы сол бір халық қозғалысын шынайы суреттеп, – Орнынан қозғалмаған Бүркітбай Итбай үйіне көз салып еді, көзді ашып-жұмғанша, төрдегі 4-5 ақ үйдің әлегі аспаннан келді. Шауып келген салттылар үйдің бауларын бытырлатып үзіп, киіздерін сыпырып жерге түсіріп, тулақтай бет-бетімен сүйреп алып кетті. Жалаңаш қалған уықтар сатыр-күтір сабаған сойылдардың күшіне шыдай алмай, шарт-шұрт сынды; шаңырақтар қан көбелек ойнап үйдің ішіне түсті... Жігіттерге қарамастан Бүркітбай Итбайды есік алдына өлімтік қойдай дырылдатып алып шықты. Есік алды иін тірескен халық екен. «Қайсың еркексің!?» – деді Бүркітбай айқайлап, – Тарт мына итті». «Әкел, бері!» – деп ат үстінен қолын созғандардың арасынан біреуі атын тебініп, тұзақтап алған шылбырды Итбайдың мойнына салып жібергенде «Бұл кім?» деп Бүркітбай қараса, Темірбек екен, шылбыр Итбайдың мойнына іліккенде атын тебініп тарта жөнелген Темірбекке Бүркітбай қадала қарап еді, беліне қыстырған ақ балтаның жүзі жарқ-жүркі етті. Көкпар тартқандай жұрт оның соңынан сатыр-күтір шаба жөнелді...» [2, 259-260 бб.]. Ұлы дала төсінде стихиялы қозғалыс бірте-бірте ұйымдасқан сипатпен қарулы көтеріліске ұласып, Жетісу мен

Торғай өңірі оның орталықтарына айналды. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтыды. Оның негізгі күші ұлттық шаруалардың қалың тобы, сондай-ақ сол кезде туып келе жатқан жергілікті жұмысшы табының өкілдері, колөнершілер болды. Сонымен бірге көтерілістің ұлт-азаттық сипатта болуы себепті қозғалысқа қазақ халқының барлық топтарының өкілдері қатысты. Көтерілісшілерді Жетісуда Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәменке Мәмбетов, Тоқаш Бокин, Әубәкір Жүнісов, Серікбай Қанаев, Монай және Мұқан Ұзақбаевтар басқарса, Торғайда Әбдіғаппар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин ұйымдастырды. Шілде айының бас кезінде-ақ толқулар Верный уезінің батыс және оңтүстік бөліктерін қамтып, көтерілісшілерге Бекболат Әшекеев, Тоқаш Бокин, Аққозы Қосанұлы және басқалар басшылық етті. Халық наразылығы үдеп кетуіне орай, патша үкіметі ендігі тұста көтеріліс қимылдарын басу үшін іс-шаралар қолдануды ұйғарды. 17 шілдеде Жетісуда және Түркістан өлкесінде «соғыс жағдайы» жарияланып, патша үкіметі мұнда ірі әскери күштерін алып келді. Әскери гарнизондарды нығайтып, Жетісуға қоныс аударып келген орыстардан көтерілісшілерді жазалау үшін қарулы отрядтар жасақтады. Жетісу облысының Жаркент уезі көтерілісшілерінің Асы жайлауында, Қарқараның таулы алабында, Самсы, Қастек, Нарынқол, Шарын, Жалаңаш, Қорам елді мекендері аудандарында, Лепсі уезінің Садыр-Матай болысында және басқа жерлерде патша жазалаушыларымен ірі-ірі қақтығыстар болды.

Осындай жағдайда Б.Әшекеев Жетісудың бытыраңқы көтерілісшілер топтарын біріктіру үшін 1916 жылғы 13 тамызда Ошақты деген жерде әртүрлі болыстар өкілдерінің съезін шақырды. Съезде олар «тыл жұмыстарына адамдар алу туралы жарлық шығарған үкімет орындарына қарулы қарсылық көрсетеміз, оған бағынбаймыз» деген шешім шығарды. Өз жақтастарымен Үшқоңыр тауына орнығып алған Б.Әшекеев қарулы қарсылыққа дайындала бастады, сонымен бірге көтерілісшілердің қатарын жаңа күштермен толықтыру жөнінде шаралар қолданды. Алайда, қару-жарақпен мұздай қаруланған жазалаушы отрядтар Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншып, 7 қыркүйекте Верный әскери гарнизонының соты болды. Онда көтеріліс басшыларының бірі Б.Әшекеевті өлім жазасына кесіп, оны дарға асу туралы үкім шығарды. Соттың үкімін облыстың әскери губернаторы Фольбаум нақ сол күні бекітіп, үкім бір күннен соң, яғни 1916 жылғы 9 қыркүйекте Верныйдың жанындағы Боралдай деген жерде орындалды. Сотсыз және тергеусіз атылғандарды есептемегенде, сот үкімімен Түркістан өлкесінде 1917 жылдың 1 ақпанына дейін 347 адам өлім жазасына, 168 адам қаторгалық жұмыстарға, 129 адам түрмеге жабылуға кесілді. Соның салдарынан патшаның өкімет орындары қудалаған 300 мың қазақтар мен қырғыздар немесе Жетісудың байырғы тұрғындарының төрттен бірі Қытайға қашуға мәжбүр болды.

Өз дәуірінің белгілі ақыны Иса Дәукебаевтың «Бекболат» атты поэмасында халық батыры Бекболаттың бейнесі шынайы суреттелді. Осы поэмада Бекболат батырдың:

«– Рас, мен соғысуға шықпақ болдым,

Басыңды жер астына тықпақ болдым.

Рас десең, рас сөз мен айтайын,

Ақ патшаның тұқымын құртпақ болдым»[3, 264-265 бб.], – деп ашық айтуы ашынған халықтың азаттық жолындағы күреске шындап ден қойғанын аңғартса керек.

Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісінің ең ауқымды аймағы Торғай өңірі болды. Мұнда патшаға қарсы көтерілгендер саны 50 мыңға жетті. Бұл кезде Торғай уезі негізінен 13 болыстықтан тұратын. Көтерілістің бастапқы кезеңінде толқулар Қайдауыл, Аққұм, Қаратоғай, Сарытоғай, Қарақопа болыс-тары, сондай-ақ Тосын, Майқарау, Сарықопа, Наурызым, екінші Наурызым болыстарын қамтыды. 1916 жылы 21 қарашада 13 болыс өкілдерінің құрылтайында халық арасындағы атақты Нияз бидің ұрпағы Әбдіғаппар Жанбосынов көтеріліске шыққан Торғай уезінің ханы болып сайланады. Құрылтайға қатысу-шылардың келісімімен Кенесары Қасымовтың серігі, атақты Иман батырдың немересі Амангелді Үдербайұлы Иманов көтерілісшілердің сардарбегі болып тағайындалады. Орталық Ресейден келген және көп кешікпей көтерілісшілерге қосылған, осы өңірде туып-өскен Әліби Жангелдин көтерілісшілердің “рухани көсемі” болды. Ә.Жанбосынов пен А.Иманов көтерілісшілерді ондықтарға, жүздіктерге және мыңдықтарға бөліп, арнайы жасақ құрды. Әрбір қолды басқаруға тиісінше онбасы, елубасы, жүзбасы, мыңбасы тағайындалды.

22 қазанда А.Иманов бастаған 15 мың қол Торғай қаласын қоршады. Мұны көрген генерал-лейтенант А.Лаврентьевтің жазалаушы корпусы қалаға қарай үш бағытта бет алды. 16 қарашада А.Иманов бастаған 12 мың адамға жуық сарбаздар Түпқойма пошта станциясына шабуыл жасады. Көтерілісшілердің басым көпшілігі, адам күшін сақтау үшін, қарашаның екінші жартысында Торғайдан 150 шақырым жерге жетіп, Батпаққара ауданына шоғырланды. Осы жерден 1916 жылғы қарашаның екінші жартысынан 1917 жылғы ақпанның ортасына дейін жазалаушыларға қарсы партизандық іс-қимылдар ұйымдастырылды. Көтеріліс-

шілер мен жазалаушылар арасында Татырда, Ақшығанақта, Доғал-Үрпекте, Күйікте қиян-кескі шайқастар болды. Шайқас 1917 жылғы ақпанда болған төңкеріске дейін созылды.

Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісінің көрнекті басшысы әрі көсемі Амангелді Иманов бейнесі қазақ ақындары шығармаларында шыншылдықпен сомдалып, көркем әдебиет тарихынан тиісті орын алды. Халық ақыны Омар Шипиннің «Амангелді батыр» поэмасында батырдың мынадай монологы бар:

«Патша тұр солдат бер деп қылып өкім,
Жасымнан, – деді батыр, – болдым жетім.
Қаладан губернаторды алып шығып,
Жібердім бір қайырып оның бетін» [4, 202 б.] .

Осы бір шумақ өлеңнің өзінен Амангелді батырдың өршіл бейнесін байқау қиын емес. Ал Күдері ақын болса Амангелді батырдың Торғайға шабуылын былайша суреттейді: «Атқан таңмен айғайлап, Қала қосын лап қойды. Айнала қоршап дуалды, Тұс-тұсынан өрт қойды. Оқ жыландай ысқырған, Жалын шашқан, ышқынған, Үңірейген мылтық аузына, Ат қойды көп іркілмей. Шашақты найза желкілдеп, Ақ сойылдар сартылдап, Амангелді алдында, Атылған оққа жарқылдап».

Міне, елім деп туған осындай ерлер ғана халықтың тәуелсіздігі үшін өз басын қатерге тігері сөзсіз. Амангелдідей батыр есімі қазақ халқының азаттық, тәуелсіздік тарихында мәңгі жасай бермек.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі Торғайдан өзге барлық аймақтарда қатаң басып-жаншылды. Семей және Ақмола облыстарында көтерілісшілерге қарсы патша үкіметінің 12 атты әскер жүздігі, 11 күшейтілген қарулы жаяу әскер ротасы қимыл жасады, ал Торғай көтерілісшілеріне қарсы патшалық өкімет орындары 17 атқыштар ротасын, 18 казак жүздігін, 4 атты әскер эскадронын, 18 зеңбірек, 10 пулемет және басқа да күштерін әкеп төкті. Осыған қарамастан Торғай облысында көтеріліс патша үкіметі құлатылғаннан кейін ғана тоқтады. Қазақ қауымында патшаның 1916 жылғы маусым жарлығы мен көтеріліске көзқарас бірдей болған жоқ. Бұл түсінікті жағдай еді. Өйткені, ауылдың феодал-байшыл билеуші тобы мен жергілікті әкімшіліктің белгілі бөлігі патша жарлығын толығымен қолдап, оны белсенді түрде жүзеге асырушылар болды; қазақ интеллигенциясының радикалды батыл іс-қимылға бейім өкілдері (мысалы, Т.Бокин, Ж.Ниязбеков, Т.Рысқұлов, Ә.Жангелдин, С.Меңдешев, Б.Алманов, Ә.Жүнісов т.б.) халықты қарулы көтеріліске шақырып, оған өздері де қатысты. Ал Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты либерал-демократиялық зиялылар өкілдерінің жетекшілері халықты жарлықты орындауға қарсы шықпауға үгіттеп, оны орындамаған жағдайда қазақтар қантөгіске ұшырауы мүмкін деп санады және осыған байланысты үлкен алаңдаушылық білдірді. Осынау алмағайып кезеңде «Алаш» қайраткерлері халықты жаңа аласапыраннан қорғаштап, қайткен күнде де оны аман сақтап қалуға тырысты. Сондықтан да олар қарулы көтеріліске қарсы болып, қазақтарды патша жарлығын орындауға шақырды. Өйткені, қарусыз халық патша өкіметінің мұздай қаруланған әскерінен босқа қырылып қалатын еді. Көтеріліс барысында орын алған қанды қырғын, жүздеген мың адамдардың қаза табуы бұлардың қауіптерінің негізсіз еместігін дәлелдеді. Жеке-жеке бұрқ еткен толқулар көп ұзамай қарудың күшімен жанышталып, жұмысшыларды реквизициялау мен майданға жөнелту басталды...

«Әдебиет – өмір айнасы, замана шежірешісі» дейтін болсақ, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы халық ақындарының шығармаларынан берік те лайықты орын алғанын атап өтуіміз керек. Мысалы, қазақтан 19 бен 31 жас аралығындағы жастарды майданның қара жұмысына алу туралы патша үкіметінің 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы шаруа баққан момын қазақ елінің төбесінен жай түсіргендей етті. Ел толқыды, халық қайғырды-күңіренді. Осы көріністің куәсі болған ақын Сәт Есенбаев «Июнь жарлығы» атты өлеңінде:

«Еңбекші қазақ баласы, Заманамыз тарылды. Патшадан зорлық, қысым боп, Басқа нөқта салынды... Құтырған патша қуланып, Көрінгенмен ұрысты. Құйрығын басып жыланның, Салды найза, қылышты...», [5, 257 б.] – деп суреттейді.

Ал жыр алыбы Жамбыл ақын болса қыршындай қазақ жігіттерін майданның қара жұмысына алып жатқан патшаның іс-әрекетіне наразылық көңілмен: «Көген көзді қосақтап, Қалай қиып береміз? Көздің жасын моншақтап, Көңіл шер боп өлерміз! Көк жайлауды қалдырып, Қайда көшіп кетерміз? Көкіректі зар қылып, Қорлықпен қайтіп өтерміз?...Би, болысты Тәңір атты, Ел қорғауға жарамай. Ағайынды аңыратты, Көз жасына қарамай. Енді ойласақ, не қалды, Ата жұрттан кету бар. Жалға тігіп не жанды, Тәуекелге беку бар», [6, 64-65 бб.] – деп толғайды «Патша әмірі тарылды» аталатын жырында.

Дүлдүл ақынның «Зілді бұйрық», «Әділдік керек халыққа» атты өлеңдері де осы тақырыпты сөз етеді.

Ал Бұзаубақ ақын «Құты қашқан патшаның» атты толғауында:

«Ел болмас бұған солдат бергенменен, Патшаның дегеніне жүргенменен, Жаксылық жауыздардан қазақ таппас, Соғысқа босқа барып өлгенменен. Бозбала – елдің көркі маңдайдағы, Қимылда, шағың келді жау жайдағы. Еріксіз қайран ерлер, қор болғанша, Атқа мін, жарақ асын, найза ал-дағы», – деп патшаның зұлымдығын әшкерелей келе халықты оған қарсы қару алуға шақырады. Ақын Төлеу Көбдіков те көтеріліс туралы жырында патшаның июнь жарлығының зобалаңын, патша үкіметінің бұратана халықтарға жасап отырған қиянатын аяусыз әшкерелейді: «Қаршыға, тұрымтайлар жем қылардай, Біз қалай осыларға жапалақпыз», – деп ол елінің намысына қозғау салады.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысын көзбен көрген Бөлтірік, Бұзаубақ, Құсайын, Баттал, Сартай, Ескайыр, Болман, Күдері, Сәт, Сүлеймен, Кенен, Есдәулет ақындар да өз жырларында халықтың басына түскен ауыр зұлматты шынайы суреттеп, патша өкіметінің озбыр саясатын өткір сынаумен бірге елді отаршылдарға қарсы бас көтеруге үндейді. Осы шығармалардың ішінде Иса Дәукебаевтың «Бекболат», Омар Шипиннің «Амангелді батыр», Біржан Берденовтің «Прием» поэмаларының, Сәт Есенбаевтың «Июнь жарлығы», Жамбыл Жабаевтың «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды», Күдері ақынның «Амангелдінің Торғайды алуы», Төлеу Көбдіковтің «Сарыарқаның сарыны», Бұзаубақ ақынның «Құты қашқан патшаның» деп аталатын жыр-толғауларының шоқтығы биік. Бұл шығармалар Ұлт-азаттық көтерілісінің шынайы шежіресі, өлмес тарихи іспетті болды. М.Әуезовтің «Қилы заман», С.Мұқановтың «Ботагөз» романдары осы кезеңнің прозадағы озық үлгісінен саналады.

Елбасымыз, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілісіне жан-жақты тоқтала келіп: «...Қазақтардың 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы Ресейді қамтыған жалпыұлттық дағдарыстың бір нышаны болды. Бұқаралылығы, қоғамның бар тарабын кеңінен қамтуы, жалпыұлттық ұрандар ұсынуы, мемлекеттік билік институттарын құру жөнінен бұл қозғалысты – ұлт-азаттық революциясы деп, патшалық Ресей отарындағы осы тектес революциялардың тұңғышы деп бағалауға болады», – деген байлам жасайды. Орынды ой, әділ баға екендігінде күмән жоқ [7, 170 б.].

Шындығында да біздің халқымыз қанша жуас, момын, шыдамды дегенменен, жақсы мен жаманның, ақ пен қараның ара-жігін ажырата алатынын, дұшпанның шектен тыс қорлығына көнбейтінін осы 1916 жылғы толқу арқылы да көрсете алды. Бұл жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістері патша өкіметіне қауіп төндіретін үлкен күш болды десек артық айтқандық болмас. Алайда, бұл көтерілістер де бұрынғы XVIII-XIX ғасырлардағы көтерілістер сияқты патшалық империя тарапынан аса қатігездікпен басып-жаншылды. Біздің ғалымдарымыз бен тарихшыларымыз бұл көтерілістің жеңіліс табу себебі елдің бытыраңқылығында, байланыстың нашарлығында деп топшылайды. Әрине, бұл да дұрыс шығар, бірақ қанша жерден ауқымды толқу болса да қолында жалаң қылыш, айыл, шоқпар, күрек ұстаған қазақ шаруалары мұздай темірмен құрсауланған, зеңбірек пен мылтықтар, одан қалса жарылғыш заттармен қаруланған әскерге қайдан төтеп берсін?! Бұлай дейтініміз, тарихтан өздеріңізге белгілі, ағылшындардың сонау Американы жаулап, жергілікті үндіс тайпасын қырып жіберуі осындай жетілген қарудың арқасында болған жағдай. Қазіргі таңда да қаруы мықты елдер әлемдегі ұсақ елдерді ойыншыққа айналдырып отырғанын көріп отырмыз. Қолындағы ескі-құсқы қаруларымен туған жерін қаншалықты қорғаймын десе де қорғай алмай үндіс халқы жер бетінен жойылып кетті. Біздің халқымыздың да қайта-қайта жеңілуінің себебі осында деп ойлаймыз. Десек те, көтерілістен жеңілсе де біздің ата-бабаларымыз қанша көгендесе де қорлығына көнбейтін текті халықтың ұрпағы екенін мойындата алды. Қанша басынам десе де ұлттың санасын ұйқыда ұстау мүмкін емес екенін айқын танытты.

Сол кездегі қазақ зиялылары Т.Рысқұлов, О.Жандосов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов және т.б. ұлт жанашырлары шама-шарқы жеткенше ұлт тағдырына алаңдап, дұшпанның басынуына жол бермеу мақсатында жанталаса күресті. «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тік тұрып өлген артық» деп дана халқымыз айтқандай, біздің бабаларымыз жеңіске жетпесе де қылышынан қан тамған патша өкіметінің шаңырағын шайқалтты. Бұлардың бәрі түптеп келгенде патша билігінің ұзамай құлауына әкелген оқиға болатын. Сонан бір жыл өткен соң 1917 жылы қазанда шаруалар мен кедейлер теңдік алды. В.Лениннің жеңіске жетуіне біздің ержүрек бабаларымыздың 1916 жылғы бас көтеруі де себеп болып, ықпал етті.

Иә, расында да біздің халқымыз дұшпан қанша басынса да өзінің ар-намысын өлімнен биік қоятын халық. Мұның жарқын дәлелі – кешегі 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы. Әлемді аузына қаратқан алып империя КСРО-ның ыдырауына да себеп болған біздің батырларымыз. Біз

КСРО-да бірінші болып теңдік үшін, ұлттың болашағы үшін бас көтерген, сол үшін жапа шеккен халықпыз. Біздің тәуелсіз ел болуымызға да осындай намысшылдығымыз жетелегені анық. Міне, биыл сол замандардағы ұлт-азаттық қозғалысына 100 жыл толып отыр. Уақыт қанша жүйрік десек те, бұл біздің елдің санасынан ешқашан өшпейді.

«Ұлы дала елі» демекші, осындайда маған ылғи да мынадай ой келеді: Солтүстіктегі көршілеріміз өздерін баяғыдан – «ұлы орыс халқы», ала тақиялы өз ағаларымыз – «ұлы өзбек халқы», құдай қосқан айырқалпақты көршілеріміз – «ұлы қырғыз елі» деп бұқаралық ақпарат құралдарында, алқалы жиын, мәртебелі басқосуларда насихаттап жатқанда біз неге Ұлы дала жерін сан ғасырлар бойы жайлап келе жатқан «мың өліп, мың тірілген» халықты «ұлы қазақ халқы» деп айтудан, дәріптеуден тартыншақтаймыз? Ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-байтақ аймақты қаншама ғасырлардан бері көзінің қарашығындай сақтап келе жатқан Ұлы дала елінің ұрпақтары да осал емес, «ұлы халық» деп ойлайсың кейде.

Ақиқатында, біздің тәуелсіздігіміз үлкен күрестер мен толассыз талпыныстардың арқасында қолымызға қонды. Ендігі жерде осындай баға жетпес байлықты бізге қалдырған ата-бабаларымыздың ерлігін дәріптеу, оны келешек ұрпақтың бойына сіңіру біздің азаматтық борышымыз. «Бұрынғы ерлікті дәріптеп құрметтемей, жаңа ерлік жасау бос әурешілік», дейді даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлы атамыз. Біздің мақсатымыз – осы ата-бабаларымыздың теңдік жолында құрбан болғанын, ар-намысты, адамгершілікті атақ-мансаптан, дүние-байлықтан биік ұстағанын келешек ұрпаққа жеткізу болуы керек.

Олай болса, **қазақ тарихының үлкен алаңына айналған 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісінің тарихи мәнін терең ашу, оны ұрпақтар санасына берік ұялату үшін әлі де терең зерделі зерттеулер, әдеби-көркем шығармалар керек-ақ.** Өйткені, ұрпақтарымыз сол кезеңнің шындығын жете білмейінше, бүгінгі 25 жылдығын атағалы отырған тұғырлы Тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін, мән-маңызын, құнын терең сезіне алмайтынын естен шығармағанымыз абзал. XIX ғасырда өмір сүрген итальяндық әйгілі мемлекет қайраткері, суретші, жазушы Массимо д'Адзельо: **«...Біз Италияны құрдық, енді бізге итальяндықтарды құруымыз қажет»**, – дегенін ескерсек, біз де тәуелсіздікті алдық, ендігі жерде туған еліміздің, өскен жеріміздің, сүйікті Отанымыздың шынайы жанашырларын, нағыз елжанды, ұлтжанды азаматтарын қалыптастыруымыз керек. Ал ұлтжанды патриот болу – әрбір азаматтан еліміздің мемлекеттік тілі – қазақ тілі мен туған әдебиетіміздің, ата-баба дініміз бен ұлттық мәдениетіміздің, өміршең салт-дәстүрлеріміздің жанкүйерлері, елшіл, мемлекетшіл азамат болуды талап етеді.

Тағы бір айта кетерлік мәселе: 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалысынан Амангелді Имановтан басқа батырларының есімдері ұмытылып, көмескілене түсуіне байланысты, көтерілістің көрнекті қолбасшылары мен ұйымдастырушыларының есімдерін қайта тірілтіп, оларға елдімекен, көше, мектеп атауларын беріп жатсақ, қанеки?! Биылғыдай мерекелі жылы ерлер есімін есте қалдыру, ұлт-азаттық көтерілісінің тарихи маңызын ұрпақтар санасында қайта жаңғырту жолында жоғары оқу орындарында, барлық білім беру мекемелерінде нақтылы іс-шаралар өткізіліп жатса нұр үстіне нұр болар еді.

1 Батлер С./ Душенко К.В. Большая книга афоризмов. – М.: ЭКСМО, 2008. – 326 стр.

2 Мұқанов С. «Ботагөз». – Алматы: Жазушы, 1989. – 259-260 беттер

3 Дәукебаев И. «Бекболат». «Қазақ әдебиеті» оқулығы. X-сынып. – Алматы: Мектеп, 2002. – 264-265 беттер

4 Шипин О. «Амангелді батыр». «Қазақ әдебиеті» оқулығы. X-сынып. – Алматы: Мектеп, 2002. – 202б.

5 Есенбаев С. «Июнь жарлығы». «Қазақ әдебиеті» оқулығы. X-сынып. – Алматы: Мектеп, 2002. – 257-бет

6 Жаббаев Ж. Толық шығармалар жинағы. 4 томдық, т.1. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014. – 64-65 беттер

7 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 170-бет

Резюме

Сманов Бахтияр Урисбаевич – член-корреспондент НАН РК,
академик Международной академии Ч.Айтматова (Кыргызстан)

Независимость и народно-освободительные восстания казахов

В данной статье рассматриваются вопросы Независимости Республики Казахстан и национально-освободительных восстаний в казахской степи. Автор анализирует историю всенародных движений и восстаний в разных уголках республики, основную причину их возникновения. Отмечается огромная роль организаторов и руководителей народно-освободительных движений, чьи имена остались в произведениях народных акынов и писателей.

Ключевые слова: национальная ценность, культурное наследие, восстание, рабочие движения, налог, независимость.

Summary

Smanov Bakhtiyar Orysbaiuly – *Corresponding Member of the Academy of Sciences,
Academician of Chyngis Aitmatov's International Kyrgyz Academy*

Independence and national - liberation insurrection of the Kazakhs

In the article the problems of Independence of the Republic of Kazakhstan and national-liberation revolts in the Kazakh steppe are considered.

The author analysis the history of nation-wide movements and revolts in different corners of the republic, the main reasons of their origin. The tremendous role of organizers and leaders of the national-liberation movements, whose names remain in the literary works of national akyns and writers is emphasized.

Key words: national value, cultural heritage, revolt, workers' movements, taxation, independence